

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ  
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE



«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ,  
ҚОҒАМ, ӘДЕБИЕТ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
27-28 қазан, 2022 ж.

### МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции  
«ТЮРКСКИЙ МИР В ГЛОБАЛЬНОМ КОНТЕКСТЕ: ЯЗЫК,  
ОБЩЕСТВО, ЛИТЕРАТУРА»  
27-28 октября 2022 г.

MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
«TURKIC WORLD IN THE GLOBAL CONTEXT: LANGUAGE,  
SOCIETY, LITERATURE»  
October 27-28, 2022 y.

II-ТОМ

Тараз-2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ  
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE**

**«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ҚОҒАМ, ӘДЕБИЕТ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
27-28 қазан, 2022 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ  
Международной научно-практической конференции  
«ТЮРКСКИЙ МИР В ГЛОБАЛЬНОМ КОНТЕКСТЕ: ЯЗЫК, ОБЩЕСТВО,  
ЛИТЕРАТУРА»  
27-28 октября 2022 г.**

**MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
«TURKIC WORLD IN THE GLOBAL CONTEXT: LANGUAGE, SOCIETY,  
LITERATURE»  
Taraz, Kazakhstan, October 27-28, 2022 y.**

**II- том**

**Тараз- 2022**



**УДК 821.512.122.**  
**ББК 83.3 (5каз)**  
**Д 87**

«Дүниежүзілік жағдайындағы түркі әлемі: тіл, қоғам, әдебиет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 27-28 қазан, 2022. – 2том. – 181б.

«Тюркский мир в глобальном контексте: язык, общество, литература» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 27-28 октября, 2022. – Т2 – с.234.

ISBN 978-601-269-112-2

Жинаққа түркология саласының білікті маманы, ҚР Білім және ғылым министрлігі ЖОО-ның «Үздік оқытушы» грантының иегері, Аймақтық Менеджмент академиясының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кәрібаева Азиза Өтегенқызының 63 жылдық мерейтойына орай Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 жылдың қазан айының 27-28 жұлдызында өткізілген «Дүниежүзілік жағдайындағы түркі әлемі: тіл, қоғам, әдебиет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Кәрібаева Азиза Өтегенқызының түркология саласына қатысты ғылыми зерттеулері мен түркология ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «Азиза Кәрібаева феноменін зерттеу және түркі тілдерінің қалыптасу тарихы», «Қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері», «Рухани жаңғыру аясында білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

**Редакция алқасы:**  
**Редакционная коллегия:**

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент, Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент, Құттымұратова Р.А. – доцент, PhD, Тортқұлбаева Т.А.– доцент, PhD, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Әбілов М.. – ф.ғ.к., доцент, Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Глепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN978-601-269-112-2



## І СЕКЦИЯ

### АЗИЗА КӘРІБАЕВА ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

ӘОЖ 81.512.19.

#### ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ҚАТАҢ ДАУЫССЫЗДАР ТАРИХЫ

РАЕВА ГУЛЗАТ МАГАУОВНА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, ф.ғ.к.  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются вопросы сравнительно-исторического изучения вариантных слов, так же выявляются причины чередование согласных звуков и их развитие.

**Summary.** The problems of comparatively-historical study of sinharmonic variants based upon modern Turkic language materials are studied in the paper. The ways of words formation with the alternation of hard and soft vowels in the row, having same meaning are determined too.

Түркі тілдерінде қатаң т-мен ұяң д дауыссыздары сөздің басқы және ортаңғы позицияларында алмасып қолданылады. Т~д сәйкестіктерінен түзілген варианттар тілімізде кең тараған.

Бірі қатаң ``т``, бірі ұяң ``д`` дыбысынан басталатын сөздердің түркі тілдеріндегі ара салмағы бір-бірімен тең емес. Түрколог Н. К. Дмитриев қазіргі түркі тілдерін сөз басында дауыссыздарды біршама тұрақты қолдануына қарай екі топқа жіктегені белгілі. Олар сөз басында қатаң, ұяң дауыссыздарды біршама еркін қолданатын әзербайжан, түркімен, түрік, гагауз, қырым татарлары тілінің оңтүстік диалектісі, ал екінші топтағы қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілдері сөз басында қатаң дауыссыздарды біршама тұрақты қолданады [1, 14].

Сөз басының д-мен басталып, ұяңданып естілуі, әдетте оғыз тілдерінің, ал т-мен басталып, қатаң дыбысталуы қыпшақ тілдерінің белгісі деп қаралады. Дегенмен бұл ереже қатып қалған, мызғымас қағида емес. Қатаңдардың сөз басында қолданылуы оғыз тобындағы тілдерде кездесіп жатса, ұяңдар осы позицияда қыпшақ тобындағы тілдерде де ұшырасады.

Қазақ әдеби тіліндегі т-мен айтылатын сөздер диалектілерде д-мен басталып айтылады. Мысалы: *тұз - дұз, тізгін - дізгін, тұмар - дұмар, тізе - дізе, тым - дым, төрт - дөрт, тіз - діз, теңіз - деңіз, тұзу - дұзу*, керісінше, әдеби тілдегі *доға, дөңбекішу, дүкен, дала, даяр, диірмен, дыбыс тәрізді сөздер диалектілерде тоға, төңбекішу, түкен, тала, таяр, тиірмен, тоға, тыбыс* түрінде дыбысталады [2,134].

Өзге қыпшақ тобындағы тілдерде де сөз басында д-ның ұшырасуы әдеби тілде де, диалектілерде де кездесіп, қатаң т-мен жарысып қолданылады.

Демек, тілімізде анлауында т, сосын д айтылатын сөздердің жеке-жеке жүйесі бар. Бірақ осы екі салада сөздердің қай-қайсысын алсақ та, олардың құрамына енетін сөздердің бәрінің бірдей бас позициясындағы т мен д-ның тұрақты болып келе бермейтіндігін көреміз.

Мұның басты себебін ғалымдар қазақ сахарасында ертеректе IX - XI ғ.ғ. өмір сүрген оғыз тайпаларымен арадағы ауыс-түйістің нәтижесі [2, 11], сондай-ақ қыпшақ

тобындағы тілдердің қазіргі оғыз тілдерімен көршілес жатқандығының ықпалы деп біледі .

Тілдер арасалмағында тарихи, территориялық шектестік пен байланыс негізінде тілдердің бір-біріне әсер етуі, бірінің ықпалына екінші біреуі ұшырауы заңдылық. Өзге тілдік ықпалдың маңыздылығын ескере отырасақ та, бүкіл тілдік жүйеде кездесетін кейбір ерекшеліктер мен өзгерістерді атыраптық белгілерге жатқыза беруге болмайды. Мысалы, оғыз тобындағы тілдердің бірі - түрік тілінде сөз басында қатаң дауыссыздар да, ұяң дауыссыздар да айтылады. Басқа оғыз тілдеріндегі д-мен басталатын сөздер ( *дер* ) түрік тілінде ( *тер* ) қатаң т-мен айтылады. Осы ерекшелігіне қарай ғалымдар түрік тілін ``жасы жағынан орхон-енисей ескерткіштері тілінен де көне`` деген қорытындыға келеді [3, 95]. Осы пікір қыпшақ тобындағы оғыздық белгі, оғыз тобындағы қыпшақтық белгілер тек қана территориялық байланыс негізінде кіріккен өзгеріс емес екендігіне меззейді. Оғыз тобындағы түрік, салар, гагауз тілдеріндегі қатаң т-ның сөз басында қолданылуы, қыпшақ тобындағы ноғай, татар, қарайым, қарашай-балқар, қазақ тілінің солтүстік диалектісіндегі ұяң д-ның орнығуы көне қалдық деп қарауға тұрарлық құбылыс. Оның үстіне сөз басында ``д``-ның молырақ қолданылуы оғыз тілдерінен тыс тува, тофалар тілдерінде де бар. Бұл мәселеге көңіл аударған ғалым В.И. Иллич-Свитычтың пайымдауынша, оғыз тілдері мен тува, қарағас тілдері көне түркілік д және т сәйкестіктерін сақтап қалған. Ал өзге түркі тілдерінде бір ``т`` фонемасына сәйкес келетін д ~ т өзгерісі қалыптасқан. Оғыз және тува тілдерінде сөздердің т-мен басталуы басқа түркі тілдерімен салыстырғанда сирек, ал д-мен басталып айтылатын сөздердің саны үш есе көп [4, 43 – 90].

Оғыз тілдерімен қатар тува тілінде сөз басында ``д``-ның қолданысы төмендегідей жуанды-жіңішкелі жарыспалы варианттардан аңғарылады, мысалы:

тоф. т. *дыт*, тув. т. дыт, хак. т. *тыт*, як. т. *тыыт*, эзб. т. *дид*, башқ. т. *тат*. т. тет, қаз. т. *түт*.

тоф. т. *дыл*, орх. еск. як. т. *тыл*, түркім. т. *дил*, эзб. түркім, гаг. т. *дил*, шор, караим, ойр, қ.балқ, ноғ, қ.қалп. т. *тил*, башқ, тат. т. тел, қаз. т. *тіл*.

Тува, тофалар тілі және оғыз тобындағы тілдердегі анлауттағы т-ның әлсіреуі, оның ұяң д-ға өтуінен байқалады. Сондықтан аталған тілдердегі анлауттағы д-ның кездесуі заңдылық.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз басындағы ұяң д-ны А.М. Щербак қатаң т-ның әлсіреуі тәрізді дыбыстық процесінің нәтижесінен кейін пайда болған белгі деп есептейді. Ғалымның түсіндіруінше қатаң т-ның әлсіреуі, п-ның әлсіреуі сияқты түркі тілдерін мол қамти алмаған. Қазіргі көп тілдердегі сөз басында т-ның тәндігі, ал сөз басындағы д-ның тілдердің шағын тобында ғана кездесуі осыдан [3, 90].

Жуан-жіңішкелі жарыспалы түбірлерде тіл арты дауыстыларымен қатаң т-ның, тіл алды дауыстыларымен ұяң д-ның үндесуі көне түркілік қатаң т-ның сөздің бас шебінде айтылғандығының бір белгісі.

Сингармониялық варианттардағы т ~ д сәйкестігі оғыз тілдерін өзге тілдермен салыстырғанда алмасады. Мысалы:

чув. т. *тан* - тув, түркім. т. *дең* (тат., башқ. т. *тиң*, қаз, қ. қалп. т. *тең* );

чув. т. *таран* – гаг.т. *дерин* (қаз., құм.т. *терең*, башқ.т., ұйғ.т. *тәрәң*);

чув. т. *тар* – тув., түркім., гаг.т. *дер* (хак., башқ., тат., ноғ., қ.балқ. т. *тир*, ойр., қаз. т. *тер*);

эзб. т. *така* – тува. т. *деге* (ойр., қаз., қ.қалп. т. *теке*);

*Тар - дер*, *таң - дең*, *така - деге* сингармониялық варианттарында а ~ е жуанды-жіңішкелі дауыстыларымен қатар т - д қатаң ұяң алмасулары ұшырасады. өзбек, сары ұйғыр тілдеріндегі жуан түбірдің бас шенінде айтылатын қатаң т-ның өзге түркі тілдерінде ұяңданған, жіңішке мынадай варианттары бар:

сар. ұйғ. т. *тун*, өзб.т. *туб* – тув.т. *дүн*, гаг. т. *дип*, түркім. т. *дип* (қаз. т. *түн*);

сар. ұйғ.т. *тус*, өзб. т. тушмақ - тув. т. түш, түркім.т. *дүшмек* (қаз. т. *түс*);  
сар. ұйғ. т, өзб. т. *тун* – тув.т. дүн, гаг. т. *дун*, түркім.т. *дун* (қаз. , қалп. т. *түн*, тат,  
башқ. т. *төн*);

сар. ұйғ. т. *туз* - түркім. т. *дүз*, гаг. т. *дүз* (қаз. т. *түзу*);

өзб. т. *туш* – гаг. т. *дүш* (қаз. т. *түс*, *түс әлпетінде*);

өзб. т. *турт* - түркім, тув. т. *дөрт*, гаг. т. *дөрт* (қаз. т. *төрт*);

өзб. т. *туртмақ*, *тункармоқ* - түркім. т. *дүртмек*, *дөңкермек*. Жоғарыдағы сингармониялық варианттардан аңғарылатындай сөз басындағы ұяң ``д`` тува, түркімен, түрік, гагауз тілдерінде айтылады. Ал жуан түбірлердегі сөз басындағы қатаң ``т`` аталған тілдер мен қыпшақ тобындағы тілдер үшін түпнұсқа қалпында чуваш, өзбек, сары ұйғыр тілдерінде сақталған. Тіл арты дауыстыларымен үндесетін қатаң ``т`` өзге тіл ықпалына ұшырамаған, көнелігін сақтаған түркі диалектілерінде де кездеседі. Мысалы, алтай диалектілеріндегі *тыр*, осман түріктерінің тіліндегі *тырыл* , қазақ тіліндегі *дip-dip*, *дipil* сөздеріне сәйкес келеді. Ал көпшілік тілдердегі *далай / делей* варианттары ``теңіз`` мағынасында қолданылады. Осы сөздің негізгі түрі лебеді - татар - чалқан диалектілеріндегі Кара Талай (Қара Теңіз) атауында тұр. Мағыналық байланыстарымен қатар *т ~ д*, *а ~ е* дыбыстық сәйкестіктері бар. Жалпы түркілік сингармониялық варианттарында сөздің басқы шенінде т-ның айтылуы басым түседі.

қырғ, ноғ. т. *тимир*, түрк. т. *demir*, қаз. т. *темір*;

қырғ, ноғ. т. *тилим*, түрк. т. *dilim*, қаз. т. *тілім*.

Сингармониялық варианттарда *и ~ і*, *и ~ е* дыбыстарының алмасуы *т ~ д* сәйкестіктерімен ерекшеленген. Кең тараған түбір қатаң т-мен басталған сөздер. Қатаң т- ныңүяндану кезеңі жалпы түркі тілдеріне тән құбылыс. Якут тіліндегі *таппай*, қырғыз тіліндегі *тайпақ*, қазақ тіліндегі *тайпақ // тапал* сөздерініңүянданған жіңішке варианты қарақалпақ тіліндегі «*дәпең*» сөзі. Мағыналары бір – «малорослый, маленький». Ал ұйғыр тіліндегі *дүглек* «круглый, шарообразный» сөзін жуандатсақ, хакас тіліндегі *тоглах*, қырғыз тіліндегі *тоголох* сөздеріне сәйкес келеді.

Жуанды-жіңішкелі түбірдегі *т ~ д* сәйкестіктерінің бір тілдіңөз ішінде ұшырасуы да оның тарихи өзгерістерінің бір сілемі. Мысалы, қазақ тіліндегі *тап – дәп- дөп- дәл* сөздерінің мағынасы «тура, нағыз, дәл». Жарыспалы түбірлердіңөзге түркі тілдерінде қатаң, жуан варианты кең тараған:

ұйғ. т. *тап* ``время, момент``

ойр. т. *тал* ``точно, ровно``

як. т. *тап* ``попадать в цель, делать что - либо удачно``. Ал қазақтіліндегі ``дәл`` сөзінжуандатсақ ``*тал*``. «*Тал түс*» фразеологизмінің құрамында ұшырасады. ``Нағызшаңқай түс, талма түс» деген мағына береді. Жуанды-жіңішкеліайтылса да, семантикасынаөзгерісенбеген. Негізгі түбір т-мен айтылатынжуан вариант. Яғни тіл-тілдекездесетінжіңішке түбірлерді жуандату арқылы оның негізгі вариантын табуға болады. Ал жуандауыстыларменқатаңдар үндесетіндігін ескерсек, сөз басындақатаңдар айтылған дегенпікірдің дұрыстығына көз жетеді. Қазақ тіліндегі *дәлди* сөзін жуандат сақ, *талти*, *дәу* сөзінің *тау*, *дөңки* сөзінің *тоңқи* жуанды-қатаң варианттары шығады. Сондай-ақ *дел - сал* түбірінің жуаны *тал*» қатты шаршау әлсіреу» болса, *дікекте - тықақта* сөздерібір нәрсеніқайта-қайта сұрап, мазаны алатынадамдардыңіс-қимылынжеткізеді. Тілімізде сонымен қатар «*мұрны делдиip*», «*танауы талтиып*» деген сөз тіркестері де қолданылады. Бұл жерде де *талти -делди* сөздерідауысты-дауыссыз дыбыстардың алмасуынан түзілген варианттар. Демек, қазақтіліндегі *тал - дел - сал*, *талти - дәлди*, *тау – дәу*, *тықақта - дікекте*, *тоңқи – дөңки*, *томпақ – дөңбек*, *тықылдақ - дікілдек*, *талти – делди* сингармониялы варианттар қатарына енеді. Жарыспалы түбірлерқатаң т мен ұяң д және әр түрлі дауысты дыбыстар сәйкестігі бар, тең мағыналы сөздер.

Түркі тілдерінде д-мен басталып айтылатын сөздерінің т-мен сәйкестігіне тілдік үлгілер мысал болатындығын жоғарыда көрсетіп өттік. Демек, жіңішке түбірдегі ұяң д-



ның, жуан түбірдегі қатаң т-мен басталып айтылатыны түпнұсқасы бір түркі тілінде болмаса, екінші бір түркі тілінен, оның диалектілерінен табылады. Дегенмен, бұл заңдылыққа кірме сөздер бағынбайды. Көпшілікке белгілі тіліміздегі д-мен басталып айтылатын кірме сөздер. Кірме сөздердің тілімізге енгенде бірде жуан, бірде жіңішке дыбысталуы төмендегідей сингармониялық варианттарды қалыптастырады:

тув.т. *дылгыр*, қырғ., ноғ., ұйғ.т. *дилгир* -қаз.т. *ділгір*;

өзб., өзб., қ.балқ,қырғ.т. *далил* -қаз.т. *дәлел*;

Аталған сингармониялық варианттарда дауысты дыбыстардың алмасуы болмаса дауыссыз дыбыстар өзгеріске түспеген. Тек түркі тілдеріне тән жуанды- жіңішкелі дауыстылардың алмасуы түбірдегі т ~ д сәйкестігін қалыптастырады. Ал жоғарыдағы мысалдардан бұл өзгеріс байқалмайды. Себебі, жүйесі бөлек тілден енген сөздердің түркі тілдеріне тән сөз басына қатаң т-ны айтатын варианты болуы мүмкін емес. Кейде, ілкіде бір қатаң т-мен айтылатын варианты кездесіп қалады. Мысалы, чуваш тілінде ``*тарман*`, казак тілінде *дәрмен* сияқты үлгілер де түркі тілдерінің пайдасына шешіледі. Себебі, чуваш тілі араб, парсы сөздерінің ықпалына тікелей ұшырамаған көнелігін, қатаңдық белгіні сақтап қалған тілдердің бірі.

Кірме сөздердің д-мен басталып айтылуының себебін араб, парсы сөздерінің тілдеріне ұяндану процесінен кейін енуі мүмкін деген пікірді айтуға негіз болады. Кірме сөздердің д-мен басталып айтылатын варианттарының т-мен дыбысталатын варианты түркі тілдерінде жоқ болса, керісінше т-мен айтылып сингармониялық варианттар қалыптастыратын (өзб.т. *тартиб* - қаз.т. *тәртіп*; қаз.т. *тағат* – башқ.т. *тәғәт*; қырғ.т. *тараза*, түркім.т. *терези*, қаз.т. *терезе*) жарыспалы түбірлерінде араб, парсы сөздерінің ұяң варианттары кездеспейді. Жалпы жуанды-жіңішкелі түбір сөздердегі т~д сәйкестігін салыстыру жіңішке түбірдегі сөз басындағы ұяң д-ның қолданылуы ежелгі түркі сөздеріне тән еместігін көрсетеді. Ал қатаң т-ның сөз басында тіл арты дауыстыларымен айтылуы бір түркі тілдерінде болмаса, екінші бір тілден табылады. Бұл пікір түрколог ғалымдардың түркі сөздерінде анлаутта қатаң т дыбысы айтылған деген тұжырымын нақтылайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Дмитриев Н. К. Грамматика кумыкского языка.-М: Наука, 1940
- 2.Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының шығу мәселелері. 2-шығуы.Алматы: ҚазМҰУ, 1960
- 3.Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков – М.- Л: Наука , 1970
- 4.Иллич-Свитыч В. М. Алтайские дентальные д, т, в / Этимология.- М.: Наука, 1965

ӘОЖ 821.512.122

### ҚАЗАҚ ТЕРМИНЖАСАМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

#### РСЫМБЕТОВА НҰРЖАМАЛ МЫҢБАЙҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
кафедрасының оқытушысы, филология ғылымының магистрі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье говорится об использовании и способах создания терминов в современном казахском обществе. Различая работы ученых, он акцентировал внимание на

особенностях казахской терминологии. Говоря о вопросах перевода терминов, он показал, что термины, переведенные на казахский язык, имеют несколько значений.

**Summary.** The article talks about the use and ways of creating terms in modern Kazakh society. Different works of scientists, he emphasized the peculiarities of Kazakh terminology. Speaking about the issue of translating terms, he pointed out that terms translated into Kazakh have several meanings.

Ғылым мен техниканың дамуымен байланысты қалыптасатын ғылым тілі терминдер негізінде дамиды. Термин түзуде ұлттық таным мен мәдениет ұғымдарын басшылыққа алған жағдайда қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға болады. Бұл үлкен істі атқаруда терминжасамның негізгі қағидаттарына тоқталмау мүмкін емес. Аты айтып тұрғандай, қазақ терминологиясы қазақтың тілдік бірліктерімен түзілгені қашанда абзал. Ғалым Ш.Құрманбайұлының «Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен қараған жөн» деген пікірі ойымызға дәлел болмақ [1]. Қазақ терминологиясын ұлттық таным негізінде қалыптастыру қағидатын алға қойған А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларына қатысты терминдері бүгінде маңыздылығын жоя қоймады. Когнитивті лингвистика саласын зерттеуші ғалым Э.Оразалиева А.Байтұрсынұлының зерттеулеріндегі тілдік бірліктерді танымдық аяда қарастыра отырып, мынадай пікір айтқан: «Сөз басын «Андату» деп бастап, «...анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы заттардың бәріне» зер салған ғалым тіл мен танымның тығыз байланысқан арақатынасын өз тұжырымдамасының өзегіне айналдырды. Бұл ретте тілші «адам санасының» үш негізін барлық тілтанымдық фактілерге арқау етті, сөйтіп, тілдің міндетін де осы үш арнадан өрбітті. Олар – ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып райлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау» дей отырып, ғалым бүгінгі танымдық лингвистиканың мақсат-міндетін, негізгі ұғымдарын өзектеді» [2,29].

Қазіргі таңда тілді жанды құбылыс ретінде зерттеп жүрген ғалымдар оның бірнеше қызметін анықтап көрсеткен. Поляк ғалымы А.Киклевич «Ветка вишни. Статьи по лингвистике» [3] атты еңбегінде тілдің номинативті, магиялық, индексалды, экспрессивті, элеуметтік, прагматикалық, стилистикалық, этологиялық, танымдық, креативті, конститутивті, интерлингвистикалық сынды 11 қызметін ажыратып көрсеткен. Соның ішіндегі номинативті және танымдық қызметі - осы терминология саласына қатысты ұғым. Термин түзуде негізге алынатын бірден-бір ұғым – таным. Себебі қандай да бір ойдың түпкі тамыры танымнан бастау алады. Таным арқылы уәж, ассоциация, болжам сынды құбылыстар жүзеге асады. Терминдерде бойынан осы үдерісті өткізеді. Яғни белгілі бір тілдік бірлік танымдық, психологиялық, философиялық саралаудан өтіп барып ойға айналады. Танымдық тұрғыда әбден сұрыпталған ой коммуникацияның бірлігі ретінде қоршаған ортамен байланысқа түседі. Мұндағы қоршаған орта деп отырғанымыз, диалогқа қатысушылар немесе термин түзуші мен оны қолданушы. Нақтырақ айтсақ, қандай да бір ақпаратты айтушы және оны қабылдаушы болады. Демек, терминді түзуші де, қабылдаушы да ұлттық мәдениетімізден, ділімізден хабары бар тұлға болуы керек. Сонда ғана терминологиямызды ұлттық сипатта қалыптастыруға мүмкіндік аламыз.

Қазақ тіл білімінде тілдік аталым теориясының жалпы мәселелері бойынша диссертациялық жұмыстар қорғалып, көптеген монографиялар мен ғылыми мақалалар жазылды. Осымен байланысты қазақ терминологиясының ғылыми – теориялық негізін қалыптастыру мәселелеріне қатысты терминологиялық лексиканың семасиологиялық заңдылықтарын анықтауға арналған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлының, Қ.Ж.Айдарбек, терминологияның таным

теориясымен байланысына арналған С.Ақаев, Ш.Білал, Е.Әбдірәсіловтің, терминология мен терминтанымның когнитивтік - прагматикалық және ақпараттық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған С.С.Исқақова, М.Қожаеваның, жеке терминологиялық жүйелерді қалыптастыру мәселелеріне арналған Ә.Жүнісбек, А.Алдашева, М.Малбақов, С.Әлісжанов, Қ.Аяпбергенова, М.Молдажаров, А.Қоңырова, Ә.Нұржанова, С.Сәрсенова, А.Исанованың еңбектері деп бөліп қарастыруға болады.

1925 жылдан бастап республикамызда терминологиялық жұмысты Қазақ ССР-ң халық компресінің әдістемелік бюросымен, 1963 жылдан ҚазССР-ң кеңестер министрлігінің комиссиясымен жетекші етілген. Бұл кезеңдерде арнайы пәндерді оқыту мақсатында терминологияны жүйелеуде көптеген жұмыстар атқарылады. Терминологиялық сөздіктердің жарық көруі осы саланы әрі қарай зерттеуге негіз салады. кеңестік кезеңдегі терминологиялық жұмыстың барлығы дерлік ҒТТК, ҒА мен мемлекеттік стандарт кеңесімен жүйеленген. Ғылымға негізделген терминологияны анықтаудағы жұмыс мәдени, практикалық мәнге ие. Салалық терминологияда терминдер технология негізінен жалпы синонимия мен омонимия, кәсіби сөздер мен жаргонизмдерден алшақтау келеді.

Бұл жұмыста «термин» және «терминологияға» қатысты барлық сұрақтарға жауап іздеуге тырыспаймыз, терминология әртүрлі және көбіне өзіндік ерекшеліктерге ие. Бірақ, біз техникалық терминдердің, яғни мұнай және химия терминологиясының маңызды түрлерін қарастырамыз. Терминдер мен терминологиясының принциптерін бөліп көрсету үшін төмендегідей тезистерді атап өткен жөн:

1.Ғылымда тіл кездейсоқ ингредиент емес, құрылымдық элемент; әртүрлі ғылымның арнайы «белгілері» - тілдің суррогаттары емес;

2.Тіл ғылымға құрылымға ретінде терминология секілді кіреді, бірақ басқа кірме сөздер маңызды;

3.Айқындалып отырғандай ғылым «тереңірек» болса, оның көп салмағы тілге түсіп, терминология мәселесі маңыздырақ болады.

Термин және терминология дегеніміз не деген сұраққа жауап беру үшін сөздің ішіне емес, сыртына үңілу арқылы жан-жақты қарастыру қажет. Алайда, бұдан кейін перифериядан тереңге, яғни сөз құрылымының қабаттарын ашуға тырысу керек. осындай лезика мен сөз - логостің құрылымдық анализі арқылы термин-сөз бен термин сөздерді бөліп қарастыруға классификациялық- лексикалық анализ көмектеседі. В.П. Даниленконың пікірінше: «наиболее важным проявлением единства объективного и субъективного в терминосистеме служит зависимость терминосистемы от определенной теории, концепции, системы взглядов» (в.п.даниленко 1973).

Осылайша, терминтанымның бірнеше - мағыналы қорытындысын шығаруға болады. Біріншіден, терминнің анықтамасы нақтылануы тиіс; бұл анықтамада теориялық объектімен байланысын көрсету қажет. сонымен бірге, термин жүйесін дәл осылай жаңадан анықтау тиіс. Көбіне теориясыз термин жүйесінің қалыптасуы белгілі ғылымды сипаттап түсіндіретін теориясы жасалған кезде ғана мүмкін болады. Бұл пікір терминдерді бір ізге салуда, әсіресе, терминологияны стандарттау үшін маңызды болып табылады. теория рөлінің көмескіленуі терминдерді стандарттауда қиындық туғызады. Сондықтан, техникалық ғылым терминдерінде белгілі бір теория көрініс таппайды деген ойдан арылу қажет. Бұл теория саласы қоғамдық ғылым саласына да қатысы бар. сонықтан берілген зерттеу жұмысының өзекті қазақстанның экономика, техника, мұнай, газ және химия өндірісінде қолданылатын жаңа заман ғылымының дамуын көрсететін терминология және оның жалпы теориялық мәселелерін қарастыруға арналған.

Терминологияның жалпы мәселелері мен теориялық-методологиялық зерттеу негіздері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, А.Қайдаровтардың, терминжасам бойынша Ұ.Айтбаевтың, лексико-семантикалық жүйе мен термин жүйесі мәселесі Б.Қалиевтің, ономастика Т.Жанұзақовтың, қазақ тілін терминизациялау Ш.Құрманбайұлының, аударматану мен қазақ тіліндегі неология мәселелері А.Алдашеваның еңбектерінде зерттелінген.

20-жылдары қазақ терминологиясының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы өзінің тіл біліміне қатысты еңбектерінде терминжасамның екі негізгі принципін береді:

1. Термин туған жағдайда тілдің ішкі байлығын пайдалана отырып, ана тілдің барлық мүмкіндігін қолдана білу қажет;

2. Ана тілге басқа тілден кіріккен сөздерді сол күйінде қалдыру кере. бұның барлығы оның ғылыми «тіл-құрал», «тіл жұмсар» атты еңбектерінде көрініс табады.

40-жылдары Д.С.Лоттенің қызықты еңбектері тек қана техникалық терминология мәселелеріне арналды. Шет ел авторлары мамандығы инженер Е. Вюстердің («интернациональные элементы в лексике и терминологии». 1980) және де геолог Р.В.Браунның еңбектері құнды болып есептелінеді. Сонымен қатар, Ж.Марузоның «словарь лингвистических терминов» атты кітабы да мағыналы еңбектер қатарына кіреді. Терминдердің толығымен қарастырылмауы оның күрделілігімен, яғни, сөз бен оның мағынасының айқынсыздығына байланысты.

Тіл білімінде қабылданған жалпы термин анықтамасы беріледі. Оған дәлел әртүрлі авторлардың, әсіресе, сөздіктер авторларының берген анықтамаларынан байқауға болады. д.н. ушаковтың редакциясымен басылған түсіндірме сөздікте қысқа және де жалпы сипатта былайша беріледі: «термин - это слово, являющееся названием строго определенного понятия». С.И.Ожеговтың сөздігінде терминнің біршама дәл анықтамасы беріледі. ол: «термин - это слово, являющееся названием определенного понятия какой-нибудь специальной области науки, техники». Мұндай анықтамалардан соң, термин бұл арнайы сала лексикасына жататын сөз, бірақ, терминнің жалпы қолданыстағы тілден айырмашылығы әлі де түсініксіз. Терминдердің теориялық мағынасы тек ғылым дамыған кезде пайда болады деген ойдан аулақ болған жөн. Ерте және қазіргі кезеңде де кез-келген кәсіп пен еңбек көрінісі өз терминологиясын тудырады. Жалпы қолданыстағы термин емес жай сөздер көбіне кәсіби тілде термин мағынасы мен қызметіне ие болады. Күнделікті қолданыстағы ағылшын тілінде *stream*, орысша *струя, гнездо*, қазақ тілінде *ағыс, ұя* сөздері мұнайшылар тілінде олар термин болып табылады. Терминдердің белгілі бір кәсіп иелерімен қолданылуы бірігіп қызмет ету барысында өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етіп, оның өсу деңгейіне әсер етеді.

Қазіргі заман ғылымы термин мен терминологияның келесі анықтамаларын беруге мүмкіндігі бар.

Термин - бұл ғылыми және кәсіби-техникалық объектілерді қабылдау процесінде қолданылатын арнайы мағынасы бар кәсіби ұғым қалыптастырушы және беруші сөз және бағыныңқы сөз тіркестері.

Терминология - бұл түсінік (мағына), лексико-семантикалық, сөзжасам мен грамматика деңгейіндегі кәсіби сала қызметінде бір-бірімен байланыста болатын терминдердің жиынтығы.

Ғылыми-техникалық революция әртүрлі ғылым саласында терминдердің өсуіне, жалпы халық қолданысындағы тілге енуіне, ақпараттық-коммуникативтіктің қарқындылығына алып келді. Бұл процестер «терминологиялық жарылыс» атына ие болды.

Олардың басты себептері:

- жаңадан пайда болып жатқан атауларға термин жасау қажеттілігі;

- көптеген ғылым салаларындағы терминдердің семантико-грамматикалық құрылымының күрделілігі, көп мағыналылығы мен дәлдігінің жоқтығымен байланыстырылатын терминологиялық жағдайдың төмендігі.

- қазіргі заман ақпараттық жүйесін терминологиямен қамтамасыз ету қажеттілігі мәліметтер базасын және қорын басқаруды автоматтандыру жүйесі;

- аударма, кәсіби жұмысқа баулу және практика үшін терминологиялық сөздіктерге деген қажеттіліктің өсуі;

- «терминологиялық жарылыс» нәтижесінде лингвистикалық зерттеулер бағытының өзгеруі: яғни дәстүрлі және қолданбалы лингвистиканың пәні болып арнайы ғылым

салаларының терминологиясы табылады.

Бұған көптеген ғылыми конференциялар, терминтаным бойынша жарық көрген еңбектер (80-жылдары терминологиялық мәселелерді зерттеп қарастырған 2000 баспа еңбек жарық көрді), жалпы кеңестік терминологиялық конференциялар 1950 мен 1960 жылдары; 1969, 1971, 1973 жылдары «лексикологияның өзекті мәселелері» атты конференциялар; 1971 жылғы «ғылым. техника және информатика тілдерінің семиотикалық мәселелері»; 1974 жылы «Әртүрлі типті сөздіктердегі терминдер анықтамасы мәселесі» конференциялары, қолданбалы лингвистика тәсілімен жасалған текстерді өңдеуге арналған конференциялар, ғалымдардың басқа да кездесулері дәлел.

Терминдерді лингвистика жағынан ұзақ жылдар бойы зерттеу лексикология аясында жүрді. Ғылым терминдердің бір мағыналы, жүйелі, бірізді, қысқа әрі нұсқа болуын талап етті. Алайда, термин мен терминологияның өзі қолданыста екі мағынада беріледі:

1.Терминология арнайы объектілерді және кәсіби түсінікті беретін сөз және сөз тіркестерінің жиынтығы.

2.Терминология - терминдер жиынтығы, олардың грамматикалық жағынан ұйымдастырылуын және қызмет ету заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бөлігі.

60-жылдардың соңында «терминтану» атты терминді енгізу арқылы термин мағынасын шектеу ұсынылды. Терминтаным астарынан адамның әртүрлі кәсіби қызмет саласын қамтамасыз ететін терминдердің семантикалық табиғатын, грамматикалық жағынан ұйымдастырылуы мен қызмет ету заңдылықтарын түсіндіретін ғылым бөлігін анықтауға болады. Зерттеушілер термин және терминология анықтамасын арнайы кәсіп түсінігін білдіретін сөз және сөз тіркесі, ал терминтануды адамның әртүрлі кәсіби қызмет саласында қолданылатын терминология болып табылатын ғылыми пән деп атады. Терминтанымның негізгі мақсаттары ғылыммен төмендегі жолдармен былайша анықталады:

1.Коммуникативтік процестердегі терминология рөліне анализ жасау.

2.Тіл жүйесінде терминология орнын анықтау.

3.Терминдердің семантикалық ерекшеліктерін жалпы қолданыстағы лексика мен еркін сөз тіркестерімен салыстыра зерттеу.

4.Жай және құрмалас тіркестер терминдердің грамматикалық жағынан ұйымдастырылуын сараптау.

5.Терминологияның тіркестерді еркін және фразеологиялық тіркестермен салыстыру спецификасын зерттеу.

6.Терминологиялық жүйе түсінігін нақтылау және сараптау мен термин жүйесін сипаттауды қарастыру.

Ғалымдардың пікірі бойынша терминтанымның бірнеше қолданбалы мәселелері туады:

1.Терминдердің ғылыми, өндірістік және оқу қатынасында кең түрде қолдануға дайындық жүргізу.

2.Терминологияның мемлекеттік және салалық стандарттық әдістемесін жасау.

3.Ақпараттық-лингвистикалық жүйені құрастыруда терминологиялық жұмыстың өңделу әдісі.

Әртүрлі лексикографиялық мәселелерді шешу барысында терминдердің іріктелу принциптерін өңдеу.

Терминтаным тіл білімінің әртүрлі бөліктерімен байланысты. терминдердің семантикалық ерекшелікке ие болғандықтан, терминтанымда семантикаға, термин - сөз, термин таным мен лексикологияға қатысты болады; терминдердің қызметі жалпы тілдік заңдылықтарға бағынады. Терминтаным тілдің морфологиялық және синтаксистік құрылымы туралы ғылымы грамматикамен байланыста терминдердің генетикалық сипаты тілдің тарихына үңілуді қажет етеді. Терминдердің коммуникативтік байланыста қолданылуы терминтаным мен лингвистиканың байланысын көрсетеді.

Терминтаным лингвистикалық емес ғылым пәндерімен де байланысты болады:

1.Термин жүйесін сипаттауда математикалық әдістер кеңінен қолданылады және де

терминтаным математикалық пәндердің мынадай: болмыс теориясын, математикалық статистика, көбейту теориясы, математикалық логика мәліметтерін қарастырады.

2.Лексикалық көзқарас бойынша барлық өңделген ақпараттық тілдер терминологиялық тіл болып табылады, және де терминтаным мен информатика байланысы осыған негізделеді.

3.Мәтінде терминдер логикалық сарап пен зерттеуші интуциясының «жұмысынан» бөлінеді. термин таным логика және психологиямен байланыста болады.

4.Термин таным және ғылым таным, термин таным мен әлеуметт таным терминологияның кез - келген ғылым мен адамның қызмет тілінің негізіне құралады.

Сонымен термин тануды нақтылау мен сараптау мәселесі оның нақты ғылым мен техника саласында, әр түрлі теориялық және қолданбалы лингвистиканың ақпараттық ізденіс, логика секілді ғылыми пәндермен сипаттап көрсетеді.

Терминді атаның қанымен, ананың сүтімен дарыған ұлттық мәдениетімізді, ұлттық тәрбиемен қалыптасқан болмысымызды, жылдар бойы жинақталған танымымызды, тәжірибемен жүйеленген аялық білімімізді бір арнаға тоғыстыру арқылы жасаған жағдайда ұлттық терминологияның негізі қалыптасады. Ғалым Ж.Манкееваның «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған. Өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Тіл – тек денотативті (белгілі сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр» [4,126] деген пікірінен тіл мен ұлттың ажырамас ұғымдар екенін көруге болады. Ойымызды қорытындылайтын болсақ, қазақ терминологиясын ұлттық дәрежеге жеткізу үшін терминдегі ұлт, ұлттағы термин көрінісін зерттеп, соған сәйкес ұлттық сипаттағы терминдер жасау керек. Бұл, әрине, қазақ терминологиясы үшін жаңа кезең болатыны анық. Себебі тілдің мәртебесін халықаралық деңгейде көтеретін ғылыми тілі. Ал ғылыми тіл деп отырғанымыз – терминдер. Сол терминдер қазақ тілінде болса, ұлттық тілді ғылыми тұрғыда танытуға мүмкіндік туады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы, 2014.
- 2.Оразалиева Э. Когнитивті лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы,2007.
- 3.Киклевич А. Ветка вишни. Статьи по лингвистике. – Олстын, 2013.
- 4.Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014.

## II СЕКЦИЯ

### ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

---

УДК 82.456.0129

#### QARAQALPAQ ÁDEBIYATÍNDÁ ANEKDOTTÍŃ TÁRBIYALIQ ÁHMIYETI

##### EMBERGENOVA MAPRUZA ABDUALIEVNA

Nókis mámleketlik pedagogikalıq institutı, qaraqalpaq tili kafedrasi docenti, filologiya ilimleriniń kandidatı,

Nókis qalası, Qaraqalpaqstan Respublikası

**Резюме.** В статье анализируется значение жанра анекдота и его появление в каракалпакской литературе в эпоху независимости на примере тюркских народов с точки зрения типологии

**Summary.** In this article the importance and also formed of anecdotes in the Independence years of Karakalpak literature analysed typologically of Turkish literature.

Ǵ árezsizlik dáwirindegi qaraqalpaq kórkem jazba ádebiyatı qalipleskenge shekem, xalıq awizeki dóretpeleri ornı girewli bolǵan. Xalıq arasındaǵı sózge sheshenler, ertekshi, baqsi, jirawlar milliy folklorlıq miyraslarımızdın búgingi kúnge deyin jetip keliwine óz úlesin qosqan. Folklorlıq shıǵarmalar qatarında anekdotlar qaraqalpaq xalıq arasında keń taralǵan. Anekdot (grekshe anecdotos – basıp shıǵarıлмаған sóziniń mánisin beredi.) ótkir juwmaqqa iye qısqa ,kewilli awizeki gúrriń . Termin sıpatında anekdot eń dáslep VI ásirde Vizantiyada qollanılǵan. Keyin bul janr rawajlanıp, onıń ómirdi qamtıp alıw sheńberi keńeydi. Kórkem jazba ádebiyatta anekdot bayanlawda, qaharmanlar sózinde qollanıwı múmkin. XX ásir ádebiyatında B.Brext, F.Vaymovlar sheber anekdotshılar sıpatında tanılǵan. Anekdot óz xarakteri jaǵman ózbek ádebiyatındaǵı latifa janrına jaqın keledi.<sup>1</sup>

“Anekdot”, delinedi, folklorlıq terminleriniń russha-qaraqalpaqsha sózliginde kúlkili mazmundaǵı waqıyalardı bayanlaytuǵın qısqa gúrriń. Burın basılıp shıqpaǵan, awizeki túrde taralatuǵın hám aytilatuǵın qısqa shıǵarmalardı anekdot dep ataǵan.<sup>2</sup> Al, latifa ( arab-h ázil)-Xalıq satira janrlarınan, sinliq mazmundaǵı qısqa yumorlıq gúrriń. Áyyemgi Orta Aziya xalıqları arasında keń taraıǵan. Latifa syujetinde túyrep súwretlew, epizot hám halatlarda qurıladı.

Qaraqalpaq tilinde latifalar kúldirgi sózler yamasa anekdotlar dep júritiledi. Qaraqalpaq ádebiyattanıw iliminde bunday kishi epikalıq formalar kúldirgi sózler dep júritilip kelgen. Bizin pikirimizshe, bul epikalıq formanı «kúldirgi sózler» terminlik atama menen ataǵanıwız jetkiliksizdey kórinedi. Sebebi, bul formada bir pútin sintaksislik uǵım jatadı. Yaǵnıy bir sóz yamasa bir qansha sózler emes, al kontekst arqalı túsiniletuǵın, kúlkili mánis beretuǵın ironiyalıq, satiralıq, sarkazmlıq súwretlew arqalı beriletuǵın pútin bir uǵımdı ańlatadı. Demek, biz bir-eki sózdi oqıp kúlkili uǵımdı qabıl etpeymiz, al bir neshe gápler dizbegi arqalı payda bolǵan uǵım nátiyjesinde tásirlenemiz, kúlemiz. Sol ushın bul formanı kóbirek kúldirgi sózler dep emes anekdotlar dep ataǵanıwız, qabıl etkenimiz maqulraqtay kórinedi.

Qaraqalpaq folklorınıń dástúriy janrları sıyaqlı anekdotlar da xalıq awzında úzliksiz aytilıp, hár bir dáwir talabına ılayıq jańarıp, rawajlanıp kiyatırǵan janrlardıń biri. Anekdotlar óziniń qurılısı jaǵınan ıqsham, syujeti qızıqlı, aytıwǵa jeńil bolıp keledi.

Anekdotlardın mazmunı adam turmısınıń hámme detalların óz ishine qamtıydı. Bunda tuyqarǵı sóz etiletuǵın waqıya jámiyettegi adamlardıń sol ortalıqqa sıymaytuǵın jat illetlerin ashkaralaw menen yumorlıq yaqi sarkazmlıq súwretlewde kúlkige alınadı.

Anekdotlar boyınsha 1962-jılı baspadan shıqqan Q.Maqqsetov, N.Kamalov, Q.Mámбетnazarov birgelikte tayarlağan “Qaraqalpaq xalıq legendarları hám anekdotları” kitabı qaraqalpaq folkloristikasındaǵı úlken waqıya boldı. Bul miynette Xoja Násriddin hám Ómirbek tuwralı anekdotlar jariyalanıwı menen tartımlı. Ayrıqsha atap ótetuǵın nárese-bunda ómirbek laqqı atına baylanıslı anekdotlar kóbirek berilgen.

1990-jılı “Ómirbek anekdotları ” degen at penen kólemli toplam jariq kórdi. Onda Ómirbekke baylanıslı 240 anekdot orın alǵan. Bunı toplaп baspaǵa tayarlaǵanlar Q. Maqqsetov, N.Kamalov, Q.Mámбетnazarov S.Bahadirowalar boldı.

Yu. Paxratdinovtıń 1992-jılı shıqqan “Ómirbek laqqı hám yumor- satira máseleleri” kitabında Ómirbektiń kóp anekdotlarına tallaw islenip, olardıń idealıq hám kórkemlik ózgesheliklerine durıs baha berilgen. Jáneде anekdotlar haqqında Q.Maqqsetov penen Á.Tájimuratovtıń avtorlıǵındaǵı “Qaraqalpaq folklori” nda berilgen bolıp bunda da Ómirbek laqqı tuwralı keń túrde toqtaп ótiledi.

Hár xalıqta anekdotlar belgili bir adamlardıń atına baylanıslı aytılıp, sonı qaharman etip aytıw dástúr bolıp qalıplesken. Bul halat pútkil dúnya xalıqlarında ushrasadı. Máselen, Djoxa-arablarda, Apendi-qırǵızlarda, Pulu-Pugi-armiyanlarda, Aqmet-aqay-qırım tatarlarda, Salyay Chakkan hám Molla Záyiddin –uyǵırlarda, Kemine-túrkmánlerde, Xoja Nasratdin hám Afandi-ózbeklerde, Pikali hám Tindali- rumin hám moldavan, Fyodor Nabilkin-belorus, Besena-gadjivarsev, orıs xalıqında Ivan-durak atları menen anekdotlar belgili.

Qońıslas xalıqlardıń ádebiy miyrasları bir-birine ótip otırǵan. Mısalı, ózbek xalıq anekdotında:Apendiniń eshekleri kóp eken. Olardıń besewin tańlap bazarǵa satıwǵa alıp ketipti. Jolda sharshap birewine minip alıptı. Endi esheklerdi sanasa tórtew eken. Apendiniń qattıǵa bası qatıptı. Aqırı esheginen túsip joytıǵan eshegin izlep baslaptı. Izlep-izlep jáne joǵalmadımeken dep esheklerin sanap kóripti . Sanasa besew shıǵıptı.<sup>3</sup>Bul kishkene anekdot arqalı sada minezdegi obrazdıń, yaǵnıy jámiyattagi ushrasatuǵın ayırım adamlar taypasınıń xarakteri, minezi ayqınlanıp qaladı. Balalarǵa tán bolǵan is-háreket arqalı Apendi oqıwshılardı, tuńlawshılardı kúlkige tarttı. Haqıyqatına kelsek, turmısımızda usınday xarakterge, minezge iye bolǵan personajlar joq emes. Anekdotta basqa epikalıq formalar sıyaqlı dialog, monolog, konflikt sıyaqlı ólshemler, kriteriyalar bolmawı múmkin, biraq lakonizm (grekshe-qısqalıq) arqalı pútin obrazdıń xarakteri anıq ashıladı,kórinedi.

Qaraqalpaq xalıqınıń tiykarǵı kúلكi sóz ustası-Ómirbek laqqı 70-75 jaslar shamasında qaytıс bolıp, Qaraózek rayonındaǵı Esim ózek boyındaǵı “Tayshıq” áwliyesine jerlengen. Ómirbektiń laqabı “laqqı” bolıp, bul sóz-aneкdot aytatuǵın adamlarǵa óz sózi menen kúldiretuǵın házilkeshe sóz sheberlerine tiyisli. Ilimpaz Yu. Paxratdinov bul haqqında bılay dep jazadı: Ómirbek turmıstan kúلكili waqıyalardı, pikirlerdi tap úlken ádebiyat teoretigindey izlep taba bildi. Sol ushında oǵan xalıq “Ómirbek laqqı” ataǵın berdi. Laqqı sózi-házirgi zaman tili menen erkin máni berip qarasań “Satirik” sózine tuwra keletuǵındaı kórinedi. Laqqı-suwırıp salmay, ullı talantlı, sózdiń kúلكili marjanların dizip, bórttirip sóyleytuǵın, reti kelse tilindegi, kewlindegi gápti tıymaytuǵın, hár zamatta qarsılasınıń minin, kemshiligin, ázzi jerlerin terip turıp misqıllaytuǵın, ótkir sózli, geyde ashshı tilli, sózdi izli izinen laqıllatıp, shubırtıp tóge sóyleytuǵın asa talant iyesi esaplanǵan. Bizin buǵan qosımsha aytatuǵın bul pikirdi tolıqtratuǵın kóz qaramız bar, yaǵniy bizińshe, «laqqı» degen sóz óziniń kúلكili is-háreketi, sóylegen ushqır sózi menen xalıqtı laqıldatıp, ishek-silesin qatırıp lıqıldatıp kúldiriw talantına iye adamlarǵa aytılan.

Ilimpazlar Q. Maqqsetov, N. Kamalov, Q. Mámбетnazarovlar baspaǵa tayarlağan “Qaraqalpaq xalıq legendarları” degen miynetinde: “Ómirbek XIX ásirdiń ekenshi yarımında ómir súrgen adam. Onı kórgen adamlarda házirge shekem ushrasadı” dep bir qansha dálillerdi atap ótedi. Ómirbek laqqı tariyxta bolǵan hám Shımbayda jasaǵan. Ataqlı biy Erejep tentektiń zamanlası. Qaraqalpaq arasında aytılatuǵın kúldirgi sózlerdiń hámmesi Ómirbek atı menen baylanıslı bolıp tabıladı.



### **Paydalanilgan ádebiyatlar:**

1. Б.Саримсаков, Н. Хотамов . Адабиётшунослик терминларининг русча-узбекча изохлаги лугати. Тошкент. Укитувчи. 1979.31-б.
2. С.Бахадырова, С .Ахметов. Фолклорлык терминлерининг кыскаша созлиги-Нокис. Билим.1992,7-б
3. [www.afandi.uz](http://www.afandi.uz) saytina.

ЭОЖ 055. 45

### **ТЕКСТ ҲАМ МЕДИАТЕКСТ**

#### **МАШАРИПОВА ТАМАРА ЖОЛДАСБАЕВНА**

Бердақ атындағы Қарақалпақ мәмлекетлик университетиниң профессоры. Қарақалпақстан Республикасы, Нөкис қ.

#### **МАШАРИПОВА ГҮЛИМХАН ЖОЛДАСБАЕВНА**

Нөкис академиялық лицейи қарақалпақ тили ҳәм әдебияты пәни оқытыўшысы, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкис қ.

**Резюме.** Текст состоит из множества внутренних, внешних частей и особенностей, не разобравшись в которых нельзя полноценно представить себе что он собой представляет и какую роль играет в жизни людей. Настоящая статья посвящена к наиболее известным определениям текста и к его составным частям.

**Summary.** The text consists of many internal, external parts and features, without understanding which it is impossible to fully imagine what it is and what role it plays in people's lives. This article is devoted to the most famous definitions of the text and its components.

Текст көплеген ишки ҳәм сыртқы бөлеклерден, өзине тән өзгешеликлерден ибарат болады. Текст ҳаққында толық мағлыўматқа ийе болмай турып, оның адам өмириндеги тутқан орнын ҳәм әҳмийетин түсиниў қыйыншылық туўдырады. Соның ушын дәслеп текстниң тийкарғы анықламаларын келтиремиз, ал кейин оның қурамалы бөлимлерине өтеміз.

Бизлер, «текст» сөзиниң өзін генетикалық тәрәптен сөзлер араласпасының бир пүтинликке биригиўи деп түсинемиз. Бул термин түсиниги төменде кең мәнисте келтирилген. Текст – адамлар сәўбетиниң баслы қуралы болып есапланады. Бизлер текстти информацияның тоқтамайтуғын ағымы деп ойлаймыз. Ол тәбиятынан генетикалық тәрәптен байланыссыз болыўы мүмкин емес, тек ғана текст дурыс түсиникке мүтәж болады. Сол себептен, постмодернист ҳәм постструктуралистлердиң жаңа изертлеўлеринде қәлеген информацияны өзінде жәмлеген текст туўры ҳәм метафорикалық мәнисте бахаланады.

«Жаңа социологиялық сөзлик» авторларының жазыўынша, текст улыўмалық планда – өз алдына белгилердиң байланыслы ҳәм толық избе-изилигин пайда етеди. Текст мәселеси ХХ әсирдиң екинши ярымында лингвистика, әдебияттануў, семиотика және гуманитар түсинигинде актив талқылана басланды. Полемиканың дыққат орайында анық емес ямаса мазмунның тийкарғы модели сыпатында денотацияның жетиспеўшилиги мәнис ямаса белгилердиң макро келип шығыўында ҳәм мазмун трансформациядағы ресурсларды ашып бериў машқаласы болды.

Текстниң ишки қурылысын билдиретуғын имманентли ҳәм сыртқы репрезентативли жантасыў менен белгилесек болады. Текстке имманентли жантасыўдың структуралистлик ҳәм герменевтикалық бағдарлары айырмашылықлары менен байланысып тур. Биринши бағдар, белгили француз тилшиси Фердинанд Де Соссюр тийкар салған Соссюр тилшилиги дәстүрлерине тийкарланып, тилди «өзинде ҳәм өзи ушын» системаға

ажыратады, Владимир Пропптің рус ертеклерінің морфологиясын талқылауға бел байлайды. Классикалық, биринши гезекте Клод Леви – Стросстің антропологиясы пенен байланыслы болған структурализмде текст ұазыйпасы сыпатында белгиленеди – мәдений кодлардың керекли топلامы сыпатында, оған көре мәдениеттің хәр түрлилинен келип шығады. Екинши бағдар, герменевтика, базыбир мәнәуий хақыйқатлықты (мысалы, Вильгельм Дильтей «өмири») түсиниў ушын тил хәм философияның инструментал ролин өз ишине алған субъект – объект картезиан дәстүрине қарсы шықты. Герменевтика филологиялық текстлерди автордың ажыралмас субъективлигиниң излери сыпатында түсиниўден ибарат еди (Фридрих Шлейермахер) текст (әдебият, диалог) хаққындағы идеяларға герменевтик, онтологик тәрәптен мазмунлы тәжирийбениң лингвистикалық көриниси сыпатында, усы тәжирийбениң мазмунынан ажыралмас (Мартин Хайдеггер, Ханс Георг Гадамер), инсан өмириниң өзине тән өзгешелиги сыпатында (Поль Рикер). Текстиң орайлық философиялық түсиниклерден бири сыпатындағы жағдайы постструктурализмде ең изшил хәм кеңирек тастыйықланған. Әдетте оның менен «текст» атамасының кең қолланыўын әдетке айландырады.

Постструктуралық ағымлар – Дериданың «грамматологиясы», Роланд Барттың «текст анализи», Юлия Кристеваның «семанализи» хәм басқалар – таяр белгини илимий бағдарланған, үйрениўден оның жүзеге келиў процесин түсиндириўге өтиў, тийкарынан белгили бир методологиядан айырылған, олар тексти өзлестириўдиң түсиндирмели процедураларына жақынласады, бирақ талқылау «терең мәниге» қаратылған хәм тексти оқыў ушын ең сай келетуғын нәрсе метонимия шынжыры бойлап үстем хәрекетли болып келеди. (Цветан Тодоров) ашылыўын талап етеди. Улыўма алғанда, текст түсинигиниң барлық метофориялық тойғынлығын хәм анық емеслигин есапқа алған жағдайда, постструктуралықпозициялардан текст төмендегише сәўлеленеди: 1) мақсетсиз хәм орайлықсыз мәнилерди жаратыў ушын «тармақ» (тийкаргы идея, классикалық сын хәм кеңирек философия канонлари тәрәпинен қысқартылған улыўмалық формула); 2) «филиал әсанасы»нан ұаз кешиў, жумыстың тарийхий жыйндысынан келип шығатуғын дереклер хәм тәсирлердиң бар болыўы; аноним текст сыпатында, барлық институционализацияқылынған(мысалы, баспа формада) текстлер ушын динамикалық, семантикалық х.т.б. 3) "мәнилердиң көплиги", принципал ашықлық, мәнилердиң толық емеслиги, күш дүзилмелери тәрәпинен белгилениўи хәм иерархиясына сай келмейтуғын (ямаса хәкимияттың тийкаргы дәрежесинен ибарат болған) хәм мәдениеттің дематизация қылынбаған шегара аймағы болыўтилегин билдиреди.

Текстлик зонасы кеңейип барыўы менен олардың темасы тек ғана аўызеки текстлер емес, бәлким сүүретшилик, кино, архитектура текстлери (Фредрик Джеймисон, Чарльз Женкс хәм басқалар) болып, буны билиў жүдә әхмийетли.

Текстиң мәнисине ўәкиллик жантасыўы көбирек жеке гуманитар пәнлерге – тилшилик, микросоциология хәм басқаларды келтирип шығаратуғын когнитив психологияға тийкарланады. Текстиң лингвистик теориясы (Ж.Петефи, Тен Ван Дейк) гәплерди бирлестириў нызамы хәм коммуникатив текстлерди макроструктуралық семантик талқылау мүмкиншиликлерин үйрениўге бағдарланған (мысалы, газета жаңалықлары текстине тема, кирисиў, ўақыялар дизими, шолыў, реакция хәм басқалар киреди, олар биргеликте хабарлардың бир пүтинлигин анықлайды). Бундай жағдайда, тексти түсиниўдиң тийкаргы хәр түрли «ситуациялық моделлерди», ана тилинде сөйлейтуғынлардың жеке билимлерин актуалластырыў, олардың алдыңғы тәжирийбесин топлау болып есапланады.

Прагматика хәм социоллингвистика (Д.Серд, Жон Остин, Сюзан Эрвин–Трипп) лингвистикалық дүзилмелер хәм социаллық хәрекетлер ортасындағы прагматик байланысларды бақлау; бундай жағдайда арнаўлы текстлердиң ұазыйпасы күнделикли турмыстың ўақыялары, өспиримлер арасындағы аўызеки дуэльлер хәм басқалар тәрәпинен әмелге асырылады. [1, 1109-1110] Л.М.Земянова ғалаба хабар қуралларына итибар қаратқан жағдайда текстиң тәрипин береди. Оның жазыўынша, бул атама латын

тилинен келип шыққан болып, *textum*(байланыс) хәм баспа әмелиятында мәлим бир белгилер дизими жәрдеминде сәўлеленген толық ғәрезсиз баянатты аңлатады."Шет ел сөзлериниң заманагөй сөзлиги" де бул атама жазба ямаса баспа формада тәкирарланатуғын авторлық жазыуы ямаса хұжжет ушын белги сыпатында интерпретация етиледі. Тек ғана баспа емес, бәлким электрон аудиовизуал информация қуралларын үйренетуғын коммуникативистикада текст түсиниги жаңа семантик түрлерге ийе болады. Текст мағлыұматты тасыушы сигналдың дозасы ямаса хұжжет, дәстүр, хабардың информация мазмуны сыпатында анықланады. Компьютер технологиялардың раўажланыуы хәм текстлердің мультимедиаластыруу процесслери авторлық текстлердің аудиторияның қабыллау дәрежесиниң турақлылығына хәм көп мәнилигине хызмет етиўине мүмкиншилик жаратты. Соның менен бирге, ғалаба хабар қураллары тәрәпинен тарқатылған текстлердің полисемиясы олардың белгили болғанлығының зүрүрли шәрти хәм кепили, сол сыяқлы медиамәденият ушын мөлшерленген жаңа ғалаба хабар қуралларының қурамлы атрибуты хәм жаңа массасы екенлиги есапқа алынады.

Полисемия көлемине қарап, текстлер жаңа талқынға ашық хәм жабық деп бөлинеди. Бириншисине төмендегилер киреди, жумсақ жаңалықлар, сериаллар хәм басқа хәр түрли кеўил-ашар дәстүрлер. Екиншисине – қатты жаңалықлар. [2, 328-329]. Текст түсинигинде көп нәрсе тексттиң тийкарына нәзер таслап, яғный оның неден ибарат екенлигин шешеди. Дәстүрий текст бул белгилер хәм мәнилерден ибарат. Соның ушын, дәстүрий (ямаса компьютер) текст не екенлигин түсиниўге хәрекет етип атырған хәр бир адам, биринши нәўбетте, ең киши бөлимлер не екенлиги түсиниўи керек, соннан кейин усы еки түрдеги текстлердің хәр түрли вариантлары қәлиплеседи.

Дәстүрий текстте бундай ең киши бөлим бул – белги хәм текстте усы белгиниң мәниси.Усы сорауды көрип шығың. Биз лингвистикалық белги хаққында сөз етип атырғанымызды есапқа аламыз.

Белгилер (латын тилиндеги *signum* сөзинен алынған сөз) –бул хәр қандай объект, хәрекет ямаса хәдийсе болып, олар тәбияттан ямаса конвенцияда хәр қандай мәнини сәўлелендириуи мүмкин. Белгилер – бул тийкарғы материя, тексттиң басланғыш заты. Белги – бул социаллық мағлаұматлардың материаллық тасыушысы хәм ол өзинен басқа нәрсе хаққында хабар береді. Сөз алмасыу арқалы адамлар хақыйқат туўралы мағлыұмат береді хәм алады, яғный белгилерди тил бирлиги сыпатында қолланады. Белги – бул мағлыұмат тарқатыуы ушын хызмет ететуғын материаллық объект.

"Текст"түсинигин үйрениу ушын төмендегилерди билиу жүдә әхмийетли болады.Белгиниң еки компоненти бар – реже – сөз (белги) хәм реже –қурам (белги). Тил – бул белгилер дизими хәм белги – бул тилден тысқары реаллықтың лингвистикалық коррелизациясы (уқсаслығы) хәм бул әлле қашан экстралингвистикалық факторлар.

Белгини әмелге асырмастан жүзеге келмейди, соның ушын оның сыртқы факторлары – стилистиканы, интонацияны хәм басқаларды үйрениу керек.

Белгиниң өгешелиги шәртли характерге ийе, яғный адамлар, мысалы, «а» хәриби хәм басқа нәрсе емеслигине разы болады. Белги хәмме ўақыт социаллық, яғный ол адамлар санасын керекли мағлыұматлар менен тәмийинлейди хәм бир топар адамлар ушын хызмет етеди. Белги хәмме ўақыт мағлыұмат тарқатыуы ушын арнаўлы орынланған объект (мысалы, хәрип), белги барлық ўақыт системалық бирлик белгиситек белгиниң өзи деген мәнисти аңлатады, бирақ еле мәни емес. Белгилер, яғный белгиниң мәнисин ийелеуи тилдің ең әхмийетли өзгешелиги болып есапланады. Бул заманагөй тил билимине ФердинандДе Соссюр дәўиринен баслап усы өзгешелик арқалы улыўма хәдийсени анықлауға мүмкиншилик береді.

Соның ушын тил белгиси– бул инсан тәрәпинен сезимлер арқалы сезилиуи мүмкин болған хәм ол жүзеге келмеген, бирақ бул белги шәртли рәўиште жарататуғын басқа хақыйқатты нәзерде тутатуғын хақыйқат.

“Медиалингвистика хэм редакторлаў” бойынша китап авторлары тәрәпинен берилген пикир қызықлы: “Текст тек ғана информация тарқатыўшы қурал болып қалмастан, бәлким дүнья лингвомәдениятының терең еслетпесиниң сәўлесі болып хызмет етеди” [3]. Усы белги мәнини (түсиндирме яғный мәни) оның белгилениўи менен бирлестиреди. Соныбилиўкерек, хәрбиртилбелгисинде оны анық белгилейтуғын төрт идентификация белгиси бар:

1)Сызықлылық. Булсоны аңлатады, жоқарыда айтып өтилген белгиге оның барлық курамлық элементлери сызықлы, яғный аўызеки хэм жазба рәўиште избе-из сәўлеленеди.

2)Ажыратыў. Усы характеристика тийкарғы тилбирликлеринкишилеў бөлимлерге бөлиў қәбилетине ийекеклигименен көринеди.

3)Өз басымшалық. Усы атама мәни хэм өлшем ортасында орнатылатуғын мүнәсибетлер өз басымшалық хэм дәстүрий екенлигин анық көрсетип турыпты, себеби, хәр биртилдебир қыйлы мәни ушын хәр түрли белгилер бар.

4)Өзгериўшенлик хэм өзгермеўшилиқ. Бир тәрәптен тилбелгилери ўақыт өтиўи менен өзгерип турыўы хәмоларментиллер өзгериўшеңлиги анықланады. Бирақ, басқа тәрәптен, көрипшығып атырған адамоларды өзи қәлеген тәризде өзгерте алмайтуғыны, яғный олар өзгермеўи де мүмкин.

Соны да атап көрсетиў керек, тилбелгиси социаллық қоллап-қуўатлаў конструкциясын аңлатады, яғный ол әхмийетли бир лингвистикалық контекст этирапында ислеиди. Белгибирэлементти басқасының орнына қояды: "велосипед" сөзи жеке транспорт қуралы болыпхызмет ететуғын еки дөңгелекли транспорт қуралын аңлатады». "Велосипед" усы транспорт қуралының символы екенлиги социаллық конвенция, яғный адамлар ортасындағы келисиўболып, оған көре оларбирер сөз бененбир қыйлы мәнини түсинеди. Солайетип, тилбелгилери хәрбирбайланыс хәрекетиндеги әхмийетли элемент. Атап айтқанда, олар қабыл етиўши хэм жөнетиўшиге мағлыўмат алмасыў мүмкиншилигин беретутуғын кодтың мақсети сонда хабар хэм референт те канал арқалы узатылады. Әхмийети, булбайланыспроцесиндебелгиденкелип шығатуғын мағлыўмат. Хәр қандай белгиниң ажыралмас бөлеги, светофор сыяқлы, қол бериў, арифметикада қосыў белгиси, герб элементиямаса басқа нәрсе. Тилилиминде сөз белгиболыпхызмет ететуғыны тәбийий. Ең раўажланған, таныс хэм узақ ўақыт үйренилген белгилердизимимиллет тилиесапланады, соның ушынтилбелгилеримысалында мәнини көрип шығыў ең қолайлысыболады. Ойлаўымызша, бул жүдә дурыс жантасыў.

### **Пайдаланылған әдебиятлар**

1.Новейший социологический словарь. Сост. А.А. Грицанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин и др. –Мн: Книжный Дом, 2010. – С. 1109-1110.

2.Землянова Л.М. Коммуникативистика и средства информации. Англо-русскийсловарь концепций и терминов. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2004. – С. 328-329.

3.Тешабаева Д.М., Бакиева Г.Х., Исроил М.И. ва бошқ. Медиалингвистика ва таҳрир // Журналистика. 3- жилд. Т.: “Ўзбекистон”, 2019. – С. 8.

ӘОЖ 821.512.122:37.013.2

### **Ш. АЙТМАТОВТЫҢ "ТАУ ҚҰЛАҒАН" РОМАНЫНДА ТАҒДЫР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ШЕШІМІ**

#### **КӘРІБЕКОВА АҚТОРҒЫН ЖАМАУБАЙҚЫЗЫ**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

## ДҮЙСЕНБАЕВ БАЗАРБАЙ РЫСБАЙҰЛЫ

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған Дарын мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Ж.Айтмауытов - один из государственных деятелей, имя и деятельность которого дороги стране. Труды великого человека о народной культуре и менталитете не теряют своей ценности до наших времен.

Статья предназначена для историков, журналистов, учителей и исследователей.

**Summary.** J.Aitmauytov is one of the statesmen, whose name and activity are dear to the country. The works of the great man on folk culture and mentality do not lose their value to our times.

The article is intended for historians, linguists, teachers and researchers.

Тағдыр... Осы сөз төңірегінде пәлсапалық ой қозғаудың өзі ауыр. Құранда: "Еш күмәнсіз, Біз барлық нәрсені арнайы есеппен жараттық..."[1] деп көрсетіледі. Расында біздің тағдырымыз осылай есеппен жазылған ба?

Адамзат өмірінің мәңгілік қатпарында ең күрделі тақырыптардың бірі – сол тағдыр емес пе?! Абай айтқандай өміріңнің "... Соңында "Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды" [2] деуі сол тағдырға мойынсынуы емес пе?

"...Барлық нәрсені жаратып, әрқайсысына белгілі бір өлшем берді" [3] – деген аят құранда тағы бар. Адам баласының жер бетіндегі тіршілік иелеріне қарағанда өмір сүру салты мен өзіндік қалаулары өзгеше жаратылған. Сондықтан да тағдырлары да өзгеше. Еркінен тыс тағдыры мен өздерінің қалаған тағдырлары белгіленген өлшемге шейін басқаша өрбиді екен...

Ш.Айтматовтың соңғы "Тау құлаған" романы – автордың тағдыры. Белгілі бір өлшемі бар... Алғаш қырғыз тілінде, кейін қазақ тіліндегі аудармасы жарияланды. "Бұл өмірде барша жан да бағынып, сөзсіз мойындайтын және ешқашан бұлжымайтын бір шарт бар, ол —жазмыш, ешкім де алдында не күтіп тұрғанын білмек емес, тағдыр деген сол, пешенесіне не жазылғаны ешкімге белгісіз, оны өмірдің өзі ғана көрсетіп береді, олай болса, тағдырдың тылсымы деген түсініктің өзі де болмыс еді..." [4]

"Кім жақсылық істесе пайдасы өзіне, ал, кім жаманшылық істесе оның зияны да өзіне. Раббың құлдарына ешқашан қиянат жасамайды"[5]

Расымен де Жаратушы өзі жаратқан тіршілік иелерінің маңдайына жамандықты жазбайды. Тянь-Шань алқабының Еренқабырға тауларын мекендеген Қар барысының тағдыры адамзат баласын бейжай қалдырмасы анық.Тәкен Әлімқұлов айтқандай: "Елегізіп, көңілі бейжай күйде..." дегеніндей еріксіз күй кешесің. Сөз зергері Ш.Мұртаза сол Тянь-Шань туларын Аспан тау атады (қытай тілінен аударғанда – аспан тау)

Жер шарына қазықтай қадалған тау жынысын бекер осылай атамаса керек. Қасиетті құрандағы "Ол көктерді, өздерің көріп тұрғандай, тірексіз жаратты. Айналғанда сендерді шайқалтып, теңселтпесін деп, жерге мызғымас берік қазықтар (таулар) қағып қойды әрі онда сан алуан тіршілік иелерін жаратып, жайды. Сондай-ақ, аспаннан жауын жаудырып, онда жұп-жұбымен (түр-түсі, иісі, дәмі, жемістері жағынан) неше алуан өсімдіктер өсірдік" [6] дегенімен үндес.

"Қар барысының маңдайына жазылған басқа, олар терең құдар мен биік жартастардан қарғиды..." [4.8] "... тек биік тауларда өмір сүреді" [4.8] Бұл Еренқабырға өңірін мекендеген тау әміршісінің еркінен тыс тағдыры. "Бірақ Жебе-Барысты алаңдататын бір жәйт бар еді..." [4.9] Бұл "Кәріліктің бұқпантайлап келіп қалғанда осындай жайсыздықтарының басталатыны – табиғи жәйт..." [4.9]

Бұл бүкіл тіршілік атаулының болмысына тән заңдылық. Өткір тырнақтарын бір-біріне үйкелеп қайрап, жұбымен жемтігін аулаған, тұқымын тарату үшін Өлекшімен өткен өмірі "Табиғаттың өзі бұл екеуін оңаша қалуына, осындай сырлы сәтте басқа тірі жанның түспеуін қалап тұрғандай..."

[4.9] болғанымен соңында жемтігін аулауға әлі келмей, өмірлік қосағының жас барыспен қосылып мұны талауы тағдырының пешенесіне жазуы.

"Осының бәрі Жебе-Барыстың көз алдында өтіп жатқаны" [4.9] тегін емес. Жебе-Барыстың кәрілік бұқпантайлап келіп қалған шағында өлекшесі жас барыспен жұбы жарастыруы – әйел баласының ақ некеге адал болмай, өзге барыспен махаббат отына өртенуі дерсің. Кімнің алдында қандай тағдыр күтіп тұрғаны ешкімге аян емес.

Бұл "Тағдырдың кілт бұрылысы көп, солай болған және болада бермек, бұған ешкімнің әмірі жүрмейді" [4.12] Жебе-Барыстың бұл қалап алған тағдыры емес, тіршілік атауына тән болмыс еді. Өлекшемен өткен өміршең өмірі соңында жемтігінен қалған өлексеге қарап қалған тағдыры"... абыройсыздыққа алғаш ұшырауы болатын, бұрын бүйтпеуші еді..." [4.15]

"Демек, енді Жебе-Барыс үнемі жолым бола береді деген сенімнен айырылғаны. Бұдан былай ол басқалардың олжасынан қалған сарқытты қау жап, сүмендеумен күн өткізбек" [4.15]

Бұл тау әміршісіне сыйлаған өмірінің соңғы сыйы емес еді. "Жыртқыш өз өмірінің соңғы сәтінде адам баласымен жолығарын, сөйтіп онымен тағдыр бөлісерін білмеп еді" [4.15] Бұл – Жебе-Барыстың тағдыры.

Тағдырының қалай аяқталуы бізге құпия және солай құпия болып қала береді.

Тағдырдың көздегені не? Жебе-Барыстың ішкі түйсігі болмысына бас иіп, тағдырына сене бастады. "Ал мұның бойында осы бір қатал шындықты қабыл алмау, тағы мінезді табиғатына тән өрліктен туындаған наразылық пайда болды, ішкі әлемінен әлдебір күш, сананың бұйрығына бағынғысы келмейтін жойдасыз қарсылық бой көрсетті, бұл өз-өзіне талап қоюы еді. [4.33]

Біріншіден, "Сырт көзге әлі де бұрынғыдай тұрқы ірі, басы қазандай, желкесі күжірейген, құйрығы жұмсақ қимылмен иіріп қойып, қабағының астынан шаршаңқы көз тастауының өзі жөпшендінің зәре-құтын қашыратындай көрінетін Жебе-Барыс қажет болған жағдайда өзін-өзі тежей білуді меңгеріп алды" [4.32]

Екіншіден, "Таяуда ғана осы маңды, биік-биік шыңдарының басына мәңгі қардан бөрік киген Еренқабырға тауының жықпыл-жықпылын мекен еткен ержүрек барыстардың текті көсемі болған Жеке-Барыс енді осындай мазаққа көнуге мәжбүр" [4.32]

Үшіншіден, "... туған өлкеге енді қайтып жоламастай болып, бір жолата кету керек!" [4.33]

Бір кездегі тау әміршісінің өз-өзіне талап қойып, тағдырына көніп, мінезінің өзгеруі тағдырының болмысына бейімделуі еді. Кезінде мұның ерлігін мойындаған тау құдайының "Берікел, Жебе-Барыс, жақында! деген дауысы енді басқа тұстан естіледі. Олтұсбасында "Мәңгілік қалыңдық" қалың қары жатқан, биік шыңдары бір-бірімен бой таластырған Үзеңгілес жотасының ар жағынан етіледі. "Өзін-өзі қомсынудан туған ішкі наразылық күшейе берді, жыртқыш тың бойындағы қаны қозып, кейінге қалдырмастан, бөгде әлемге деру тартып отыруды талап етіп, соған шақырған әмірлі ішкі дауыс бар болмысын билеп алды. [4.33]

Кезінде мұның табанының ізі қалған, қайратты үнінің қаһарлы дауысы жаңғырған өлкеде алақанында тұрған нәрсенің қол жетпес арманға айналып кеткені өкінішті. Үзеңгінің алып жотасы кезінде бұған үзеңкі болғанымен, бұл күнде асу бермейтін тау тағылық мінезімен тәкәппарланып алған. Ендігі өмірі ерен қабырғада, қадірі қашқан өлкеде қалуы керек пе? Тағдырының кілт бұрылысы жаңа өмір сыйлай қояды деуі – екі талай. Жазушының ақиқатты мойындаудан басқа шындық жоқ деген идеялық шешіммен түйіндегенін көреміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.«Қамар» сүресі, 49-аят.
- 2.Абайдың 10-қарасөзі.
- 3.«Фурқан» сүресі, 2-аят.

4. Айтматов Ш. "Тау құлаған" Дәуір-кітапбаспасы 2017 жыл, 1-бет.
5. «Фуссилат» сүресі, 46-аят.
6. «Лұқман» сүресі 10-аят.
7. «Анғам» сүресі" 17-аят.
8. Акматалиев, А. А. Чингиз Айтматов: Человек и Вселенная : монография / НАН Кырг. Респуб. – Б. : Илим, 2013. – С. 576.

ӘОЖ 821.512.122:37.013.2

### **Ш.АЙТМАТОВТЫҢ «ТАУ ҚҰЛАҒАН» РОМАНЫНДАҒЫ СӨЗ ТАҒДЫРЫ МЕН ӘУЕН**

#### **ДҮЙСЕНБАЕВ БАЗАРБАЙ РЫСБАЙҰЛЫ**

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған Дарын мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

#### **КӘРІБЕКОВА АҚТОРҒЫН ЖАМАУБАЙҚЫЗЫ**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты.  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Ж. Айтмауытов - один из государственных деятелей, имя и деятельность которого дороги стране. Труды великого человека о народной культуре и менталитете не теряют своей ценности до наших времен.

Статья предназначена для историков, журналистов, учителей и исследователей.

**Summary** J.Aitmauytov is one of the statesmen, whose name and activity are dear to the country. The works of the great man on folk culture and mentality do not lose their value to our times.

The article is intended for historians, linguists, teachers and researchers.

Автор осы роман жарыққа шықпастан бұрын, маған тіл білу маңызды емес, сол ұлттың әуенін тыңдасам, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру салтын, қоғамдық үні және саяси өмірін терең түсінемін дегенге саятын құнды пікір айтқан болатын.

Әуен – ғарыштық тіл. Адамзат баласы жүрегімен ұғынатын тіл.

Алла адамзат баласын топырақтан жаратқанда, рух оның бойына енбей, бес жүз жыл төбесінде айналып ұшып жүріпті. Сол кезде Алла әуенді әннің әуезді құдіретімен адам кеудесіне рухты енгізіпті.

Қазіргі жаһандану дәуірінде батыс елдерінде әуеннің сырлы сиқырымен өмір сүру салты үстемдік құрса, ислам әлемінде үлкен дағдарыс үстінде. Исламның қатаң қағидаларына бас июшілер «Әуен – қоғамды күнәға жетелейтін күш» деген көзқарастарын құрал етіп ұстауда...

«Әуен деген – Жаратқанның өзіне бастар сапардың қасиетті сазы емес пе! Әуен – рухтың галактикасы ғой, адам жаны бір-ақ сәтте күллі ғарышты қамтитын тылсым сырға қанығып шыға келетіні содан. Тіпті, оны жалрыға ортақ бірден-бір ғаламдық тіл деуге болады»[1.19].

Шынымен де, құдайға құлышылық ету мен мінәжат етудің арасындағы байланыс тілдің ерекшелігі сол әуеннің құдіретінде.

Романның кейіпкері Арсен Саманшин «... егер бала кезімде тауда жылқы бақпай, әуен мектебінде оқығанымда, қазір әйгілі композитор болаын едім, шындығында мен ішімнен ылғи әуен шығарып жүремін, бұл өзіне ғана арналған әуен. шіркін-ай, арнайы білім алғанымда ғой!..» [1.20] деуі бүгінгі қастерлі құндылықтардан гөрі даңғаз астрадалық думандардың арсыздыққа толы төңкерісіне деген ызадан туды дегеннен

элдеқайда тереңіректе... Арсен Саманшинді қырғыз Алатауындағы Ақсудың алтынын өндіретін канадалық кәсіпкерлермен бірлесе құрылған жергілікті кәсіпорынның басшыларының қуып шығуы «Мәңгілік қалыңдықтағы» құндылыққа қарағанда, бизнестің элдеқайда үстемдік орнатқаны, бұл да тағдыр ма? Ақиқат ешқашан өлген емес.

«Бәрінен де баспасөзді айтсаңшы, әкімшіл-әміршіл биліктің кезінде сөз бостандығы үшін күресіп, рухани ұлдыққа батыл қарсы шығудан тайсалмаған боздағың бұл күндері нарықтың құлына айналып кетті»[1.16].

«Былай болсын, басқаның шаруасына араласушы болма! Әйтпесе, боратып шығарып жатқан мақалаларың үшін сазайыңды тартуың ықтимал. Сен сияқтыларға бір оқ жалынсын. Ұқтың ба, сүмелек? Жайыға жүрмесең, мақала жазу былай тұрсын, әліпбиді де ұмытатын боласың!» [1.10] дейтіні бүгінгі сөз бостандығының тағдыры.

Қазіргі таңда жердегі биліктің үстемдігі былай тұрсын, ғарыш серіктері де әлемдік ауқымды бизнестік шаралардың бағдар түзуіне және дамуына ықпал етуде.

Футбол стадионына жиналған халықтың он шақты адамның әрекетіне бір қуанып, бір мұңайып, ыза болып, күйіп-пісуі немесе соның арқасында есебін түгендейтін бағдарламалар жауыннан ейінгі саңырауқұлақтай қаптағалы қашан. Мұның тасасында зардап шеккен халықтың көз жасы сүртілмей, көңіліндегі мұңы тыйылмай, күрделенген проблеманың түйіні шешілмей қалып жатыр. Биліктің немқұрайлылығы халықтың үмітін сөндірді. Тап тартысы тағына мінді.

Ертас Құршат сиқты жолы болғыштар өздерінің тағдырларын місе тұтпай, өзгелердің тағдырына араласуы... Жо-жоқ, дұрысы араластыруы, «Мәңгілік қалыңдық» заңына қарсы ірекет емес пе?!

Арсен Саманшиннің «Мәне, опера патшайымы (Айдана Самарова) ғұмыры қысқа танымал әндердің орындаушысына айналды деген осы!» дегені [1.56] Ертас сияқтылардың, түптеп келгенде, «Мәңгілік қалыңдыққа» жасаған қылмысы.

Продюссерлердің көл-көсір пайдасы, өткінші өтіп кеткен машинистің әрекеті, босс, шефтердің банктегі есеп шоттары. Бірн солардың қолында...

Жебе-Барыс сияқты Үзеңкі асуынан аса алмауы, Арсен Саманшиннің «Мәңгілік қалыңдық» идеясына жете алмауы – тағдырдың жазуы. Еркінен тыс тағдырлары ұқсас болғанымен, өздері қалаған тағдырлары неткен сәйкестік.

Бірақ Жебе-Барыс пен мұның өзі діттеген мақсаттарына жете алмауынв ешкім де айыпты емес, өздері кінәлі. Үзеңкі асуы мен «Мәңгілік қалыңдық» Айа айтқандай, «Бұл біздің махаббатымыздың тұтастығы»[1.63].

Мәңгілік қалыңдықтың ариясын орындау үшін оның әуені, нотасы мен партитурасы болуы керек, симфониялық оркестрді, сценографияны, костюмдерді, жүздеген адамнан тұратын хорды қайдан таппақсың, өзен де ән салады дейсің, соның сахналық технологиясын кім жасайды, ақыр аяғында, композитор қайда, қоюшы-режиссері кім болмақ, ең бастысы, қаржыны қайдан аласың, осының бәріне керекті қаражатты кім береді – қазір ең қиыны осы! -деп ой тастайды.

Айтматовтанушы А.Ақматалиев «Айдана аңыздағы кейіпкерлердің тағдырына алаңдайды, бірақ ол санасына сіңдіре алмады: оған рухани жомарттық жетіспеді»[2] – дейді.

Сондықтан да ол оны бұл өмірдің уақытша лаззат, атақ пен байлыққа "Мәңгілік қалыңдықты" айырбастайды. Шығарма композициясының күрделілігі сондай – оқырмандарын да өзіне араластырып, рухани әлемінің эстетикалық деңгейіне баға беруге мәжбүрлейді.

Автордың бүкіл шығармаларына тән қасиет, табиғат пен адам арасындағы байланысты, ақиқатқа негіздей отырып шынайы, әрі нәзік суреттеуінде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Айтматов Ш. «Тау құлаған». Дәуір-кітап баспасы, 2017 жыл, 1-бет.



ӘОЖ 82.789

## ҚАЗАҚИ ТҰРМЫС-САЛТ ДӘСТҮРЛЕРГЕ ОРАЙ ҚАЙРОЛЛА ИМАНҒАЛИЕВ ЖЫРЛАРЫ

### ТОРТКУЛБАЕВА ТҰРСЫНАЙ АБДИГАЗИЕВНА

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, PhD, доцент,  
Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

### ИМАНАЛИЕВА АСЕЛ

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының магистранты,  
Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Қазақ халқының әріден келе жатқан дәстүрі, тұрмыс-салты бар. Әрине, бұлар бір дәуірдің ғана жемісі болған емес. Олардың талай ғасырлық ғұмыры бар асыл қазына. Сол асыл қазынаны «халық ақындары-тұрмыс-салт жырларының әуелгі авторлары» болып шығарған. Әрбір адамзаттың өмірінде үш кезең бар. Туылуы, үйленуі, өлуіне орай салттық, ғұрыптық дәстүрлері орындалады.

Ел ішінде, халық арасында жүріп жыр шығарған, әрі жыр жырлаған Қайролла да халық дәстүрінен шеттеп кете алмаған. Соған орай «Той бастар» мен «Бет ашарды» шығарған. Оның «Той бастары» мен «Бет ашары» да қалыптасқан дәстүр жалғасы болып көрінеді.

Т.Тебегенов: «Халық ақындары – ел әдебиетінің ежелгі замандардан бері қалыптасқан байырғы жанрларын жаңа кезеңдерге ұластырушылар, жаңғырған қалыпқа түсіре, түлете дамытушылар» -деп бағалағанындай Қайролла да соның бірі. Қыз ұзату, не жалпы той мәресіміне орай өткізілетін тойлар, той иесінің әл-ауқатына қарай өткізілген. Көптің жиналуы да той иесі беделінің көрінісіне тікелей қатысты болады. Ол табиғи нәрсе, бірақ той үстінде, тойда бар қызықтың басы боп тойбастар орындалады.

Біз келдік, той бастауға домбыра алып,  
Кетуші-ек айғай салсақ топты жарып,  
Айтайық азырақ сөз тойыңызға,  
Тыңдасаң көп әлеумет құлақ салып . . .  
Бұл тойды кім бастайды мен тұрғанда,  
Аузымда ала құйын жел тұрғанда.  
Қай айлар, мына айлар, өткен айлар,  
Сұр бие, сұр құлыншақ, жорға-тайлар.  
Сәтіне сәрсенбінің той жасапсыз,  
Тойыңыз құтты болсын құдағайлар.  
Ұл бала ата-анаға таяу деген,  
Қыз бала үйге жаққан бояу деген,  
Табиғат тағдырына жазғаннан соң,  
Қосыпты ерді жолдас әйелменен.

Тойды бастаушы ақын той иесін айтсын мейлі, иә жаңа қосылып отырған жас жұбайларды сөз етсін мейлі – соның бәрінде де ылғи байлықты, сұлулықты, жарастықты айтады, екі жастың болашағын болжап, соны мадақтайды.

«Бет ашар» – жаңа түскен жас келінге елді таныстыру, ағайынды жақындастыратын сәтті жыр. Жаңа түскен келіншектің бетін ешкімге көрсетпей, желекпен жауып әкелу – қарақалпақ аймағында қатаң ескеріледі, әрі сақталған. Келіншек бетін өлеңге ебі бардан

бастап, ақындығы бар кісіге дейінгі орта аша береді. Тіпті, жергілікті жерде бет ашардың сөзін әркімнен жазып алып, арнайы кәсіп қып жүргендер де кездеседі.

«Бет ашар» – бір жағынан келін түскендегі зор қуаныштың белгісі. Себебі, қазақ қызына бет ашар бір-ақ рет айтылған. Екінші рет тұрмыс көретін болса, оған бет ашар айтылмайды. «Әуелгі бақыт-бақыт, соңғы бақыт – би бақыт» деген дана халқымыз. Сондықтан бірінші некесін өмірі соңына дейін сақтауын, әрі қорғауды ата-аналар балалары санасына сіңіріп отырған. Халқымыздың ұлылығының бірі – ақ некенің бұзылмауы арқылы көрінген. Екіншіден, қосақты өмірге жаңа қадам басып жатқан жас келіншекке тәлім-тәрбие беташар жырынан, сөзінен көрінуге тиісті. Осы жол Қайролла бет ашарында толық сақталған.

Көгерерсің кешікпей,  
Үлкенгк қылса кішілік,  
Жақсы атың шықпайды.  
Көңілде болса мен-мендік,  
Еш біреумен ұрыспа,  
Жесе де сөзін пісіріп.  
Осы айтқанды тұтпасаң,  
Кетеді халқың түңіліп,  
Менің сөзім насихат,  
Тыңда келін ұғынып.

«Бет ашар» аяқталған соң, қарақалпақ аймағында, қазіргі кездері де жаңа түскен жас келінге елдің ең беделді, дұғалы сөзді қариялары, көп балалы ана боп елге танылған әйел адамдары ақ батасын беріп, бет ашарды түйіндеп жүр.

Мақал мен мәтел шығару Қайролла шығармашылығында кездеседі. Қайролланың қиын жанрға жасқанбай келуіне, бізінше, екі себеп бар деп білеміз. Әрбір саналы өнер адамы, ақын не жазушы өткен өмірін сараптай келе артына көрген, білген, түйгендерін өлең, қарасөз, прозалық шығарма күйінде қалдырып кетуді өзіне парыз деп білген. Қайролла да ұлғайған шағында, өмір тәжірибесі көркейген кезінде, өмірден көргені молайған шағында, өмірдің өзі үйреткен сабақты қорытқан. «Мен өзім даналықтан айтқан емес, бұрынғы үлкендерден қалған кеңес» дейді. Екіншіден, ақын-жыршы болғандығынан тіл өнеріне баға беруді көбірек сөз етеді. Бұл дәстүр бүкіл ақындық, жыраулық поэзияға тән десек артық бола қоймас. Себебі, халық ауыз әдебиетінің бір арнасы болған мақал-мәтелдердің өнегесі көрінеді. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен жұмырланады. Үлкен ойды аядай қалыпқа сиғызып шеберлік танытады. Қайролла шығарған мақал-мәтелдердің дені тіл шеберлігі мен көркем образ жасауға арналады. «Ел иесіз болмайды, сөз жүйесіз болмайды» дейді, дана халқымыз. Шынында сөз үлкен құдірет. Сол құдіретті қор етпеу үшін дұрыс сөйлеуге, ақылды сөз айтуға халқымыз қашан да үлкен мән берген.

Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» тіл, сөз, көркем образды сөйлем жайында айтылған пікірлер бар.

Тіл өнері талай даналарды тебіrentкен. «Әдептің басы байқап сөйлеу», «Әдеп басы тіл», «Ауыз бен тілдің көркі сөз» (А.Йүгінеки); «Тәтті сөздің ішінде у да болады», «Жақсы сөз дәмнің тұзы», «Өлшеп айтылса ғана сөз жөнді болады» (Құтып), «Игі істің басы тіл», «Өнер алды тіл» (М.Қашқари); «Айтар сөзінді алдымен ойлап ал» (Қорқыт). Ұлы Абайдың «Сабырсыз арсыз еріншек», «Ғылым таппай мақтанба», «Көжекбайға», «Ішім өлген сыртым сау», «Білімдіден шыққан сөз», Бердақтың «Болған емес», Әжінияздың «Қасқалдаққа бір ағары май пітсе», «Айрылса» өлеңдерінде тапқыр айтылған сөздерінің қазіргі кезде мақалға өткені аз емес.

Мұндай ойға сәйкестенетін сөздер Қайролладан да кездеседі. «Сөзді сөзбен ұста, қашағанды құрықпен ұста», «Аялап айтқан ақыл сөз, аяулы нәрсе бергендей, қаралап айтқан қатты сөз, қолға кірген шеңгелдей», «Сөз білмесең сөйлеме», «Орма ауыздың ажалы оттан», «Жалаң бұлттың ажалы шөптен, аузы жеңілдің ажалы көптен» деген. Ол

тағы да: «Сыйласаң сиымды боласың, асықпасаң арманға жетесің», – деп, кішіпейілдікке, «Еркін жүйрік қашқанды қайырады», «Батырлық жолдастыққа пайда, жанға қас», - деп батырлық пен ерлікті көрсетіп танытса, «көптің көлеңкесі алтын», «кәрің қайда болса, хатың сонда» т.б. Жырау лебізінен шыққан мәтелдердің тәрбиелілігі мол. Ой өрісімізді өсіретіндігі аян.

Шынымен, біз келтірген нақылдардың бәрін халық түгел ауызша айтып жүрмеген де болар. Алайда, осы нақылдар шынайы мақал-мәтелге айналғалы тұрған дүниелер, ел өткірлеп, өңдеп, орайын тауып ықшамдауы, ойын сақтап, өрнегін жаңалауы да мүмкін. Дегенмен, ұлағаттық сөз айтуға ой орамындағы кісілердің ұмтылуы өмірден көріп білуін қорытындылауы болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі (Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы). – Алматы: Білім. 2001
2. Қ.Жұмажанов. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Арыс. 2006
3. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым. 1974
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы: Жазушы. 1986
5. Сөз атасы. Алматы: Жазушы. 1987
6. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы: Қазақстан. 1967

ӘОЖ 82.457

### **ТІЛЕУМАҒАМБЕТ АМАНЖОЛОВТЫҢ ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ЖЫРЛАРЫ**

#### **ТОРТКУЛБАЕВА ТҮРСЫНАЙ АБДИГАЗИЕВНА**

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, PhD, доцент,  
Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

#### **ПАРАХАТОВА ЛИЗА**

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының студенті,  
Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Тілеумағамбет Аманжоловтың тарихи жырлары екі тақырыпты қамтиды. Жоңғар қалмақтарымен болған күресті сәулелендіреді, екіншісі, яумыт басқыншыларымен соғысқан қазақ азаматтарының ерлігін сипаттауға құрылады.

Тілеумағамбеттің «Асау-Барак», «Асқар батыр», «Ермағамбет батыр», «Марқабай мен Өтешбай батыр» жырлары, тарихта бар мағлұм оқиғалар турасында және өмірде бар адамдар туралы шығарылған шығармалары. «Асау-Барак» жыры. Туған еліміздің елдігін, халқының тұтас бірлігін, азамат бастарының бостандығын сыртқы жаудан қорғауда батылдығы, батырлығымен танылған халқымыздың Қаһарман ұлдары аз болмаған. Осындай қадірі кетпес құрметке ие болғандардың бірі – Барак батыр Сатыпалдыұлы. Аруақтылығымен ел аузына ілінген, әулиелігі ұрпақтарына жалғасып жеткен Барак батыр жайлы аруақты ақын Тілеумағамбет Аманжолұлы «Асау-Барак» жырын 1914 жылы шығарған.

Барак пен Асау батыр мерейтойы қарсаңында қазақ, қарақалпақ басылым орындары мен үнқағаздарында Барак, Асау, Тілеумағамбет туралы зерттеу, аңыздық деректер көріне бастады.

Барак әулеті қызынан туылған ақын Базарбай Иман: «Біздің қазақтың көзі ашықтары көпшілік жағдайында деректерді жазып архивке бермей, үйінде сақтаған. Бұл құнды дүниелер араб қаріпінде жазылып қалдырылған. Шалдардың әңгімесіне құлақ түрсек, көп деректер сарғайған қағазда сақталып келіп, араб алфавитінде жазылғандықтан, кешегі

дәуірде Сталиннің кесірлі саясатынан қорқып, қағаздарды өртеп, сандық-сандығымен жердің астына көміп тастағаны көп болған. Себебі, араб алфавитінде жазылған қағазды «Құран» деп, өзінді «молдасың» деп, итжеккенге айдатып жіберген. Соның кесірінен Қу молда жазған жеті дастанның қолжазбасының жұрнағын да қалдырмай балалары жоқ қылғандығынан, қазір бізге соның ішінен ауыздан-ауызға «Асау-Барақ» жыры қысқаша, «Асқар-Қыдыр» азын-аулақ жетіп отыр. Ал басқалары түгелімен жоқ болып кетті. Қу молданың аты да солармен бірге жерленді деуге болады. Әйтпесе, қазақтың нағыз ескерткіш орнататын ақыны Қу молда еді»<sup>1</sup> деп күйініп, ащы шындықты жазды. Оның «Тілеумағамбет қолжазбасы жер астында шіріген» дегені дұрыс. Бірақ, ақын шығармалары түгелдей «жоқ болды» дегені шындықпен үйлеспейтін еді. Себебі, халық қай кезде де қадірлі сөздерді басын бәйгеге байлап жадында сақтаған, көшірмелерін көзден таса қып ұстаған.

«Асқар батыр» жыры көптеген көшірмешілерден хатқа түсті. Қ.Қылышұлынан 290 жол, Қ.Ахметовтен 237 жол, П.Мұсақұловтан 244 тармақ, Б.М.Аманжоловтан 231 қатарды жазып алдық. Тілеумағамбет ақынның тіке айтуынан «Асқар батырды» кирилицаға түсірген Құрбанбай Асқарұлы. 615 жол. Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл, әдебиет институты қолжазба қорында Р-170, Рег. 54067 тіркеуімен 241 қатары бар. Құрбанбай кирилдастырған жыр ең толығы, ең көркемі. «Асқар батыр» тақырыбының үстінде Тілеумағамбет (Қу молда) Аманжолов деп жазылған. Кіріспе бар. Онда:

Жаудан қашып келгені,  
Жігіттің ол да өлгені,  
Өзекті жанға бір өлім,  
Құтқармайды пендені,  
Үйде өлмей, түзде өлсе,

Тілекті құдай бергені<sup>2</sup> - деп жазылған. Кіріспе сөздің астына автор. 1923 жыл, ақырап» - деп берілген.

Ақын жырды, «бісмілла деп бастайын, жазуға қалам ұстайын, есіткен сөзге сөз қосып, өтірік сөзді қоспайын, құлақ салсаң жігіттер, Асқар менен Қыдырдың ер болғанын бастайын» – деп, ежелгі батырлық жыры мен ертегілік баяндау дәстүрін жалғастырып, Асқар мен Қыдырдың тегіне, батырлық алғырлығына сипаттама береді.

«Ермағамбет батыр қиссасы» оқиғасы Т.Аманжолов шығармашылығының үшінші бөлімде көрінеді. Шеру Қарауымбетке жеткен соң, «тау астына қарады, тау астына қараса, шаң бұрқырап шығады». Шаңды көргендер ойға қайғы алады. Сонда Ермағамбет көпке былай дейді:

– Ау, жігіттер, саспаңдар,  
Жаудан қорқып қашпаңдар,  
Тауға қарай бұрылың,  
Енді жолды тастаңдар,  
Ауыздарың бір болсын,  
Біріңіз қия баспаңдар.  
Мықты жерді көздендер.  
Алладан үміт үзбеңдер,  
Орталыққа түйені,  
Шөгеріп байлап тіздеңдер,  
Суды тасып алыңдар,  
Окопты тағы қазыңдар,  
Бір жағымыз су болсын,

<sup>1</sup> Иман Б. Асау-Барақ. Достық үні. 1992. №17

<sup>2</sup> Жұмажанов Қ., Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр. 2017 ж. 211-б

Қалың қамыс ну болсын<sup>3</sup> ...

Ермағамбет қосыны батырдың өтініш-бұйрығын түгел орындайды. Басмашы құрамын барлап, анықтап келуге «бір баланы баршаға» шығарайын өзімнен, оған серік баланы шығарайың көбіңнен» жібермек болады. «Сүлікбайұлы Айтбай» Ермағамбет баласына қосылады. Өтеміс би баласы Боранбай, Айтбай Ермағамбеттің жүйрігін таңдайды, соған мінеді. Ермағамбет баласына жүйрік жетпей қалады. Әкесіне өкпелеп, бармағын тістеп қосында қалып қояды. Топ соғысқа дайындалады. Барлауға кеткендер де мылтық атып, жауын құлатып көпке аман қосылады. Көптің таңдайы құрғап кебеді. Дағданың жүректі баласын суға жібереді. Бұршақтай жауған оқ арасынан амалдап өтіп, суды керуеншілерге жеткізеді. Мергендердің шөлі қанады. Батырлық жырларындағы жау батырларының асқақтық, менмендік қасиеті басмашылар образында да жалғастық тапқан. Тұрпайылық оларды туыстастырған. Жырлардағы басты батыр образын шыңдап көрсету үшін жау батырлар образын да негізгі батыр бейнесіне кереғар етіп суреттеу арқылы образдардың айқын ашу бар құбылыс. Базаршылар қарсыластарын жеңіп, Қоңырат қаласына жетеді.

«Марқабай мен Өтешбай батыр хақында» жыр да «Ермағамбет батырдың қиссасы» да яумыт басмашыларымен күрес тақырыбына құрылған. Жыршылар репертуарына түсе алмаған. Оған екі түрлі себеп бар. Бірінші – «Ермағамбет батырдың қиссасы» секілді батырлықты, ерлікті ежелгі батырлардай тартыс үстінде емес, олардың ерлігін жадағай сипаттап, баяндап, сырттай бағалап айтуы, тыңдаушы қауымға солғын тыңдалатындығынан жыршылар репертуарына қоса алмаған. Екінші – «Марқабай мен Өтешбай батыр хақында» жырдың көркемдігі ақынның өзге шығармаларына қарағанда реңділігі төмен шыққан. Қарақалпақ жігіттерінің ұлттық колоритін қазақ жігіттерін танытардай етіп бере алмаған. Дегенмен, автордың қарақалпақ батырлары образын жазуға қалам тартуы құптарлық. Оның үстіне қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының туыстығын, татулығын жырлауға ұмтылуы тиімді, сәтті шыққан.

Тілеумағамбеттің «Асқар батыр», «Ермағамбет батырдың қисасы», «Марқабай мен Өтешбай батыр хақында» жырлары қазақ әдебиетінде «Сейілхандықтар» өктемдігін, басмашылық қимылдарын әшкерелеп танытатын қарақалпақ, қазақ әдебиетінде қалыпты дәстүр арқылы үрдіске түскен шығармалардың жалғасы болып табылады. Ауыз әдебиетіндегі Алпамыс, Қобыланды, Едіге, Тарғын секілді эпостық шығарма Қаһармандары ақын-жыршылар шығармашылығында талай ғасырлар жырланып, ерлігі елге үлгі болып келеді. Ел азаматына, елін қорғаған батырына көркем шығарма арнау, көркем туындыларында олардың образын сомдап жырлау халқымыздың, ақ пейілі, қасиетті қызметі. Исатай, Махамбет, Бұқарбай, Өтеген, Сұраншы тектес кісілер эпикалық шығарма өзегі болды. Тілеумағамбеттің де Асау мен Бараққа, Асқар мен Қыдырға, Ермағамбетке, Өтеш пен Марқабайға жыр арнауы қазақ поэзиясының дәстүрін жалғастыруы болып табылады. Солар арқылы туған халқын ерлікке, елдікке тәрбиелейді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2006
2. Жұмажанов Қ., Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр. 2017
3. Иман Б. Асау-Барақ. Достық үні. 1992. №17

<sup>3</sup> Жұмажанов Қ., Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр. 2017 ж. 212-б

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ КІЛТІ

**ӨТЕБАЕВА ШАПАҒАТ ШОХАНҚЫЗЫ**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, практикалық  
шетел тілдері кафедрасының оқытушысы,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматривается процесс распространения английского языка как языка международного общения. Распространение английского языка, на протяжении его исторического развития, способствовало расширению многообразия его языковых контактов и, тем самым увеличению количества его вариантов.

**Summary.** This article discusses the process of spreading the English language as the language of international communication. The spread of the English language throughout its historical development has contributed to the expansion of the diversity of its language contacts.

Қазіргі жаһандану дәуірінде бірнеше тілді меңгерген адамның қоғамда алатын орны ерекше. Өзге тілді меңгеру, оны меңгеру ұлтаралық қатынаста ерекше рөл атқаратынын баршамызға аян. Қазіргі әлемде мыңдаған адамдар жұмыс немесе оқу үшін шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін пайдаланады. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды. Ағылшын тілі – дүние жүзіне ең кең таралған халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл.

Ағылшын тілі көптеген халықаралық ұйымдардың ресми тілі болып табылады. Айта кетелік, үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, «ақылды» экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға, білімге алып бара жол – ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену. Қай санатта болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шет елдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Қазақ халқы табиғатынан еліктегіш, қабылдағыш халық. Кеңес заманында орыс тілі-заманның кілті болды. Бұл-заман талабы еді. Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді алдағы асу – ағылшын тілі. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетін болады. Біздің қоғамда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалуда. Біздің жетістігіміз – өзге этностардың құқығына қысым жоқ. Сонымен қатар, мемлекетіміз барша қазақстандықтардың тағы бір аса маңызды мәселе – мемлекеттік тілді меңгеруіне барлық жағдайды жасап отыр. Өйткені, бұл халықаралық тәжірибедегі үрдіс. Қарап отырсаңыз, қазір мемлекеттік тілді меңгеруге барлық жағынан жағдай жасалған. Тіпті, барлық мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда курстар ашылып, ғылыми-әдістемелік материалдар таратылуда. Намысын найзаның ұшымен қаққан, тамырын көк бөріден нәр алған, Көк Тәңіріне табынған Күлтегін ұрпақ үшін бүгінде ағылшын тілін үйрену қиын емес. Иә, көп тілді білу, әрине, мақтаныш.

Ағылшын тілін оқып – үйренемін деушілердің саны күннен – күнге көбеюде. Осы орайда, шет тілінің еліміздің оқу жүйесінде айрықша мәртебеге ие болатыны айқындалғандай. Бұл сайып келгенде, шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін мектеп

қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінің жаңашыл бетбұрыстарды қажет ікендігін тудырады. Қазіргі уақытта, ағылшын тілін игерудің талабы жоғары болғандықтан, ағылшын тілін тереңдетіп үйренуге арналған арнайы мектептер, гимназиялар, колледждер көптеп ашылуда. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идея негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тәсілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілді жетік білу – әрбір қазақстандықтың міндеті. Ағылшын тілі қазақ тілін оқуға кедергі келтірмейді. Жаһанданудың жүргізушісі, жаһандану тілі ретінде танылған ағылшын тілін білу ағылшын тілді елдермен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы әлемдік деңгейде өз орнын ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің рөлі, орыс тілінің ресми мәртебесі және барлық этностар мен олардың мәдениеттерінің тең жағдайда дамуы туралы мәселе шешілген. Болашақта бүкіл азаматтардың мемлекеттік тілді білуі бізді бұрынғыдан бетер теңдестіріп, бірлікті нығайта түседі. Ширек ғасырдан бері біз тіл саясатында айқын бағытпен келеміз – мемлекеттік тілді біртіндеп дамытудамыз және бүкіл этностар тілдерінің дамуы үшін жағдайлар жасаудамыз. Бүгінде Қазақстан тұрғындарының көпшілігі кем дегенде екі тілде сөйлейтін елдердің бірі. Мемлекеттік тілдің жоспарлы дамуы орыс тілінің дәрежесіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Бізге мемлекеттің келешегі, болашақ дамуы үшін ең негізгі сыртқы саясаты – көршілермен тату болуымыз керек. Онсыз мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болады”, – деді ол. Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас пен интеграциялық қызметтердің діңгегі. Ақпараттық кеңістігімізде орыс тілі әлі де маңызды рөл атқаратынына ешкім де дау айта алмас. Сондай-ақ, әлемдік алты ресми тілдің қатарына кіретін орыс тілін меңгеруге бәсекеге қабілетті ұлттың кез-келген өкілі ұмтылуы тиіс деген отандық ғалым Н. Кекілбекованың пікірімен келісуге болады.

Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру – ғаламдық ақпараттар мен инновациялық технологиялардың ағынына кіру деген сөз. Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп кең қанат жайған жағдайында ағылшын тілін оқыту өзекті болып отыр. Әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болу егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы ағылшын тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Ағылшын тілі қазір халықаралық қатынас тілі және әлемдегі ең көп сөйлейтін тіл ретінде танылды. Қазіргі уақытта ағылшын тілі АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия сияқты көптеген дамыған елдердің ресми тілі және БҰҰ-ның алты ресми тілінің бірі болып табылады.

Студенттердің үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуды жүзеге асыру барысында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: студенттердің үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуда оқыту технологияларын тиімді пайдалану; заманауи интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдану; үш тілде де қарым – қатынас жасауға, сөйлеуге үйрету; әр студенттің тілдік қабілетін толық ашу; сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерін пайдалана алу; танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Қазіргі

тиімділігі жоғары оқыту технологияларының жалпыға танылған түрлері: модкльдік оқыту, проблемалық оқыту, жеделдетіп оқыту, даралап оқыту, ақпараттық оқыту, деңгейлеп оқыту, жобадай оқыту технологиясы, сатылай кешенді талдау, ойындық технология, коммуникативтік технология, т.б.

Әр тіл – адамзаттың байлығы, ал, ағылшын тілі Қазақстанды әлемдік аренаға шығаратын жол. Өйткені ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Қазіргі уақытта ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағымына ілесу деген сөз. Әлемде басылып жатқан 10 миллион кітаптың 85%-ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, ақпаратты технология – барлығы да ағылшын тілінде етек жаюда. Осы себептерге байланысты болар оқыту жүйесі яғни білім беру саласы жан-жақты дамып, талап күшейіп, өзгерістер енгізілуде. ХХІ ғасыр білімді де, білікті, бәсекеге қабілетті, көптілді, көпмәдениетті тұлғалардың ғасыры болмақ. Шетел тілін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану студенттердің басқа тілде қарым – қатынас жасаудың барлық қырларын жан – жақты көруді қалыптастырудың бірегей мүмкіндігін білдіреді. Шетел тілін үйрену арқылы сол тілді үйреніп отырған елдің мәдени мұраларымен, тарихымен, ғылым саласындағы жетістіктерімен, әдебиетімен, өнерімен танысады және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік жасайды.

Жалпы білім беретін жоғары оқу орындарында және орта мектепте шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйреткенде оқушыларды, студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге баулу, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кезде, шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді. Шетел тілін оқыту мақсаттары қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп отырады. Қазіргі кезде шетел тілін оқыту мынадай төрт мақсат көздейді: коммуникативтік мақсат, білімділік, тәрбиелік және жетілдіру мақсаты. Осы аталған мақсаттардың ішінде коммуникативті мақсат жетекші рөл атқарады, қалған мақсаттар сол коммуникативтік мақсатты орындау арқылы жүзеге асырылады.

Мәдениетті, жан-жақты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай жастар тәрбиелеп шығару университеттің басты мақсаты. Жаһанданған заман елімізді барлық елдермен бәсекелесе дамуға итермелейді. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін арнайы шараларда жиі ұйымдастырылып тұрады. Бәсекелестікте тек мықтылар ғана жеңіп шығады, ал бәсекеге шыдай алмайтындар жеңіліске ұшырайды. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тіліңді жетік меңгер, қастерлей біл. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты бол, тіл үйрен. Бұл сенің болашағыңның ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абдрахманова Ж. Үштұғырлы тіл мәдениеті. Қазақстан және әлемдік тәжірибе, 2013.-№2.-12 б.
2. Әбдуали Т. Үштұғырлы тіл еліміздің болашағы үшін қажеттігін ұмытпайық, Егемен Қазақстан.-2010.-29 наурыз(№95) – 2 б.
3. Байшонов М. Үштұғырлы тіл – уақыт талабы, Егемен Қазақстан.-2009.– 18 қыркүйек (№302/304).-7 б.
4. Әбдуали Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік, Егемен Қазақстан.-2008.– 18 наурыз (№31).-2 б.
5. Еркін А. Үштұғырлы тіл атты мәдени жобаның маңызы, Студент және ғылым.-2011.– 18 наурыз.-40 б.
6. Бейсенбаева Қ. Үштұғырлы тілдік қатынас, Мектеп (Шымкент) -2013.–(№6).-5 б.



## ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ЖАНАШЫРЫ

### ЕРЕЖЕПОВА ГУЛЬЖАН БОЛЫСБЕКОВНА

№15- мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается место и роль А.Байтурсынова в изучении родного языка и литературы.

**Summary.** The article examines the place and role of A.Baitursynov in the study of his native language and literature.

Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмірі қазақ халқының тілі мен мәдениеті, шекарасы, дәстүрі, педагогикасы, білімін зерттеумен өтті деуге болады. Асыл сөз деп әдебиетке атау беріп, өзі де сол асыл сөздің теориялық құлпын ашып, кейінгі ұрпаққа жетер азық қалдырып кетті. Туған тілі мәселесіндегі рөлі қаншама? 1923 жылы М.Әуезов Байтұрсыновтың қазақ халқы алдындағы баға жетпес еңбегін ескере отырып, оны "қазақ зиялыларының көсемі" деп атағаны кездейсоқ емес.

Қазақ әліпбиін түрлеген, революциядан бұрын қазақ елі тас қараңғы сауатсыз болды деген пікірге қарсы шығып дәлелдей білген. Оның жарқын мысалы, «Төте жазу» Ахмет Байтұрсынов-ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері. Бір кездері ол әділетсіздіктің, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды, жарты ғасырдан астам уақыт бойы оның есімі Қазақстан тарихында лайықты орын алған жоқ. Тарихтағы "ақ" дақтар жойылған өзгерістер жағдайында ғана Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлердің есімдері халыққа қайтарылды.

Елімізде Тәуелсіздік алған жылдары «Мемлекеттік тілдің лексика-фразеологиялық қорын толықтырудың тарихи көздері» атты ғылыми-теориялық зерттеу жұмысы пайда болып, қолға алына бастаған. Ол зерттеу жұмысы тарихи сөзқолданымдарды, тарихи лексикалық бірліктерді қоғам игілігіне енгізуге бағытталған. Бұл ғылыми зерттеу жұмысы егемендікке ие қазақ халқының, мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінің байырғы күйін, даму кезеңдерін, шығу тегін айқындауға, тарихи сөздерді керегінше қоғамның игілігіне айналдыруға үлкен жол ашты.

Тілді қолданушылар әр заманда оның өзіне дейінгі жинақталған сөздік қорын, қалыптасқан заңдылықтарын қолдана отырып, тілішілік (интералингвистикалық) және тілден тыс (экстралингвистикалық) факторларға байланысты өз тарапынан әр түрлі ереже-қағидаларды енгізетіні, сөздік құрамды әр түрлі қырынан байытатыны және қандай да бір бөлігін (мақсатты түрде немесе стихиялы түрде) қолданыстан мүлде шығарып тастайтыны, я болмаса бұрыннан келе жатқан қолданыстарды әр түрлі қырынан өзгертетіні белгілі. Тілдің фразеологиялық қорын жинақтау барысында жасалған жұмыстардың негізінде жазба ескерткіштер тіліндегі қазіргі қазақ тілінің дамуына негіз болған фонетикалық, морфологиялық, лексикалық құбылыстардың айырмашылық белгілері айқындалып, қазақ тіліне мұра болған тарихи сөздердің құрамы нақтыланды. Себебі, қазақ тілінің Қазақстан Республикасы халықтарының мемлекеттік тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі болуы себепті, тілдің тарихи даму жолының айқын, тарихи негізін анық болуы басты шарт.

Кез келген халықтың нағыз ғылыми тарихын жазу, ең алдымен, сол халықтың өзі жасаған деректерді толық меңгермей мүмкін еместігі белгілі жайт. Солардың ең негізгілерінің қатарына жазба ескерткіштер, шежірелер, эпостар, тарихи жырлар, аңыз әңгімелер жатады.

Бұл тарихи мұралардың тілі, оның ішінде төл сөздеріміз бен сөз тіркестеріміздің қолданым тарихы, олардың тұлғалық және мағыналық ерекшеліктері, тіліміздегі лексика-фразеологиялық қорын толықтыратын үлкен арна іспеттес.

Қазақтың көне жазба тілінде жазылған «Жамиғат Тауарих» тәрізді тарихи шежірелерден бастап, тарихи және батырлық жырларындағы, оқу құралдарындағы, мемлекетаралық қатынасқа байланысты жазылған және жекелеген тарихи тұлғалар арасындағы байланысты айғақтайтын ресми қатынас қағаздарындағы, эпилостоларлық жанр үлгілеріндегі, мерзімді баспасөз беттеріндегі архаикалық және тарихи сөздер мемлекеттік тіліміздің сөздік қорын байытатын тілдік факторлар. Осының негізінде, егемен ел болып отырған қазіргі кезеңде тілімізде бұрын қолданылған сөздерді, олардың мағыналарын толығымен анықтап, түгендеу, сол арқылы мемлекеттік тілдің тарихи сөздік қорын айқындауға қол жеткіздік.

Осы мақсатқа жету жолында қазақ тілінің өткен тарихына тікелей қатысты ескерткіштердің мәтіндері зерттеліп, олардың тілдік қорындағы жекелеген сөздік бірліктердің тұлғасы мен мән-мағынасына барлау жасалды, сондай-ақ, бірнеше тарихи кезеңді қамтитын диахрониялық сипатты зерттеу жүргізу жолымен тіліміздің тарихи даму жолында қолданыста болған базалық лексика құрамы барынша нақтыланды. [1, 8 б.]

Тіл майданында жүрген күрес, тартыстардың ізі ана тіліміздегі ата дәстүрлі сөзқолданымды жалғастырып, дамыта түсуден, бұрыннан бар атаулардың сақталуынан, өзге тілдер арқылы келген, қазақ қоғамы үшін тосын ұғымдарға бұрынғы ұлттық сөздік қордың негізінде жаңа балама атау тауып, соны орнықтыру әрекеттерінен байқалады.

Қазақ тілінің қалыптасуы, даму кезеңдері, оның тарихи көздері, ондағы норма мәселесі, т.б. көптеген мәселелер туралы күні бүгінге дейін, әлі де жүргізіліп келе жатқан зерттеу жұмыстары да аз емес (Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, Ә.Қайдар, О.Нақысбеков, Н.Уәлиұлы, М.Малбақов, т.б.).

Тіліміздің тарихынан үлкен орын алатын, оның түп-тамырымыз түркі мәдениеті дүниелерімен жалғайтын көпір іспеттес болған жазба ескерткіштер, қисса-дастандар, шежірелер тіліндегі көнерген сөздер, тұрақты тіркестер, бейнелі қолданыстар, мақал-



мәтелдер мен нақыл сөздердің, көркем оралымдардың қолданысы қазіргі мемлекеттік тілдің нығаюына ықпал ететін негізгі «тарихи көз». Тіліміздегі көптеген сөздер мен оралымдардың турат және ауыспалы мағынада жұмсалуға бейімділігіне жекелеген, шағын тілдік таңбаларға ауқымды да терең мағыналы мазмұнды сыйдыра (мәтін сыйымдылығы-өз алдына жеке қарастыратын мәселе) білген бабаларымыздың ой ұшқырлығы мен сөзге шеберлігі негіз болса, бүгінгі ұрпақтың сол меңзеуді дұрыс қабылдап, дәл түсініп, ыңғайына қарай құбылта қолданатындай деңгейге жетуіне негіз болатын маңызды факторлардың бірі-тіл тарихын білу, меңгеру болмақ. Оны анықтау үшін халық әдебиетінің қайнар бұлақтары болып табылатын жазба ескерткіштердің, қисса-дастандардың, шежірелер мен ауыз әдебиеті жырларының берері мол. Олардың тілінде кездесетін көптеген кірме, көнерген сөздер, тұрақты және бейнелі қолданыстар қазақ әдеби тілінің алтын қорынан лайықты орнын алуға тиіс асыл қазына.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.«Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі қазақ тіл білімі». –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. -288 бет.
- 2.Көбденова Г. «Қазақ тілінің тарихи лексикографиясы»: құрылымы мен ұстанымдары. Ф.ғ.к. ғыл.дәреж.алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс. 2008 ж.
- 3.Әбілқасымов Б. «Түрік шежіресі». –Алматы: «Ана тілі», 2006 ж. -200 б.

ӘОЖ 821.512.122

### **АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ**

#### **ТҮЙМЕБЕКОВА ГУЛЬНАРА АБЗЕЛБЕКОВНА**

№42 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается значимость творчества Абая для молодежи  
**Summary.** The article discusses the importance of Abai's creativity for young people

Жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесін қарастырсақ, ең алдымен жаны мен жүрегі таза, адамгершілігі мол, парасатты, халқына пайдасы бар адам өсіру мақсаты көздегенін көреміз. Ұлы ұстаз Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, ғалым-ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы «Біз әрқашанда біліммен ұшталамыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар, міне, нағыз адам! Міне, тұлға!», – деп қайта-қайта осы мәселені нығыздауы тегін емес [7].

Мұндай тарихи талап Абай өмір сүрген қазақ қоғамының даму жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды. Қазақ қауымының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы саяси-әлеуметтік күрделі өзгерістерінің нәтижесінде туындаған сан алуан өмір талаптарының бірі ретінде, ұлы ақын өзінің гуманистік идеалы тұрғысынан келешек жас ұрпақтың имандылық сипаттарының негіздері қандай болмақ деген ойға ерекше назар сала бастаған.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы ақын күллі ағартушылық жұмыстардың негізі деп мінез-құлық тәрбиесін баса көрсетеді. Өзінің 38-ші қарасөзінде ол: «Күллі адам баласын қор қылатұғын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Надандық – ғылым, білімнің жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық

болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Бұлардың емі – махаббат, халық ғаламға шапағат, қайратты, тұрлаулы, ғаделет ісінің алдын, артын байқарлық білім, ғылым болады», – дей келіп, адал еңбекті және адамгершілікті жастай сіңіру қажеттігін атап өтеді [7].

Қазақ халқының ой-санасында тың бағыт ұстанып, қазақ елін прогреске жетелеген ойшыл ақын:

Түзетпек едім заманды,

Өзімді тым-ақ зор тұтып – деп, өз танымының тұрғысынан жас ұрпақтың жаңа өкілін дәуір талабының деңгейінде тәрбиелеуді мақсат тұтып, белсене әрекет еткен. Осы мүдде тұрғысынан Абай адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін алғаш рет «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде саралап, көп нәрсенің төркініне назар аудартады. Бұл өлең абайтанудың негізін салушы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі» болатын-ды [7].

Мұнда Абайдың көп ой қорытындылары «Адам болам десеңіз» деген атақты идеясы бойынша қазақ қауымының болашағы – жастардың адамшылық қасиеттерінің негізгі сипаттары, яғни, толық адам немесе инсанияттық кәмелеттігі туралы даналық ойлары мен танымының басты ұғымдары сараланып қамтылған.

Бұл өлеңде Абайдың толық адам болудың басты сипаттары туралы ойларының түп негізі шығыс ойшылдары пікірімен сабақтас жатыр.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол

Адам болам десеңіз, –дегендегі ой төркініне назар аударсақ, адамның бойындағы ақын мадақтап отырған: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым және оларға қарама-қарсы: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ сияқты сипаттарды айтып отыруы белгілі бір жүйелі танымның негізінен туып, тамыры тереңде жатқанын танымасқа болмайды. Бұл арада, әсіресе, Абай арнайы түрде тілге алып, бас-басына жеке дара атап отырған бес нәрсеге асық болу немесе бес нәрседен қашық болу туралы ұғымдардың табиғатын, сырын ақынның 7-қарасөзінде төтенше мән бере айтылатын «жанның тамағы» деген философиялық, терминдік мән-мағынасы бар ұлағатты ұғымның табиғатымен салыстыра отырып танудың, ұғынудың айрықша ғылыми мәні бар.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде Абай мадақтай танытқан «жанның тамағы» деген ұғым адамдағы ішкі сезімдердің бірі – ес, жадымен (память) байланысты қарастырады. Абайда сөз болатын жанның тамағы деген ұғымның өзі жанның пайдалы және зиянды тамағы делініп екіге бөлінеді де, олардың өзі ары қарай жіктеліп, салаланып кетеді. Абай жанның тамағы деп жан қуаты арқылы сыртқы объективті дүниеден біртіндеп жинақтаудан қорланған рухани қазынаны, денені сауықтыратын тән азығы сияқты, адам жанын, рухын сауықтыратын жанның рухани азығы да болатындығын атап өтеді.

Абай «Адам болам десеңіз» деген тезисінде жанның пайдалы тамақтары ретінде: талап, терең ой, қанағат, рахымды бойға дарыту қажеттілігін, ал жанның зиянды тамақтары ретінде: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан аулақ болуды уағыздайды. «Бес нәрседен қашық бол» деп, сол дәуірдегі қазақ қауымының болмысында көрініп жатқан, адамды адамшылық қасиеттен ада қалдыратын жиренішті құбылыстарды айтады. Бұлар Абайдың ұғымынша, қазақ жастарының бойын аулақ салатын, халықтық мүддеге жат дерт еді. Абайдың адам болу туралы ойларының желісі өлеңдерінде басталғанымен, оның негізі қарасөздерінде толығырақ баяндалады. Абай шығармаларында жиі ұшырасатын: «адам болу», «жарым адам», «толық адам», «адамшылық», «адамдық», «адамның адамдығы», «адамшылығының кәмалат таппағы», «бенделіктің кәмалаты», «толық инсаният» т. б. терминдік терең мәні бар сөздер мен күрделі ұғымдардың бәрі де өзінің арнасы жағынан шығыс пен батыс ойшылдарының еңбектерінде көп сөз болған «камили инсани» мәселесімен іліктес жатқан дүниелер. Бұл

аталған ұғымдарды өткен дәуір деректерімен салыстыра отырып қарастырсақ қана толығырақ тануымызға мүмкіндік береді. Абай өз заманының теңдесі жоқ ойшылы болғандықтан, оның адам болу туралы ойларының рухын, өзекті желісін жетерліктей танып-білу аса қастерлі міндеттеріміздің бірінен саналмақ.

Ұлы ақын жас ұрпақтың адам болу талабының тұңғыш қадамы неден басталу керек деген сұраққа ол 7-қарасөзінде екі түрлі мінезбен туған баланың жан және тән азығына құмарлығы жайын ерекше атап өтеді де: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп жауап береді [7]. Абай ұсынып отырған бұл өлшем адам болам деген талаптың алғашқы қадамы ретінде, баланың саналы түрде махаббатпен қызығуы арқылы ғылым, білімді меңгеруге ұмтылысы болса, мұның өзі, Абайдың пікірінше, үш түрлі себеппен байланысты. Оларды атап өтер болсақ, нәсілінен, ортасынан, тәлім-тәрбиесінен пайда болатын аса бір күрделі құбылыс. Баланың адам болуға ұмтылған алғашқы адымының негізін бұзатын, яғни, қазақ болмысында оның адамдық қасиетінің толық қалыптасуына зардабын тигізетін нәрсе – бала өскен әлеуметтік орта. Бала соның әсерінен қиянатшыл болады деп қараған.

Осы себептерді еске алатындықтан да: «...қиянатшыл балалар талапқа да, ғылымға да, ұстазға да қиянатпен болады. Бұл қиянатшылдар – жарым адам... Олардың адамшылығының кәмеләт таппағы қиынның қиыны» болып, тәлім-тәрбиенің ырқына көнбей, шырық бұза береді. Осы себептен де Абай, баланы қиянатшылдықтан сақтауға, оның бойына ә дегеннен-ақ мейір-махаббатты, ізгілік-шафағатты өлшеусіз сіңіре беру жағына шешуші мән бере қараған. Ол баланың жасына жаны таза, пәк болып өсуі «жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан» деп айрықша атап өтеді. Ендеше, ең алдымен баланың жақсы болмағы отбасы тәрбиесі, өскен ортасы және білім беретін, үлгі тұтатын ұстазынан.

Абайдың пікірінше, Ресей империясының қол астындағы түркі тілді халықтардың пайдаланып отырған оқу жүйесінің бәрі де күні өткен, қоғамдық ділгірлікті өтеуден марқұм қалған өлі дүние, өйткені «Бұл күндегі тәхсил-ғылым (ғылым үйрету) ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды» [7]. Ол үшін жаңа типтегі білім беру жүйесі керек, оны өзі әуелі өз балалары мен туыстары және бүкіл ауыл-аймаққа сөздері мені ісі арқылы таратуды мақсат тұтты. Сондықтан да ол 37-сөзінде: «Егер кімде-кім жаман болса, замандастарының бәрі виноват» деп кесіп айтты [7].

Абайдың танымында шын мәніндегі толық адам қандай болмақ? Ол үшін Абай тыңдаушыларының жалпы құрамына айрықша назар аударсақ, толық адам болу туралы ұлы ойшылдың түпкі нанымның, түсінігінің калпын дәл бейнелей алуға болар еді.

Ал Абай болса, осы ілімнің негізіне қарама-қарсы көзқарасты қуаттауы себепті, толық адам болудың басты шарттарын тікелей адамның өз басына тән тума құбылыстар деп танығандықтан: «Бұлар өз иждиһатың бірлан, ниет халс бірлан ізденсең ғана берілетін нәрселер болмаса жоқ», – деп кесіп айтады.

Абай жоғарыда үш сипатты: жүрек, әділет, ақылдың арқасында – әуелі өз иждиһатыңмен, яғни өз қалауыңмен, екінші – дұрыс ниеттенумен, үшінші – өз ізденуіңмен болатын толық адам болудың басты шарттары ретінде қарағанда, оларды бірлікте, тұтастықта алып отырған. Олардың бірінің болмауы бірлікті, тұтастықты бұзады да, толық адам дәрежесіне жеткізбей, жарым дәрежесінде қалдырады.

Абай жоғарыда аталған үш сипаттың екеуіне, яғни, әділет пен ақылға айрықша мән-мағына беретіндіктен, бүкіл шығармаларының тұла бойында осы екі ұғымға үнемі жүгініп отырады. Мұны әсіресе «Адамның кейбір кездері» деген өлеңінде өзінің түпкі нанымның шешуші тетігі ретінде:

Әділет пен ақылға,

Санатып көрген, білгенін.

Білгізер алыс-жақынға,

Солардың сөйле дегенін, – деп, арнайы түрде атап көрсетуінен де анық байқаймыз.

Абайдың танымында толық адам болу немесе шын адамгершілікті қалыптастыру процесінде рахым (шафағат) теңдесі жоқ сипат ретінде басты орында тұрады. Ақынның бұл көзқарасы «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінде нақтылы бейнеленген. Онда:

Ақыл мен қайрат жол табар,  
Қашқанға да қуғанға.  
Әділет, шафхат кімде бар –  
Сол жарасар туғанға.  
Бастапқы екеу – соңғысыз  
Біте қалса қазаққа.  
Алдың – жалын, артың – мұз,

Барар едің қай жаққа? – деп, ақын өзінің 14, 17-қарасөздеріндегі ой тұжырымын (ақыл, қайрат, жүрек туралы) негіздейді. Өйткені Абайдың 17-қарасөзінде рақым – шапағаттың баламасы: «...әділет, нысап, ұят, рахым, мейірманшылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады», – деп адам денесінің патшасы ретіндегі жүрекке айрықша мән бере қарайды (31). Абайдың әділет пен шапағаттың шығар көзі ретінде жүрекке шешуші орын беруінің түп төркіні сонау көне дәуір ойшылдарының жасампаз пікірлерімен үндес жатқанын көреміз.

Абайдың ойынша, ақыл мен қайрат қаншалықты дәрежеде мықты болса да, ол рақым, шапағаттан қол үзсе, ғұмырсыз өлі дүниедей, кәмалаттығы жоқ нәрсе болмақ. Абайдық танымынша, әуелі осы рақым мен шапағатты жас ұрпақ бойына терең ұялатып дарытпайынша, шын мәніндегі толық адам болудың өзі қиынның қиыны. Тіпті бенделіктің кәмеләттығы да рақым, шапағатпен ғана толыққанды дүние бола алмақ.

Абайдағы бұл танымдардың негізі оның бүкіл гуманистік болмысынан туындап, қайнар бастауын содан тартып, бүкіл шығармаларының бойына жылылық беріп таралып жатқан толық адам болудың басты шарттары ретіндегі ойларының құяр арнасы бір. Ол: «Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шафағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса ол жол құданың жолы», – деген ой-байламында жатыр. Осы ой қорытындысында Абайдың күллі этикалық, гуманистік нанымының өзекті желісі жатыр десе болғандай. Осы ойдың негізінен туындап отырған, адам болудың ең басты қасиеттерінің сипаты деп ақылды, әділетті, рахымды ұсынып отырған Абай: «Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді», – деп негізгі ой тұжырымын ортаға салады. Осы сөз үзіктерінде келтіріліп отырған «құдайдың жолы», «таза мұсылман» деген сөздерді Абай өз заманындағы тыңдаушыларының ұғымына, нанымына байланысты, яғни өзінің негізгі гуманистік идеясын солар тұтынып ділгір болып отырған ұғымдармен орайластыра отырып беру ретіне қарай айтылған шартты сөз, шартты ұғым деп қабылдауымыз керек. Онсыз Абай ойының сол заман жағдайына қапай айтылған кей жақтарының жасығын асылынан ажыратып түсінудің өзі қиындай түспек.

Абай қазақ жастарының алдына «адам болам десеңіз» деп қойған талабына орай өзіндік нанымын кең тұрғыдан таратумен қатар, оны поэзиясында да нақтылы адам тұлғасы, әсіресе, зор үміт күткен баласы Әбдірахман бейнесі арқылы береді. Адам болам деген ізгі талапты бойына мол дарытқан, толық адам болудың өнегесі мен үлгісі ретінде Әбдірахман бейнесін сомдаған өлеңдері Абайдың қарасөздерінде ішінара ұшырасатын адамшылық негіздері туралы шартты түрдегі діни ұғымдардың бой көрсетпеуімен де ерекшеленеді.

Абай Әбдірахманға арнаған жоқтау өлеңдерінің көбінде адам болам десеңіз деген шартқа қойылатын басты талаптың бар белгісін бойына ұялатқан қазақ қауымындағы жаңа буынның бейнесін суреттеуге бой ұрған.

Сондықтан да:

Жаңа жылдың басшысы – ол,

Мен ескінің арты едім, – деп, Әбдірахманды толық адам болуға асық, соны қасиет атаулыны бойына дарытқан жаңа ұрпақтың өнегелі бейнесі ретінде тұлғалайды.

Абай аңсаған жаңа ұрпақтың қараңғыны қармалаған туған халқын озық елдер қатарына жеткізудегі басты құралы – ғылым, өнер деп ұғынып, сол жолға саналы түрде белсене кірісіп, дамылсыз іздену үстіндегі жастардың жиынтық бейнесін Әбдірахман арқылы:

Ғылымға көңілі зеректі...

Ғылым оқып білгенше,

Тыным, тыныштық таппаған...

Өмір бойы талпынып,

Ғылымды іздеп жатпаған, – деп, нақтылы суреттеумен береді. «Адам болам десеңіз» дегенде Абай әділет пен рахымды ерекше орынға қоятын болса, ол екеуі де Әбдірахман бойынан молынан табылады.

Тура сөзді жақтаған,

Бала айтса да хақ сөзді

Бұрылмастан тоқтаған...

Аямаған ғаріптен

Қолдан келген көмекті...

Бөтен көзде көрсе жас

Ойнаймын деп күлдіріп...

Дүниелікке көңлі жоқ,

Ағайынға бауырмал, – дегендегі Әбдірахман бейнесі – гуманист ақынның өмір бойы аңсаған адамгершілік мұраттары хақындағы ойларының негіздерін түгел қамтып сипаттағаны, болашақ ұрпақтың да дәл сондай дәрежеде болуын армандаған, күллі адамзат баласына ортақ асқақ үміті еді. Осы себепті Абай адам болам десеңіз осы қасиеттерді бойына дарытқан Әбдірахман типтес шын мағынасындағы толық адам болу керек деген өзекті ой қорытындысын жасаған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арн. ғыл.-теор. конф. материалдары (Алматы, 1959, 15–19 маусым). – Алматы: Қазақ КСР ҒА баспасы, 1961. – 374 б.

2.Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2003. – 336 б.

3.Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚМБ, 1958. – 307 б.

4.Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.

5.Ысмайылов Е. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ҚМБ, 1941. – 203 б.

6.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігіжәнеәдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 40 б.

7.Абай Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... : Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Абай (Ибрагим) Құнанбаев. – Алматы: Раритет, 2008. –384 б.

ӘОЖ:821.512.122

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **ЖУМАГУЛОВА ГАУХАР АБДЫКАЛЫҚОВНА**

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

### **АППАЗ АЛИ**

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің 9 сынып оқушысы,

**Резюме.** В данной статье говорится о том, что ИбрайАлтынсарин - выдающаяся личность, посвятившая всю свою сознательную жизнь тому, чтобы вывести родной народ в ряды образованных, цивилизованных, культурных стран мира.

**Summary.** This article says that IbraiAltynsarin is an outstanding personality who devoted his entire adult life to bringing his native people into the ranks of educated, civilized, cultured countries of the world.

Ыбырай шығармаларын оқи отырып, қарапайым оқиға құбылыстары арқылы түйінді идея, зор тәрбиелік мән берілген ұлы ағартушы туындыларындағы ерекшелікті байқауға болады. Ол жазушы туындыларының өне бойынан орын алған. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтсек: «Атымтай Жомарт» әңгімесінде бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып еңбек қылған адам әрекетін әңгімелей отырып, оқырман үшін кейіпкер атымен сөйлей отырып төрт түрлі пайдалы кеңес беріп өтеді.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған «Бақша ағаштары» әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп - тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата - ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу - қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу - қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бұл тұжырым осы күннің өзінде өзіндік құндылығын жоғалтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек. «Талаптың пайдасы» - деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Әңгіменің мазмұны мынадай: «Даңқты І Петр шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын», - дейді. Петр суретті көрсе, мәз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салуға үйрететін орынға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады».

Жазушының бұл арадағы көздегені - Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қол жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.

«Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт

жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» - деп сұрайды. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгілі, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», - деді. Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы - Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады.

Ыбырай Алтынсарин - бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің «желкілдеп өскен көк шөптей» жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды. Ыбырай орыс зиялыларының арасында мейлінше беделді, сыйлы болған. Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. «Қазақ хрестоматиясы» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді. «Қазақ хрестоматиясы» арқылы жеткен Ыбырайдың бүкіл әдеби мұрасы оның көркем шығарма жазуды ағартушылық идеясына бағындырғанын айқын көрсетеді. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, оны жақсы, үлгілі істерге үйрететін күшті құрал деп ұқты. Еңбекті сүйу және қадірлеу - Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. «Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді. «Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады», - дейді «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. І Петр патша шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, арт жақта бір баланың сурет салып тұрғанын көріп, қасына келіп, не салып жатқанын сұрағанда бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын!» - дейді Петр суретті көрсе, маз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенің аңғарып, сурет салатын оқуға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады. Жазушының бұл арадағы көздегені - жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң - мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін

жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу-маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат- мүдделерінің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, сонау бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Алтынсарин Ыбырай тағлымы» Алматы, Жазушы, 1991ж.
2. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы» Алматы, 2003ж.
3. Алтынсарин Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003 ж.

ӘОЖ 821.512.122:94 (574)

### **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ**

#### **ШАХАНОВА ЭЛЬМИРА АМАНЖОЛҚЫЗЫ**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье всесторонне описано выражение бесценного наследия нашего народа, наших традиций в произведении «Ушкан уя» великого сына казахского народа, уникального деятеля эпохи, Героя Советского Союза, Бауыржана Момышұлы. Виды традиций различаются предложениями, взятыми из произведения.

**Summary.** The article comprehensively describes the expression of the priceless heritage of our people, our traditions in the work "Ushkan uya" by the great son of the Kazakh people, a unique figure of the era, Hero of the Soviet Union, Bauyrzhan Momyshuly. The types of traditions are distinguished by sentences taken from the work.

Халқымыз ертеден бала тәрбиесіне, оның елін, жерін сүйетін азамат болып қалыптасуына ерекше мән берген. Бала дүниеге келген күннен бастап, ата-ана тарапынан берілетін тәрбиенің түрінің бірі- халқымыздың салт - дәстүрлері. Күні бүгінге дейін өзінің мазмұны мен түрін жоғалтпаған қасиетті салт-дәстүріміз халықтың қасиетті мұрасына айналып, ұрпақтан-ұрпаққа үлкен қазына болып жетті. Халқымыздың ата-бабадан жеткен осындай тәлім - тәрбиелік немесе сезімдік әдет - ғұрыптарының мәніне терең үңіліп қарап, сырын ашуда қаламгер Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы салт-дәстүрлердің көрініс табуынан да анық байқаймыз.

«Б.Момышұлының «Наша семья» романы 1947 жылы жазылып біткен болатын. Алайда сол тұста «екінші 37 жыл» басталып кетіп, ұлттық мәселелерге саусақ арасынан көру белең алды. Аталмыш шығармасында қаламгер қазақтың ұлттық салт-



дәстүрлеріне ерекше тоқталып, ұлттық сананың жаңғыруына басты мән бергендігі мәлім. Сондықтан бітіп тұрған туындыға елдегі баспа орындары үрке қарап, жариялауға үзілді-кесілді қарсы болды. Сонымен «Наша семья» повесі тек 1956 жылы, араға тоғыз жыл салып барып, Ресейдің Калининград қаласында цензуралық қысқартулардан кейін басылып шықты.

Ал, қазақ тілінде Т.Иманбековтың аудармасымен 1963 жылы басылып шықты» [4].

Шығармада ұлттық салт-дәстүрлер қайта жаңғырады, әрқайсысына жеке тоқталар болсақ, шашу – қуаныштың белгісі ретінде жасалатын дәстүрлердің бірі. Келін түскенде, алыс сапардан көп күткен жолаушы келгенде, құда келгенде т.б.с.с. үлкен жақсылықты, қуанышты күндерде әйелдер құрт, кәмпит, күміс тиындардан шашу шашады. Шашуды тойға, қуанышқа қатысушы қонақтар теріп алып, ырым қылып, балаларына апарып береді. Шашуды қазақта тек әйелдер ғана шашады. Мысалы, «Тұс - тұстан құтты болсын айтуға келген адамдар мол жиналды... Сол бойы олар жұртқа бауырсақтан шашу шашып ерекше қуанысады».

Бесік - сәбидің қасиетті, киелі, құтты мүлкі болып саналады. Дүниеге келген сәбиді бесікке салу дәстүрі халқымызда үлкен орын алатын дәстүрдің бірі. Бесікке салудың өзіндік жолы бар, ол сый-құрметке әулетте жолы үлкен, көп балаларды дүниеге әкелген әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Бесікке слатын ана бесікті алдын –ала отпен отпен аластап, кішкентай нәрестені бесікке бөлейді. Бесік үстіне жеті түрлі таза зат жабылады (киімдер, мата және т.б.). Бесікке салған адамға кәделі сый береді. Бесікке салу рәсімінде бесік жыры айтылады. Бесік жырымен бірге сабақтас тағы бір дәстүрлі ән «Әлди әні» де айтылады. «Әлди - әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем»-деп басталатын бұл жыр Б.Момышұлының шығармасында:

«Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда....

- Балам менің қайда екен?

- Қыздарменен тауда екен.

- Тауда неғып жүр екен?

- Алма теріп жүр екен.

- Алмасынан қанеки?

- Жаңа теріп жүр екен.

- Қызыл алма қолында

- Қыз - бозбала соңында - деуші еді-ау» деп тебіренеді.

Осы сөйлемдерден Бауыржан атамиздың сонау сәбилік шағындағы әжесі Қызтумастың жұмсақ алақанының жылуын сезінгендігін байқаймыз.

Наурыз мейрамын халқымыз - жаңа жыл, ырыс, берекенің бастауы, жыл басы деп есептеген. Ұлыстың ұлы күні барлық даланы Қызыр ата аралайды деп айтқан. Бауыржан атамиз наурыз мейрамын: «Әр үйдің алдында үлкен қара қазан асылып, наурыз көженің иісі шығады. Ырыс алды, кеңшілік басы, молшылық жолы осы наурыз көжеден басталатындай, бұл күні еш әйел қазанына таршылық жасаған емес... Ел жаңа жылын, жарқын кезеңін осылайша ашық пейіл, ақжарқын көңілмен қарсы алады екен ғой»-деген сөйлем жолдары арқылы суреттейді. [1.128]

«Базарлық - алыс сапарлардан есте қалатын шағын кәдесыйлар әкеліп, ағайын-туыс, көрші – қолаңға тарту ету дәстүрі. Базарлық жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі болып есептеледі» [3]. Базарлық ата-ананың, туысқандар тарапынан ғана емес, басқа да адамдар тарапынан да жасалады. «...Біз танымайтын кісінің берген базарлығына мәз болып қозымызға қарай жүгірдік...».

Жеті ата «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» (мәтел) Әр адамның Жеті атасын білуі ата көргендігін танытады. Егер білмесе «жеті атасын білмейтін жетесіз» деп сынға алатын болған. Балаға өзінің Жеті атасын үйрету әрбір ата – ананың міндеті екендігі белгілі. Жеті ата туралы да Б.Момышұлы шығармасында «Енді ойланып қарасам, орыстар арасында айтылатын «Иван безродный» дегені сияқты кейбір тексіз қазақ бола

бастағандарды көріп, рухани мәңгүрттіктен сақтандырған ескертуі ме деп шамалаймын»- деп жазды.

Қыз айттыру дәстүріне тоқталсақ, ата-ана баласына лайықты, тең деген адамдарына арнайы барып, балаларының болашағы туралы әңгіме қозғап, құда болу ниетін білдіретін болған. Бұл салт-дәстүрді «қыз айттыру» деп атаған. Қыз айттырудың да әр түрлі тәртібі болған, егер балалар жас болса, тіпті іште жатса да, бесікте жатса да, келісіп, сөз байласады. Құда болуға көп жағдайда көбінесе бір - бірін жақсы білетін өте сыйлас кісілер арасында болады. Олар алдымен іште жатқан балаларынан (әрине бірі ұл, бірі қыз болса) қосу туралы келіседі. Кейде мұны «бел құда» немесе «Атастыру» дейді. Шығармада бұл оқиғаның өрбуі Б.Момышұлының әпкесі Үбианның тұрмысқа шығуы, ұзатылуымен тікелей байланысты сипатталады. Бұл дәстүрді «Үбиан жастайынан Шегір руынан Жарылқапбайдың Мамыт деген баласына атастырылған екен» [1.73], «Өз аулымызда отырып, өзіміздің ерке қызымызды ұзатып отырып, той тізгінін сендерге бере алмаспыз» [1.107] - деген сөйлемдерден көреміз.

Бауыржан Момышұлының «той дегенде қу бас та домалайды» деп айтқаны қазақтың ойын - сауыққа келгенде жиған - тергенін шашатынын, ешнәрсе аямайтындығын айтқаны деп біліміз. Той көрінісі де бірнеше сөйлемдерде айтылған. Мысалы, Тойға келетін қонақтарға арналған үй осылай молая берді [1.100]. Шығарманың басында айтылатын кішкене жиын - той үстіндегі Момыш пен Қызтумас әже арасындағы қыз таңдау жолындағы қиыншылық, сұлу қыз іздестірген әженің уайымы белгілі, немерелерінің ішкі және сыртқы сұлулығы ойлағаны болар дегені де оқырманның көңіліне қонымды айтылған.

Шығармада автор қалыңмал беру дәстүрі туралы да сипаттады. Оны төменде берілген сөйлемдерден байқауға болады. «Қалыңмал деген ата-бабамыздың салып кеткен жолы ғой, қашаннан қалыптасқан кәдеміз емес пе?» [1.69] немесе «Алдымен мына шүйкебастарға құда түскендерден қалыңмал алайын» [1.70]. «Әжемнің айтқаны болды. Менің әпкелерімнің бәрі әже жолымен ұзатылып, қалыңмалға сатылды» [1.71].

Сондай-ақ, ұзатылатын қызға жасау дайындалатынын да білеміз. Жасау деп ұзатылған қызға берілетін дүние - мүлік. Қыздың жасауына үлкен мән беріп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді», - деген. Ауқатты адамдар қыздарын ақ отау тігіп ұзататын болған. Жасау дәстүрі шығармада Үбианның ұзатылуымен тығыз байланысты. «Аттанар алдында әжем ауылдың қыз - келіншектерін, бар әйелдерді шақырып қыз жасауын қызықтауға шақырды», «Ал бір жарым-екі жылдың ішінде әкем шәрі аралап, базар барып жүріп, қыз жасауын атына сай етіп әзірлеп үлгеретініне сенген сияқты», «Базар сайын ақшасына жасау әкеледі», - деген сөйлемдерде сипатталады [1.88].

«Жаңа түскен келінді көру үшін беташар дәстүрі жасалады және бұл дәстүр халқымызда күні бүгінге дейін сақталған. Туыс - туғандар тегіс қатынасып, жас келін оларға сәлем жасайды. Беташар тойдың басы, әрі сәні жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты жақсы дәстүрлеріміздің бірі» [3]. Беташар дәстүрінің көрінісін «Жұрт беташар мен неке қияр қызығын күтіп тағатсыз торуылдайды», - деген сөйлем жолдарынан көреміз [1.119].

Бауыржан Момышұлы шығармада әпкесі Үбиан қыздың ұзатылуынан бастап, жат жұртқа келін болып түсуіне дейінгі аралықты суреттеп бере отырып, қазақтың бірнеше салт - дәстүрлерін бейнелеген. Неке қияр дегеніміз - бірін - біріне келісіммен үйленген екі жастың неке суын ішуі. «Мен неке қияр басталғанын сезе қойдым» - деген сөйлем жолдарынан неке қиярдың көрінісін көреміз [1.119].

«Қаламгер Үбианның ұзатылуын суреттеу барысында бұрыннан қалыптасқан ұлт дәстүрлерін шебер баяндап шыққан. Той бастар, көкпар тарту, балуан күрес, сыңсу, арқан керу, беташар, неке қияр, отқа май құю тәрізді көне дәстүрлер «Ұшқан ұя» шығармасында қайта жаңғырып ұрпақ санасында өз орнын тапқандай болады. Қаламгер осындай салт-

дәстүрлерді суреттеуде құлашын ұзаққа сермеп, әр дәстүрді белгілі оқиғамен сабақтастырып отырады» [4].

Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» шығармасында көшпелі қазақ даласындағы қазақ этнографиясын жан-жақты суреттеп көрсетті.

Автордың салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың барлық түрлерін қызықты да, көркем суреттегені соншалық, оның жеке естеліктеріне сүңгіп, бойлай отырып, қазақ даласындағы көшпелі өмірді өз көзімізбен көргендей болдық.

Сонымен қатар, Бауыржан Момышұлы шығармада өзінің жадында сақталған төл тазалықты, яғни өзінің балалық шақтағы әсерлерін де оқырман қауымға қызықты жеткізе білді.

Шығармадағы қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің бәрін тізіп шығу мүмкін емес.

«Б.Момышұлы өз заманының әділ сыншысы, заман өзгерісінің қыбыламасы іспеттес. Көпшілік Б.Момышұлын бір қырынан, яғни батырлығын ғана таниды. Ал оның жазушылығы, шешендігі, даналығы т.б. толып жатқан қырлары көмбеде жатқан қазынадай танылмай жатқандығы шындық» [2].

«Б.Момышұлының әдеби мұрасы ХХ ғасырдағы тарих толқынын барынша әділ бейнелейтін тарихи мұра. Оны оқу, көкейге түйю кез-келген қазаққа парыз болуы тиіс. Өйткені өткенді бағамдамай, келешекті көгертем деу бос әурешілік. Осыны бүкіл қазақ түсінуі керек» [2].

Тамырын тереңге жайып, біте қайнасқан халқымыздың салт – дәстүрлері ұрпағымызбен мәңгі жасайтыны бізге анық. Ол әр кезеңнің ыңғайына қарай өзгеріп, жаңарып, түрленіп отырады, алайда халықтық сипатын сақтап қалары сөзсіз. Әрбір халық өз халқының салт-дәстүрін бұзбай, сырлы күйінде сақтап қалуға құштарлық танытса, ол елдің ертеңгі болашағының жарқын болары сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя повесть, әңгіме, нақылдар. – Алматы: Ата мұра, 2003. – 88–128 б.
2. Абай мен Бауыржанды танып білген Мақалалар мен арнау өлеңдер құрастырушы Жүнісәлиева Сандуғаш «Бауыржантану» ҒЗО-ның ғылыми қызметкері – Тараз: 2010. – 426.
3. Дереккөз: <https://qwizz.ru/tradicii-kazahov>
4. Т.Ә. Мұқашев, А.М. Мұқашева Бауыржантану оқу құралы. – Тараз: Dulaty university 2021. – 8–216.

ӘОЖ 42.61

### **«ҚАН МЕН ТЕРДІҢ» ӘДЕБИ-СЫНДА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САНАДА БАҒАЛАНУЫ**

#### **АМИРХАНОВА АСИЯ БЕРДИБЕКОВНА**

Нығметулла Киікбаев атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы

**Резюме.** Произведение «Кровь и Пот» подробно рассматривается в истории казахской литературной критики

**Summary.** The work "Blood and Sweat" is considered in detail in the history of Kazakh literary criticism

1961 жылы «Қан мен тердің» бірінші кітабын шыққанға дейін революция тақырыбына жазылған шығармалардың өзіндік дәстүрі қалыптасқан еді. Ол туындылардың басты қаһармандары күрескер тұлға ретінде ашылған. Ал «Қан мен тердің» басты кейіпкері Еламан, сыншылардың байқауынша, сол кездің өзінде-ақ белгілі схемаға сәйкес болмай шыққан. Сол себепті, қалыптасқан өлшемге келмеген кейіпкерді Х. Әдібаев: «Еламанның образы әдеби образ ретінде ашылмаған» -деп бағалады.

Ә.Нұрпейісов романының 1960-1970 жылдар аралығында шыққан алғашқы нұсқаларына (1959 жылы жарияланған журналдық нұсқа, 1961-1964 және 1966 жылдары басылған диология) арналған сыншылардың пікірлері қарастырылады. Әдеби-сын мақалаларда қозғаған басты мәселе-кейіпкер образдарының сомдалуы. Әдетте, 60-жылдардағы сыншылар қаһарман бейнесін талдағанда социалистік реализмнің идеологиялық ұстанымдарын басшылыққа алды.

1964 жылы романның екінші кітабы жарық көргеннен кейін С. Мұқановтың, Ә.Кекілбаевтың, Ә. Ахметовтің тағы басқа сыншылардың мақалалары жарияланды. Олардың авторлары кейіпкердің екінші кітапта да өспегенін яғни революциялық істерге саналы түрде араласып, күрескер ретінде ашылмағанын айтады.

Ә. Жәмішев Еламанға: «Тіпті орыс жұмысшылары арасында болу да оған ешбір өзгеріс жасамаған сияқты. Ол әлі де сол баяғы тымырық, томға тұйық қалпында. 1978 жылы Т. Сыдықов «Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы (романның жазылу тарихы)» деген тақырыпта ғылыми еңбек жазды. Халық тағдыры туралы тиіп қашты айтатын ойлары тым жалпылама», -деп риза еместігін білдірсе, Х. Әдібаев: «Сырттай қарағанда Еламан бұрынғысынша болғанымен, оның рухани дәрежесінде өсу, ілгерілеу бар»-деп кейіпкердің рухани эволюциясының дами түскенін дәлелдейді.

Алайда, әдеби-сын кеңістігінде қарама-қарсы, қайшылықты пікірлер орын алғанымен, кеңес оқырмандарының қоғамдық-эстетикалық санасы жалпы бір арнада болды. Кейіпкер образы саяси-таптық тұрғыдан талқыланып, туындының көркемдік әлемі ең алдымен идеологиялық ұстанымдар арқылы танылды. Дегенмен, «Қан мен тердің» 1966 жылғы нұсқасында суреткер Нұрпейісовтің психологиялық шеберлігі тереңдеп, сын пікірлердің де мазмұны салмақтанып, мәтінді көркемдік-эстетикалық тұрғыдан бағалаудың алғашқы нышандары байқалды.

1970-80 жылдар аралығында жарияланған Ә.Нұрпейісов романына байланысты ғылыми-сын еңбектерге шолу жасалды. Жазушы алғашқы екі кітапта өз ойларын жүзеге асырғаннан кейін «Қан мен тердің» соңғы нүктесін қоя алмаған. «Ымырт» пен «Сергелден» халықты арманына апарар жолдың белгілі бір кезеңдернің символына айналған. «Ымырт» пен «Сергелден» ойдың логикалық түрде аяқталуын яғни үшінші кітаптың жазылуын қажет етті. «Қан мен тердің» үшінші кітабы бірден жазыла қоймады. Автор алдымен үшінші кітаптан үзінділер жариялап, оған апарар жолды ұзақ іздеді. 1967 жылы «Мәдениет және тұрмыс» журналында және «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қан мен тердің» үшінші кітабы «Дүрбелеңнен» үзінді жарияланды. Кезінде қаламгер төртінші кітапты жазып, шығарманы тетралогия көлеміне жеткізуді жоспарлаған еді. Оның есебінше, оқиға коллективтендіру кезеңіне созылып, Еламан колхоз төрағасы «шолақ қол басқарма» болуы тиіс еді. Ақыр соңында автор нақты копозициялық шешімге келіп, «Дүрбелең» деген атауды «Күйреуге» ауыстырды.

«Ымырт» пен «Сергелденді» халықтың өз бақыты мен бостандығы жолындағы күресінің белгілі бір кезеңдері деп есептесек, күрестің логикалық жалғасы, халық күресінің образымен байланысты болуы керек еді. Бірақ қалыптасқан көзқарасы байланысты бір қатар сыншылар (В.Владимиров, Х. Әдібаев, Г.Бельгер, Ш. Елеуқенов) «Күйреу» деген атауды Тәңірбергендер әлемімен байланыстырып, билеуші таптың күйреуі деп қабылдады. Дегенмен, басқа да пікірлер орын алды. Ара-тұра кейбір сыншылар кітап атауларының бүтін бір тізбекке бірікпей тұрғанын аңғарып, оны социалистік реализм талаптарына сәйкес түзетсе деген ұсыныстарын білдіріп жатты.

1973 жылы «Қан мен тер» трилогиясы қайтадан басылып шықты. Бірқатар сыншылар тағы да кейіпкерлер образдарының сомдалуына назар аударды. С. Әшімбаев Еламан бейнесін талдай отрып: «Еламанның жау штабына барар тұсының мотивировкасы жоқ» -деп түйіндейді. М.Қаратаев та осыған үндес пікірде болды. Еламан Тәңірберген болып киініп Черновпен кездесетін эпизодтың астарына терең мағына жатыр. Жазушы жүзін бет пердемен жасырған кейіпкердің сөздері арқылы негізгі көркемдік концепциясын жеткізген. Тәңірбергеннің атын бүркенген Еламанның қара халық революция ұрандарына алданып жүр, қазақтардың ең жақсы көретіні теңдік деп орыс генералына берген жауабында таза шындық айтылған. Алайда, 70-жылдардағы сыншылар шығарманың ондай астары эпизодтарына бір жақты көзқарас білдіргенге ұқсайды. Ә. Нұрпейісов феноменің ерекшелігі сонда, ол өз уақытынан ондаған жылдарға алға озып кетті. Ал кеңестік оқырмандар мен көптеген сыншыларға «Күйреу» деген атаудың астары бірден белгілі бола қойған жоқ.

Сыншылардың Тәңірберген жайлы ойлары да біржақты болмаған. Атап айтқанда, Ш. Елеуенов жас мырзаны тек үстем тап өкілі ретінде қабылдайды. Ғалымның айтуынша, Тәңірберген ескіліктің жақтаушысы ретінде ғана көрініп, «Аспан әділ» деген абстрактылы сөздернің әсері жоқ болып есептеледі. Керісінше, З. Жұмағалиев: «Біздің әдебиетте бай, қожа-молдалар көбіне жауыз, ақылсыз, көріксіз-бір импульеті боп келетін...» жиырмасыншы отызыншы жылдары қаламгерлеріміз өткен қоғамды, қанаушы тап өкілдерін негізінен осылай фольклорлық тәсілмен бейнелейтін»-дей отырып, Тәңірберген образының дәстүрден тыс екенін байқаған. Ә. Нұрпейісовтану саласындағы ерекше орын алған құбылыс «Қан мен терге» байланыстыекі монографиялық еңбек жарық көрді. Еңбектің авторы алғаш рет «Қан мен тер» трилогиясын жан-жақты жүйелі түрде қарастырып, ғылыми баға берді. Зерттеу жұмысында Ә. Нұрпейісовтің шығармашылық шеберханасының кейбір мәселелері әдеби талдау объектісіне айналды. Т. Сыдықов еңбегінде «Қан мен терге» арналған сын-мақалаларға шолу жасап, оларды талдау әдістерінің негізінде топтастырды. Зерттеуші «Қан мен терге» тиісті 60-70 жылдардағы сын төңірегінде бірқатар құрды пікірлер айтқан. Көркем шығарманың асыл мұраты – кезең көріністерімен қатар, кеңестік пен уақыт қатынасын, адам әлемі мен еңбегін, өмір шындығы мен болмыс бедерін жан-жақты ашу болып табылады. Осы реттен келгенде, кез-келген өнер туындысында кеңестік пен уақыт, өмір шындығы мен көркемдік мұраттар қатар көрінуі – қалыпты жағдаяттарды көрсетеді. Мұның өзі түптеп кегенде: «Сөз өнерінде кеңестік көркем уақытпен тығыз байланысты. Ол – қозғалмалы. Ол қозғалысқа жағдай жасайды, өзі де өзгереді, қозғалады. Бұл қозғалыс жеңіл не қиын, жылдамне баяу, қошаған ортаның қарсылығымен немесе себеп-салдарлық қарым-қатынастармен байланысты болуы мүмкін».

Көркем туынды өмірлік жағдаяттарды баяндаған тұста кез-келген көрініс-суреттерді, заманәуи-адами мәселелерді қаз-қалпында берумен бірге оны кеңестік пен уақыт шеңберіне сәйкестікте сөз етеді. Қоғамдағы, қоршаған ортадағы қайсібір көрініс-қозғалыстар, адам өмірі мен еңбегіндегі ортақ мұрат, соны сипаттар да болмыс бедеріне лайық өріс алады. Мұның ұлт тарихында, арғы-бергі кезеңдерде өзіндік өзгешіліктері, бағыт-бағдарларыболды. Бұл жайтты атап айтқанда: «Көшпелі қазақтың уақыт пен кеңестік туралы таным-түсінігі кең мағынада екі түрлік межелік категориямен парықталады. Оның біріншісі – мифтік уақыт пен кеңестік, екіншісі – нақтылы уақыт пен кеңестік. Осынау екі түрлі меженің сыртында уақыт пен кеңестікке қатысты фольклорлық меженің де болатынын айта кету керек. Алайда, мифтік меже мен нақтылы меже халық санасында әлеуметтенген қасиеттерімен ерекшеленсе, фольклорлық меже өмір шындығынан тыс тұрады. Былайша айтқанда, фольклорлық межені» «әдеби» қиялдың жемісі деуге болады». Біздіңше, көркем туынды табиғатында кездесетін кеңестік пен уақыт категориясы, адам мұраты мен еңбек сипаттары көрінеді. Асылы, аталған қаламгерлер қоғамдық құбылыстарға мән берумен бірге, ондағы шешуші тұлға – адам факторына, оның өмірі мен еңбегіне айрықша назар аударады. Өмір оқиғалары көркемдік

мұратқа негіз етілді. Автор ұстанымы мен көзқарасы кейіпкерлер жүйесі шындық сипаттарына сәйкес берілді. Жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәселесі де осы талаптар биігінен көрінді. Авторлық позиция мен идеялық бірлік, оның шығармашылық үдеріске әсер-ықпалы да негізгі назарда болды. Өмір мұраты, адам концепциясы-жазушы еңбегінің басты нысанына айналды. Ізденіс, еңбек осыған бағытталды.

Ақиқатына келсек, шығармашылық тұлға – жұмбақ, осы жұмбақтың шешуін табуға қаншама ізденіс жасалғанмен, көбіне сәтсіз... Әрбір дарынды творчество адамы – бұл біршама екі жақтылық немесе таңғаларлық қасиеттің синтезі. Бір жағынан, бұл жеке адамға тән жайды анықтаса, екінші жағынан жеке бастықтан гөрі адамдық процесс... Суреткер барлық ресми қайшылықты өз бойынан көрсетсе де, бәрібір бұл екі жайдың арасында кұпия үйлесім бар. Яғни арнаулы шығармашылық психологияда жеке бастыққа жатпайтын ұжымдық нәрсе бар, немесе суреткер үшін өнер тап бір инстинкт сияқты туғандықтан ол оны барынша меңгеріп, өзінің қарауына айналдырған. Сондықтан да ол индивидтен гөрі ерікті субъекті ретінде ең бірінші болып, шығармаға қатыса алады. Индивид ретінде өзіндік қылық, тілек, жеке мақсаты болғанмен, суреткер ретінде ең жоғары ұғымдағы «Адам», адамзат жанына бейсаналық әрекетпен әсер ететін, жеткізетін және ене алатын ұжымшыл адам». Негізінен, бұл тақырып пен мәселелер, яки жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс, көркемдік әлемнің поэтикалық-эстетикалық қырлары қазақ әдебиеттанушыларының (З.Ахметов, С.Қирабаев, Ш.Елеуқенов, Р.Нұрғали, Ж.Дәдебаев, Т.Жұртбай, А.Исмакова, Р.Тұрысбек, Г.Пірәлиева т.б. ) ізденіс еңбектерінен кең орын алды. Бұл бағыт, арна қазақ қаламгерлері шығармашылығынан, әсіресе Ә.Нұрпейісовтің шағын жанрдағы еңбектерінен де оңды көрініс тапты.

Ә.Нұрпейісовтің аталған шығармасынан кезеңдік құбылыстар, кеңістік пен уақыт қатынасы, адам өмірі мен еңбегі игілікті істер мен ізгілікті мұраттар жан-жақты көрініс береді. өнер тундысындағы көркемдік шешімге, шеберлік пен шешендікке табиғи ұласып отырады. Қоғамдағы басты тұлға – адам факторы шешуші орын алады. Өйткені: «Адам концепциясы – шығарманың барлық құрамды элементтері тармадалып та, тоғысып та жататын негізгі орталық». Жазушы еңбегіндегі шағын жанр үлгілерінен өмір оқиғалары, уақыт тынысынан өзге қоғамдық құбылыстар, адам еңбегі арқылы көрінетін жаңашыл ізденіс-сипаттар көркемдік мұраттар негізінде өзгеше арна алады. Өмірді өнер туындысы арқылы қарапайым да көркем, соны сипаттарға лайық суреттеу – Ә.Нұрпейісовтің қаламгерлік қырларының бірі.

Асылы, әрбір өнер туындысынан автордың талант табиғаты, көзқарасы мен қолтаңбасынан өзге, өзінің де өмірі, бел-белестері із беретінін де айту абзал. Бұдан байқалар жайт: «Кез-келген туынды оның жасаушының ақиқат айнасы, онда өзінің тұлғасын жасырып қалу ешкімнің қолынан келмейді» Өйткені: «...әдеби шығарманың көркемдік және танымдық тереңдігі үшін автордың өз өмірбаянының байлығы. Оның өз басынан өткен оқиғалардың маңызы мен мәні аса зор қызмет атқарады». Бұл жерде, сөз жоқ автор мұраты, баяндау мен зерттеу ісі ерекше маңызға ие болады. Осы жағдайларға М.Бахтин, В.Виноградов, Б.Эйхенбаум, М.Гримман, М.Гинзбург, Г.Поспелов т.б. айрықша назар аударды Жазушының шығармаға қатысын В.Виноградов: «Автор образы– бұл ақынның шығармашылығында жасалынған образдың басты бір ерекшелігі. Ол өз биографиясының да көркем бейнелілік элементтерін қамтып, жүзеге асырады.... Лирикалық «мен» - бұл автордың образы ғана емес, сонымен қатар адамзаттық үлкен қоғамның өкілі»-деп таниды. Бұл бағыттағы көзқарас мұраттары ұлт мақтанышы А.Байтұрсынов танымынан да еркін бой көрсетеді.

Автор Ә. Нұрпейісовтің трилогиясындағы тұлға концепциясын әлеуметтік және таптық көзқарастары мен қатар адамгершілік тұрғыдан жан-жақты қарастырып, адам мінездерінің сан алуан қырларын сараптайды. 1979 жылы М. Смағұлова «Романист Нұрпейісовтің шеберлігі» атты ғылыми жұмысы бар. Т. Сыдықов пен М.Смағұлованың ғылыми жұмысы басқа сын мақала, рецензияларға қарағанда, «Қан мен терді» жан-жақты

қарастырған алғашқы жүйелі еңбек болды. Зерттеушілер «Қан мен терге» сол кезеңнің қоғамдық-эстетикалық тұрғысынан баға берді.

Өткен XX ғасыр қазақ әдебиетіне мол сыбаға қосқан суреткерлердің бірі-Әбдіжәміл Нұрпейісов. Әбдіжәмілдің «Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыз шақты шетел тілдеріне аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүние жүзіне танытты, әлем әдебиетшілері қасқа-жайсандарының үздік бағасына ие болды. Француз Луи Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопьян, Валентин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыз Шыңғыс Айтматов, башқұрт Мұстай Карим, немістер Лео Кошут, Ральф Шредер, қазақстандық Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхамеджан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Герольд Бельгер, Ақселеу Сейдімбек, т.б. ол туралы тебірене жазды. «...Әбдіжәмілдің өмір бойы жазғаны біртұтас, бір ғана эпопея десе лайық. Ол эпопеяны «XX ғасыр және қазақ әлемі» деп атауға да болар еді. Ғасыр басындағы сергелдең («Қан мен тер»), ғасыр ортасындағы сұрапыл («Курляндия»), ғасыр соңындағы сүргін «Соңғы парыз») біртұтас сабақтастығымен көркем полотно. Іні буын жазушылардың атынан айтылған сөз осындай. Аға, інілері, бүкіл қазақ қауымы кітабын оқып, жоғары бағалайтын жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов XXI ғасырдың табалдырығын аттап отыр. Қуатты қалам иесі тынбай еңбектену үстінде. Сексеннің сеңгірінен жар салған публицистикасы оқырманын бұрынғысындай ұйыта, жігерлендіре отырып, ойландырмай, толғандырмай қоймайды. Жазып жүрген естеліктері де көркем мемуарға жаңа леп әкелгені кәміл. Қаламгердің жанкештілігі сондай, дүние жүзіне әйгілі шығармаларының өзін әр басылымы сайын қатаң сың тезіне салып, ұштап, сүргілеп, қырнап, мінеп отырғаны. Мұның аты көркем сөз құдыреттілігі алдында бас ию деген сөз. Әдебиетке сүйіспендікті, ар ісіне берілгендікті ұлы Абай айтқан «жар ісіне» теңгеру. «Қорлығына», «мазағына», азабына көңу. Әдебиеттің жауапшылығы зор дүние екендігін байыбына бара түсінгендік дейміз.

Қорыта келгенде, 70-жылдардағы «Қан мен терді» оқырманның қабылдауы, түсінуі біржақты болмаған. Баспасөзде жарияланған мақалалардан пікірлер қайшылығы анық көрінеді. Соған қармастан, сыншылар кейіпкерлер образын талдау барысында әліде тұлғаға саяси-таптық тұрғыдан баға беріп, социалистік реализмнің шеңберінен аспағаны байқалады.

Шығарманың қаһармандары «азап-ыза-ашу-күрес» деген схемаға сәйкес талқыланды: азап шеккен жан ақырында революционер жолына шығуға тиіс. Осындай схемаға сәйкес келмеген Жасағанберген образын сыншылар бірауыздан «аяқсыз қалған» деп санады. Ә. Нұрпейісов стереотипті ережелерден алыстап, Жасағанберген бейнесі арқылы төңкеріске жалпы адамзаттық тұрғыдан баға берді. Жасағанбергеннің Тәңірбергенге «отқа қарсы жүгірген есалаң» кейіпінде елестеуі «оқыған жас жігіттің» образын толықтыра түседі. Кеңес дәуірінде революция тақырыбына жазылған туындыларында жалынды күрескер образы басты орын алған болса, көрген жазушы сол қалыптан алыстап, «отқа қарсы жүгірген есалаң», яғни төңкеріске қарсы тұрған «ессіз» бейнесін жасайды. Алайда, 70 жылдардағы сыншылар бұл шындықты өз дәуіріне сай келмегендіктен қабылдай қоймағанға ұқсайды.

«Қан мен тердің» көркемдік-эстетикалық құндылығы, оның авторының психологизм шеберлігі кеңінен сөз болады. Зерттеушілер шығарманың кейіпкерлерін бұрынғыдай тек дара тұлға ретінде ғана талдамай, оларды жүйелі түрде топтастыруға тырысады. Бірқатар сыншылар туындының сюжеттік желісі, баяндау тәсілі және құрылымы жөнінде қызықты байқаулар жасайды. Олар «қан мен тердің» авторының өңдеу жұмыстарымен айналысып, көп еңбектенгенін сөз етеді. Алайда, бұл фактілер тек хабарлау деңгейінен аспайды, нақты салыстырмалы-салғастырмалы талдаулар жасалмайды.

Сонымен, 1970-1980 жылдар аралығындағы кезеңде жарияланған көптеген еңбектер Нұрпейісов туындысының көркемдік құндылығын тағы да айқындай түсіп, жазушының шығармашылық жұмысына айтарлықтай әсерін тигізді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әдібаев Х. Қан мен тер. Социалистік Қазақстан, 1962. - 1 ақпан
- 2.Тоқбергенов Т. Қан мен тер хақында. Тоқбергенов Т. А.: Жазушы, 1974.- 109-144 б.
- 3.Жұмағалиев З. Тарихи кезең және реалистік тұлға. Жалын, 1974, №2.- 114-125 б.
- 4.Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Егемен Қазақстан, 1999.- 16 шілде.

ӘОЖ 88.72

## А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ БАҒЫТ–БАҒДАРЫ

### ИСАБАЕВА ЖАЗИРА АБДУЛАХАМИТОВНА

Жамбыл атындағы №5 гимназиясының мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются направления А.Байтұрсынова в области терминологии

**Summary.** The article discusses the directions of A.Baitursynov in the field of terminology

Тілге айырықша көңіл бөлінген алғашқы жылдары жалпы қазақ терминологиясы, соның әр түрлі салалар терминологиясы жапа – тармағай аударылып жатты. Терминдердің жаппай аудару негізінде керегін де, емесін де аударуға тырысып баққандар болды. Енді қарасаң, қоржынымыз қордаланып қалғандай. Сол терминдерді желіге байлап, жүйеге салып, керегін алып, керек емесін тастайтын кезіміз де келген сыңайлы.

«Заявление» терминінің әр түрлі мағынасына сай аударуға болады. Айталық, өтініш, арыз, мәлімдеме тәрізді. Бір атауды түрліше аударудың да орны, реті бар. Мысалы «оригинал» сөзін алайық. Айталық «Абай жолы» романының оригиналы. Оны кейбіреулер «түпнұсқа» десе, кейбіреулер «төлнұсқа» деп аударып жүр. Бұлардың бірі алып, екіншісін ығыстыру шарт емес. Олардың арасынан мағыналық айырмашылық табуға әбден болады. Түпнұсқа «Абай жолының» басқа тілдерге аударылмаған қазақ тіліндегі оригиналы десек, М. Әуезовтің өз қолымен жазған нұсқасын төлнұсқа деп атайық деген ұсыныстар да бар. Бұдан, әрине, қазақ тілінің өрісі кеңімесе, кемімейтін анық. Бірақ, орайы осы екен деп, терминдердің баламаларын жамыратып, жарыстырып қолдана беруге болады. Термин – орнықты атау болуға тиісті. Себебі, термин әрбірі халыққа ұғыныпты, түсінікті болуы шарт.

Кейбіреулердің аудармасын мағыналық қажеліктер кезіп жатса, қайсыбірі ешқандай қажеттіліксіз әр түрлі аталынады. Сондай – ақ терминдердің аудармаларының кейбірі іс жүргізу талаптарының қайшылығын, қолдануға қайштың жақтарына ұшырап жатады. Әр БАҚ оларды әр түрлі қолданады. Кез келген тілдің терминологиялық жүйесі – тілге әсер ететін қоғамдық - әлеуметтік факторларға байланысты ұдайы өзгеріп отыратын құбылыс. Сондықтан да терминжасамның теориялық – практикалық мәселелері қазақ тілін зерттеушілердің ұдайы зерттеу объектісі болып келеді. Бұған өз кезеңінде белгілі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов айрықша мән берді. А. Байтұрсынов халықтық тіл лексикасының терминдеу үлгісін жасап, терминжасамда тілдің бар амал-тәсілін қолдана білсе, Қ. Жұбанов қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына қатысты теориялық мәселелерді тиянақтап берді.

Қазіргі кезде де қазақ тілінің терминологиялық жүйесін реттеуде көптеген теориялық-практикалық жұмыстар жүргізіліп келеді. Жалпы терминологияны ұлттық ұғымға бірделестіру кезіңінен бері (1989 жылдан бастап) бірқатар теориялық еңбектер (Ө.Т. Қайдров, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Біләлов, А. Алдашев,



Ш.Күркебаев) мен практикалық іс-шаралар жүзеге асырылады. Соңғы он жылдық көлемінде ғылымның барлық саласын қамти алатындай секілді, көптілді түсіндірме-салалық терминологиялық сөздіктер шықты. Олардың жалпы саны алпыстан асады. Бұл – Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған мемлекеттік тіл саясатының алғашқы нәтижелері. Қазақ тілінің қолдану аясы кеңіп, тіл саясаты бекемдене түскен мемлекеттік тілдің ресми-іскерлік, ғылыми салаларда игерілу өрісін кеңейту проблемасы байқалуда. Ғылым салаларындағы қазақ тілінің қолданылу функциясын кеңейтудің және нығайтудың басты жолы – ұлт тіліндегі терминологияны қалаптастыру. Мемлекеттік деңгейдегі осы мәселе 1998 жылдың 5 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің № 4106 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдармасы» деп аталатын құжаттың ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету және терминологиялық, ономастикалық жұмыстар тарауларында атқарылуы тиіс деп көрсетілген іс-шаралар көлемінде нақты белгіленген.

Терминологияның теориялық негіздері үшін қазақ терминжасам жүйесінің тарихы, қайнаркөздері, жасалу жолдары, салалық терминдер жүйесінің динамикасы мен статикасы сияқты күрделі проблемалармен қатар терминжасам ісіне қатысатын тілдік құрылымдарды дербес, әрқайсысы жеке-жеке қарастыру маңызды. Әсіресе қазіргі кезде қазақ терминология жүйесінің қалыптасуында осы іске араласатын сөздік қордағы лексикалық элементтердің семантикалық өзгерісі және олардың терминдердің ұғымдық-мазмұндық көлемі үшін балама ретінде пайдаланылуы белсенді сипат алып отыр. Терминдік жүйені ұлттық ұғымға бірдейлестіру бағытында семантикалық тәсіл кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл арқылы мағына жағынан таралып немесе кеңейіп терминделетін сөздік қордағы сөздер, көнерген сөздер, жергілікті тіл ершеліктері-термин қатарына қосылатын лексика болып табылады. Оларды терминдердің біршама зерттелген. Әр түрлі терминдердің қалыптасуында синонимдердің ролі мен мүмкіндіктері мол. Синонимдердің терминдік ұғымдар мен түсініктерді беруге қатысуы – семантикалық тәсілдің қатысуы – семантикалық тәсілдің көрінісі.

А. Байтұрсынұлы айрықша мән берген мәселесінің бірі — терминология ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өкілі әрі алғашқы оқулықтардың, ғылыми еңбектердің авторы ретінде ғалым мен оның замандастарының терминология мәселелерімен бетпе-бет келуіне тура келді. Бұл мәселені шешуде Ахан бастаған қазақ зиялыларының өзге туысқан түркі халықтарының білімпаздарынан айырықша бағыт - бағдары болды.

1926 жылы Бакуде өткен «Түркологтардың бүкілодақтық бірінші съезінде» жасалған терминология туралы баяндамасында А. Байтұрсынұлы «Пән сөздері: (терминдер) жағынан басынан - ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер (түркілер) әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты» («А. Байтұрсынов, Тіл тағылымы. А., 1992. 433-б.), десе, ғалымның замандасы өз кезеңінің аса ірі тұлғаларының бірі Х. Досмұхамедұлының жат сөздерді қабылдауға байланысты айтқандары Аханның пікірімен астасып жатқанын аңғарамыз. Ол «Тілге кірген жат сөздер де сінту үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді» - дейді. (Х. Досмұхамедұлы. Аламан. А., 1991. 92-б.)

А. Байтұрсынұлы мен онымен пікірлес қазақ зиялыларының термин жасауға деген көзқарасы қазақ терминологиясының принциптерінің жасалуына негіз болды. 1924 жылдың маусымында Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» қабылданған ол принциптер (қысқартып бергенде) төмендегідей еді: а) Пән сөзі ретінде ең алдымен тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін-алу; ә) Қазақ тілінде ондай сөздер болмаған жағдайда туыстас тілдердің бірінен сөз алу; б) Әлемдік

(халықаралық) пән сөздерін қазақ тілінің табиатына сәйкес өзгертіп қабылдау; с) Қазақ сөздерінен басқа тілдер сөздерінің бәрін қазақ тілінде айтылуына (дыбыстық жүйесіне) сәйкес өзгертіп алу.

Термин жасау ісінде А. Байтұрсынұлы осы принциптерді басшылыққа алған. Дәлірек айтсақ Ахаңның қаламынан туындаған жүздеген терминдердің негізгі белігі бірінші принцип (термин ретінде қазақтың өз сөзін алу) бойынша жасалған. Мәселен, біз қарастырған соңғы жылдары жарық көрген үш баслымдағы (А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. А., 1991., А. Байтұрсынұлы. Ақ жол. А., 1991. А. Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы А., 1992) төрт жүздей тіл мен әдебиет терминдерінің арасындағы наху, сарф, әріп, харіф, емле, пән, әуезе, әліпби, қағида, пайымдау, нүкте, ноқат сияқты араб сөздерінен өзгелері түгелдей қазақ тілінің өз сөздерінің негізінде жасалған. Аталған терминдердің арасындағы наху, сарф, емле сияқтылары болмаса, қалғандары тілімізге бұрынырақ еніп өз сөздеріміздей болып кеткен, жаттығы білінбейтін жалпыға түсінікті сөздер еді. Бұл атаулардың барлығы да араб тіліндегі қалпын сақтамай соңғы принципке сәйкес қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне орай өзгеріске ұшыраған.

Қазақ тілінің өз мүмкіндігін пайдалана отырып ғылыми термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білген Ахаңның ісі – «Қазақ тілінің ғылыми термин жасауға мүмкіндігі жетіспейді» дейтін ағайындарға сабақ болуға тиіс. Терминолог ғалым Ө. Айтбаев «Тілдің бар қатпар - қыртысын сарқа пайдалана білуде А. Байтұрсынұлы үлгісі таптырмайтын өнеге» деп орынды айтқан.

А. Байтұрсынұлы өзі ғана термин жасар қойған жоқ ол тіл білімпазы ретінде сол дәуірдегі арнаулы лексиканың жасалуына тікелей әсер ете білген айырықша тұлға болды.

А. Байтұрсынұлы термин жасау ісінде тіліміздегі сөзжасам тәсілдерінің барлығын іске қоса білген. Оның еңбектерінде әсіресе синтетикалық және аналитикалық тәсілмен жасалған терминдер молынан ұшырасады. Мәселен, сызық-ша, қосым-ша, көсем-ше, есім-ше (-ша/-ше), буын-шы, дәйек-ші (-шы/-ші), есім-дік, етіс-тік, жалғау-лық, (-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік) сияқты терминдер есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған болса, бастама, әліпте-ме, зауықта-ма, сарында-ма, ұсын-ба, қорыт-па, ермекте-ме, мазмұнда-ма, (ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе,) марқай-ыс, сұқтан-ыс, азаптан-ыс, күл-іс, әлектен-іс, әурелен-іс сияқты әдебиеттану (ет-іс тіл білімі) терминдері етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдалану жолымен туындаған. Анықтауыш, бастауыш, баяндау(ыш), пысықтау-ыш, толықтау-ыш сияқты атаулар да қимыл есімге-ыш жұрнағын жалғау арқылы синтетикалық жолмен жасалған терминдер.

Бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің артықшылығы - ықшам әрі бір ғана терминдік мағынаны білдіреді және ана тіліндегі сөздер мен қосымшаларды пайдалану жолымен түзілгендіктен бейтерминденуге бейім. Сондықтан да тек терминологиялық лексиканы ғана емес жалпы лексиканы байытуға да мүмкіндігі мол.

А. Байтұрсынұлы терминдерді калькалау жолымен де жасаған. Мысалы: зат есім, сан есім, сын есім, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, қаратпа сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, себеп пысықтауыш, сын пысықтауыш, сұрау белгісі, леп белгісі, қос нүкте, жай шырай сияқты көптеген терминдер аналитикалық тәсіл арқылы калькаланған.

А. Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі – олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде лексика-семантикалық тәсілмен жасалған терминдер де едәуір. Олар: буын, жалғау, жұрнақ, бунақ, үстеу, одағай, тармақ, тасымал, демеу, шумақ т.б.

Бұл көрсетілген терминдер жалпы қолданыстағы сөздерді термин ретінде пайдалану, яғни терминдену тәсілі арқылы жасалған. Терминдердің терминдену тәсілімен туындауына терминделуші ұғым мен терминденуші сөз атау болған тілде бұрыннан бар ұғымның қандай да бір ұқсастығы негіз болады. Мысалы, жалпы қолданыста жалғау деп «бір жіпке септелетін екінші жіптің үзiгiн» айтса (Қ.т. түсiндiрме сөздiгi. А., 1978. 3-том). Тiл бiлiмiнде «сөз бен сөздi, сөйлем мен сөйлемдi жалғастырып, сөз тудырып, сөз өзгертiп тұратын қосымшаны - жалғау» дейдi. (I. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Тiл бiлiмi терминдерiнiң орысша - қазақша сөздiгi. А., 1966.). Немесе жалпы қолданыста шумақ деп «бiр топ нәрсенiң жиынтығын, тiзбегiн, будағын» (ҚТТС. А., 1986. 10 т.) айтса, әдебиет тануда шумақ деп «көбiнесе төрт тармақтан тұратын өлең өлшемiн» айтады. (Әбетов. F. Әдебиетану терминдерiнiң орысша-қазақша сөздiгi. А., 1962.).

Ол мысалдардан-ақ сөздің бастапқы мағынасын метафоралау арқылы да А.Байтұрсынұлының ғылыми терминтерді (өз сөзімен айтқанда «пән сөздерін») өте сәтті жасай білгендігі көрініп тұр.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыпу, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шеңдестіру сияқты әдебиет тану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау, тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады.

Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мынадай терминдерді жасау Аханын бастау алып бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғаның аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мыс, ауыстыру, теңеу т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мыс: лептеу, ойламалдау. т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне — у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесінде, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры - оның нағыз терминолог ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек.

Кезінде А. Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттелінген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Шындығыда да, А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді, - дейді Ш. Құрманбайұлы

Белгілі тілші-ғалым Р. Сыздықованың «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту», - дейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Байтұрсынов А «Тіл тағылымы» -Алматы: Ана тілі, 1992-425б.
- 2.Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және термин жасау ісі —«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы -№7-8,1997 жыл, 3-9 б.
- 3.Жұбанов Қ-Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер А.,1966 ж, 361 б.
- 4.Қайдари Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас-Алматы:Рауан, 1993,3 б.
- 5.Айтбайұлы Ә. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері:-Алматы: Рауан,1997

## ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

### ШОРМАҚОВА СӘУЛЕТ МЕДЕУБЕКҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

### ӨМІРБЕКОВ ДАРХАН ЕРМЕКҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 2 курс студенті  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме** В статье подробно описываются художественные особенности казахского оратора в его знаниях и словах. Дифференцируются по полученным примерам, полученным из специальных ораторских высказываний.

**Summary** The article describes in detail the artistic features of the Kazakh speaker in his knowledge and words. They are differentiated by the examples obtained from special oratorical statements.

Шешендік өнердің табиғаты күрделі. Шешендік өнердің табиғатын шешен тұлғасымен, шешен талантымен, тілдік ерекшелігімен, тапқырлығымен бірлікте қарастырған жөн. Себебі, шешендік өнер, бейнелеу өнері, ақындық тағы басқа өнерлер сияқты адамға жоғарыдан беріледі. Дегенмен, бұл өнер өмір бойы ізденісті қажет ететін өнер. Шешенге берілген талант пен дарын әр кез ізденіс үстінде дамып, шешен тұлғасы қалыптасады. Шешен тұлғасы толыққанды қалыптасу үшін, шешен дарынды бойға сіңіріп талантты бағындыруы қажет. Шешендік өнер туындыларын С.Сейфуллин «Билер сөздері» [1, 263б.] деп атады. Шешен – бойында өнер мен ғылымның негіздері тең ұштасқан шығармашылық тұлға. Осы ерекшелік шешеннің шығармашылық еңбегінің басты сатыларының бәрінде көрініс табады.

Шешендік өнер – адамзат өркениеті тудырған рухани-мәдени құндылықтардың бірегейі. Сондықтан шешендік өнер мен оның тарихы–адамзат мәдениеті тарихының сабақтас бір бөлігі. Шешендік сөздің түр-түрін ажыратып, жүйелеп топтастыру да күрделі істің бірі болып табылады. Шешендік сөздің құрылымы да жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Шешендік дәстүр, шешендік мектеп бізде бүгінге дейін шешілмеген мәселе күйінде қалып отыр десек, артық айтқандық емес. Халықтың өмірі, тарихы, елдің тұрмыс - тіршілігі қазақ көкірегінен жыр-дастан, өлең-ән, ертегі-аңыз, күмбірлеген күй болып төгілді. Табиғатынан көзі ашық, көкірегі ояу, өзінің кең жазира туған даласындай дарқан дарынды ойын-сауықшыл халқымыз осы баға жетпес қазананы киелі дүниедей қастерлеп, ұрпақ санасына сіңістіріп, болашаққа мәңгі өлмейтін мұра етіп қалдырды. Барша қазақ мәдениетінің түп қазығы саналатын осы теңдесі жоқ қазына бүгін халқымыздың рухани сусындайтын шалқыған шалқар дариясына айналып отыр. Халқымыздың мақтанышына айналған қазақтың көне ауыз әдебиетінің арада талай ғасырлар өтсе де ұрпақтан-ұрпаққа тарап, ел зердесінде мықтап орныққан, танымдық мәнін, тәрбиелік мазмұнын есте жоймаған заман ағымына қарай қайта жасарып, айрықша көпшілік ілтифатына ие болып отырған түрі шешендік сөздер, тағылымдар.

Қазақ шешендік өнерінде сөз ойға тәуелді болады. Егер керісінше болса, айтайын деген ойдың мәні солғындайды. Ұлы Абайдың «Көңілдегі көрікті ой, ауыздан өңі қашады» [2,27б.], – деуі содан. Демек, ұтқыр ой мен көркем сөз тең түсіп отырса ғана сөз әсерлі де тартымды, әрі қуатты болады, тыңдаушыны баурап алып, еріксіз мойындатады Қазақ шешендері сөздің осы екі жағын тең ұстаған.

Бірде есесі кетіп, теңдік ала алмай жүрген төре тұқымының бір жастау азаматы Байдекеңе аяғын үзеңгісіне салып, атқа міне бергенде, сұрақ қойып: «Байеке, алыс не,

жақын не?» – депті. Сонда Байдалы би өрге көтеріле беріп: «Жақын – ажал, алыс – білімді мен білімсіздің арасы» – дейді. Байдалы бидің метафорамен көркемделген жауабының астында үлкен астар жатыр.

Бір үлкен аста Байдалы биді сынау үшін үш жүздің таңдаулы азаматтары: «Байеке, осы қанат не, жанат не, сағат не, ағат не, болат не?» – деп бес сұрақ қойыпты. Оған дана би: «Ердің күткен жақсы аты – қанат емей, немене?! Тоқтышақтың терісі – жанат емей немене?! Соғып тұрған жүрегің – сағат емей немене?! Жігіттікте өткен іс – ағат емей, немене?! Ауыздағы отыз тіс – болат емей, немене?! – деп жауап берген екен.

Байдалы би қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі, білікті би, ойшыл ақын, атақты шешен, кезінде Абылай ханның тікелей ақылшысы болған адам. Не бір шиеленіскен ел дауы, жер дауы, жесір дауы – Байдалы алдынан шешім тауып отырған. Абылай хан асқан шешендігіне, ақылды кеңесіне дән риза болып, «сегіз биім, сегіз бидің ішіндегі семіз биім» деп атағанда оның дене бітіміне емес, ақыл-парасатына, шешендік тапқырлығына қарап айтса керек. Өзге билер Байдалы билігіне тоқтаған. Тіптен, Абылай ханның өзі де одан аса алмаған.

Келесі қазақ билерінің бірі – Мөңке би өзінің толғауында: «Құрамалы, қорғанды үйің болады, Айнымалы, төкпелі биің болады. Халыққа бір тиын пайдасы жоқ, Ай сайын бас қосқан жиын болады. Ішіне шынтақ айналмайтын Ежірей деген ұлың болады. Ақыл айтсаң ауырып қалатың, Бедірей деген қызың болады. Алдыңнан кес-кестеп өтетің, Кекірей деген келінің болады. Ішкенің сары су болады, Берсең итің ішпейді, Бірақ адам оған құмар болады, Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады. Ит пен мысықтай ырылдасқан, Еркек пен қатының болады... [3,82б.] – деп жалғасатын толғауының алғашқы сөзі де біз білерде: «Кер заманның кезінде...» деп басталатын. Мөңке би мұрасына ілкі ретте маңыз беріп, зерттеу аясына айналдырған белгілі ғалым, профессор Серік Негимов осы толғамды «Келер заманның кейпін кемел көрегендікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Кесек ойлы кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар» [3,16б.] , –деп бағалайды.

Не нәрсені болсын алдын ала, төгілген жорға жырмен болжау -адамның білімділігіне, өмірлік тағылым-тәжірибесіне, ең бастысы құдай берген талант-қабілетіне байланысты. Болжаудың да болжауы бар, алдын ала жасалған замани жорамал кейін нақты нәрселермен заттармен құбылыстармен сайма-сай түсіп жатса ғана айнымай келеді деп айтуға болады. Мөңке биден қалған сөздердің өлеңдік құрылысы, өлшемі мен ырғағы үйлесімді, мазмұн жағынан қоғамдық-саяси лириканың сипаттары байқалатын сюжетсіз поэма элементтерін бойына сіңірген толғаулар. Профессор Серік Негимов айтқандай оны «суреткерлік сипатына, эмоциялық-экспрессивтік қуатына» [3,45б.] қарай бағалаумен бірге, бұлардың импровизациялық экспромттық, идеялық-мағыналық, поэтикалық-көркемдік жағына көбірек мән берген жөн.

Ел есінде жүрген ескі әңгімелерге сүйенсек, Мөңке бидің аталы сөздері атақты Сырым батырмен сұхбаттасу сәтінде жиірек туғаны байқалады. Мұндай ауызекі әңгімелер екі бидің біреуін асқақтатып, екіншісін төменшіктетуді көздемейді, керісінше бұларда үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін қазақ табиғатына сәйкес, Мөңке мен Сырым бірінің сөзін бірі толықтырып, бірінің айтқанын бірі жандандырып, таратып түсіндіріп, ұғындырып жатады.

– Ертеректе Сырым батыр бес-алты серігімен жол жүріп келе жатып, Мөңке бидің ауылының үстінен түсіпті. Мұнда той қызып жатыр екен кенже баласы аяқтанып, жаңа құдалар да осында болып шығады. Жекжаттарымен қатар келіп қалған құдайы қонақтарды Мөңке өзі отырған үйге түсіреді. Астан соңғы бата беру сәтінде Сырым сөзін: «Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын» [4,43б], –деп бітіреді. Бұған Мөңкенің құдасы түсініксіз қалып, «алты шаңырақтың іргесі ажырамасынның» сырын сұрайды. Сонда Мөңке оған «Құдай қалап, екеуміз жекжат болып отырмыз. Сенің қызың маған келін болып түсті. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі – келген жұрты, екіншісі – нағашы

жұрты, үшіншісі – өз төркіні. Сол сияқты менің ұлым саған күйеу бала болады. Ол да үш шаңыраққа ие болады: өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Екі бала қосылып алты шаңырақ шығарып тұрған жоқ па? Осы алты шаңырақ аман болса, ешқашан іргесі ажырамаса, алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің аузы бір, ынтымағы берік болмай ма?» – деген екен. Осындағы алты шаңырақ сөзінің поэтикалық мазмұнын шешеннің өзі дәлелді талдап берген. Шешен сөздерінің метафораға құрылуы табиғи құбылыс сияқты. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы бір мысалға назар аударсақ:

«Бөлтіріктің қартайған шағында ақыл сұрай келген бір жас жігіт:

–Ақ ата, келген бақ кімге қонады? Бала ыстық па, байлық ыстық па? – дейді. Сонда Бөлтірік:

–Қарағым, байлық – қолға ұстаған мұзың емес пе, бақ ұшып-қонған құсың емес пе, балаң артта қалған ізің емес пе? Бәрінен жолдас-жораңмен, ағайын-туысыңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз десіп, өмір сүргенге не жетсін. Осыларға жүрегің жылы болса, қайғың – күл, қуанышың – от», – дейді [5, 1076]. Бір қарағанда, мұз, құс, із тура мағынасында тұрған сияқты болғанмен оларды байлыққа, балаға, баққа көшіру мағынасында қабылдасақ, шешеннің табиғат ұқсастығын байқау шеберлігін аңғару қиын емес, құбылудың күші де осы емес пе? Бұл ұлғайған метафораның әсері. Соңғы сөйлемде шешен ойын тура метафорамен түйіндейді. Яғни, қайғы күлге айналып жоғалады, қуанышың күннен-күнге от болып жанады.

Келесі шешендік сөзде:

Қайғысыз қара су – тоқтық,

Жарлыға ар емес жоқтық.

Сатып алған бақыт – шіріп жатқан боқтық.

...Ақылым – атам, білімім – бұрынғы бабам [6,3696]. Сұлу метафоралар, ата-бабамызды ақыл мен білімге балау. Мұнда тура метафорадағыдай бақыт – боқтық деп тікелей балама жасалмайды, бақыт пен су нақтыланып, эпитетпен анықталып, суреттелген. Біздің көз алдымызда тоқтықтың, баянсыз бақыттың суреті сырғып өтіп, жарлының ата-бабадан алған ақыл-білімі ұлғайған метафораның әсерімен құбылып, образ тұрақталады.

Бір-біріне мүлде жанасымы жоқ сияқты көрінетін екі нәрсенің қандай да бір қасиет-белгілерінен, не қимыл өзгешелігінен ұқсастық, жақындық тауып, теңестіруге болатынын атап айта кету қажет. Бұған теңеуді әдебиетте, поэзияда бейнелеу құралы етіп пайдаланудың шексіз бай мүмкіндігі бар екені айқындалады» [7,176.]. Ғалымның осы сөзін назарға ала отырып, көркем тілде теңеу –дай, -ша жұрнақтарымен, сияқты, тәрізді, бейне, тең сөздерінің тіркесімен жасалатынын ескерсек, шешендік сөздерде мұндай теңеулер көптеп кездеседі.

Мысалдар арқылы өз ойымызды дәйектер болсақ, шешендік сөздер әлемінде мұндай көркемдік теңеулердің тұтас бір қазынасын табуға болады.

Бөкен бидің Сырымға берген батасы:

Арқан қара нардай жауыр болсын,

Мінезің қара жердей ауыр болсын, – дейді [6, 50 б].

Бата түрінде келген бұл астарлы да мәнді шешендік сөзде - дай-дей арқылы адам бойындағы мінез бен қасиетті нардың төзімділігіне және қара жердің ауырлығына теңеп, кеңпейілділікке үндейді. Алғашқы жолда, нардай төзімділікпен халқыңа қызмет ет десе, келесі жолда, салмақты бол, жердің бәрін көтеретін сияқты, сенде төзімді бол деп астарлап теңейді. Бұндағы теңеудің астары қалың.

–Дай, -дей жұрнағы арқылы жасалатын тағы бір түріне назар аударайық:

Жақсы кісі ақылымен тәуір болады,

Мінезі қорғасындай ауыр болады,

Құлағы өсекті естімейтін сауыр болады,

Кедейдің жалғыз керіндей

Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады.–дейді Бөлтірік шешен.[5, 30 б].

«Мінезі қорғасындай», «кедейдің жалғыз керіндей» деп алсақ та, әдемі теңеу жасалып тұр. Бұл кімге айтылған теңеу, неге айтылған теңеу? ... Бұл жақсы адамға берілген мінездеу. Сондықтан да тек –дай, -деймен жасалған теңеуді теріп алсақ, теңеудің мәні әлсірейді. Жақсы кісі қандай теңеуге лайық. Шешен тілімен айтқанда – ақылды, сабырлы, салмақты, өсекке ермейтін салихалы, келбетті, халықты соңынан ерте алатын азамат болуға тиіс. Шешендік сөздердегі теңеулер тек салыстырумен ғана шектелмейді. Оның шешен сөзінің мазмұны мен пішінінің тұтастығына да қатысы бар. Сонда ғана шешендік стильдегі теңеу бола алады. Мына бір шешендік сөзге назар аударайық:

Бақ-дәулет келер болса,  
Отыңның басы ұйым болар,  
Үйің күнде мейман – жиын болар.  
Кедейлік келер болса,  
Бұта түбі үйің болар,  
Кедейлікке қарсы тұр,  
Келетұғын көрінбей.  
Бір мінсе иығыңнан түспейді,  
Қайнатқан қара желімдей. [ 5,456].

Шешен сөзінің басында бақ-дәулет туралы сөз қозғайды да, оны кедейлікпен салыстыра баяндайды. Екеуін салыстыра отырып, кедейліктің жолынан сақтандырады. Оған көз жеткізу үшін тындарманына кедейлікпен желімді қатар теңеп суреттейді. Бұл шешендік сөздегі теңеуді сөздің қорытпасы ретінде қабылдауымызға болады. Шешен шынайы өмірден жиған тәжірибесін бақ-дәулетпен кедейліктің образы ретінде алып теңейді.

Қазақ шешендерінің шығармашылық даралығын айқындайтын көркемдік бейнелеу құралдарының қатарында тілдік құралдар деңгейіндегі және оқиғалар деңгейіндегі астары қалың теңеулер мен метафоралардың тобын кездестіруге болады. Ұлғайған, тұтасқан теңеулер мен метафоралар түрін кездестіруге болады. Шешендік сөздердің бірінде теңеу белгілі бір ойды астарлы қалыпта жеткізу үшін, енді бірде құбылыстың бейнелілігін, көрнекілігін арттыру мақсатында пайдаланылады, тағы бірде сөздің эмоциялық әсерін күшейту үшін қолданылатындығын жоғарыдағы мысалдардан көз жеткіздік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы - Алматы: Қазығұрт, 2005. – 367б.
- 2 Құнанбаев А. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер: – Алматы : Өлке, 2012. – 505б.
- 3 Негимов С. Шешендік өнер: монография / – Алматы : Ана тілі, 1997. – 20б,
- 4 Дәдебаев Ж. Сырым шешен // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – III том. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 462б.
- 5 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құрастырған, түсініктемесін жазған Ж.Дәдебаев. – Алматы, 1991. – 100 б.
- 6 Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. //Құрастырғандар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы, 1998.- 100б.
- 7 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы : –Алматы : Мектеп, 1973. - 212 б.

ӘОЖ:82.09

#### **ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ**

**ТУЛЕНБЕКОВА Ж.М.**

№25 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В этой статье рассказывается о биографии лидера нации Ахмета Байтурсынулы и его руководителей во время его освободительного движения, его заслугах перед обществом и его трудах по построению основ литературоведения. Следовательно, каждый труд, написанный для потомков гениального писателя, - это школа нравственного Завета, которая ведет наше будущее к знаниям

**Summary.** This article describes the biography of the leader of the nation Akhmet Baitursynov and his leadership during the national liberation movement, his work before society and his work on the foundation of literary studies. This means that every work written for the next generation of a genius writer is a school of moral precepts that lead our future to knowledge.

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кеменгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі де Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынов 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ к-ттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Ол Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Алайда Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі



Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери революциялық комитет төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Ол қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. Мәселен «Әдебиет танытқыш» еңбегі сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми- зерттеді. Ол «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының да негізін салды. Сондай-ақ Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу – ағарту, халықтың тұрмыс – тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор демек, қазақ әліпбиінің алғашқы авторы. Ол «Тіл - құрал», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы» іспетті еңбектерімен түрлі хрестоматияларды жазған. Бұл әдістемелік құралдары қазақ тілі білімімен тіл оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдардың қолданысына ие. Шығармашылық жолын Ахмет мысал жазудан бастады. Оның өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шокаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын – сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. Кезінде қуғын – сүргінге ұшыраған оның есімі жарты ғасырдан астам уақыт бойы аталмай, Қазақстан тарихынан лайықты орын ала алмады.

Биыл ұлт көсемінің 150 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтілуде. Дара тұлғаның өнегелі өмірі мен қазақ үшін еткен қалтқысыз еңбегі ел жадынан өшпек емес. Сол үшін оның бай мұрасы мен ғибратты ғұмырын өскелең ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А. Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы», «Әдебиет танытқыш». – Алматы: Санат, 1999ж.
2. Самырат Кәкішев «Ахаң туралы ақиқат». – Алматы: Ғылым, 2001.
3. Қапалбеков Б., А. Бексейітова «Ұлттық рухтың ұлы тіні». – Алматы: Ғылым, 1999.
4. Машқан Н. Т. «Ахмет Байтұрсынов - қазақ жазуының реформаторы. – Алматы: Білім, 2002.

ӘОЖ: 82.229

### **МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ – АДАЛДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ**

**КЫЗТАЕВА Г.Н.**

№25 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Историческая правда о том, что художественное наследие великого писателя, ученого, общественного деятеля Мухтара Ауэзова является ценным достижением не только нашей самобытной литературы, но и всей человеческой культуры. Его творческий потенциал обширен и богат. Романист, драматург, ученый – литератор,

переводчик-вот неполный список талантов великого писателя. Его эпопеи и виртуозные рассказы, повести об Абае навсегда вошли в золотой фонд казахской литературы XX века и мировой литературы.

**Summary.** It is a historical fact that the artistic heritage of the great writer, scientist, public figure MukhtarAuezov is a valuable achievement not only of our original literature, but also of the entire human culture. His creative career is extensive and rich. Novelist, playwright, literary scholar, translator – this is an incomplete list of the talents of the great writer. His epic about Abai, his short stories and short stories, written with great skill, forever entered the Golden fund of Kazakh literature and world literature of the twentieth century.

Мұхтар Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен зор еңбек сіңірген XX ғасырдың ұлы жазушысы. Шығармашылық сапары өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы дауылды дүрбелеңмен, яғни қазан төңкерісімен тұстас келген суреткер 20-жылдардың бас кезінде жазылған «Қорғансыздың күнінен» «Абай жолы» роман-эпопеясына, «Еңлік-Кебек» трагедиясынан «Қарақыпшақ Қобыландыға», отызыншы жылдардағы әңгімесі – «Білекке білектен» - «Өскен өркен» романына, эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан КСРО халықтары әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық және интернационалистік сипат мәселелеріне арналған терең теориялық зерттеулеріне дейін ұзақ та жемісті жол кешті. Оның бүкіл қазақ әдебиетінің асқақ тұрған күмбезіндей «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік даңққа ие болды. М.Әуезовтің таңдаулы шығармалары осы заман әдебиетінің жер жүзілік көлемде танылған жаңашылдығын зор қуатпен дәлелдеді. Оның туындылары әлемдік әдебиеттің айдынына мөлдір бұлақ болып құйылып, күллі адамзатқа ортақ рухани қазынаға айналды. Сондықтан да оның қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Қаршадайынан қазақтың бай ауыз әдебиетінің інжу-маржандарынан сусындап, әрісі Асан қайғы, Ақтамберді, Бұхар жырау, Дулат, Махамбет жырларынан тәлім алған, бесігінде жатып, ұлы Абай өлендерімен көкірегін тербеген бала Мұхтардың өсе келе Шығыс пен батыс мектептерін бойына қатар сіңірген дана Мұхтарға айналуы заңды құбылыс еді. Әуезов ұлттық таным-түсінік пен талғамға мүлдем жаңа леп әкелді. Оның жоғарыда аталған шығармаларының өзі қазақ сөз өнері мен көркем ойлау жүйесін жаңа сапалық биікке көтерді. Ол прозаға ғана емес қазақ драматургиясына да өз үлесін қоса білгін тұлға. Оның жазған пьесалары әлі күнге дейін сахнада қойылуда. Алғаш 1917 жылы семинарияда оқып жүргенде Шәкерім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны Ойқұдық деген жерде сахнаға ұсынды. Ол сондай-ақ публицистика жанрында да аз олжа салған жоқ. Мәселен, «Адамдық негізі – әйел», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқу әдісі», «Ғылым тілі» секілді мақалаларында ол оқу-ағартудың, мәдениеттің маңызды мәселелерін көтереді. Мұхтардың 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінде қырғыз эпосы «Манас» туралы жасаған баяндамасы ғылыми қауымның назарын аударды.

Әсіресе, отызыншы жылдар – М.Әуезовтің түрлі жанрда еңбек еткен тұсы. Бұл кезде ол ғылыми-зерттеушілік жұмысын оқытушылықпен берік ұштастырады, орта және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арнап оқулықтар жазуға, хрестоматиялар құрастыруға қатысты. Ауыз әдебиетін зерттеуді де ол шығармашылық мақсатта да жүргізген. 1934 жылы жазылған «Айман – Шолпан», одан біраз кейінірек туған «Қарақыпшақ Қобыланды», «Бекет» пьесалары – осындай игілікті ізденістердің нәтижесі. Абайдың әдеби мұрасын ұзақ тексеру «Абай» пьесасын жазуға әкелді. Мұның өзі жазушының әрқашан ғылыми және көркем творчествоны қатар алып жүргенін, бұл күрделі шығарма жасаудың белгілі бір шартына айналғанын көрсетеді. Оның сол жылдардағы шығармашылығынан қазіргі заман тақырыбына жазылған еңбектері елеулі орын алады. Колхозды ауылдың жағдайын аралап көру, сана мен салттағы өзгерістердің сырына көз жіберу жазушыны жаңа ауыл өмірінен шығармалар жасауға шабыттандырды.

«Білекке білек», «Үш күн», «Іздер», «Шатқалаң», «Бүркітші» атты әңгімелері сондай туындылар. Замана шындығын драмалық шығармаларда көрсетуге де М.Әуезов бұл тұста белсене кірісті. «Октябрь үшін», «Түнгі сарын», «Тартыс», «Тастүлек», «Алма бағында», «Шекарада» тәрізді пьесаларда революциялық дәуір мен социалистік құрылыс жылдарының оқиғалары қамтылды.

М.Әуезовтің ең жақсы аудармалары да соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде жасалды. Ол аударған Шекспирдің «Отеллосы», Гогольдің «Ревизоры», Погодиннің «Аксүйектері», Треневтің «Любовь Яровая» қазақ көркем мәдениетінің төл туындысындай жатық шықты. Кейінірек бұл аудармалар қатарына Шекспирдің «Асауға тұсауы», Тургеневтің «Дворян ұясы» қосылды. 40–50-жылдар жазушының таланты жан-жақты кемелденіп, ең үздік шығармаларын берген кезі. М.Әуезовтің бұл мезгілдегі басты табысы – төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы. Сонымен қатар суреткер қаламынан осы кезеңде «Асыл нәсілдер», «Түркістан солай туған» т. б. көптеген очерктер, әңгімелер, повестер туды. Ал елуінші жылдардың соңғы тұсында М.Әуезов осы заман тақырыбына бірнеше роман жазуды көздеп, үлкен жоспар жасайды. Осы мақсатпен ол Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас, Созақ, Түркістан, Мақтарал аудандарын аралап, халықтың тұрмыс тіршілігімен, мәдениет жағдайымен танысты, малшылар, мақташылар өмірінен бірнеше очерктер жариялады. Өкінішке қарай, суреткер өзінің алдына қойған ұлы ниетін толық жүзеге асырып үлгермеді, төрт кітапқа мөлшерленген романның бірінші бөлімін ғана жазып қалдырды, ол шығарма «Өскен өркен» деген атпен жазушы қайтыс болғаннан кейін ғана басылып шықты.

Бүкіл саналы өмірі мен дарын қуатын, қайрат жігерін туған халқына, ұлы Отанына қалтқысыз қызмет етуге арнаған, өзі өмір сүрген кезеңдегі социалистік реализм әдебиетін асыл шығармаларымен байытқан аса көрнекті жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезов артына өшпес мұра қалдырды. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, әдебиетші ғалым, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынның толық емес тізімі. Ол қай тақырыпта қалам сілтесе де оның барлық туындылары ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Саттаров С. «Мұхтар Әуезовтің ататегі». – Алматы: Санат, 2010ж.
2. Досжанов Д. «Мұхтар жолы» Роман. – Алматы: Білім. – 1987ж.
3. Жұртбай Т. «Бесігінді түзе». – Алматы: Жазушы, 1997ж.

ӘОЖ: 82.09

### **ЗАМАНЫҢ ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫСЫ**

#### **УМИРАЛИЕВА Ш.Б.**

№25 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Для изучения и осмысления наследия великого Мухтара Омархановича Ауэзова, великого писателя современности, вершин казахской литературы и культуры ХХ века, у каждой эпохи, у каждого поколения будет свое слово. В условиях суверенной страны наше внимание к наследию великого писателя будет отражением такого стремления. На протяжении веков, переживая кочевую жизнь, в середине XIX века на перекрестке, продолжатся многочисленные поиски художника, открывшего все самое сокровенное и сокровенное в жизни казахов, через судьбу непревзойденной исторической

личности. Так, мы с каждым днем убеждаемся, что творчество М. Ауэзова давно вошло в рамки вековых измерений.

**Summary.** In order to study and reflect on the legacy of the great Mukhtar Omarkhanovich Auevov, the zangair writer of our time, the height of Kazakh literature and culture in the twentieth century, each era and generation will have their own knowledge and understanding. In the conditions of a sovereign country, our attention to the legacy of the great writer will also be a manifestation of such aspirations. Many searches will continue about the artist, who through the centuries experienced a nomadic life and came to a crossroads in the middle of the XIX century, revealed all the secrets and secrets of Kazakh life, sorrows and gardens, through the fate of an incomparable historical figure, both artistic and poetic. Every day we see that the work of M. Auevov has long been included in the framework of centuries – old criteria.

Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама ғасырлар өтсе де сол ұлттың мөрі секілді санаға соғылып, адамзаттың ортақ құндылығына айналады. Солардың бастауында Мұхтар Әуезов тұр. Ол қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Бір сөзбен түйіндеп айтсақ, энциклопедиялық ұшан-теңіз білім дариясының кемеңгері әрі ұлы қайраткері.

Ұлы суреткер феодалдық қоғам ыдырап, қазақ қоғамы капитализмді айналып өтіп, социалистік қоғамның орныға бастаған тұсында әдеби өмірге келді. Сондықтан да білімділердің бел ортасынан өз орнын ерте ойып алды, ерте жарқ етіп көрінді. Ол өзінің жан дүниесін баурап алған ұлы мақсаттарды бірте-бірте жүзеге асырды. Бұл жазушылық һәм ғалымдық жол еді. Осы жол Мұхтар Омарханұлын азапты жолға апарып, әлем мойындаған қаламгерлердің сапына қосты. Сол арқылы ол шын мәніндегі халықтық жазушы деңгейіне көтерді. Ал халық жадына енген адамды уақыт та, заман да, қоғам да тарихтан сызып тастай алмайтыны белгілі. Бірақ осындай халық махаббатына жету үшін Мұхтар «тар жол, тайғақ кешулерден» қайыспай, аман-есен өтті.

Ұлы Абайды Мұхтар әдебиеттің шыңына көтерді, әлемге танытты. Бұл – ақиқат. Абайды тану арқылы Мұхтар Әуезов қазақты, оның тарихын, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрлерін, аңыз-әңгімелерін, фольклорын таныды. Бұл өз кезегінде Мұхтар Омарханұлының өмірлік принциптерін қалыптастырды. Содан болар жазушының есімін ауызға алған ең әуелі ойымызға Абай бейнесі, «Абай жолы» эпопеясы оралады. «Абай эпопеясы-творчествоның тылсым сырына, өмір мен өлеңнің өзара байланысына терең бойлаған туынды, ақын мен поэзия жайлы әлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік үздік шығарма» деген екен М. Луконин. Шынында да, «Абай жолы» - М. Әуезовтің шығармашылық зор мұрасы, қазақ әдебиетінің мақтанышы, кезінде көпұлтты кеңес әдебиетінің ірі жетістігі саналған айтулы туынды. М. Әуезов осынау ұлы туындысын жазуға жан-жақты ұзақ даярлықпен келді, көптеген жылдар бойы Абай өмірі мен шығармашылығын сарыла зерттеді, шығармаларын жариялады, ақын туралы очерк, мақалалар, көлемді зерттеу еңбектер жазды.

Абай - эпопеяның бас кейіпкері. Өйткені, осынау төрт томдық ғажайып асыл рухани қазына ең әуелі Абайдай аяулы азаматқа, күрескерге, ұлы ақынға арналған, оның халықпен қуанышты да, қайғыны да бірге бөліскен «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп соққан ұлы жүрегіне арналған рухани ескерткіш. Абайдың азаматтық һәм ақындық тағдыры, оның өз заманының озық өрені ретінде дәуірінің жауыздығымен, надандығы мен бетпе-бет келуі, осы жекпе-жекте ол тартқан қайғы мен мұң, ол тұтқан адамгершілік жол, халықтан тапқан қолдауы, «халық», «әділдік» деген қасиетті ұғымдармен Абайдың адамдық, суреткерлік мақсат-мұраттың тоғысуы, міне, бұлар ұлы Мұхтар Әуезов шығармаларында ерекше қараған, айрықша шығармашылық қуатпен, шеберлікпен көркем шешіп берген басты мәселелер. Мұхтар Әуезов Абайдың рухани өсуіне әсер еткен жайлар туралы: «Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның шығармашылық ісіне рухани азық болды. Абайдың

бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дәм беріп, шапағатын төккен арнаның бірі-халықтың өзі жасаған, ауыздан ауызға тараған, баспа жүзінде басылып сақталып келген қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы, ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна-Шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, үшінші арна-орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті», - деген екен.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қазақ халқының жарты ғасырлық өмір-тіршілігінің кең де көркем панорамасын берді. Замана сипатын, саяси-әлеуметтік алуан түрлі оқиғаларды, адамдар характерін, олардың арасындағы күрестартыстарын бейнелеуде зор суреткерлік шеберлік танытты. Әсіресе жазушының тіл шеберлігі мен көркем ойлау қуаты айрықша көзге түседі.

Жазушы шеберлігі кейіпкер тілін мінездеріне сай даралаудан да, суреттеу мен мінездеу тәсілдерін ұтымды, әсерлі қолдануынан да көрінеді. Құнанбай тегінде шешен адам, бірақ, ол қыздырма қызыл тілге орынсыз бара бермейді, өз ортасындағы бедел-айбынына сәйкес ол көбіне қысқа, тұжырымды, салмақты сөйлеп, шешіле бермейді. Сәлемінде зіл, бұйрыққа бергісіз мағына бар. Өз мақсатын қалайда орындатуға келгенде ол өзгені мүдіртер шешендік те, ойлы оралымдылық та таныта алады. Ал әділет сөзін айтып, ақиқат үшін алысқан Абай, Дәркенбай, Байзаралы сөздерінен тіліп түсер өткірлік, адамгершілік пен надандық, шындық, өзіндік мінез танылады. Абайдың сөз саптасы, ойлау жүйесі оның есеюіне, ойшыл азаматтың дүниетанымы мен ақындық күрескерлік тұлғасының қалыптасу белгілеріне байланысты өзгеріп, байып, тереңдеп отырады.

Қаламгер көркемдік қуатпен бейнелеген табиғат көріністері де эпопеядағы оқиға дамуымен, кейіпкерлердің іс-әрекеті, ой-толғаныстарымен, мінез, танымдарымен идеялық тұрғыдан шебер байланысып, астасып жатыр. Қазақ елінің маңдайына біткен кемеңгер жазушының биыл дүниеге келгеніне 125 жыл толды. Күллі қазақтың атынан үн қатып, ғасырларға сын бермес мұралар қалдырған жазушы әлі де болсын бізбен бірге ғұмыр кешуде. Мәдениеттің ордасындай болған Семей қаласында білім алып, әдебиет арнасында мөлдір де кіршіксіз бұлақ бола білген жазушы шығармашылығына киелі жердің киесі тұнған десек те артық айтпаймыз. Ал болашақ жазушының тұңғыш тәлім-тәрбие алған алтын бесігі, қанаттанып ұшқан ұясы – Абай мектебі еді. Хакім Абайдың ғұмырын танытқан, дара жолын әйгілеген шуақты таланттың еңбегі – тек қазақ елінің байлығы емес, барша адамзат баласының байлығы. Ол бүкіл шығармашылығында қазақ халқының арманын айшықтап, мұратын мәністеген, одан өзін ешуақытта бөле-жара қарамаған суреткер. Ол өзінің жазушылық миссиясын әу баста осындай өте биік, жоғары тұрғыдан қарап, түйсінген жан. Бүкіл өмірін ол осы ұлы жолға салып, соған арнау үдесінде болды. Заңғар жазушының мұрасы қаншама тарихи толқындардан мүдірмей өтіп, ел-жұртымен бірге желкені қайбырылмай жүзіп келеді. Оның себебі жазушы шығармаларының уақытпен үндес, рухтас бола алғандығынан. Ол сонысымен асқақ, сонысымен биік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 «Біздің Мұхтар» Естеліктер жинағы. – Алматы: Білім, 1997ж.
2. Бердібай Р. «Мұхтар шыңы». – Алматы: Ғылым, 1997ж.
3. Жұртбай Т. «Талқы». – Алматы: Ғылым, 1997ж.

ӘОЖ 821.512.122

### **АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ**

**ТУЙМЕБЕКОВА МАДИНА КАНЛЫБЕКОВНА**

И.Панфилов атындағы №39 мектеп-гимназияның

**Резюме.** В статье рассматривается мировоззрение Абая, отраженные в его "Словах-назиданиях"

**Summary.** The article deals with the worldview of Abay, reflected in his "Words of Edification"

Өзінің адамгершілік, әлеуметтік, ағартушылық ойларын айтуда, Абай гуманистік көзқарасты қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жеңіл ойдан толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-өсиет сөздерін де тереңдете түседі. Абайдың 1933 жылы жарық көрген толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармаларын Мұхтар Әуезов «қарасөз» деп атады. Ол өз зерттеулерінде бұл мәселе жайлы былай деп жазады: «Жалпы саны қырық алты. Оның алты-жеті үлгісі қысқа келеді. Бұл қатарға қосылатындар он алтыншы, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма төртінші, отыз бірінші, қырық бесінші сөздері. Жалпы қарасөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратыны – қырық алтыншы сөз. Ол тарихтық мақала-очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты. Өзге қырық бес сөздің ішінде көлем жағынан ең мол шығарма бұрын Абайдың қолжазбаларында «Ғақлият-тасдиқат» деген атпен бөлекше көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі Абайдың бір үлкен ой-толғауы болады» [8, 208].

Абайдың барлық қарасөздерін ғалым он-он бір тақырыпқа бөліп қарастырады. «Жейбір тақырыптар бір топ сөздердің көлемінде қайталап, әр алуан жаңа мысқыл, теңеулермен, дәлелдермен молайғаны болмаса, ой жағынан бір алуандас болады. Ал кей тақырып, бір-бір қарасөзде айтылумен тоқтап отырады. Мысалы, бірінші қарасөзінде Абай жазуға қалай кіріскені туралы сөйлейді, бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің шығармашылық еңбегіне ойлы түсінік береді. Бірақ кейін осы тақырыпқа өзге қара сөздерде оралмайды», – дейді тұңғыш абайтанушы ғалым [8, 212]. Қарасөз дегенді кейінгі кезде өлең сөз, өлең-жыр, дастан, яғни поэзия дегеннен ажыратып, қарасөзбен жазылған әдеби шығарма, көркем проза деген кең мағынасында қолданып келді. Бұрын ғақлия деп аталып келген (38-сөз ғақлия-тасдиқат делінген) Абай сөздерін кейінірек осы мағынада қарасөз деп атау дәстүрге айналды. Осылайша, М.Әуезовтің атауымен қарасөз дегенді осы қалыптасқан мағынасында алып, Абайдың ғақлия сөздерін осылай атап кетті.

«...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз еркім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [12, 8]. Ертеректе, Абай заманында қара сөз дегеннің мағынасы басқаша болғанын айта кеткен жөн. Мұны Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңіндегі:

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,

Қазаққа қара сөзде дес бермедім, – дейтінінен де аңғару қиын емес. Қарасөз бұл қолданыстағы ауызша айтылатын қазақ арасында кең тараған шешендік сөз деген мағына береді. Шешендік сөз үлгілері билік айтқанда, дау-дамайда, талас-тартыста әсіресе жиі қолданылып шындалып келген. Сондықтан шешендік өнер, шешендік сөз ерекше тапқырлықты, ойды ұтымды, өткір етіп және көркемдеп, бейнелеп айтуды талап етеді. Шешендік сөз нақыл, мақал-мәтел секілді өткір, ықшам болып келеді, көбіне ырғақты қара сөз түрінде, кейде өлең-жырға тән жеңіл ырғақпен келіп, сөз үйлесімдерін мол қолдануға әуестік те байқалады. Абай шешендік сөздердің осындай байлығынан мол сусындап, шешендік өнерді еркін меңгерген. Ел билеу ісіне жас кезінде араласқан Абай шешендік сөздерді көп құнттап, үйреніп жүреді. Абай айтты деген сөз үлгілерінен, ақынның шығармаларынан, біз оның шешендік сөзге алдына жан салмаған жүйрік болғанын анық байқай аламыз.

Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Кейбір сырт сипаттарына қарағанда, Л.Толстойдың «Круг чтение» деп аталатын еңбегіне ұқсас. Толстой өзінен басқа ойшылдардың көп-көп жайлардан жазған толғаулы терең пікірлерін жиып, топтап, өз оқушыларына бірнеше кітап етіп ұсынады. Сөз бастағанда әрбір жайлардан өз ойларын келтірмейді

Абайтанушы ғалым, академик З.Ахметов бұл туралы былай дейді: «Ақынның қарасөздері жайлы кең зерттегенде, Абай өзінің ғақлия сөздерін, қарасөздерін түгелдей дәстүрлі шешендік сөз үлгісінде құрмайды. Олардың кейбіреуі шешендік сөз үлгісіне ойды ұтымды, өткір айтуы жағынан да, сөзді өрнектеп келтіруі жағынан да толық сәйкес келсе, бір талай сөздері басқаша құрылады, кейбірі қарапайым тілмен айтылған қоғамдық, адамгершілік мәселелер жайындағы әңгіме-сұхбат болып келеді» [11, 234]. Ал жиырма жетінші сөз Сократтың шәкірті Аристотельмен сұхбаты түрінде, отыз сегізінші сөзі діни трактат түрінде беріледі де, «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» дегені өз алдына бөлек тарихи тақырыпты қозғайтын әңгіме болады.

Екінші сөзінде халықтарды салыстырады. Қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес елдерді қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді. Әңгімені жай бір тыңдаушылар тобында отырғандай, жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады. Еңбек сүйген ел атулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпке, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қалып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады.

«Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: енеңді ұрайын кең қолтық, шүлдірлеген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «экә-үке» десіп, шығып кетсе қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген міне осы деп. Сонда ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім...» [12, 154].

Тақырып жағынан алғанда, үшінші сөз де өзінше бөлек бір алуан. Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық аппараты туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын, тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерелейді. «Уақытша себі бола ма?» деп бірер ұсыныс айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқуы бар адамнан болса екен дейді. Және тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот орны туралы пікір айтады. Ел ішіндегі дау оңай шешілуі үшін, әділетпен аяқталуы үшін патшалық өкіметі сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Абайдың ойында да билік, тергеу халықтың қамына жақын болса екен дейді. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулы орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар. Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Өлеңдік шығармаларында өз заманының шындықтарымен қолма-қол байланысты болып, оны сынау арқылы пайдалы іс етемін деген ақын, жаңағы қара сөзінде сол әлеуметтік, әкімшілік қалпына нақтылап араласқысы келеді. Әсіресе, халыққа күнделік іс-әрекеттермен бейнет, дерт әкеліп отырған тергеушілік тәртіптің сорақылықтарымен айналысуға кіріседі. Төртінші сөздің де тақырыбы өзіне бөлек басқаша шығады. Бұл өсиетте бұрынғы өлең сөзінде де көп айтқан бір тақырыпты қозғайды. Онысы күлкі туралы ойлаған ойы.

«Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын... Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірін ескерусіз босқа, жарамсыз қылықпен, қор еткізіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» [12, 162]. Бесінші сөзінде қазақтың кейбір мақалдарын сынайды. Мұнда халық

санасының өзіндегі надандық, қараңғылықтың салдарынан туатын мінді мінез, кемшін ой, айыпты әрекеттерді шеней өтеді. Мал үшін өмір кешетін адамдарды үлкен қиялмен сынап, айыптап түзетпек болады.

Ал қарасөздерді түгелдей алсақ, олардың басты өзгешеліктерін М.Әуезов дәл айтқан: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» [8, 204]. Қарасөздер тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады. Алайда әңгіме сұхбат жанрының өзіндік ерекшелігін толық пайдаланып, Абай адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр-түрлі топтардың қылып жүрген әрекеті, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық, секілді бірталай мәселелерді қарасөздерінде кеңінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер айтады. Мысалы, 3-сөзінде егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу қажеттігін елдің өмір-тұрмыс жағдайына, негізгі харекетіне, күнделікті атқаратын істеріне байланыстыра айтады, халықтың өмірін, әртүрлі топтың өкілдерінің мінез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жан-жақты талдай отырып айтады. Болыс сайлау мәселесін сөз қылғанда да сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдет-ғұрпын, ұғым-түсінігін толық ескеріп отырады. Ел билейтін адам заман ағымын, елдің мұқтажын жақсы біліп, сонымен қатар «Есім ханның ескі жолы», Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді бұрыннан келе жатқан ел басқару тәсілдерін жаңа заманның ыңғайына қарай орнымен пайдалана білмек керек дейді. Адал еңбекпен мал табу, ерінбей-жалықпай ғылым үйрену қажеттігі туралы ойын Абай 10-қарасөзінде басқа бір қырынан келіп бала тәрбиелеу мәселесіне жалғастыра өрістетеді. «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» деп бастайды Абай сөзін. «Ол баланы не қылады?» деген тосын сұрақ екені анық. Бала тілеу, бала болса екен деудің ешқандай оғаштығы, таңқаларлық ештемесі жоқ деуге болатыны айқын ғой. Абай осындай сұрақты қойғанда, сол баланың келешегі қандай болады, одан ата-анасы не жақсылық күтеді деген мәселеге айрықша зейін қоюға ұмтылған. Сөйтіп, «ол баланы не қылады?» дегені оны қалай тәрбиелейді, одан нені күтеді, қандай адам қылып өсіре алады деген ойды әсерлі жеткізу үшін айтылғаны байқалады. Абай өзгеше ұтымды шешендік тәсіл қолданғаны да артық көрмейді. Мысалы, «Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егер де ер жетсін десең, өзі ер жетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақта туар ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндей ел асырап өсірмек пе екен?» дейтіні немесе «Қартайғанда асырасын деген, о да бір бос сөз. Әуелі өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетермісің, жоқ па? Екінші балаң мейірімді болып асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші малың болса кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары-ол да екі талай» [12, 26] дейтіні, осылай тыңдаушысын бас салып, бұлтартпай, кіналағандай сөйлейтіні айтатын пікірі неғұрлым өткір, нанымды етіп жеткізу тәсілі екені анық. Ойын қорытындылай келе, «...Мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң балаң тапсын», – дейді.

Сегізінші сөзін Абай тағы да бірден: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деген сауалдан бастайды. Осындай сауал қою арқылы болыстар мен билер білім, ғылымға мән бермейді, өздерін толдық-болдық деп есептейді, байлар болса, олар өзінде жоқтың бәрін малмен сатып аламын деп санайды, ал кедейлер күнін де көре алмай жүр деген ойын бұлтартпайтын шындықтай көңілге сиярлық етіп айтып береді. Ойын түйіндей келе: «Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгемен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек», – дейді, алдыңғы үшеуі дегені – болысты, биді, байды айтқаны.

Абайдың болыс, билердің, байлардың өз шаруасымен күн көрген кедей адамдардың сөзін тыңдауға ықылассыз болуының себебін айтуы кекесіндеу, мысқылдау секілді. Бірақ, шынында сол сөздер құр сықақтау үшін асырып айтылмаған. Олардың психологиясын,



мінез-құлқын, ойлау өрісін, тіпті сөйлеу ерекшелігін жете біліп, шындыққа сай, дәл сипаттаған.

Білім-ғылым үйренгенде қандай мақсат қою қажет, бұл істі қандай ниетпен істеу қажет дегенді Абай 32-сөзінде саралап талдап айтады. Білім-ғылымды дүниенің сырын ұғып-түсіну үшін, ақиқаттың, шындықтың жақтаушысы болу үшін үйренбек керек «Бақасқа бола үйренбе» дейді. Жиырма бесінші сөзінде де осы ойлары жалғасын табады: «Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім, өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себеб: олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі, онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» [12, 68] дей келіп, Абай орыстың тілін, ғылымын үйренгенде соны қандай ниетпен істеу керек дегенге үлкен мән береді. Қазаққа күзетші болайын деп, бізде жұрт білгенді біліп, елдің қамын жейік деп үйрену керек дейді. Сонда «ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз зорлығына көнбес едік» дейді.

Абай адамның ақылдың сөзін ұғып аларлық қасиетін, жігер-қайратын өте жоғары бағалайды. «Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көптің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау... – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз». «Осы жұрттың көбінің айтып жүрген кісілерінің бәрі – бәлеге, жаманшылыққа елертпек үшін, бірін-бірі «айда, батыр!» лап қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері, әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?!» [12, 77].

Осындай сипаттамалардан Абай өмірдегі нақтылы жағдайларды, әртүрлі адамдардың мінез-құлқын, әрекетін көзге көзге елестерліктей асқан суреткерлікпен бейнелей отырып, негізгі ойын нанымды түрде айта білетінін тани аламыз. Он бесінші сөзінде ақылды кісімен ақылсыз кісінің айырмасы туралы айтқанда да Абайда жинақтап мінездеу шеберлігі анық байқалады.

«Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдан ағатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, ананы» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып қалып, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім». Есті кісілер мен есер кісілердің мінезін, қылығын Абай қандай да сырт қарағанда оп-оңай көзге іліне қоймайтын ерекшеліктерін қалт жібермей, дөп басып, дәл танитын нағыз үлкен суреткерге тән көрегендік пен сипаттап береді. Ойын осылай әсерлі бейнелеп айта келіп, тікелей ақыл-кеңес айтуды да жөн көреді. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір өзіннен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғанна бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – дейді. Бұдан біз адамның есті болуының басты шарты, оның әрбір істеген ісіне сын көзімен қарап, дұрыс бағалай білуі, содан тиісті қорытынды шығара алуы деген түйінді аңғарамыз. Он тоғызыншы сөзінде Абай осы ойын тағы бір қырынан өрістетіп, адам туғанна есті болмайды, естіп көріп, ұстап, татып ескерсе, сондай білгені, көргені көп адам есті, білімді болады дейді. Және естілердің айтқан сөздерін ұғып, ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады дейді: «Сол естілерден естіп-білген жақсы нәрселерді

ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» дей келіп, халқына деген зор сүйіспеншілігін ащы да болса сын арқылы жеткізеді.

Қырық үшінші сөзінде осы ойларын «кім де кім сырттан естіп-білу, көру секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жинағаны бар адам; сынап орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерден есеп қылып, қарап табады» дей келіп, одан әрі пікірін ширатып, тереңдете түседі. Адам көрсе қызарлық, салғырттық, ойын-күлкішілдік секілді жаман мінездерге бой алдырса, естігенін есінде сақтай алмайды, алған білімді, үйренген ғылымды пайдалы іске жарата алмайды. Білім, ғылымды үйренбекке талап қылған адамның «ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» дейді 31, 32-ші сөздерінде. Абай кейбір қарасөздерінде мақтаншақтық, кербездік, өтірікшілдік, болмашы нәрсені көңілге жұбаныш етушілік сияқты мінез-құлықтарды, көп адамдарда намысқорлық, табандылықтың жетіспейтінін қатты сынап шенейді [8, 94].

Бірнеше қарасөздерінде Абай имандылық, алланың хикметі жайлы мәселелерді сөз қыла отырып, адам бойындағы жағымсыз мінездердің болашағына келтірер зияны жайын да отыз сегізінші қарасөзінде осы мәселелерді жан-жақты, тыңғылықты түрде баяндайды. Құдайға сенуді Абай адамгершілік идеяларымен тығыз байланыстырып айтады. «Ғылым – алланың бір сипаты», «алла тағала – өзі «хақиқат жол», хақиқат пен растық қиянаттың дұшпаны», күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білемін», [12, 100] – деген сөздерінен осыны айқын байқауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арн. ғыл.-теор. конф. материалдары (Алматы, 1959, 15–19 маусым). – Алматы: Қазақ КСР ҒА баспасы, 1961. – 374 б.

2.Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2003. – 336 б.

3.Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚМБ, 1958. – 307 б.

4.Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.

5.Ісмайылов Е. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ҚМБ, 1941. – 203 б.

6.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 40 б.

7.Абай Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... : Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Абай (Ибрагим) Құнанбаев. - Алматы: Раритет, 2008. - 384 б.

8.Абайды оқы, таңырқа / құраст. М. Мырзахметов. –Алматы: Ана тілі, 1993.– 160 б.

9.Абай Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер / Құнанбаев Абай. –Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.

10.Абай Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Қара сөздер / Абай. – Алматы: Мектеп, 2007. – 242 б.

11.Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі / З. Ахметов. – Алма-Ата: Ана тілі, 1995.– 272 б.

12.Мырзахметұлы М. Абайтану әліппесі: жақсы ұстаз / М. Мырзахметұлы. – Токио, 2010. - 127 б.

ӘОЖ:378.012

#### **М.БАЙҒҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ЖАСАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

## АМАНҚҰЛОВА А.М

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается воспитательное значение оценки учебных трудов в младших школьников.

**Summary.** The article discusses the educational value of evaluating the educational works of younger schoolchildren.

Қазақ қаламгерлерінің творчасынан орын алған әңгімелер аз емес. Әңгіме жайын сөз еткенде Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты жазушылардың өнегелі ұлы ісін ұстаған жөн. Бірақ оның бәрін тәптіштеп жату біздің тақырыбымыз емес. Мархабат Байғұтовтың әңгімелерінде біз автордың артық баяндауы, кейіпкерлердің өзара әңгімелеріндегі шексіздік, кейіпкердің портретін қате нәрселермен салыстыру сияқты артық сөздерді кездестірмейміз. Мұндай артықшылықтардан аулақ болған Автор өз тарапынан портреттер түсіруді жалғастыру үшін өз әңгімелерінің кейіпкерлеріне мырзалық көзқарас танытпайды. Жазушы көбінесе шәкіртіне кейіпкер туралы терең түсінік беру, кейіпкердің өзін айту, кейіпкерлердің өзара түсіністігін беру үшін пайдаланады [1].

Әңгіме мазмұнынан осылай танылған кейіпкер, оқушының көз алдын жақын келіп, тіпті ол ауылындағы ескі танысына ұқсап кетеді. Сондықтан, Мархабат жасаған кейіпкерлердің бірінің қимылына өзінен-өзі күлесің, бірінің мінезінен түңілесің, бірін аяйсың, біріне сүйсіне қарайсың[2]. «Доланай шахтасы» әңгімесіндегі қалтасында ақшасы бола тұрып, қасындағы Ермектен ақша қарыз сұраған Қасаттың сараңдығын Тілеміске теңейді. Тілеміс деген арқалының шық бермес Шығайбайы болған екен. – Сен сол Тілеміссің, оны аз десең, көмусіз қалдырған туысын Көбдікті де білеміз – депті Ермек ашуланып. Жазушы осы кездегі Қасат бейнесін: «Қасат қалшылдай жөнелді!. Басы тым үлкен еді. Қара есектің шылбырын долананың бұтағынан шеше алмады. Қолдары дірілдеп, шынтақтары шошандады. Ақырында шешті-ау шылбырды. Иегі де шошандап кетер ме еді, басының салмағымен омырауына тіреліп, сақалы қойтасқа жаншылған киік отындай болып көрінді» - деп суреттейді [3,142б.].- Өз басындағы қатыгездік пен сараңдық бетіне басылған кездегі Қасаттың портреті қоспасыз, қысқа тұжырымды, дәл берілген. Қасат бойындағы ашу-ыза психологиялық өзгеру, оның барлық физиологиялық құрылысымен қоса құбылған сияқты. Жазушылық үйлесімділік, жазушылық шеберлік деп, осыны айтсақ керек.

Жазушының «Айып» әңгімесін оқып отырып, қайта-қайта еріксіз езу тартасың. Арысбайдың жанұясындағы кемшіліктер біздің ауылдағы бірнеше жанұяға ортақ екенін ұғындым. Мархабаттың «Айыбында» Арысбай, ал біздің ауылда аттары басқа - басқа. Аттары басқа - басқа болғанмен балаларындағы жігерсіздік, тәртіпсіздік, намысы жоқтық бір-бірінен аумайды. Мархабат атай жасаған кейіпкердің дара болмай, әр оқушының аулынан топ-топ болып табылуы – шығарма тақырыбының шыншылдығы, басты кейіпкерінің типтілігі. Арысбайдың сөзіне құлақ салайық. «Аспандарын – Арысбай, бастауыш кластан аса алмады. Жерлерің – Жүзімкүл байғұс жетіншіні өліп-талып бітірген, - деп күбірледі, баласының аттестатын ұстап отырған күйі. – Бірақ біз соғыстың кесірінен оқи алмап едік. Мыналарға не жоқ енді?!». Автор Арысбай өз сөзі бойынша жанұясындағы білімсіздікті, балаларының да өздерінен аса алмағанына өкіндіреді. Өз баласын өзі сабап, учаскелік милицияның сұрауынан директордың көмегімен құтылып, заң қызметкерлеріне айып төлеп, ауылда келіп түскен Арысбайға көзі түскен ауыл адамдары:

- Арысбай зауытқа ауысқан ба?
- Сырттай оқуға түскен шығар?
- Кешкі оқуға кірген шығар? – десіп мырс-мырс күліскен.

- Қамап қойыпты деп жүр еді.

- Кеше ақша сұрап жүрген. Бірдеңе беріп құтылған екен десіп, болжам жасағандар да болған. Автор осы бір азғана диалог арқылы ауыл адамдарының болмыс тіршілігін алдына жайып салғандай [3,249б.].«Көрпесайдың кітапханасы» әңгімесінде білімділікке қарсы білімсіздіктің, ізгілікке қарсы көрнекіліктің, салауаттылыққа қарсы маскүнемділіктің зардабын тартып жүрген кітапханашы Сейсенкүлдің жан-дүниесін тербеткен қайғысын өзіне баяндатады.«Жапырақ кешіп жүргенді мен де ұнатамын. Жалғызсырап, жабырқаған шақтарында алыста болса да сені ойлайтын адамның жер бетінде бар екендігіне сену де бір бақыт білем. Бірақ ондай жұбаныш та менің маңдайыма жазылмаған шығар. Менің бақытыма кітап деген нәрсе ойлап шығарылыпты. Кітаптарға рахмет. Жалғызсыраған кездерімде маған кітаптарым көмекке келеді. Ал күйеуім кіт апты жек көреді. Кітап атаулыны көргісі келмейді. Мені кітаптың кейіпкерлерінен қызғанып өле жаздайды. Үйімізде бірде-бір кітап жоқ. Кітап көрсе, өртейді. «Сен кітапхананы қашан тастайсың, мен арақты сонда тастаймын», - дейді. Ал, кітапсыз, кітапханасыз мен қалайғұмыркешпекпін?»Сейсенкүл тағдыры, Сейсенкүл суреті көз алдымнан кетпейді. Оқып отырғанында әңгімедегі кейіпкер екенін ұмытып, көмектесудің жолына сапар шегетіндей қиялға кетесің, күйеуін бұл өмірден қош айтыстыратын амал іздегің келеді. Сейсенкүл тағдырының аяныштылығын, жолдасының қатігездігін жай ғана түсінікті сөздермен дәл берген [3, 229б.].

«Ақ орамалды қыз» әңгімесінде оқу жылы аяқталған соң, мектеп оқушыларының жазғы демалыста істейтін жұмыстарын белгілейтін жиын өтеді. Осы жиында сөйлеп тұрған оқушылардың сүйікті ұстазының сол мезгілдегі бейнесін былай жасапты. «Ақ шәйі жейдесінің жеңінен кірген жел ағайдың арқа тұсын ақ желкендей керіп жіберді. Кестелі жағасын қайта-қайта тартқылап, қос қолдап ұстаса да, болатын емес. Ағай сол ыңғайсызданғанымен, керемет келісіп тұрды. Ақ желкеннің әсерімен ағайымыз теңіз бетімен жүзіп жөнелетіндей көрінді.»

Мұғалімнің портреті еңбекқор оқушының әңгімесінде ұсынылған, ол асығыс, жазғы жұмысқа кіріскенше, сабырсызданып су таситын бөшке тәрізді арбаны иеленгісі келеді, сәтті суреттелген. Шәкірттің мұғалімге деген ыстық сүйіспеншілігі оны бір кездері Ақ желкен сияқты сипаттау, таң қалдырғанымен, бір кездері ақылды шәкірт идеясының көркемдік көрінісі. Теңіздің бетіндегі кеме-бірде-бір жазушының қолынан мұндай суреттеуді қазірше ықпалдестірмедік. Жазушы суреттеген бұл картинаның бірі-жұмысқа кетіп бара жатқан еңбек адамдарының көлігінің керемет көріністерімен байланысты. «Мен машинаның ең артындамын... Қыздардың бәрі қызыл орамал, әйелдер ақ орамал тартқан. Қыздардың орамалы қызыл галстук секілді, машина селк-селк еткен сайын жел үрлеген жалындай лап-лап жанады. Кешегі мектеп алдында өткен жиналыста, онда сөйлеген директор ағайд ойладым. Маржанбике бастаған әйелдердің орамалдары директор ағайдың кестелі жейдесіндей аппақ-ау, аппақ. Жұмыс десе жүрегі алып ұшатын 6 – класс оқушысына бәрі жақсы. Ол үшін жұмысқа бару, жұмыс істеу, жұмыстан қайту бәрі-бәрі қуаныш. Осы сурет көз алдымыздан өткенде, біздің де кешегі ауыл шаруашылық жұмыстарына барған албырт шағымыз ойға түседі.«Ақ орамалды қыз» әңгімесінің басты кейіпкері Қалбибінің портретін жазушы өмірі ұмытылмастай етіп өрнектеген.«Қалбибі біздің тұсымыздағы арықты шабуға кіріскен. Қара торы екен. Бет-жүзі дөп-дөңгелек, мұрны сәл келте біткен. Шашы беліне жетеді, қос бұрым етіп өрілген. Кемшілігі оң жақ бетінде, шекеге таман алақанның жартысындай қалы бар. Сол жағынан сүйкімді-ақ, ал қалы бар жағынан басқашалау көрінеді. Өттең қалдың қалың, жалпақ болып жабыса қалғанын қарашы.» Осы портреттегідей қос бұрым етіп өрілген шашы бар, дөңгелек жүзді қара торы, бетіндегі қалы бар (үлкен кішілігіне қарамай) қыз көрсем, алдымен ойыма, содан кейін көз алдыма Қалбибі елестейді. Егер қалбибі портреті Мархабат ағай суреттегендей анық болмаса, ойға ұзақ сақталмаған болар еді [3, 350б.].«Жанымайдың жотасындағы» жоғарғы оқу орнына Қанай аулынан бірінші оқуға түскен Пернеханның ауылға келгендегі бейнесі де әдемі суреттелген.Пернехан

талмен қабаттасты. «Стиляга» болып кетіпті. Дәуталмен салыстырғанда тіпті шілбиіп, жіп-жінішке көрінді. Шалбары санына жабысқан, ақ плащ киген, қызыл шалмасы бар, шашы қасының үстінен тегістеп қырқылған, желкесі күдірейіпті. Желкесі емес жақындағанда байқады, шашы екен.» Көз алдына қаладан ауылға келген бір Пернехан емес, Пернехан сияқты бірнеше жас тізбектеліп, елес береді. Ол кейіпкердің өмір шындығынан алынғанын өмірде болған кейіпкер екендігін танытады.

Осы әңгімедегі дәл жоғарыдағыдай көркем жасалған портрет – Кендебай портреті. Жанымайдың жотасына Қаратай шығарып салатын Кендебай. Ол Отан алдындағы әскери борышын орындап, ауылға демалысқа келіп, қайта аттанған. Кендебайдың ысылған ширақтығы, ауылдағы ағайындар мен Қаратайға деген ыстық ықыласы оқырман есінде ұзақ сақталады [4,207б.]. Қанай ауылынан механик дайындайтын техникумға алғаш аттанған Базарбек болды. Бірақ оқуды толық аяқтай алмай, келіншек алып, ерте оралды. Әңгіме авторы біраз жағдайды Базарбектің өз аузынан баяндата отырып, ауылдық жерде шешімін таппай жатқан құпия сырдың бетін ашқандай болады. Бұл суреттен бір жағынан Базарбектің келбетін танысақ, екінші жағынан тынысының құпиясын танимыз. Базарбек Қанай ауылы бойынша құрмет тұтар қариясы Қаратайдың әкесінің алдына келіп: «- Қоймаймын, ашып айтыңыз?! Бі-ле-ем, білем мен сырттай қарағанда тып-тыныш, моп-момақан ауылсындар, өсек-аяңға келгенде заулап тұрған дауылсындар, көке. Мені, ойхой бір, лаулатып отқа жағады-ай енді, оқудан шыққанымды, орыстан келіншек әкелгенімді..... оқудан шығып қалдым, көке. Оны да айтып қалайыншы, жасырып керегі не?! Үлгермедім, көке. Қанша тырыстым, тырбаңдадым, бәрібір болмады. Мектепте Дөңкебай ағай уызға жарытпаған екен. Қиын екен. Қанайдың маңдайына арнаулы орта білімді механикті де жазбады ғой, жазбады. Енді мынау Қаратайлар қиналмасыншы. Осылар оқысыншы... Келініңіз орыс тілі пәнінен сабақ беретін, тіл техникумын бітірген, білдей маман, көке. Жақтырасыз ба, жоқ па? Батаңызды бересіз бе, жоқ па? Бұл жерде шындықтан жалтармайтын, өз бойындағы және ауылдастардың бойындағы кемшілікке төзбейтін шыншыл, турашыл Базарбекті танимыз [4,220б.]. Жазушының кейіпкерге портрет жасау шеберлігі «Жемелек» деген әңгімесінде тағы бір қырынан танылады. Соғыстың ауыртпалығын бастан кешіп, қайтіп келгеннен кейін де тынымсыз еңбекке араласқан Жаманқұл кәрия күні бүгінге дейін «келіншегім» деп келген Тазагүліне ерекше сыйластық пейіл білдіреді. Жаманқұлдың осы сезімін жазушы жандандыра суреттейді. «Тегінде Тазагүлге ту сыртынан қарағанды қалайды. Мұндай қылықты қай кезде, қалай тапты, жадында қалмаған. Қазір міне, қораның селдір тартқан тұсынан сығалайды. Келіншек демей, кім дерсің. Қос бұрымы қап-қара, жемелегі ұшында, кір жуып отыр. Жігітінің жейдесі болар, сірә, жігітінің жейдесін ақ көбіккев салып шайқайды келіп шайқады. Сөйтсе, қос бұрымы біресе белінің бергі жағына аунайды, біресе арғы жағына аунайды. Қымбат шолпы тағынбай, жіптен ескен шашбауы – жемелеге еркелеп, Балбастаудағы балағына оралар балдыр болып ойнайды. «Адам көңіліндегі ыстық сезімді, ынтызарлықты суретке айналдырған деп ойлаймын. Міне, жазушы шеберлігі деп осыны айтса болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. М.Байғұт Шығарма. – Жұлдыз: Жазушы, 1999. – 41 б.
2. Н.Бегалиев Махаббат мақам Мархабат. – Алматы: Ордабасы, 2005. – 255 б.
3. М.Байғұт Төрт томдық шығармалар жинағы I том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 381 б.
4. М.Байғұтов Нәуірзек. – Алматы: Жалын, 1988. – 237 б.

## Қ.КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**БЕРКЕНОВА Р.А.**

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**САДЕН Н.А.**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается воспитательное значение оценки учебных трудов в младших школьников.

**Summary.** The article discusses the educational value of evaluating the educational works of younger schoolchildren.

Алаш қозғалысы-дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені Алаш-бұл біздің халқымызды бесікте тербетіп, атқа мінген кезде бізге күш пен сенім сыйлаған ұлттық идея. Алаш-ұлттың бөлінбейтін тұтас жер, яғни аумақ ретіндегі сезімі. Алаш-аспан астында, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өзінің рөлі мен үлесін айқындайтын ұлттың сипаты. Әрине, біз Алаш қозғалысы кезеңі мен бүгінгі кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар екенін жақсы түсінеміз. Алаш қайраткерлері тудырған ұлттық сананы көтеру, қазақтардың бүкіл ұрпағы бойында қазақ тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаш зиялыларының көп қырлы мұраларында, олардың іс-әрекеттерінде үлкен маңызы бар екенін айтпағанда. Өйткені Алаш қозғалысы туралы айтатын болсақ, біз бірнеше танымал тұлғаларды ғана еске аламыз.

Алаш әдебиеттанушысы атағына Қошке Кемеңгерұлы (1896-1937) толығымен сай екенін өзі көзі тірісінде дәлелдеп берген әдебиетші. Алғашқы мамандығы дәрігер Қошке 15 шілдеде 1896 жылы дүниеге келген. «Бірлік» ұйымында белсенді мүше болғаны С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында айтылған. Отызыншы жылдардың басындағы жеке адамға табыну зардаптарының алғашқы нышаны біліне бастаған осы бір тұста-ақ отызға жуық қазақ оқығандары Алматы түрмесіне қамалады. Бұл кезде М.Әуезов пен Қ.Кемеңгерұлы аспирантурада оқып жүрген болатын. Сол жылдардағы Сталиндік жаппай жала жауып, мін тағудың қармағынан бұл Алаш әдебиетшілері де шет қалмайды. Мұхтар мен Қошке ұсталып, оқудан қуылады. Құрамында М.Тынышбайұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Ә.Ермеқұлы, т.б. қырықтан астам қазақ зиялылары түрмеге қамалады. Бес жылға жер аударылғандардың ішінде Қ.Кемеңгерұлы да болды. Қаулы жарыққа шыққаннан кейін көп ұзамай-ақ Қошке Кемеңгерұлы НКВД-ның тұзағына екінші рет түсіп, 1937 жылдың 21 қарашасында Омбы түрмесінде атылады.

1957 жылы саяси ақталған Қошке Кемеңгерұлының еңбектері 1965 жылы жарық көре бастады. Бірақ ғылыми айналымға тек Тәуелсіздік кезінде енді. Ғалымның әдебиет, тіл білімі, тарих, журналистика, педагогика салаларында жазған зерттеулері төмендегідей: тіл саласындағылар: «Тілшілердің міндеті, мәнісі туралы» («Ақжол», 1925, сәуір) атты көлемді баяндама. «Жат сөздер туралы» («Қызыл Қазақстан», 1926, №11,14,138-143-бб.), «Қотыр сөздер» («Жаңа мектеп», 1926, №14,15) «Қазақша-орысша тілмаш» (М.,1925), «Жағрапия үшін оқу құралы» (Т., 1928, 1-том, Қызылорда, 1929) атты еңбектер жазды. «Қазақша-орысша тілмаш» туралы: («Еңбекші қазақ», 24.ХІ. 1926) «Жат тіл: оқыту әдісі» 1927 жылы «Жаңа мектеп».

Көсемсөзші Қошке Кемеңгерұлының келесі еңбектері айқындалған: «Кеңес қызметкерлері туралы» (сұрауларымыз, жауаптар, анкеталар, «Ақжол», 1924, №5,9. ХІІ), «Мектеп қай тілде болу керек?» («Еңбекші қазақ», 1926, №25), «Дұрыс па? Бұрыс па?» («Еңбекші қазақ», №249), «Қызмет адамдарының қонақасы» («Еңбекші қазақ», 1926,

№237), «Ұмытшақтық» («Жас азамат», 19. XI, 1918. №11), «Ел газеті қандай болу керек?» («Ақжол» тілшілерінің бірінші конференциясы» жинағында), т.б.

Қ.Кемеңгерұлының әдебиеттанулық еңбектер: «Абайділда хан айдаудан келгенде Орынбай ақынның айтқаны» («Сана», 1924, №2,3), «Қалмақ-қырғыз», «Мұрат ақынның сөздері» («Сана», 1924, №2,3), «Есенбике қыз бен жылқышының айтысқаны» («Әйел теңдігі», 1926, 2-3).

Алаш әдебиетшісі Қошке Кемеңгерұлының «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», I, XII, 1926), «Сәбитпен айтысты доғардым» («Еңбекші қазақ», 1927. №23), «Қазақ тарихынан» зерттеуінің III бөлімі «XIX ғ. Екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті» атты зерттеулер өзінің кәсібилігімен тәуелсіз әдебиеттануға әсер етуде.

Қ.Кемеңгерұлының жазушылығын айқындап тұрған мұра: «солған гүл» («Айқап», 1925, №12), «Ашығып үш күн болды арығаныма», «Қайғыланба қамығып», «Сүйікті сәулем», «Нұрмағамбет тілмашқа», «Атаң менен анадан», «Бұлбұл үнсіз, гүлсіз бе?», «Жаздым сәлем жаныма», «Бала-шаға, серік жок» өлеңдері және Пушкиннің «Пайғамбары» («Айқап», 1915, №4), Никитиннің «Сәскелік көлдің жағасында» («Айқап», 1915, №13) өлеңдерінің аудармасы. Сонымен қатар Қ. Кемеңгерұлы келесі пьесалардың авторы: «Алтын сақина» (1925), «Парашылдар» («Жаңа мектеп», 1926, №7-8), «Ескі оқу» («Жаңа мектеп», 1927, №1), «Бостандық жемісі» (1919), «Қасқырлар мен қойлар» (1920), «Күнәсіз күйгендер» (1930).

Жазушы Қ.Кемеңгерұлы келесі прозалық мұраның авторы: «Жетім қыз» («Жас қайрат», 1924, №6), «Момынтай» («Лениншіл жас», 1925, №3-4-5), «Отаршылдық ұсқындары» («Әдебиет термесі», 1925, №1), «Қанды толқын» («Еңбекші қазақ», 1926, №3), «Дүрия» («Әйел теңдігі», 1927, №12-13), «Қазақ әйелдері» («Әйел теңдігі», 1927, №4), «Қарашаш» (« Әйел теңдігі», 1928, №4), «Назика» («Әйел теңдігі», 1928, №4), «Ерлік жүректе» («Сана», 1924, №2-3). Жазушының аталған әңгімелері замандастарының пікіріне ие болған. Осы тізімде аталған «Көркем әдебиет туралы» мақаласын бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан саралап шығуды жөн көрдік. Аталған мақала «Еңбекші қазақта» (1.12.1926) әдебиет мүддесі төңірегіндегі айтысқа арналып жазылған... оған М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Алдоңғаров, А.Байділдин, М.Дәулетбаев, С.Мұқанов, т.б. қатысқан Қ.Кемеңгерұлының бұл мақаласына Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікір» деп қарсы жауап жазып (1927, №1, 4, 5) әдеби айтысты саяси-таптық айтысқа айналдырған.

Бұған Қошке «Сәбитпен айтысты доғардым» («Еңбекші қазақ», 30.1.1927) деп қысқа жауап берген. Сәбит: «Мен айтысты доғармаймын», -деп кінәлағанымен, Қошке жауап бермеген. Осы тұста «Екеу» деген бүркеніш атпен («Еңбекші қазақ», 3.8.1927) Ж.Аймауытов пен М.Әуезов айтыстың доғарылуына себеп болған кәсіби мақала жариялады. «Көркем әдебиет туралы» мақала Сәбит Мұқановқа жауап ретінде жазылған. Бұл мақалада әдебиетші Қошке саяси емес, әдебиеттанулық кәсібилікті алға тартқан. Қ.Кемеңгерұлы былай деп бастайды: «Пікір таластырғанда кекетіп, -мұқатудың, сөгудің керегі жоқ дегенге қол қойып, мәселені салқынқанмен шешейік. «Алты жылдың ішінде көркем әдебиет туралы не істедік?» дегенде, Сәбит «жок» деп жауап береді. Сәбит өзгені көрмесе де, Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді... «Қартқожа» сияқты романды көру керек еді» [1,123б.] – деп, жазады. Осы тұста Қ.Кемеңгерұлы «Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарағысыз қылған Сәбит: «ұлтшылдықты отаршылдықты туғызды, «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемек» деп Абайдан мысал келтіріп отыр» -деп, өзіне тағылған саяси кінәға әдебиетші ретінде кәсіби жауап береді. Әдебиетші Луначарский, Троцкий, Неверов, Горький, Даниловтардан дәйектеме көрсете отырып, әдебиеттің «тап мәселесіне тікелей байлануына қарсылық білдіреді. «Сәбиттің үлкен уайымының бірі – ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті дейді», -деп, Мағжан мен Мұхтарды қорғайды: «Өзі ұлтшыл болғанымен, бұқарпа, кедей тұрмысын жазатын болса, не айпы шамы бар! Жүсіпбектің пьесаларының, «Қартқожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанымен ұлтшылдықтың иісін таба алмас. Мұхтардікі де осындай»

[1,123б.]. Осы ретте әдебиетші Достоевский, Фет, Пушкин, Толстойларды Сәбитке дәлел ретінде келтіреді: «Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын таңдап алып басып жатқанда, кең бұқарашылдық рухында жазылған кітаптардың басылғандарына Сәбит неге ренжиді?». Бухариннен сілтеме келтіріп, Қошке өз ойын дәлелдей түседі: «Ұлтшылдардікі көп басылса, көркемдігі үшін басылған шығар», себебі: «Ақындық суретпен ойлау дегенге маркстілдердің бәрі қол қойған». Вагнер, Плеханов пікірлері осы ойды дәлелдеу үшін келтірілген. Әдебиетші көтерген келесі мәселе күні бүгін дау тудырып келе жатыр: «Көркем жазушылық пен жай жазушылықтың арасы жер мен көктей». Троцкийдің Пильняк пен В.Иванов туралы әікірі осы ретте пайдаланылған. Сондықтан Қ.Кемеңгерұлы Мағжан мен Міржақыпты осы тұрғыдан қорғаған: «Оян, қазақ!» пен «Шолпанды» Сәбиттің «Көже» деп сынауы диалектикаға жатпайды. Нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек», - деп, әдебиеттанудағы тарихи контекст қажеттілігін еске салады. Осы тұрғыдан келесі тұжырымға келеді: «Оян, қазақ!» алғашқы шыққанда Грибоедовтің «Горе от умасындай» болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары Құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болған. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған», - деп пікір білдіреді.

Міржақып ақталғалы біраз болды, бірақ шығармалары Қошкеатағандай әлі зерттелмей келе жатыр. Мақаладағы Гегель, Маркс, Плеханов, Воровский, Луначарскийлерден келтірілген сілтемелердің қазақша берілуі Қ.Кемеңгерұлының аудармашылық даралығын және көрсетеді. Бұлар Сәбиттің Мағжанды кінәлауына тосқауыл қою үшін қажетті ғылыми ақпарат ретінде келтірілген.

Алты жылдағы әдебиет жетістіктері туралы және оның шынайы халін айтуды Қошке өзіне міндет деп санайды: «Шын реализмнің қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жібергендік – біздің жазушыларымыздың Лебединский, Сейфуллина, Всеволод Иванов, Пильняк сияқты жаза алмағандығы», - деп, оның себебін де айтып кетеді: «Мәселен, Лебединский «Неделя» деген әңгімесінде ЧК-ның агенті төңкеріс жауларын жалаңаштап атқанда, шыдай алмай өзі атылады. В. Иванов бір әңгімесінде партизандардың қазақ әйеліне істеген зорлығын жазады» [1,126б.]. Алаш әдебиетшісі Қ.Кемеңгерұлының қазақ ақын-жазушыларының ішінде шын реализммен жазылған шығарма Бейімбет өлеңдері екенін атап көрсетеді. Бұл мысалдарды келтірген Қ.Кемеңгерұлы заманға мін тағып, заманды кінәлап қана қоймай, оның сұрқиялығын, сұм заман екенін айта кетеді. Әдебиетші ретін тауып өзінің замандастарын, Алаш ұлтшылдарын қорғап қана қоймай, өзінің жаңа заманға, оның таптық сойқанына қарсылығын осылай білдіреді.

Алаш әдебиетшісі Ұлт деген сөзден қорықпауға шақырады. Қ.Кемеңгерұлы келесі ұлтшылдарды қолдайды: «Ұлтшылдардың бір жігі кеңес үкіметін қазақ ұлтына пайдалы деп табады, сондықтан еңбегін аямайды, қазақ ұлтын мәдениетті болса екен дейді. Ондай ұлтшылдар ру тұрмысына, атқамінерлерге, жуандарға, молдаларға, кейбір байларға, отаршылдарға, кеңсешілдерге, қызмет адамдарының бұзықтығына, парасына қарсы еңбекшілердің еңбегін қорғайды, әйел теңдігін жақтайды, қазақ ұлтын орыс ұлтымен тең құқықта болуы жүзеге асса екен дейді. Осындай ұлтшылдардан шыққан жазушы коммунистің пікірін қуаттамаса да, бағалай ма, жоқ па? Мұндай жазушының жазғаны объективная ценность емес деп кім айта алады?» [1, Б.126-127]. Сын реализм тұрғысынан жазарлық деп төмендегідей тақырыптарды Алаш әдебиетшісі бөліп атаған: «Көркем әдебиеттің құшағына түгел алатын тақырыптар: 1) қазақ елінің жер үшін күрескен ұлтшылдар; 2) отаршылдықпен күрескен ұлтшылдар; 3) кадимдермен күрескен жадиндер; 4) 1916 жыл толқындары; 5) Жетісудағы жер реформасы; 6) Февраль төңкерісінің әсері; 7) Октябрь төңкерісіндегі қазақ оқығандары, бұқарасы (арғынның алашорда болып, қыпшақтың большевик болу негіздері сияқты); 8) разверскідегі атқамінерлер әділсіздіктері; 9) 1921-1922 жылдағы жұрттар; 10) 21 жылғы көтерілістегі крестьян, қазақ қатыстары (Мұстай, Санбай сияқты байлардың большевик болу оқиғасы сияқтылар); 11)



алғашқы жалдарда ел арасында ячейка жасалу тарихтары» [1,127б.]. Аталған «осы тақырыптардың бәрі көркем әдебиеттің толық еншісі болса, сонда ғана толық ұлт әдебиеті болады». Сонда ғана қазақ ұлтының өзгешелігі айқын көрінеді», - деп айқындайды алаш әдебиеттанушы ғалымы Қ.Кемеңгерұлы.

Мәскеудегі ВАПП туралы да Қошке өз пікірін білдіріп қана қоймай: «Ресей жазушыларының ұйымы бөлек жасалып отыр», - деп, ескертуді жөн санады. Әдебиетші үшін ең маңыздысы: «Қандай ұйым болса да, негізгі көркем әдебиетті гүлдендіру болу керек. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» дегенде, Абай мазмұнды алтын деп, түрді күміс деп отыр. «Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек» дегенді ұран қылу керек. Атақты Сейфуллина айтады: «Жазушы көзін жұмбай, тұрмыстағы жараларды, таңбаларды, ауруларды көрсетсе, бірақ адамның алғыр күшіне, батыл ісіне, ыстық қанына, жалынды жанына, шығарғыш миына сеніп, жүрегінен сәуле түсіріп жазса – ол көркем болады», - деп [1,128б.]. Алаш әдебиетшілерінің бұдан асырып айтары сөзсіз. Бірақ орыс жазушысының пікірі Сәбитпен айтыста мықты аргумент ретінде келтірілгені бірден аңғарылып тұр.

Осының бәрін Қ.Кемеңгерұлы Сәбиттің қазақ әдебиетіне шын көзбен қарауын көздеп келтірілген: «Қазақ қалам қайраткерлері де жараны бетімен, таңбаны тексермей, ауруды сау қылмай, күншығысты құлдықтан құтқарған октябрь төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, қазіргі дәуірдегі тұрмысын көркем әдебиет айнасына түсіру керек. Сәбитпен айтысты доғардым» [2,128б.].

Мақала соңында осыншама кең көлемді пікір таластыра білген Қошке Кемеңгерұлы Сәбиттің сөздеріне қынжылып қана қоймай, оның сөздерінің неліктен дұрыс еместігін де айтуды жөн санаған: «Менің бұлардан келтірген мысалдарыма (Плеханов, воровский, Луначарский, Троцкий) Сәбит: «Сену де қиын», - дейді. Бұл нені көрсетеді. Сәбиттің жоғарыда көрсетілген шығармаларды оқымағандығын, тексермегендігін көрсетеді. Сәбит диалектиканың мағынасын түсінгенмен, тұрмыс жүзінде қолданбай отыр. Осындай себептерден маған қарсы жазған мақаласында Сәбит өзіне-өзі қарсы келіп отырған. Мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Сондықтан айтыста доғардым. Білім жолымен айтысатындар болса, мен даярмын» [2, Б:128-129]. Алаш ғалымы Қошке Сәбиттің тағы бір ескертпесіне жауап бере кетеді. Сәбит Қошкенің сөзін контекстінен жұлып алып, өз ойынша пайдаланған екен. Қошке сол сөздерді жазылған қалпында қайта келтіріп, өзінің сөзінен бас тартпай, сол пікірін тағы да дәлелдеп берген: «Мен жазған едім: «Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтеді деп үміттенуге болады. Әлі де болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек». Мен кедей оянды дегенмін. Менің пікірімді бұрып, «бүйректен сирақ» шығару адамшылыққа сыймайды. Әдебиетке орыс әсері туралы «болды», «болмады» деп мен бір ауыз сөз айтқан едім. Сәбиттің орыс әсері туралы жазуы «бас десе, құлақ» дегенмен бір екен. Сәбиттің Зеленский деген поляктың «қазақ» деген өлеңі бар дегеніне айтатыным: «Отаршыл патша үкіметі Польшаға қырғын жасаған. Бостандықты көксеген азаматтарын айдаған, атқан, асқан. Зеленский Польшаның құлдықта шіріп жатқанын айқын көрсетуге болмаған соң, астарлап «қазақ» деп жазған. Ұлтшыл жазушылар мен қазақ әдебиетінің ұлтшыл дәуірі туралы бөлек мақала жазамын» [2,129б.]. Орыс әдебиетінің әсері туралы Қ.Кемеңгерұлы ғылыми негізі бар болжам жасаған. Сәбиттің тек орыс әдебиетінің әсері туралы жазуы сол кездегі соцреалистік әдебиеттанудың басты қағидасы еді.

XX ғасыр басындағы саяси кінә оп-оңай тағыла салатын қауіпті кезде Қ.Кемеңгерұлы басына түскен ауыр дауға қарамай, қазақ әдебиетінің мүддесін ғылыми негізге салып, өз пікірін алға тартқаны – ерлікпен бірдей тұлғалық іс. Қошке «қазақ әдебиеті тек орыс әдебиеті әсерімен ғана күн көрмейді» дегенге қарсылық қана білдірмей, әр әдебиеттің төл дәстүрі болуы заңдылық дегенді көздегені нағыз әділ, шынайы кәсібилік білімі биік әдебиетшінің ғана қолынан келетін іс екенін біз ілтипатпен мойындауымыз қажет. Аталған зерттеу тәуелсіз әдебиеттануға қосылған үлес екені айқын. «Қазақ тарихынан» атты (Мәскеу, 1924) кітапшада Қ.Кемеңгерұлының қазақ тарихы туралы

ойлары қамтылған. Қазақтың Ресей отаршылығына қарсылығы ерекше сөз болған. Кітапша Ғаббастың бұл басылымды қатал сынға алған көлемді теріс пікірімен ашылған: «Қошмұхаммедтің саяси беті – ұлтшылдың жолы, қоғам тұрмысына көзқарасы – идеализм көзқарасы. Сондықтан Қошмұхаммедтің қағшама қаламы жүйрік, тілі өткір болғанымен, сөз түйіні кітапшада шешілмей қалады, шешілсе, дұрыс шешілмейді». Бұл – саяси баға және кінәлау екені айқын [3,143б.]. Саяси ызғарлы заманның лебі-пікірі басқарманың тапсыруы бойынша жазылғаны туралы ресми ескертуден де аңғарылады.

Іс жүзінде Қ.Кемеңгерұлы «Қазақты қазіргі күйге не келтіреді?» деген сауалға жауап берген. Әдебиетші ата-баба дәстүрі тарихта қазақ үшін шешуші және зор міндет атқарғанын еске салуды жөн деп санайды. Ғалымның бұл пікірі келесі үзінділерден көрінеді:

1. «Россияға бағынбай тұрғанда таңбасыз тайға, еңсіз қойға ие болған қазақ елі киіз үйді мекендеген, толық көшпелі еді. Көшпелі тұрмыстың арқандалған кіндік қазығы – ру еді. Көшіп-қону, кек алу, жаудан қорғану, көптен құн алып, құн төлеу, немеурін қосу, жылу жинау бір рудың ішінде міндет еді... Бір рудың ішінде талас-тартыс болмаған, бір рудың ішінен өзара қыз алдырмау –жанжал шығармау мақсатынан еді... сондықтан қазақтың руын – саяси шаруа ұйымы деп қарау керек» [3,145б.].

2. «Ханның тізгіні әр рудан басы құралған ақсақалдардың, батырлардың тобында болса да, күшті ру меңгерудің мұрындығы еді... «Қараша хан тұсында, ханда қырық кісінің ақылы бар», т.б. халықтың ханға байлаулығын көрсетеді». Себебі: «Ханға наразы ру бір түнде түндік алып ауатын болған. Рудың ауып кетуінен қорқып, хан әсіресе күшті руға босаң болды» [3,146б.].

3. «Қасым ханның қасқа жолының, Есім ханның ескі жолының һәм Тәуке заңының жазылмай қалуы» сондықтан. «Жазба заңның орнына «Ауылда қарияң болса, сызып қойған хаттай болады» деген сарынмен бірден-бірге сөз мұрасын қалдырып отыратын ақсақалдар болды. Бұлар заң кітабының (кодекс законов) орнына ұсталды» [3,146б.].

4. «... Қазақ әйелге еркін көзбен қараушы еді. Кейбір аталардың шеше атымен кетуі – әйел билігі (матриархат) болғандығына дәлел. «Алып анадан», «Көш бастаған бәйбіше» деген мәтелдер қазақ әйелінің шаруа әм әлеумет аумағында еркін болғандығын көрсетеді. Еркек жаудан қорғаушы болса, әйел шаруа сақтаушы болды» [3,147б.]. «Меңгеру жайы» тараушасында Қ.Кемеңгерұлы қазақтың Ресейге кіруіне себеп болған жайларды айтады. «Қазақ кірейін деп кірген жоқ, қалмақ, башқұрт, орыс, жоңғар талқысынан еріксіз кірді». Осының негізінде Әбілқайыр саясаты түсіндірілген. Бұл түсініктемелер қазіргі тарихшылардың еңбектерінен әлдеқайда ғылыми негізді болып тұр. Ханның Ресей өкіметіне қарсы наразылығы тиянақты түрде тізіліп келтірілген. Кіші жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың басына түскен қасірет сөз етілген. «Қарсы қозғалыстар» атты тараушада бір ру төңірегіндегі наразылық ұлттық деңгейге көтерілгені анықталған: «Жалпы ұлт наразылығы» Кенесарыда да көрінді. Кенесары толқуының шығуына бас себептер: 1) рамат алымының жиналуы; 2) үкімет төрелерінің қысымшылығы; 3) шенге сатылған хан тұқымдары мен еркіншілікті көкसेген хан тұқымдарының арасында наразылық тууы; 4) приказ жұмыстарының әділсіз болуы, мәселен, бұқарлық не татар сәудегерлері қазақ жерімен жүргенде мал тауарлары талансын, таланбасын – «қазақ талады» деп өлшеуден артық қампайтып көрсетіп, приказ арқылы төлеттіретін болған. Кейбір сәудегерлер қазақтың қанын сорып, алдын алып, «таландық», не «пәленше борыш төлемеді» деп арыз беретін болған. Жазғанды өтірік оқып, қазаққа қол қойдыратын болған; 5) қазақ-орыс қысымшылығы; 6) болыс-болысқа бөлінген рулардың арасындағы наразылық.

Кенесары қалың қауға түскен бір шағым оттай болып, халықтың толқынын көтеріп жіберді. Кенесары көтерілісі Қарқаралыдағы тобықты, сегіз найман, бай жігіттердің Қытайға көшуіне себеп болды (1823-1840). Құдайменденің (Кенесарының қызын алған күйеу баласы – Қ.К) Қарқаралыдағы наразылығы өзі өлгенше жалғасқаны туралы мағлұмат берілген [4,15б.]. «Кенесары қозғалысының тууына қандай саяси, әлеуметтік себептер болды?» деген сауалға Қ. Кемеңгерұлы толық ғылыми мәлімет берген. Бүгін де

эртүрлі пікірге жүгінген тарихи дерекке қатысты былай делінген: «Хүкіметтен кешірім алып, Кенесары Сырдария мен телеке арасында жүрді. Бірақ өзіне бағынбаған елге шабуылын тоқтатқан жоқ. Сібірге жақындамауға бұйырылған соң, Кенесары Орынбор қазақтарының арасында көтеріліс жасады. Орынбор аймағының сызықта отырған қазақтары алғашқы кезде Кенесарыға қосылды. Мұның себебі: 1) арадағы қазақтың жерлерінің қазақ-орыс пайдасына кеткендіктен; 2) алымның күшейгендігінен» [4,151б.]. «Толқып –толқып қажыған, үкімет шідері мықтап салынған Орынбор елі Кенесарыға тиісті көмек бере алмады».

Кенесарының кейін Түркістанға бет алуына, аға сұлтан Байхұаммет Айшолақ баласының Кенеханға жазған хаты да себеп ретінде келтірілген: «Мәселе 1839 жылы Күнбатыс бөлімінің аға сұлтаны болған Баймұхаммед Айшолақ баласы алыстан Темірлан, Батыйдай даңқы шыққан Кенесарыға хат жазды: «Толқынның түбі жақсы болмас: сақтық керек, үлкен мүйізді қошқар көп қоймен келіп бір арыстанды жеңе ала ма?» - деп, Кенесарыны қошқарға, оған ерген елді қойға, үкіметті арыстанға ұқсатқан. Алғашқы сөйлемде Қ.Кемеңгерұлының Кенеханға деген ерекше сүйіспеншілігі мен ілтипаты тұр.

Зерттеуде Кенесарының ұлы жүзге келу себептері (1846) де нақтыланған: «1845 жылы Кенесары тағы да үкіметтен кешірім алып Түркістанға кетіп, одан Іле өзеніндегі ұлы жүзге барды. 1846 жылы Кенесары Балқаштың оңтүстігінде тұрып ел-елге елші жіберді. Матайдан қалған үйсін Кенесарыны жақтады. Ұлы жүздің сұлтандары медальға қызығып, Кенесарыға қарсы болды. Кенесары 10 мың қарулы кісімен жүріп, жеті хиуалыққа мылтық соқтырды. Ұлы жүздің 500 үйіне астық салғызды. Орыс әскерінен қуғын жеп, қамалды мекен қыла алмай, кенесары Шуға ауып, Ташкент қазақтарын қаратты. Қамалдан қашып, жан-жағынан жау қамалағанда Кенесары хан болу пікірінен қайтқан жоқ» [4,152б.].

Кенесарының қалай қайтыс болғаны да айтылған: « Қазақта жүріп қорғана алмайтын болған соң, қырғыздың Алатауын мекендеуге ойланды. Қырғыз қарсы болды. 1847 жылы қырғызбен соғысқанда, Кенесары өлді». Алаш әдебиетшісі Қ.Кемеңгерұлының келесі сөздері оның осы мәселеге деген жеке көзқарасын білдіреді. Ол Кене ханды аңсау, жоқтау іспеттес: «Халық қаһарманы Кенесары мен Наурызбай өлген соң, қазақ елі жылдың оны өткенде мүлде жуасыды. Одан кейінгі күншығыс мұсылман елдерінің көршілестік әсерімен кіші жүз ішінде бірен-саран толқыншылар болды: есет Көтібар баласы, байқадам би, Жоламан батыр, Жанғожа Нүрміште баласы сияқтылар. Бірақ бұлардың толқыны от басынан озған жоқ» [4,152б.]. Қазақ әдебиетінде, елдің тарихында тұңғыш рет Кенесары ханға «Халық қаһарманы» деген бағаны Қ.Кемеңгерұлы берген. XX ғасыр басында Кенесарының атын атауға тыйым салынған Голощекин заманында адамзат тарихы деңгейінде ұлттық тарихқа әділ баға берген Алаш әдебиетшісі Қ.Кемеңгерұлының тарихи тұлғаға әділ атақ беруінің өзі ерекше ерлік екенін ескерсек, бұл бүгінгі тәуелсіз елдің қазақтары үшін әділ ғалымдықтың үлгісі болып қала бермек. «Қ.Кемеңгерұлының аудармашылығы», «Көркем әңгімелеріндегі заман келбеті мен лирикалық кейіпкері», «Қошкенің драматургиясы» атты зерттейлер бүгінгі тәуелсіз әдебиеттануға қажетті мәселелер. Жазушының «Жетім қыз» (1952), «Момынтай» (1925) әңгімелері заманның тарихи кестесі ғана емес, дінсіз имансыз замандағы кісіліктің тапталуының бейнеленуі болып табылады.

Қ.Кемеңгерұлының алашшыл, отаным үшін жаным пидә тұрғысынан қалдырған әдеби, тарихи, ақылсөзі, ғылыми мұрасы бүгінгі күнде өзі зерттеушілерін күтуде. Бұл тәуелсіз қазақ әдебиеттануының сұранысы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті// Абай тағылымы. – Алматы, 1986. – 56б.
- 2.Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 317б.
- 3.Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 265б.

УДК 371.33

## MODERN METHODS OF TEACHING ORAL SPEECH IN HIGH SCHOOL

**ДИХАНБАЕВА А.М.**

Халықаралық Тараз инновациялық институты, ШТ 19-1 тобының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**КУБЕЕВА С.О.**

Халықаралық Тараз инновациялық институты, филология ғылымдарының магистрі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Түйіндеме.** Ауызекі сөйлеуді оқытудың заманауи әдістері ауызша тілдік қарым-қатынас категорияларына негізделген: қазіргі ғылымда сөйлеу қарым-қатынасының үлгісі ретінде қарастырылатын жағдай, рөл, позиция, қауымдастық, қарым-қатынас түрі мен көлемі. Осы оқыту әдістерінің ішіндегі ең маңыздысы-коммуникативті (сөйлеу) жағдай. Коммуникативті жағдай сөйлеуді оқыту әдісі ретінде төрт фактордан тұрады: 1) қарым-қатынас жүзеге асырылатын шындықтың (жағдайлардың) мән-жайлары (бейтаныс адамдардың қатысуын қоса алғанда); 2) коммуниканттар арасындағы қатынастар (әңгімелесушінің субъективті — тұлғасы); 3) сөйлеу импульстары; 4) қарым-қатынас актісін жүзеге асыру, жаңа ұстаным, ынталандыру сөйлеу үшін. Осы факторлардың әрқайсысы, сөйлеу тілін оқыту әдісі әңгімелесушілердің сөйлеуіне белгілі бір әсер етеді.

**Резюме.** Современные методы обучения разговорной речи основаны на таких категориях устного языкового общения, как: ситуация, роль, положение, общность, тип и объем общения, которые рассматриваются в современной науке как модели речевого общения. Наиболее важным из этих методов обучения является коммуникативная ситуация. Коммуникативная ситуация, как метод обучения говорению, складывается из четырех факторов: 1) обстоятельств действительности (ситуаций), в которых осуществляется общение (включая присутствие незнакомых людей); 2) взаимоотношений между коммуникантами (субъективно — личность собеседника); 3) речевых импульсов; 4) осуществление акта общения, создание новой позиции, стимулов для выступления. Каждый из этих факторов, метод обучения разговорному языку, оказывает определенное влияние на речь собеседников.

### **1. Methods of formation of oral English-language communication skills in older preschoolers**

#### **1.1. Linguodidactic principles of formation of oral communication skills in English in older preschoolers**

The principles of learning are understood as the initial provisions of the theory of learning. The Russian system of didactic principles is based on the principles of linking the content and methods of teaching with the national culture and traditions, the nature of teaching. General didactic principles are considered to be scientific, systematic, continuity, consciousness and activity of students, visibility, accessibility, individualization of the learning process, careful study of the interests, abilities, inclinations of each student."

It should be noted that based on the statement of A. Ya.Savchenko, there is still no common opinion of scientists regarding the definition of the names of principles and their number.

The analysis of modern scientific pedagogical and methodological literature has shown that modern linguodidactics is guided by two groups of principles - general didactic and methodological. The latter, in turn, are divided into general methodological, partial methodological and special methodological principles. Teaching preschool children English, as well as teaching other disciplines, is based on general didactic principles.

Methodological principles are understood as provisions that define both the main and secondary parameters of the learning process of this discipline, as well as the most effective means of achieving a didactic goal. General methodological principles form the basis of teaching any language, partial ones reveal the specifics of teaching English special ones-they determine the study of the language and language material of this language.

Without having to clarify in detail all the well-known principles, it is possible to justify the general didactic and methodological principles that will form the basis of the methodology for the formation of oral English communication skills in older preschoolers based on the linguodidactic model. The definition of the principles of formation of the studied skills takes into account:

- age characteristics of older preschoolers;
- inclusion of communication as a form of interaction in training;
- the relationship between teaching methods and teaching methods;
- the personal significance of the subject of communication for the child;
- satisfaction of the child with the communication situation.

## **1.2. Effective forms of stimulating creative activity in high school.**

Today, the educational process in the country's educational institutions is being reformed in accordance with international requirements for the quality of education: informatization of the educational space, integration processes in modern domestic education, establishing cooperation with foreign educational institutions in the field of education and research, international exchanges and much more. The use of cyberspace for educational purposes is an absolutely new direction of general didactics, since the ongoing changes cover all aspects of the educational process, from the choice of methods and styles of work to changes in the requirements for the academic level of students.

Teaching interactive interaction in secondary school requires the use of educational material from life in English lessons, which, if properly organized, promotes natural communication in the language being studied. To create conditions for interactive interaction, it is necessary to remove the restriction of working with tasks with which students must introduce themselves in a given situation. On the contrary, tasks in which the concept itself implies the need for interactive interaction are appropriate.

In practice, the game is based on a case method, which consists of studying and analyzing specific situations, and then presenting possible solutions to a problem situation.

One of the most effective ways to stimulate students' creative activity is brainstorming, the essence of which is that before working with students, the teacher forms a problem, asks students a number of questions to get answers. During the lesson, students reflect on possible solutions to this problem. At the end of the lesson, the teacher and students summarize and note the most creative ideas.

It is worth noting that the games allow students to get out of the traditional lesson both in a foreign language and in other subjects. This form of organization of the educational process expands the capabilities of both teachers and students and encourages them to communicate, dialogue in English in their group, gives structural tasks that cannot be performed independently.

## **2.Linguodidactic model of formation of oral English speech skills in older preschool children.**

Modeling of the process of formation of communicative skills in English in older preschool children involves the systematization of all its structural units. The construction of a linguodidactic model for the formation of oral speech skills in English in older preschool children is based on the identified possibilities of supplementing modern methods of preschool English language teaching, studying the essence of the content of English language education is for children of this age, certain psychological features of adult preschool education, selected linguodidactic principles of teaching English-speaking preschool children. By the content of teaching communication in English, we understand the following: in order to communicate in English, children must learn such educational (linguistic, speech) material (that is, knowledge of the linguistic foundations of the English language); simple operations and actions children should learn to perform on the basis of the acquired knowledge (that is, formation) The implementation of the educational process includes learning stages during which the interaction of the teacher and children occurs, on which the result depends. If the formation of oral speech skills in English in older preschool children is organized in this way, then the result corresponds to the goal, and the goal, in turn, leads to the expected result. The above proves the interdependence and interconnectedness of all structural units of the model. Mastering the content of the formation of communicative skills in oral English in older preschool children occurs in stages, and we consider the stages as the first structural unit of the model. At the beginning of learning (language Emap) there is an intensive assimilation of language knowledge. Children acquire knowledge of phonetics, vocabulary, grammar of the English language, master the articulation of pronunciation of English sounds, pronounce them in sound phrases and phrases, study and translate words into English / native languages, use them in word-learning phrases and grammatical structures, that is, form their own language skills and develop language skills.

Therefore, a separate link in the learning process requires the definition of a specific goal, which depends on the content of teaching communication in English. This makes it possible to determine the learning objectives using the second structural unit of the linguodidactic model. In connection with the research topic, we are trying to test how the structure we have chosen for the formation of oral communication skills in English in preschool children can realize the set learning goals and achieve the expected results. Taking into account the limited age possibilities of older preschoolers, the proposed goals of forming their communication skills in English provide for the mastery of children only verbal speech activity (listening, monologue and dialogic speech). Its development is possible only under the condition of mastering a certain language material (lexical and grammatical). Knowledge of this material will contribute both to the understanding of the English utterances heard and to the formulation of thoughts by means of the English language. Each individual language has its own methods and rules inherent only in this language for the formation of phrases and sentences. Mastering these methods means acquiring the skills of operating with speech material, which is the second goal of forming oral communication skills in English in older preschool children. The essence of this process is that children become able to reproduce in English new lexical and grammatical material in the form of phrases and sentences along with previously learned. However, it is impossible to achieve a productive conversation in English and an understanding of the English proverb in text form based on established skills.

Productive speaking requires relaxed and confident use of well-learned English-language material. Consequently, the formation of the studied skills requires additional organized speech training. It involves the transition from the speech training of children to speech activity, that is, from acquired knowledge, through the established skills of their use to linguistic (lexical, grammatical) skills. The formation of these skills is defined as the third goal of the formation of oral English communication skills in older preschool children. Their introduction into speech in the form of supra-phrasal units and the formation first of pre-communicative, and then of communicative communication skills (listening, monologue / dialogic speaking) is defined as the fourth and fifth goals of the formation of oral communication skills in English in children 5-6

years old. The hierarchy of learning objectives defines the hierarchy of learning components. The basis of the practical use of a foreign language in speaking is the knowledge of the linguistic foundations of this language. Linguistic skills and linguistic skills are formed on their basis.

### **2.1. Components of the content of teaching oral English communication and the methodology of their phased implementation.**

The essence of the concept of "learning content" is interpreted differently by different scientists. However, all definitions boil down to the fact that in order to get an education, first of all, it is necessary to acquire certain knowledge. Secondly, on the basis of this knowledge, to master the skills and abilities of their application in new, modified and complicated conditions with the subsequent solution of complex practical tasks. Knowledge as a component of a person's worldview determines his attitude to reality. They are one of the sources and a necessary condition for the development of human interests, abilities and talents. So, knowledge is considered an important component of the content of education, because it is with the assimilation of knowledge that the process of cognition begins. The most important requirements for the knowledge that children acquire in the process of organized learning are their scientific knowledge and accessibility for their age. Taking into account the importance and priority of knowledge in the process of forming the studied skills, we consider knowledge as the first component of the content of teaching English-speaking communication to older preschool children. By linguistic knowledge we mean knowledge of linguistic material. It includes the forms, structures, meanings of language units and knowledge of how to operate them. The discrepancy in the child's consciousness of the form of the speech unit to its meaning prevents the correct perception or production of speech. The perception of speech is due to the presence of linguistic knowledge in children at the receptive level, and its production is due to the presence of knowledge at the reproductive level.

To achieve the goal of the speech stage and to receive linguistic education for children, as the results of their own pedagogical experience show, visual-verbal and game teaching methods are the most effective and rational. The first one promotes the involvement in the process of perception of all possible types of the child's memory and mental operations.

To improve memory. The second one arouses interest, increases motivation and interest. The semantics of lexical material, if other variants are not rational, is carried out by means of associative connection of English words with words in their native language, translation into their native language. The visual image is used from the environment of children, it should not be too bright and fresh, so that the visual image does not dominate the language. These are toys, household items, clothing, drawings, photographs, pictures, symbols, etc. By symbols we mean representative symbols denoting certain elements or the meaning of words. This method of familiarizing children with new vocabulary was chosen not by chance, but taking into account the development of children's mental abilities, the symbolic function of their thinking.

Auditory contribute to the development of phonemic hearing in children, allow them to familiarize them with the correct pronunciation of sounds, words, phrases, etc. Using a demonstrative definition of a word helps to clarify its meaning.

### **3. A system of exercises for the formation of language skills in English in older preschool children and methodological recommendations for their implementation.**

The process of forming language skills in English is carried out using a closely related language system and speech exercises. The creation of a system of exercises for the formation of oral communication skills in English provides for the definition of the concept of "methods of teaching foreign languages and its requirements".

It should be noted that by a speech exercise aimed at mastering children's speech education and the formation of language skills based on them, we mean an exercise that draws the child's

attention to the form of speech, provides a high degree of automatism of all operations, in turn, coordinates the work of all speech mechanisms. By a speech exercise aimed at the formation of correct (from the point of view of speech) speech, we mean an exercise in which a natural or conditional speech state is formed and children's speech acquires communicative power. There is a need to determine the requirements for preparation for independent communication and communicative exercises.

Such data, language and communicative exercises have some common features, as they are ready for independent communication. Therefore, it must meet the following requirements: dosage of educational material; compliance of the volume of linguistic and semantic content of educational material with the natural capabilities of children; availability of educational material and its gradual complication; systematic repetition of previously studied educational material in combination with a new one; reliance on the native language; familiarization with the new educational material on the basis of Pre-communication and communicative exercises, in turn, have common characteristics, as they provide communication for children, although at different levels.

The need to develop mental activity is due to the age and intellectual characteristics of children, who reflect the surrounding reality in English through thinking.

An example of exercises for the development of thinking and speech are exercises to search for images corresponding to the text heard, and their arrangement in a logical order throughout the text, answering questions about what children say in a given situation.

The heuristics of the exercises are manifested in the modeling of speech communication without supports. Such exercises provide search activity, since children are completely free to choose language means within the limits determined by the situation, the purpose of communication and their own speech experience. Thus, the sensitivity of children is satisfied by the heuristic nature of the content of the exercise and stimulates the communication of older preschoolers.

## **Conclusion**

The research is aimed at the formation of oral speech skills in English in preschool children. In this article, a linguodidactic model of the formation of these skills and a methodology for its implementation are developed and scientifically substantiated.

The problem of teaching English-speaking preschool children has become the subject of research by many scientists in the context of various scientific and methodological approaches, which is confirmed by the creation of a certain scientific and methodological base of preschool education in English. The methodology of teaching English to older preschool children is based on communicative, intensive, integrated, personality-oriented, individually differentiated approaches. It is proved that the senior preschool age is most suitable for teaching a foreign language, the formation of foreign language skills and communication skills. The success of teaching children a foreign language at this age depends on the development of their cognitive processes and mental operations.

The study found that the teaching of English in preschool educational institutions is based on various methodological approaches, in particular, communicative, situational, developmental, integrative, personality-oriented and individually differentiated and author's programs.

The analysis of scientific research on the problem of teaching English to preschool children gives reason to say that their authors recommend intuitive and conscious assimilation of material in a foreign language, based on the widespread use of visualization and play as a leading activity. However, in practice, learning is practically not formed, mainly due to the expansion of children's vocabulary through the study of poems and songs, the ability to listen, dialogic and monologue broadcasting in English, as the main components of foreign language communication.



The ability to speak English orally is defined by us as the ability of a child to independently extract an English utterance from his own experience, initiate dialogic communication and adequately respond to the initiative of other children, perceive and understand an English message based on a familiar language and speech material. or with unfamiliar elements that the child understands through their consonance with the native language.

The formation of oral speech skills in English in older Preschool Children provides for the use of a system of exercises consisting of subsystems and providing for the gradual complication of the material into a single language or speech dose; mutual assimilation of previously studied new material; systematic repetition of already familiar educational material in order to constantly and fully assimilate; study of educational material into a combination of communication with types of speech; complex mastery of three types of speech activity; intensive training practice of communication; creative use of the studied in order to independently form and formulate their own thoughts.

### **List of used literature:**

1. Bigich A. B. Standard program of the course "Methods of teaching English in primary school". Moscow: Publishing Center of Knlu, 2004, 64 p.
2. A. A. Fundamentals of mastering foreign oral speech: a textbook. for the studio.
3. "Foreign language". - M.: Enlightenment, 1988. - 128 p.
4. Artemov V. O. Psychology of teaching foreign languages. - M.: Enlightenment, 1969. - 279 p.
5. Artemova L. V. The content and organization of communication of preschoolers as a means of moral education: abstract. dissertation of the Doctor of Pedagogical Sciences. - Tbilisi, 1985. - 52 p. 9.
6. Panov E. M. Fundamentals of foreign language teaching methodology. - M., 1997
7. Passov E. I. Communicative method of teaching foreign language speech. M. -Enlightenment, 2003.
8. Skalkin V. L. Communication skills in English. - M., 2010.
9. Telitsyna, T. N. The use of computer programs in English lessons / T. N. Telitsyna, A. F. Sidorenko.]-2002.-№2.
10. Biryukova O. A. Introduction of multimedia cinema in high school: interviewing method in English lessons.

ӘОЖ:159.9

## **ДУМАН РАМАЗАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

### **БОСТАН Н.Б**

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается специфика творчества Думана Рамазана.

**Summary.** The article discusses the specifics of Duman Ramadan's creativity.

Жазушы, журналист, аудармашы, зерттеуші, драматург Думан Әмірғалиұлы Рамазан 1967 жылғы 1 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысы, Абай ауданы, Қызылту кеңшарында дүниеге келген. 1984 жылы осы кеңшардағы Кеңес Одағының батыры Жанғазы Молдағалиев атындағы орта мектепті бітірген. 1985-92 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультетінде оқыған. Одан соң М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын тәмамдаған. Ұзақ жыл республикалық «Халық кеңесі», «Қазақ әдебиеті»

газеттерінде қызмет істеген. Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында Әдебиет бөлімінің меңгерушісі және Қазақстан Саяси зерттеулер орталығының бас директоры қызметтерін атқарған. Қазір «Әлем әдебиеті» журналының бас редакторы.

«Көкжал», «Хан Кененің қазасы», «Алланың әмірі», «Жылап аққан тамшылар», «Көктамыр», «Абылай ханның арманы» атты кітаптардың және «Кенесары хан» деректі фильмі сценарийінің авторы. Харуки Мураками, Юкио Мисима, Джон Голсуорси, Уильям Сароян секілді әлемге әйгілі қаламгерлердің шығармаларын қазақ тіліне аударған. «Абылай ханның арманы», «Кенесары-Күнімжан», «Апат», «Бала Қазыбек», «Жүрек қалауы» атты драмалық шығармалары бар. 2010 жылы Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрында және 2011 жылы Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрында, 2012 жылы Ш. Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрында «Кенесары-Күнімжан» пьесасы сахналанды. Аталмыш тарихи драма 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Ұлттық театрлардың республикалық фестивалінде (Қ.Қуанышбаев театры) «Ең үздік драма» атанды. 2012 жылы Түрік елінің астанасы Анкара мен Ыстамбұл қалаларында «Кенесары-Күнімжан» драмасы түрік тілінде қойылды. Ал 2013 жылы Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрында, 2015 жылы Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстық қазақ драма театрларында «Абылай ханның арманы» атты тарихи драмасы сахналанды. Ал 2015 жылы Шығыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында «Керей – Жәнібек» атты тарихи драмасы қойылып, ілешала өткен Республикалық театр фестивалінде аталмыш туынды «Ең үздік спектакль» атанып, бас жүлдені иеленді. Сол жылы «Керей – Жәнібек» тарихи драмасы Б. Римова атындағы Алматы облыстық қазақ драма театрында сахналанды.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Қазақстан Жастар Одағы мен Журналистер Одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты. Кенесары хан атындағы республикалық әдеби конкурстың және «Жылдың ең үздік прозасы» аталымы бойынша «Алтын қалам» байқауының бас жүлдегері, «Балауса» бәйгесінің бірінші орын иегері. 2010 жылы «Көш» әңгімесі «Жылдың ең үздік прозасы» атанса, 2012 жылы «Кенесары-Күнімжан» тарихи драмасы «Жылдың ең үздік драмалық туындысы» деп танылды.

2014 жылы «Жыл-драматургі» атанған. Мемлекеттік және Президенттік стипендият.

Әдебиет – ар айнасы хәм әдемі әлем,әсемдік пен сұлулықтың символы, шындықтың шырағы,сәулесі. Әдеби туынды табиғатынан қоғам- кезең көріністері ғана емес,өмір – уақыттың шындық пен сырлары, адам әлемінің мың сан иірімдері, ең негізгісі – жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың бейнет –зейнеті, осы бағыттағы ізденіс арналары, зерттеу мен зерделеудің сыры мен сымбаты,көркемдік танымның тамыр-тынысы да танылады

Кең арналы қазақ әдебиетінің табалдырығын тоқсаныныншы жылдардың басында аттап, бүгіндері қабырғалы қаламгерге айналып үлгерген Думан Рамазанның шығармашылығы туралы кеңінен көсілуге болар еді. Бірақ біз негізгі тақырыптан ауытқымай,суреткердің шығармашылық зертханасы төңірегінде сөз қозғап, ой өрбітпекпіз. Табиғат зерттеушісі Бюффонның: «Талант дегеніміз – төзім» дегенін ойға алсақ, жазушы еңбегі мен шығармашылық процестің өзіндік белгілі қасиеттері барын, оның өзі ақын – жазушылар өмірінде әр түрлі із бедері, бастау – арнасы, көркемдік құпиясы, шежіре –сыры болатындығын ақын аңғартады. Ал талантты жазушы Думан Рамазанның талант туралы өз тұжырымы бар: Талант дегенді көзбен көріп, қолмен ұстаған ешкім жоқ! Талант деген не нәрсе өзі?! Оны мен тап басып айтып, дәл түсіндіріп бере алмаймын. Бірақ өзімше шамалайтыным рас. Кез келген адамның бір нәрсеге бейімі,ерекше қабілеті болады. Мүмкін, талант дегеннің өзі сол шығар. Сол бейімді жетілдіре берсе, Құдай берген сол қабілет – қарымын шындай түссе, кез келген шығармашылық адамы бір нәтежиеге жетеді ғой деп ойлаймын». Айталық, « Бальзак пен

Достоевский түнде жазса, Пушкин мен Паустовский – күз айларын, Шиллер көктемді ұнатады екен. Сол секілді К.Паустовский тек көлемі үлкен параққа жазып, таза киініп, жинақы отырған. Вольтер жамбастап, я болмаса креслода шіреніп отырған жазған» [1,174]. Ал Думан Рамазан өзінің шығармашылық зертханасы туралы: «Мен мақала таба алмайтын адаммын. Маған ерекше күтім қажет емес. Мен қалаған кезде үстелге отырамын. Мен жазған кезде жұмбақ тыныштық орнағанына ешкім алаңдамағанын қалаймын. Егер шыбын кетсе, мен міндетті түрде бөлмеден шығарамын, егер мен өлтірмесем. Яғни, менің көзқарасымды ешкім де, ештеңе де бөліспейді деп ойлаймын. Менің қаламым жүрмейтін кездер болады. Онда мен тез тұрып, басқа нәрсе жасаймын. Мен өмірімнің түнінде эссе жазған жоқпын. Менің ойымша, бәрі өз жолымен, уақытымен болғаны жақсы. Түнде адам тыныс алуы керек, яғни ұйықтауы керек.

To develop speech skills, it is necessary that students talk as much as possible and that their speech psychologically approaches the natural. And it is very difficult to achieve this, because the conditions prevailing in the classroom do not always stimulate the speech of students in the classroom. Firstly, students always feel the limitations of their foreign-language vocabulary, insufficient knowledge of grammatical forms, and this delays their desire to speak; secondly, it is difficult for students to go beyond the real educational situations in which they find themselves and talk about topics imposed on them by the peculiarities of the language material they are studying; thirdly, students are constrained by the fact that the form and content of their statements are critically evaluated by the teacher and comrades.

When students have already mastered the primary skills of oral speech, the possibilities of using numerous techniques for developing speech skills are revealed to the teacher.

The teaching of oral speech in school conditions takes place on a thematic basis. Topics determine the scope within which students master oral communication, the scope of oral communication and its content.

During the development of a system of training exercises, it is necessary to pay attention to the level of knowledge of students, age and individual characteristics of students, take into account the psychological characteristics of children and the peculiarities of their memory.

An important role in learning is played by the control of students' skills and knowledge. Therefore, during training, attention should be paid to monitoring the level of training in oral communication skills.

#### **List of used literature:**

1. Krasikova E. N. "Case method in the structure and content of the methodological competence of a linguist teacher.": Dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences. - Stavropol, 2009. - pp. 85, 110.
2. Meral Gucheri, Ann Riddell Akin. "Case studies in the field of education." - Moscow: Englewood Cliffs, 1998. - 59 p.
3. Easton G. No. Teaching by concrete examples." - L.: Englewood Cliffs, 1982. - 59 p.
4. Sinclair J. Collins. Harper's English Dictionary.- L.: Collins Publishing House, 1990-25 p.
5. Lane H. And Distefano J. International Management behavior: an introduction to cases and the case method. - Kent: PWS, 1992. - 104 p.
6. Efimova N.I. features of the application of innovative pedagogical technologies in teaching a foreign language at a non-German university. - St. Petersburg: Sociosphere, 2010. - 62 p.
7. Vyatyutnev M. N. Teaching a foreign language in primary school, Moscow, 1990.
8. Leontiev A. A. early study of foreign languages. M., 1986.
9. Ariyan M. A. English teacher for the 2nd grade M., 1993.
10. Galskova N. D. On the results of the second year of practical training in foreign languages in primary school.

ӘОЖ 82.752

## ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ МЕН АНТИКА ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨЗАРА ҮНДЕСТІГІ

**МАХСАТОВА А.М.**

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассмотрены пути создания окказиональных фразеологизмов в художественном тексте.

**Summary.** The article describes in detail the ways of creating occasional phraseological units in a literary text.

Фольклор – халық даналығы тудырған сөз өнері болса, оның шығу тегі мен табиғаттық ерекшеліктерін зерттейтін ғылымды фольклористика дейміз, яғни (folk-халық, lore-білім, даналық) фольклористиканы зерттеп жүрген ғалымдардың ішінде неміс ғалымы М.Ф.Кнафильдің пікірінше фольклористика халық даналығы деген ұғым. Осы ұғымды қостаушы ағылшын ғалымы Дж.Томс фольклорды халық арасында туған ертегі, аңыз, өлең, жыр, түрлі наным-сенімдерді жинақтайтын термин ретінде алға тартады. Әрине, бұл термин жөнінде өз тұсында халық арасындағы танымы орыс және қазақ фольклорист ғалымдары түрліше пікір айтып, түбінде «Фольклор әдебиеттің бір бөлігі болса, фольклористика әдебиеттанудың бір бөлімі» деген ой-тұжырымды қуаттаған. Бірақ қоғам да әдебиет те бір орнында тұра бермейді, үнемі даму үстінде болғандықтан, көш ілгері дамыған ғылыммен бірге ой-пікірдің өзгеретіні де заңды. Дегенмен, фольклористика – әдебиеттанудың бір бөлігі болғандықтан, екі түрлі континентте өмір кешкен халықтардың әдебиетін, оның ішінде ауыз әдібетін қарастыру, салыстыру, ой елегінен өткізіп ой-тұжырым айту кешеуілдетуге жатпайтын салалардың бірі. Бұл турасында бұдан 30-жылдай бұрын қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов: «Енеден туа өнерленіп кеткен ешбір ел жоқ. Мәдениетті елдердің бәрі де бірте-бірте өнерленген. Ендеше қазақ та алдағы аз жылда мәдениетті болуына сөз жоқ. Бірақ ол күнді күтіп отырмай, қазақ әдебиетін тексерудің негізін қазір сала беру керек» деген пікірінің өзі европалық әлем әдебиетінің негізін қалаған антикалық әдебитке де байланысты айтқан болуы керек деген ой ұшқындайды.



Атақты жазушы өз пікірін әрі қарай былай жалғайды: «жер жүзіндегі барлық халықтың фольклоры сияқты қазақ фольклоры қазақ халқының әр кезде, әр заманда басынан кешкен әлеуметтік, экономикалық өмірінің айнасы болды. Қазақ фольклорының мазмұн жағынан да, түр жағынан да дүниежүзілік фольклордың алдыңғы қатарынан орын алатындығы туралы көптеген ғылыми дәлелдер бар».

Қазақ фольклорының білгірі ретінде Сәбит Мұқановтың бұл пікірі жай айтыла салмаған. Өйткені, осы кезеңге дейін қазақ фольклористикасы жөнінде қазақ ғалымдарынан тыс орыс және басқа да батыс, шығыс елдерінің ғалымдарының назарынан түспей келе жатқаны соның дәлелі. Мәселен, XIX ғасыр мен XX ғасырдың ішінде әлемге танымал зерттеушілер, В.В.Радловтың 1866 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюрских племен живущих в южной Сибири и Джунгарской степи» еңбегі; Г.Н.Потаниннің «Несколько вопросов по изучению поверий, сказаний и обычаев киргизов и сибирских татар», «Русская девушка в киргизской сказке» еңбектерінің «Этнографическое обозрение» журналында 1890 жылы шыққан еңбектері; «Греческий эпос и ордынский фольклор» мақаласы да осы «Этнографическое обозрение» журналының 1894 жылдың №2 санында жарық көреді; Н.Абрамовтың «Жаменная пераида, надмогильный памятник «Козы-Корпеш и Баян-сулу» в киргизской степени» мақаласы; М.Мюллердің «Опыт сравнительной мифологии»; С.П.Толстовтың «Города гузов»; А.Н. Веселовскийдің «Историческая поэтика» еңбегі; Дж. Фрезердің «Фольклор в Ветхом завете» 1989 жылы Мәскеуде шыққан еңбегі; және тағы басқа еңбектер қазақ ауыз әдебиетінің шұрайлылығын, өте бай әдеби мұра екендігін әлемге паш ете отыра, ежелгі европалық және көне түркі әдебиеттердегі кейбір ұқсастықтарға тоқталады. Әр халықтың өз фольклоры болса, ол сан ғасырлар бойы ел аузында жатталып, дайын форма ретінде атадан балаға жалғасып жатқан халықтық мұра. Оны шығарушы авторлар кім болғаны, қай мезгілде туған? деген сауалдар қазақ фольклоры мен антика дәуірінде пайда болған әдеби мұраларға тікелей қатысты. Өйткені, әр елдің ауыз әдебиетінде біте қайнасқан, өзінің «меншігі» болып кеткен әдеби мұралардың ішіндегі сюжеттік мотив, образдық бейнелер, көркемдік тәсілдер т.б әдеби компоненттердің ұқсастығы түрлі дау-таластарды тудырғаны әдебиет тарихынан аян.

XIX ғасырдың басында Гегельдің идеалистік философиясы туған еді. Қоғам мен мәдениет тарихын сөз еткенде Гегель үлкен экономикалық формациялар мен олардың ауысу заңдылықтарын, үстем тап сапасымен жасалған мәдениет мазмұнын еске алмай, әдебиетті қоғамның экономикалық базисінен бөлек алып қараған. Сөйтіп, Гегель мәдени даму өзара тартыста болады, бірақ әр кезде күшті тіл, күшті мәдениет жеңіп шығады. Сол мәдениеттің ішінде ерте туып, өзінің орнын сақтаған және болашағы бар саласы – герман (арий) халықтарының мәдениеті мен тілі деген. Гегельдің жоғарыда келтірген пікірін сол дәуірдегі ғалымдар қолдаған. Мысалы, XIX ғасырдың басында Европа ғылымында барлық тілдер басында бір атадан тараған дейтін индоевропеизм қысымы туады. Оны «ата тіл» (праязык) теориясы дейміз. Неміс фольклористері ағайынды Якоб және Вилгельм Гриммдер мен ағылшын ғалымы Макс мюллер болса, басында барлық елдер фольклорының сюжеті мифтен туған, олардың мифологиясына герман халықтарының мифтік сюжеттері негіз болған. Сол сюжеттер кейін түрлі халықтарға ертегі, эпос түрінде тарап, өмір тонын киген дейтін қисынды жақтаған.

Бұл тұжырымның көңілге қонбағанымен, осы пікірдің өзі кезінде фольклористерге әлем елдерінің фольклорын зерттеуге біршама итермеші болған-ды. Қалай болған күнде де, ертеде өмір сүрген халықтардың таным-түсінігіндегі ортақ ойлар мен ауыз әдебиетіндегі ұқсастықтар болуы кездейсоқтық десек те, ғылымда сюжеттердің көшіп жүру (миграция сюжетов) теориясы бар екені, басқаша айтар болса, өлең-жыр, эпос, ертегі т.б алғашында бір халықтың ішінде туып, бертін келе басқа елдерге таралуы да заңдылықты процесс. Бұл пікірді алғаш жақтаған ғалымдардың бірі Қазақстан, Сібір, Алтай халықтарының фольклоры мен этнографиясын зерттеуші, жинақтаушы, Шоқан

Уәлихановтың досы Г.Н. Потанин еді. Ол орыс және Европа елдерінің эпостық сюжеттері түркі-монғол тайпаларының эпостық жырларынан алынған деген ойды алдыға тартады. Үнді халқынң «Панчатандра», «Калила мен Димна» сияқты эпостық туындыларын зерттейтін неміс фольклоршысы Бенфей: «Алғашқы эпос сюжеттері Үнді елінде туып, кейін бүкіл шығысқа – Александр Македонский, Эллинизм ХІ ғасырдағы крест жорығы кезінде арабтар арқылы Маврларға (Испанияға), гректер арқылы Италияға, Орта Азия, Бабыл арқылы Балқанға тараған» – десе, оны орыс фольклористері А.Пыпин, кейін К.Стасов қолдайды.

Дұшпандық және бейбіт өмірде бір-бірімен араласатын экспансионистік немесе демократиялық қатынастардағы екі халық өзара әрекеттесу арқылы өз мәдениетіне қандай да бір түрде әсер ететіні табиғи құбылыс. «Жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын ежелгі көшпенділер мәдениетінің ішкі мәні (діни мазмұны, тұрмыстық қызметі және т.б.) бейнелеу өнерінің сыртқы формальды сипатын айқындап, барлық көшпелі сақскиф тайпаларына тән стилистикалық ерекшелікті қалыптастырды. Даму барысында көшпенділер көрші халықтар мәдениетінің әсер ету үлгілерін қабылдады. Мысалы батыс көшпелілері (скиф,сарматтар) өнерінде грек-рим мәдениетінің ықпалын, ал шығыстағы сақтар өнерінде қытай мәдениетінің, оңтүстіктегі көшпелі тайпалар өнерінде – Иран, Индия мәдениетінің, өнерінің ықпалы күшті болды», -дейді, белгілі мәдениеттанушы – ғалым Хамит Маданов өзінің «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде.

Әдетте өнер, мәдениет нұсқаларымен бірге ауыз әдебиеті, жазу, сызу бірге жүретіні айдан анық. Сондықтан көрші елдермен қатар, грек-рим әдебиетінің фольклорлық және классикалық нұсқалары қазақ әдебиетіне әсер етпеуі мүмкін емес. Оның жарқын мысалы есебінде, өзіміздің қандасымыз (гректер Анахарсис Скифский деп атайды) Анақарыс бабамыздың грек халқының өнері мен мәдениеті, әдебиеті мен ғылымына қызыққаны сондай Европаның талай елін шарлап, ежелгі Грекияға барып, ғалым-оқымыстыларымен жүздесіп Солон, Периандр, Питтак және т.б олармен дидактасып, перипатетик ретінде (перепатети-қыдырыстап жүріп, әңгіме-дүкен құру арқылы білім жетілдіру) білім-ғылымнан сусындап қайтқандығы туралы жоғарыда айтып өттік.

Әдебиетші – ғалым Ш.Қ.Сәтбаева өзінің «Шоқан Уәлиханов – филолог» атты монографиялық еңбегінде: «халықтың сөз мұрасын зерттеуде, бағалауда маз-мазмұнын саралауда Ш.Уәлихановтың көзқарастары адамзат көркем қазынасының бұрын-соңды зерттелу тәжірибесіне, орыстың озық әдебиеттану ғылымы мен сынының жетістіктеріне арқа сүйейді, көбіне олармен үндес келіп отырады.

Шоқан қазақ әдебиетін қазақ халқының рухани мәдениетінің аса бай көрінісі деп біледі де, сол әдебиетпен басқа халықтарды таныстыруды мақсат етті» - дейді де, Шоқанның төмендегі тұжырымына көңіл тоқтатады: «Біздің халқымыздың көркемдігі жағынан қалыспайтын өскелең әдебиеті бар. Егер жұрттың айтуымен Геродот жинаған Гомердің көркем өлеңдері мен аңыздарының аз да болса тарихи мәні бар десек, егер де өзгертіліп, мысал тәрізді болып кеткен аңыздардың негізінде де оқиға, шындық жататын болса, қазақтың ата-бабаларының өмір тұрмысын, әдет-ғұрпын әр жағынан қамтып белгілі бір жүйеге суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, сол халықтың осы күнгі мінез-құлқымен салыстырсақ, онда аңыздардың тарихи мәні болуының мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек. Халықтың таза ақындық туындылары ретінде бүкіл қоғам көпшілігінің сезімдерін, өмірін және прогресін қамтамасыз еткен шығармалар тарихтың филологиялық және де психологиялық назардан тыс қалмауы керек», -деген тұжырымы, қазақтың әдебиетін тар шеңберден арылтып, кең көлемде, тек орыстың ғана емес озық европалық әдеби мұраларымен бірге салыстыру, әдеби компаративистік сала арқылы қарастыруға жетелейді.

Дарынды ғалым өз тұсында әдебиеттің осы проблематикалық саласы бойынша көп шұғылданған. Оның жұмысы оң нәтиже берді, оның осы саладағы ғылыми ойы әлемдік интеллектуалды ортада қабылданды және көп қырлы фактілерде баяндалды.

Шоқан фольклористика саласындағы ежелгі грек және Рим әдебиеті мұрасының сюжеттік желілерін, бейнелерін, көркемдік шешімін, бейнелеу, мифологиялық құрамдас бөлігін қазақ халқының рухани бай мұрасымен ерекше кеңінен салыстырады.

Сонымен қатар, ғылыми еңбектерде қазіргі классикалық еуропалық және Ренессанс күйін бастан өткерген Шығыс елдерінің әдеби мұраларымен, қазақ әдебиетінің кейбір нұсқаларымен кең ұқсастықтар, үйлесімділік байқалады. Осы мұралардың бірқатарын насихаттау, ғылыми талдау және олармен басқа халықтарды таныстыру мақсатында. Туған халықтың ойлары еуропа халықтарының өркениетіне қол жеткізуге, оған ілесуге, прогреске ұмтылуға тырысты. Жақсы жағдайда ол қарсыластармен қатал күрес жүргізді. Осы жерде қазақтың рухани байлығын жетілдіру мақсатына жету үшін, оны басқа адамдарға көрсете отырып, тең құқылы болу үшін ол феодалдық-монархиялық тәртіп пен Исламның фанатизмінен арылғысы келеді, ғылым негіздеріне негізделген білімді сіңіріп, Ресейде оқу үшін мектептер ашқысы келеді.«Жалпы қазақ халқының алдында еуропалық цивилизацияға жетуде, орыстардың византиялық дәуірден өткені сияқты, татар халқы арқылы өтудің өлермен перспективасы бар. Византийщина қаншалық жиіркенішті болса да, бірақ ол әйтеуір даусыз ағартушылық элементі ретінде христиандықты енгізді. Соны және қабылдағыш қазақ халқы ой мен сезімді тежеу қабілеті ғана бар өлі схоластикадан осы тығырықтан шығу мақсатында басқа татар ағартушыларынан нені күтпек?- дейді.«Осы адам сүйгіш істі тындыру үшін, ең алдымен, тек ислам идеясы мен молдаларға деген қамқорлықты тоқтату және оқуруттегі татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек» - дейді, өзінің «Сахарадағы мұсылмандық туралы» деген мақаласында.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Әуезов М. Очерктер және кино-әңгіме: Жиырма томдық шығармалар жинағы. VIII-т.– Алматы: Жазушы.1981.–440-б.
- 2.Кәкішев Т.Толғам. – Алматы: Қазақ университеті. 2004. – 507-б.
- 3.Рымғали Н. Әдебиет теориясы: Нұсқалық. – Астана: «Фолиант» баспасы. 2003. – 328-б.
- 4.Қасқабасов С. «Мәдени мұра – рухани жаңғырудың негізі» мақаласы // Егемен Қазақстан. – 2.XII.2003 жыл.2-б.
- 5.Кун Н.А. Ежелгі Греция мифтері мен аңыздары. – Алматы: Мектеп.1979. – 13-б.
- 6.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра.2003.–205-б.

ӘОЖ 82.123

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МҰСЫЛМАН ОБРАЗЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**УТЕГЕНОВА Ә.Т.**

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассмотрены пути создания окказиональных фразеологизмов в художественном тексте.

**Summary.** The article describes in detail the ways of creating occasional phraseological units in a literary text.

Асыл сөз өнеріне қойылған ғибраттық талғам мен талап шарттары Әбу Насыр Әл-Фарабидің трактатынан бастап Махмұт Қашқаридің «Түрік тілдерінің жинағы» т.б. әдеби жәдігерлерде қалыптасты. Бұл дәстүр XV-XVII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында дамытылып, XVIII ғасырдағы би-шешендер, жыраулар мен ақындар поэзиясында

ғибраттық терең толғауларға ұласты. XIX ғасырдағы қазақ асыл сөзіне Абай «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген жауапкершілік қойды. Қазақ даласы о баста Әл-Фараби ғұламаның дәстүрін жалғастырғаны қазір дәлелденген қағида. Қазақтың асыл сөз мұрасы орта ғасырлық әдеби жәдігерлер, толғаулар мен тарихи жырларда бейнеленгендей – ғибратты мағынаны ғана алға қойған. Әдебиеттің басты мақсаты – А.Байтұрсынұлы айтқандай, «адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер». Себебі, «сөз өнері адам санасының үш негізіне тірелді: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге». Кеңес кезінде асыл сөздің «адамның жан қоштау керегінен» қажет екенін айтуға тыйым салынды. Тек тәуелсіздік кезінде қайта оралған Алаш абайтануы Абай шығармаларының ғибратты мағынасын үлгі ретінде асыл сөздің басты мақсаты етіп, ата-баба дәстүрін қайта жаңғыртты. Неге А.Байтұрсынұлы Абайды қазақтың бас ақыны дейді? Себебі «Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады». Сондықтан оның «Сөзі аз, мағынасы көп, терең».

А.Байтұрсынұлы «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – дейді. А.Байтұрсынұлы Абайдың сыншы, сөз тексергіш екенін дәлелдеу үшін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1887) атты мәтінді талдаған. Әдебиетшінің бұл өлеңді таңдауы да тегін емес. Басты мағыналы дискурс келесі тармақтарда екені аңғарылған:

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы?

А.Байтұрсынұлы «Тілек батам» деген өлеңінде бұл ойды дамыта түседі:

Я, Құдайым аққа жақ,  
Өзіңе аян: мен нақақ.  
Аққа деген жолымның  
Абыройын ашпай, жап.  
Аят пенен хадисте  
Адал ниет, ақ іске  
Жаңылмасам, жоқ еді  
Жаза тартсын деген бап.  
Адасқанын Алаштың  
Түзу жолға түсір, Хақ!

Сондықтан да А.Байтұрсынұлы Абай туралы былай деген: «Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған». Себебі, «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған». А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейханға сілтеме келтіріп, ол кітаптарды осы ретте атап өтеді. Бұлар: Спенсер, Льюис, Дрепер. А.Байтұрсынұлы Абайдың Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев еңбектерімен таныс болғанын да осы ретте айғақтап береді.

А.Байтұрсынұлы Абай өлеңдерінің тағы бір қайталанбас сырын түсіндіреді: «Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда». Осы ретте А.Байтұрсынұлы ақынның келесі өлеңін талдаған:

Көк тұман алдындағы келер заман,  
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.  
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.  
Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бәс,  
Келер, кетер, артына із қалдырмас.  
Соның бірі – арнаулы таусыншық, күн,  
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.  
Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі!  
Шырақтар, ынталарың «менікінде»,  
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.  
Ғәділеттік, арлылық, махаббат пен –  
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.  
Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,  
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.  
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Соны ойлашы, болады не сенікі?  
Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,  
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.  
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,  
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.  
Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек:  
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.  
Ғәділет пен мархамат – көп азығы,  
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.  
Әркімнің мақсұты өз керегінде,  
Біле алмадым пысығын, зерегін де.  
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,  
Хақиқат та, дін-дағы тереңінде.

Абай шығармаларындағы басты концептік ғибратты мағынаны – мұсылмандықты осылай алға қойған А.Байтұрсынұлы өз ғылыми мұрасы мен поэзиясында да Абай көрсеткен бағытты жалғастырған. Тәуелсіздікке дейін бұл мәтін біржақты ғана талданып келген. Кеңес кезінде абайтанушы Қайым Мұхамедхан ғана бұл өлеңді А.Байтұрсыновша түсіндірген. Ә.Бөкейханға арналған «Достыма хат» (1918) өлеңінде А.Байтұрсынұлы діннен безген замандастарын былай деп суреттеген:

Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай!  
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!  
Үйілген өлексені өрге сүйреп,  
Шығармақ қыр басына іңкәрің-ай!  
Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр?  
Кім шыдап, жолдастыққа төзіп жатыр?  
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар  
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.  
Ақшаға абыройын, арын сатып,  
Азған жұрт, адамшылық қалмай сыны.  
Жаны ашып, жақыны үшін қайғырар ма,  
Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы?

Ғылыми еңбектерін «Бисмилләһир Рахманир Рахим» деп бастаған А.Байтұрсынұлы Абайдың имандылық ғибратын үлгі етіп, өз заманын осы тұрғыдан ақын ретінде сынап өткен. А.Байтұрсынұлы өз жеке өмірінде де мұсылмандықты қатал ұстанған тұлға. А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафаның шын аты – Александра. Оның Бадрисафа аталуына онымен некелескенде ғалымның жарына мұсылманша есім таңдауы себеп

болған. Илияс Байтұрсын «Алтын бесік» (1998) атты кітабында Бадрисафаны Ахметтің туыстары «ақ келін» деп атағанын еске түсіріп, бұл атауға оның ашық мінезі толық сәйкес келгеніне тоқталады: «Ведь Бадрун» в переводе с арабского означает «полная луна», «сафа» – «кристально чиста», – деп жазады. «Аманқарағай қорықшысының қызы Александра Ивановна Ахметтің қалауымен Бадрисафа атанып, мұсылман дінін қабылдайды. Қостанайда некесін қиғызып, Зейнолла имамның қарауында екі ай мұсылман мектебінен өтеді». Кеңес кезінде қандай қиыншылықты бастан кешсе де, Бадрисафа өмірінің соңына дейін мұсылманша киініп, намазын үзбей өткен жан болғаны туралы дерек осы ретте келтірілген.

А.Байтұрсынұлы «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» атты өлеңінде Құрандағы басты түсініктерді кеңестік кездің атеистік басымдығына қарамай батыл қолданған.

Жазған сөз жаным ашып Алашыма;  
Алаштың адасқан аз баласына.  
Қаннан қан еткен інім, бауыр жұртым!  
Қараған «Қара таудың» қаласына:  
Іші лас, сырты таза залымдардың  
Алданып құр сыртының тазасына.  
Мәз болып байғазы алған балаларша  
Сатылып жылтыраған танасына.  
Әбілдің зияратын аттап өтіп,  
Қабылдың бата қылма моласына.  
Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,  
Тығылып дажалдың итханасына.  
Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап,  
Қорыққаннан көзің сыймай шарасына.  
Ұмытып Құдайды да, Құранды да,

Бас ұрма Лат, Манат ағашына. Бұл өлеңде де бұдан бұрынғы қолданған Құдай, Құран, Хақ Тағала, Алла сөздерінің ғибраттық мағынасына ерекше концептік мән берілген. А.Байтұрсынұлы «Маса» өлеңдер жинағында келесі сөздерге өз түсініктемесін берген: аят, хадис, мүбтала, шарифат, ғұсыл, ишарат, дұға, хикмет, рух, Лаухул-Махфуз, жәннәт, ғамал, ұлық, хәкім, Лат-Манат, Ғұзза, Ләфуз, машрик, пақыр, фаһам, қисса, мәжнүн, мийнат, аслан, ғибрат.

«Н.Қ. ханымға» өлеңінде А.Байтұрсынұлы Абайдың жоғарыда келтірілген «мен» мен «менікі» туралы пәлсапалық ойын дамыта түседі.

Рақатсыз өтсе де өмір жасым,  
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң.  
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым!  
Мен өлсем де өлемін жөнімменен  
Тәннен басқа немді алар өлім менен?  
Өлген күні апарып тығары – көр,  
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.  
Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін. Бұл өлеңде өздерін ел тәуелсіздігі үшін құрбандыққа қиған Алаш ерлерінің ұстанымы нақышталған.

Кеңес кезінде Абайды ескішіл, діншіл деп жоққа шығарған белсенділерге Алаш абайтануы ғылыми негізделген тойтарыс берді. Осы ғылыми концепциялары үшін олар қуғын-сүргінге түсіп, соңында жазықсыз репрессияға ұшырады. Абайдың көркемдік әлемін тұңғыш рет зерттеген авторлардың бірі Жүсіпбек Аймауытұлы не бары 41 жасында ату жазасына ұшырады.

XX ғасыр басындағы Алаш абайтануындағы ерекше пікір Мағжан Жұмабайұлының «Алтын хакім Абайға» (1912) атты арнау өлеңінде берілген. Ақын өз заманының абайтанулық мәселелерін өлеңмен былай деп айқындап берген: «Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес, / Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес. / Қарадан хакім болған сендей жанның, / Өлемнің құлағынан әні кетпес!».

Әдебиеттанушы, ақын Мағжан Жұмабайұлының «Шын хакім» сөзін дәлелдеу үшін бүгін қаншама диссертациялар жазылуда! Сөзді нақты, орынды қолдана білген М.Жұмабайұлы өлеңінің осы бір тармағымен Абайтануға зор үлес қосып кетті. Олай болса, әр сөзінен ұлттың рухы мен намысы өрлеп тұрған Алаш абайтануы – тәуелсіз әдебиеттанудың басты ұстанымы болып табылады.

Абай туралы орыс тіліндегі зерттеулердің авторлары – Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатов та ақын сөздерін кеңестік шеңберден тыс, жалпы адамзаттық контексте қарастырғандары үшін кінәлі болды. Екеуі де саяси көзқарастары үшін ату жазасына кесілді.

Абайды қазақтың «басты ақыны» деп атау арқылы А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетіндегі ұлттың ғибратты асыл сөз жүйесінің дәстүрлі темірқазығын осылай айқындап берді. Сондықтан Алаш ғалымдары Абайды қорғауды өздерінің басты ғылыми, азаматтық борышы деп санады. Кеңес заманында Алла мен пайғамбар сөзін қазақ тілінде асыл сөзбен уағыздаған Абай мұрасын пайдалану шектелді және тыйым салынды. Кеңес дәуірінде Аллаһ ақындары қажет емес еді. Абайға өзін тек әлеуметтік-реалистік тұрғыда көрсетуге рұқсат етілді. Алаш ғалымдарының Абай қазақтың бас ақыны екендігі туралы ғылыми зерттеулері тәуелсіздік алған кезде ғана әдебиеттануға қайта оралды. Тек қазір ғана қазақ әдебиеті өзінің адамгершілік жолына оралып, оны түсіндірген Алаш Абайтану ғылымымен қайта қауышуда. Олай болса, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», А.Байтұрсынұлының «Абай – қазақтың басты ақыны» деген қағидалары тұрғысынан қазіргі қазақ әдебиетінің де өз алдына нақты шарттар қоятын кезі жетті.

ӘОЖ 82. 958

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СӘЙГҮЛІКТЕР БЕЙНЕСІ

### ЧАМЧИ Ж.Қ

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассказывается о знаменитых скаковых лошадях, конях, ставших товарищами героям.

**Summary.** The article tells about the famous racehorses, horses that have become comrades to the heroes.

Қазақстан тарихында елді қорғаған атақты батырлармен қатар олардың ерекше сәйгүліктері де айтылады. Мұндай қасиетті адамдардың есімдері эпостарда, тарихи әндерде, елдің есінде қалған жыр-аңыздарда және жер атауларында жиі кездеседі. Біздің халқымыз батырларға жолдас болған атақты ақбөкендердің, жүйрік жылқылардың, тұлпарлардың етін ешқашан жеген емес. Өз өлімінен қайтыс болған мұндай жылқылар абыроймен жерленді. Атап айтқанда, Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы, Қабанбайдың Кубасы, Бөгенбайдың Қызыл аты, Ақанның «Құлагері», Тілеулі батырдың Кез құлағы, Бармақ батырдың Сандалкөгі, Исатайдың Ақтабаны, Амангелді батырдың Шалқасқасы, Кейкі мергеннің Кераты, Қарабектің Қарасы, Қамыстың Шұбары, Ерқосайдың Торысы, Сегіз серінің Бозжорғасы т.б.

Қара ат күйіндатып шауып бара жатқан аттардың дүбірін естіп, тастан тіке секіргенде үстіндегі шабандоз бала түсіп қалған. Ал өзі алдына шығып кеткен аттарды басып озып бірінші келген көрінеді. Содан бері бұл жер «Қара ат қамаған» деп аталып кеткен. Алтай өлкесі Қосағаш ауданындағы «Қара ат қамаған» жартасының жанынан өткен халық «Шіркін-ай!» Жануардың естісін-ай, бәйгеден қалам деп істеген айласын қарашы!» деп таң қалысады екен.

Көкдөнен-қазақтың жоңғар басқыншыларына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық соғысының батыры Ер Жәнібек Бердәулетұлының (1714-1792) тұлпары. Бірде бала Жәнібек нағашыларының ауылына барады. Көп жылқының арасынан Көкдөненге көзі түсіп, сол сәйгүлікті сұрайды. «Барлық жылқыны ал, бірақ Көкдөненді бере алмаймыз» депті туыстары. Жәнібек айтқанынан қайтпай тұрып алады. Жиендері өкпелеп кететін болған соң нағашылары еріксіз атты берген екен. Көптеген шайқаста Жәнібек осы тұлпармен ерліктер жасаған. 1750 жылы сексен күндік Шорға соғысында қазақ-қалмақтан он мыңдаған жауынгер қатысқан жан алысқан ұрыс болады. Абылай ханның аты оққа ұшып, жаяу қалады. Сол мезетте жан-жанындағы жауды қоғаша жапырған Жәнібек Абылай ханның жанына шауып келіп, Көкдөненді кесе көлденең тартқан екен. Абылай хан атқа мініп жатып:

– Өзің жау қолында жаяу қалдың ғой, - дейді. Сонда Жәнібек:

– Мен өлсем, қазақтың екі әйелінің бірі батыр табар, сіз өлсеңіз қалың қазақ хансыз қалар, - деген екен. Осы ұрыстан кейін ел Жәнібектің арғымағын «Абылайдың өзін құтқарған Көкдөнен» деп қадірлеген. Сол заманнан хабар беретін «Жәнібектің Көкдөнені» атты күй бар. қолбасшының аты өліп, оны жауынгердің бірінің атына мінгізіп, соғыстан аман алып қалуды «ат сүйек беру» деп атайды. Бұл – ежелден келе жатқан әскери ғұрып.

Тайбурыл – XIV-XV ғасырларда өмір сүрген Қобыланды батырдың тұлпары. Қобыландының осы тұлпарға қалай ие болғандығы жөнінде халық арасында мынадай әңгіме бар: ат сыншыларының жорамалын естіген Қобыландының әкесі:

– Жылқы ішінде көк ала бие бар. Сол бие көк бурыл құлын туады, жан серік атың сол болады, - дейді.

Тайбурылды құлын кезінен батырдың жары Құртқа бағып-қағыпты. Ол қырық күн кулықтың (бір рет құлындаған бие), қырық күн қысырдың (тумай қалған мал) сүтін берген. Екі енені тел (ортақ) емген құлынның күші мығым, бұлшық еті сом болған. Тоқсан күн өткен соң келешекте жылқы ауырмас үшін жемге қосып әр түрлі дәрілер жеткізген. Тайбурыл арнаулы киіз үйде бағылған. Күніне екі рет түндікті ашып таңертең шапақтана атқан және кешқұрым қызара батқан күн сәулесін түсірген. Суды әбден қақтап кептірілген қурай түтікпен берген. Осылай құлынды алты жасқа дейін балаша мәпелеп күткен. Туғалы күнді көрмей, қараңғы түнектен шыққан Тайбурыл жарыққа шыққан соң көзі от шашып, аспанға шапшиды. Оның ерекше сипаттары туралы "Қобыланды батыр" жырында былай деп айтылады:

Көл жағалай отырған  
Көкқұтан мен қарабай,  
Көтеріліп ұшқанша,

Белінен кесе басады... - дейді. Бұл "алты айлықты алты-ақ аттайды" дейтін, алысты жақын ететін, нағыз, қиялдай жүйрік ат. Тайбурыл иесі қысылған жерде тілге келіп, ақыл да қосады. Көлік қана емес, серік те, дос та өзі деген жайды білдіреді. Батыр жалғыз өз басымен ғана батыр емес, осындай қанаты сияқты болған атымен батыр. Қобыланды батыр Тайбурылмен талай қиын жорықтарға қатысады. Қазан қаласын қоршаған ұрыста камалдың ар жағына қарғып түсіп, батыр жауды қойдай қырған.

«Олар камал бекіністерін салып, қазақтардың жерлерін басып ала бастайды. Бірде Қызылқала деп аталатын бекіністен ел халқын ұрып-соққан бес жауынгер шықты. Мал алады. Құламан батыр аңнан ойран-топыр ауылын көреді. Ашуланған ол жауларын таныстырмай қуады және оларды қылышпен кесу арқылы өлтіреді. Қалған үшеуі жеткізбей Қызыл қалаға кіреді. Құлыптың қақпасы жабылады. Содан кейін батыр



ойланбастан қамшымен Ардакюренге асығып, қамалдан секіреді. Мұндай жағдайды күтпестен, жау әскері абдырап, қолына қару ала алмады. Батыр атойлап оң-солға құлады. Қаһарман ардакүрен, ол қатты үмітсіз қылышпен қамалдан шығып, қайтадан шығады. Мәселен, жаңбыр жауған Құламан батыр ауылында Сарыарқаға қарай өтеді.

Ардакюрен секіргенде, қамал қабырғасының бір кірпіші бұзылады. Кірпіш құлаған жерде қамал бастығы келгендерге "бұл қазақ батырының жылқысының тұяғы тиген жер" деп белгі қояды. Ал көргендер "" бұл қыры қанаты еді, ол қалай секірді?" ол таңданып, басын шайқады. Керкекіл – 1916 жылғы қазақтардың орыс отаршылдарына қарсы күресінің батыры Жәмеңкенің аты. Керкекілдің құлын кезінен бестісіне дейінгі өмірі Алатаудың ең сұлу жері, жазы шыбын-шіркейсіз, салқын, суы тұнық әсем Қарқара жерінде өткен. 1916 жылдары Жәмеңкеге Ташкенттегі қырғыз досы Қыдыреке қонаққа келіпті. Бір жаз қымыз ішіп демалып, кетерінде досынан Керкекілді сұрайды. Жәмеңке атын сыйға тартады. Разы болған досы атты өзімен бірге еліне әкетеді. Бірақ, бір аптаға жетпей жатып Керкекіл қашып кетіп, Қарқараға оралады. Жәмеңке досына хабар береді. Қыдырекенің шабармандары атты Ташкентке тағы алып кетеді. Бір ай өтісімен Керкекіл қайта қашып келеді. Ташкент пен Қарқараның арасы бір жарым мың шақырымнан артық екен. Осы аралықты ақылды жануар күндіз үнемі тығылып тұрып, тек түнді пайдаланып жортқан деседі. Сөйтіп, Керкекіл жолда ит-құсқа жем болмай, адамға ұсталмай еліне жетіпті. Сонда Қыдыреке:

– Жәмеке, атыңды бір емес, екі рет бердің, оған алғыстан басқа айтарым жоқ. Жануардың тілі жоқ демесең, ақылы көп адамнан артық. Туған жерінде қалсын, - деген сәлемдемесін жолдапты. жат жерге барған аттың көзіне туған жердің бейнесі елестейтін көрінеді. Оны ұмыттыру үшін баяғыда айнаға қаратып кірпігін жұлады екен.

Батырлар жырында сүйіспеншілікпен суреттелетін бейне- жүйрік ат бейнесі. Ғасырлар бойында көшпелі өмір кешкен қазақ халқының тіршілігінде жылқы малының ерекше маңызы болғаны мәлім. Сауса сүт, мінсе көлік, сойса ет дегендей жылқы түлігі ел санасынан өшпес орын алған, бұл тарапта неше алуан аңыздар, өлеңдер, мақал-мәтелдер шығарған. Соның бәрінде жүйрік жорға, тұлпар, арғымақ тұлғасы көкке көтеріле мадақталады. Мұның бәрінің түп негізі жылқының адам баласы тарихымен бірге жасасып, қызығына да, қиындығына да ортақ болып келе жатқандығына байланысты. Жылқы тағдыр мен тарихы арнаулы зерттеу тақырыбы да болып жүр. Бұндай еңбектерден көп тың мағұлматтар кездестіруге болады. Көне тарихтың куәгері-жылқының қоғам, жеке адам өміріндегі қызметі алуан түрлі. Жылқы малына деген сүйіспеншілік түркі-монғол халықтарының эпосынан да мол көрініс береді. Жүйрік ат жайында жазылған шығарма, бейнелеу өнері суреттері, әсем ән мен күй аз емес. Оларда ер адамды ғасырлар бойында мұратына жеткізген, жан серігі болған пырақтың бейнесі жан-жақты суреттелген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жолдасбеков М. Тастар сөйлейді. – Астана: «Фолиант», 2002. - 194 бет.
2. Көшекова А.А. Қазақ эпосындағы ат образы. (канд. дис). – Алматы: 2009
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. -352 бет.
4. Рақышев К., Түгел С. Замана желімен жарысқан –Қазанат. – Алматы: «Таймас», 2006. -200 бет.
5. Бердібай Р. «Эпос – ел қазынасы». – Алматы: «Рауан», 1995
6. Батырлар жыры. 1-том. – А., «Жазушы», 2006 ж.
7. Батырлар жыры. 2-том. – А., «Жазушы», 2006 ж
8. Ел қазынасы — ескі сөз. – Алматы: «Ғылым», 1994. -616 бет.
9. Жұмалиев Қ. «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» – Алматы: 1995
10. Бердібаев Р. «Қазақ эпосы». – Алматы: Ғылым, 1982. –318 бет
11. Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» – Алматы: 1974. -3206
12. Бердібаев Р. «Сарқылмас қазына» – Алматы: Мектеп, 1994. 225 бет

13. «Қобыланды» – Москва: Наука, 1975.
14. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ әдебиетінің тарихы» – Алматы: Санат, 1994.
15. Ыбыраев Ш. «Қазақ эпосы». – Алматы: 1987. 230бет

ӘОЖ 82. 159

## «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ

### УСЕНКУЛОВА АЙБИБИ АМАНБАЕВНА

№18 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В этой статье рассказывается о деятельности газеты «Қазақ». Именно газета «Қазақ» стала инициатором организации первой в истории Казахстана крупной общественной организации – национально-демократической партии «Алаш».

**Summary.** This article describes the activities of the newspaper "Kazakh". Newspaper "Kazakh" became the initiator of the first major public organization in the history of Kazakhstan – the national democratic party "Alash".

Бүгінде А.Байтұрсыновтың «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзін білмейтін жан кемде-кем. Ол сөз «Қазақ» газетінің алғашқы санында жарияланғанын білетіндер де көп болуы мүмкін. Алайда ол қандай мақала еді? Ол жазбада тағы не жазылған? Бұл туралы көп адам біле бермеуі мүмкін. Газеттің алғашқы санын ашқанымызда мына жазбаға көзіміз түсті.«Халыққа газеттің осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газет-журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады.

1909 жылғы санаққа қарағанда Америкада шығатын газет һәм журналдың есімі жиырма бір мың төрт жүз отыз бес, Францияда сегіз мың тоғыз жүз қырық, Германияда сегіз мың, Италияда үш мың бір жүз жиырма, Россияда екі мың елу сегіз екен. ...Бізде құр алақан болғанымыз жоқ. «Айқап» журналы шықты. Бұл бұрынғыдан гөрі, бір адым болса да ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, сол күйімен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз» /Қ. 1913, №1/ [1, 200 б.]. Бұл сол замандағы аса өзекті мәселелердің бірі еді. Себебі, қазақтың өз басылымы болса, ол өзге емес, өз ұлтының сойылын соғып, проблемаларын шешуге атсалысса, халықты ақпаратпен қамтамасыз етуге де, көзін ашып, оятуға да септесе деген ізгі мақсатты көздеді.

«Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан. Олар: «Түркістан уалаятының газеті», (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902), «Серке» (1907), «Қазақ газеті» (1907), «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Айқап» (1911-1915), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік туы» (1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917), [1, 201,6]. Олардың барлығы халықтың сол кездегі тұрмыс-тіршілігі мен өмірін жазып, жаңалықтарды жеткізіп отырды. Осылардың ішінде «Қазақ» газетін алар болсақ, ол 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін Орынборда шығып тұрған, ұлттық баспасөздің, әдебиет пен мәдениеттің дамуына үлкен ықпал еткен басылым еді. Оның редакторы – Ахмет Байтұрсынов, шығарушысы – Мұстафа Оразаев болды. Газетте Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, С.Дөнентаев, М.Шоқаев, М.Жұмабаев, Б.Майлин, тағы басқа қазақ қаламгерлерінің публицистикалық, көркем шығармалары жарық көрді [1,202 б.]. А.Байтұрсыновтың бастамасымен шыққан бұл газет

расында да халықтың жоғын жоқтап, мұнын мұндап, мүддесін қорғап отырды. Оның қоғамдағы ролі орасан зор болуының өзі А.Байтұрсыновтың ерен еңбегі деуге толық негіз бар. Себебі, ол басылымның ұстанымы мен бағытын анықтайтын бірден-бір адам еді. Әрі газет бетінде көтерілген қай мәселеде болсын, А.Байтұрсыновтың қолтаңбасы байқалатын. Жалпы, қай заманда да газеттің тақырыптық бағыты, тілі мен стилі шығарушысы мен редакторына байланысты болатыны белгілі. Сондықтан қандайда бір баспасөз туралы айтар болсақ, оның сол кезеңдегі редакторын еске аларымыз, газеттің тағдыр-тәлейін сол адаммен байланыстырамыз анық. Міне, осы тұрғыдан алғанда А.Байтұрсыновтың ағартушылық еңбегін «Қазақ» газетінен тыс алып қарауға болмайды. Ал «Қазақ» газеті туралы айтқанда А.Байтұрсыновты айналып өту мүмкін емес.

«XX ғасыр ішінде айрықша орны бар екі сәтті айтқан абзал. Бірі – ғасыр басындағы қоғамдық-саяси хал-ахуал. Аса күрделі уақыт тұсында ұлт болашағы үшін жанын да қиюға әзір Алаш қайраткерлері: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Жакып Ақбаев, Міржақып Дулатов, т.б. сынды біртуар перзенттердің тарих сахнасына шығуы тарихи, рухани сұраныстан туған қажеттілік болатын» [4, 3 б.]. Алаш арыстарының тарихи миссиясы туралы пікір-жазба аз емес. Мәселен, Ғарифолла Әнес «Қазақ» газетінің кітап болып басылып шыққан нұсқасына алғысөз жазып, онда «Ұлт ұстазы, ұлыс қайраткерлері, күрескер ақын, реформатор ғалым Ахмет Байтұрсыновтың тікелей бастамасымен, ең бастысы, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени қажеттіліктен туған бұл басылым бірден қазақтың «көзі, құлағы һәм тіліне» айналды, жалпыұлттық деңгейге көтерілді» деген. Расында, «Қазақ» газетінің бетінде ұлттық мәселелер көтеріліп, әртүрлі маңызды тақырыптар қаузалды. Әрі ол тек жазылып қана қоймай, шешілу жолдары қарастырылған. Оған газет беттерін парақтаған кез келген оқырман көз жеткізе алады. Бүгінде басылымның тігіндісін іздеп мұрағатқа немесе ұлттық кітапханаларға барудың қажеті жоқ. Газет сандарына көз жүгіртем деген кез келген жан кітапханалардан «Қазақ» газеті кітабын алса болғаны. Ол 2009 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген. Жинақты дайындау барысында «Қазақ» газетінің тігінділері пайдаланылған. Құрастырушылар мәтіндерді араб графикасынан қазіргі жазу үлгісіне аударғанын да атап өткен жөн.

Бастапқыда «Қазақ» газеті оң жақ шекесінде араб хәрпімен «Қазақ» деген жазу-айдармен шықса, ал бесінші санынан бастап киіз үйдің суреті салынып, оның етегіне «Қазақ» деп айшықтап жазып, 4 бет көлемінде басылып шықты. Газет бірде өрлеу, кейде бәсеңдеу сатысынан да өтті. Бастапқы жылдары оның тиражы 3 мыңнан асып, қазақтың Торғай, Семей, Ақмола, Сырдария, Ішкі Орда, Орал, Жетісу облыстары мен Самарқан, Закаский өлкелеріне, Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Стамбұл, Мәскеу, Томск қалаларына және Қытай жеріндегі қазақтардың арасына кең тараса, кейінірек қаржы мәселесіне орай қиындыққа тап болды. Алайда ел азаматтары шамалары келгенше газеттің тоқтап қалмауы үшін жәрдемін бере білді. «Қазаққа» қаржылай көмек бергендердің арасынан ел байлар мен игі жақсыларынан басқа, оқу орындарында оқыған студенттер, оқушылар да табылды [2, 5 б.].

«Қазақ» газетінің көтерген тақырыптары әралуан еді. Мысалы, газеттің 1913 жылы 2 ақпандағы №1 санында Балқан соғысы туралы зерттеу мақаласы мен «Дін таласы» тақырыбында шағын әңгіме, «Басқармаға келген хаттар», «Қытай жеріндегі қазақтар» атты жаңалықтар легімен басталған басылым бұдан кейін сыртқы хабарлар, ішкі хабарлар деген тұрақты айдарлармен елдегі жаңалықтарды, ал қазақтың тарихы айдарымен ел тарихын жеткізіп отырған. Сондай-ақ, елдік мәселелер де аз қаузалмаған.«Оренбург, 10 феурал» (№1, 2 февраль), «28 феурал» (№1, 1 март), «Қазақ жастарына», «Сырт патшалар жайынан» (№5, 9 март), «Құлдар досы», «Жер іздеген қазақтар», «Ел қамынан бір-екі ауыз сөз», «Русияның ішкі жайы» (№6, 16 март), «Соғыс жайынан», «Қазақ жастарынан бір өтініш» (№7, 22 март), «Жер мәселесі» (№10, 12 апрель), «Қазақ жайы», «Қазақ керегі» (№13, 8 май), «Қазақ жері турасындағы насихат бұйрық» (№30, 14 сентябрь), «Жер жалдау жайынан» (№34, 16 октябрь), «Арендаға жер сату», «Алаш азаматтарына» (№42,

15 декабрь), «Мектеп-медреселер мәселесі (№44, 31 декабрь) деген тақырыптар соның бір дәлелі.

Осылайша, 1913-18 жылдар аралығында 265 саны жарияланған газет әртүрлі жағдайлармен 26 рет жабылған болатын. Ал, 2006 жылы бұл басылым қайта басылып шыға бастады. Бұл осы мәселені қолға алған азаматтардың арқасында жүзеге асқанын атап өткен жөн. Себебі, 88 жылдан кейін газетті қайта шығару расында үлкен ерлікпен пара-пар еді. Оның көтерген жүгі сонау 1913 жылы шыққан басылымның деңгейімен алғанда кем түскен жоқ. Бір ғасырға жуық уақыт бұрын шыққан газетте ел мен жер мәселесі бірінші кезекте көтерілгені туралы ілгеріде мысалдар келтірдік. Ал, 2006 жылы жарық көрген «Қазақ» газеті сол мәселелердің жалғасы іспеттес еді. Бұнда да ұлттың ұпайын түгендеу мақсатында өзекті мәселелер аз көтерілген емес. Мәселен, қазақ тілінің жай-күйі сонау 1913-18 жылдары да жазылған, бұл күндері де өзектілігін жоғалтпай отыр. «Тілді жоғалту ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс пен ұлттық бәсекелестікке зор қауіп төндіретінін» [5, 232 б.] бұрнағы кезде-ақ айтып кеткен ғалымдар. «Қазақ» газеті» де тіл мәселесін айналып өткен жоқ, жазды, мәселе етіп көтерді, шешу жолдарын ұсынды. Тілдің дамуына, қанат жаюына А.Байтұрсыновтың өзі қаншалықты үлес қосқаны әмбеге аян. Міне, осындай ұлы мақсат жолында жарық көріп отырған басылымды журналистикада өзіндік қолтаңбасымен танылған белгілі публицист Қоғабай Сәрсекеев қайтадан ашып, өзі бас редактор болды. Ол өзгеше бағыт пен стильді айтпағанда атының өзін басқа емес, «Қазақ» деп алып, тарихи басылымның тағдырын жалғауды мұрат етуінің өзі жәйдан-жәй емес. Осы ерлігі үшін де бұл газет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Жылдың үздік басылымы» атанды. Бұл конференция «Қазақ журналистикасы тарихын зерттеу мен даму үдерісінің өзекті мәселелері» тақырыбында Қазақстан Журналистер одағы мен Журналистика академиясының және Бас редакторлар клубының ұйытқы болуымен өткен болатын. Жиында қазақ журналистикасының тарихынан бастап, «Қазақ» газеті мен бүгінгі басылымдардағы елдік мәселелер, А.Байтұрсыновтың ұлтты ұйыстырудағы қызметі, т.б. өзекті тақырыптар қозғалды.

2006 жылы «Қазақты» дүниеге қайта алып келген Қоғабай Сәрсекеев редактор болған тұста газет беттерінде Алаш арыстары туралы, қазақтың өткен өмірі мен сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігі туралы кеңінен жазылып тұрды. «Әріптес басылымдармен бірлесе «Қазақ» қазақ жүгін сүйреуге тартынбайды, ақ сөйлейді, ешкімнің айыл тартпасы болмайды, түтіні түзу шығады. Өмірге қайта келген «Қазақтың» мақсаты – айқын, ұстанымы – берік, жүрегі – адал, қызметі – халыққа, тілегі – ұлттық мінез, тілінің, дінінің, ділінің сау, өсіп-өркендеуіне үлесін қосады. Осы ретте «Қазақ» газеті сөз жоқ оқушыларына арқа сүйейді, аталы жұрт, ауқымды миллетіне иек артады. Имандай сыры – «ҚАЗАҚ» қазағымен әрдайым бірге! «ҚАЗАҚ» әр қазақтың шаңырағынан табылам деп өмір есігін ашты» [3], - дейді Қоғабай Сәрсекеев өзінің бір сұқбатында.

Қоғабай Сәрсекеев 2014 жылы қайтыс болды. Ол сол уақытқа дейін «Қазақ» газетін басқарды. 2020 жылы «Қазақ» газетінің бас редакторы Жасұлан Мауленұлы Қоғабай Сәрсекеев туралы көлемді мақала жазып, сол жерде газеттің аманатын арқалап, үзбей өзі шығарып келе жатқанын жазған. Осылайша, А.Байтұрсыновтың «Қазағы» үзілген жоқ, қайта жалғанды. Әрі сол заманда көтерген жүгі де жеңілдемегеніне, қазақ барда ұлттық мәселелер бола беретініне, әрі мықты публицистер барда бұл жұмыстар жүйелі жүргізіле беретініне көзіміз жетті.

Бұл тұрғыдан алғанда біздің ғылыми жобамыздың тақырыбы да арқау болған дүние осы көтерілген мәселелер еді. Және бір көз жеткізген тұс, ол ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың арасында бір газеттің тақырыптық тағдырын зерделеу барысында әралуандылықтан гөрі бірізділіктің басым екені болды. Қазақтың есесін жақтап, есебін түгендеп, құқығы мен қажеттілігін қорғап жүрудің өзі сол замандағы басылым үшін басты мақсат болса керек. Ал ХХІ ғасырда бұл құндылықтардың маңыздылығы төмендемегеніне газет тарихы дәлел. Жалпы, қай заманда болсын, қазақ басылымдары ұлттың мәселелерін көтеруден еш

тартынған жоқ. Алдағы уақытта да осы миссиясын абыроймен атқара беретініне сенім кәміл.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Публицистика негіздері. Бауыржан Жақып. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 444 б.

2. «Қазақ» газеті. С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 бет.

3. «Қазақ үні» ақпарат агенттігі. 28 қаңтар, 2013 жыл. <https://qazaquni.kz/alash/14826--o-abay-s-rsekeev-aza-gazeti-al->

4. «Публицистің шығармашылық шеберханасы»: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 243 бет.

5. Өңірлік мерзімді баспасөз және ұлттық идея: оқу құралы. Н.Шыңғысова, С.Садықов. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 247 бет.

ӘОЖ 391:81

### **ҰЛТТЫҚ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

#### **АБДЫХАНОВА Ғ.Т.**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, педагогика магистрі, «Филология және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

#### **МЫРЗАБАЕВА Б.Д.**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, педагогика магистрі, «Филология және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается этнолингвистический характер наименований национальной одежды.

**Summary.** The article examines the ethnolinguistic nature of the names of national clothes.

Киімнің пайда болу тарихына көңіл бөлсек, алғашқы адамзат өкілдері киім деген нәрсені ұғына білмеген.

Киімнің шығу тарихын толық зерттеп, ежелгі тас дәуіріндегі палеолит және мезолит дәуіріндегі киімдердің пайда болуын зерттеу киімнің шығу тарихын әлі де біле бермейді. Сондықтан ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты - ерте кездегі киімдерді сипаттап, қазіргі жастарға киімнің шығу тарихын ұғындыру, киім атауларына байланысты сөздердің этимологиялық сипатын ашу.

Алғашында ерлер де, әйелдер де киімдерін белге ғана байласа, кейін ауа-райының күрт өзгеруіне байланысты аңға шыққан малдың терісін орап, денесіне байлап алған. Киімді мал терісінен, киізден, қой, түйе жүнінен тігуге болады. Мысалы: тері тымақ, тері тон, күпі, кенеп, шекпен, сырмалы шапан, т.б.

Біздің ата-бабаларымыз табиғаттың тылсым күштеріне байланысты киімді дәл қай уақыттан бастап кие бастағаны белгісіз. Көбінесе киім отырықшы қалаларда жақсы дамыған, малдың терілерінен және жүндерінен тігілген. Ал қазіргі таңда киім әр заманның өзіне лайық дамып келе жатқаны белгілі.

Табиғаттың тылсым күштерінің әсерінен ата-бабаларымыздың киім кие бастағаны нақты белгісіз. Киімдердің көпшілігі жануарлардың терісінен және аң терісінен тігілген,

олар отырықшы қалаларда жақсы дамыған. Ал қазір киім әр дәуірге сай дамып келе жатқаны белгілі.

Киім – адам денесіне киетін зат, жасанды жамылғы түрі. Киім адамды қоршаған орта мен табиғаттың түрлі әсерлерінен сақтайды. Тұтыну мәдениетімен қатар оның салтанатты мақсатты маңызы бар [1, 23]. Киім тігу үшін жануарлар, аң терісі, өсімдіктер, ағаштар, балықтар, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылады. Жануарлар терісінің жүндері мен қылшықтарын ұстаған кезде адамдар алғашында біртүрлі жұмсақтық пен жылулықты сезінді. Кейін оларды үстіне жамылса, суықтан, жаңбыр мен желден қорғануға болатынын көрді. Бірақ тері жамылғылары аң аулау кезінде қолайсыз болған соң, оларды өздерінің денесіне ықшамдап тікті. Ол үшін сүйектерден ине жасады. Жануарлардың тарамыстарын жіп ретінде пайдаланды. Киім тігу мен киім кию осылай басталған.

Киім тігісті және тігіссіз болып бөлінген. Палеолит дәуірінде адамзат тігіссіз, байланған киімдерді пайдаланса, неолит дәуірінде, яғни тоқыма, жіп иіру, тоқу өнерін меңгергеннен кейін иық пен арқаға киетін киім түрлері пайда болды. Тігіссіз киім адам денесіне оралады, байланады. Мысалы: үнділіктер сари, шалма, шәлі; кавказдықтар бурка; римдіктер тога; гректер гиматий; солтүстік халықтар теріден жасалған тұлпып; тайгалықтар тері желбегей; қиыр шығыстықтар теңіз жәндіктерінен киім дайындайды. Аяқ киім түрлері ағаш, тері, көннен жасалады. Кеуделі киім пішілуіне қарай тұйық және алды ашық желбегей (камзол, шапан) болып бөлінеді. Киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктерін танытады. Әлеуметтік дәрежесіне қарай қазақ халқы арасында би, бақсы, бай, сал-сері (жарғақ, шалбар, мауыты, шәйі көйлек), қойшы (шекпен, кебенек, сырттық, күлпара), балуан, батыр киімдері болған.

Жас ерекшеліктеріне қарай бала киімдері, бозбала киімі, бойжеткен киімі, қалыңдық, жас жігіт, келіншек, бәйбіше киімі, ақсақал киімдері үлгісінің әшекейі, тігілуі, сырылып кестеленуі әр түрлі болып келеді. Жасы ұлғайған адамдардың киімі денеге қонымды кең, мол пішілген, әшекейі аз, қарапайым кең бола түседі. Күйеу жігіттің киімі ұзын бас киім, қызыл манат, шапан. Сонымен қатар, бақсы киімі, сал-сері киімнің де өзіндік сәндік және біршама салтанатты киімдері бар. Бір рет қолданылатын киімдер – тойларда, жиындарда, шетелге сапарларда киетін қымбат матадан жасалған сәнді киімдер. Қазақ салтында ер адам соғысқа, соғысқа аттанарда ең жақсы, көзге түсетін киім киеді. Қазіргі заманғы киім түрлері күнделікті өмірге, жұмысқа, қызмет көрсетуге, саяхатқа, спортқа және демалысқа арналған. Сондай-ақ әскери және басқа да кәсіптерге арналған арнайы киімдер, сәндік киімдер бар.

Әрбір халықтың тұрмыс-салтында болған, орын алған жағдайлар тарихта өз ізін қалдырады. Қазақ халқының көнеден келе жатқан бір дәстүрлі мәдениеті – киім-кешегі. Белгілі бір халықтың киім үлгілері оның уақыт бойынша өзгеруін бақылай отырып, осы халықтың тарихын жасауға мүмкіндік береді. Көне түркі дәуірінен бүгінгі күнге дейін қазақтардың киген киімдерінің түрлері өте көп. Олардың аталуы да әр алуан.

Адамзат пайда болғаннан бастап киімнің алғашқы үлгілері пайда бола бастады. Адамзат қандай кезеңдерді бастан өткерсе де, оның киімі тарихтың ізі, уақыт табына жатады. Біздің ата-бабаларымыз мал терісінен тігілген киім киген. Тері тымақ, тері тон, шарғаң шалбарлар болған. Ата-бабаларымыз бағзы заманда өздері бағып-қаққан мал терісін ғана пайдаланды десек заттық-тұрмыстық байлығын кемсіткен болып шығамыз.

Сақ дәуірінің ескерткіштерінде (б.з.б. 7-6) тау ешкі, елік, марал, т.б. «аң стилі» жиі бейнеленген [2, 47]. Мысалы: сақ жауынгерлерінің бас киіміндегі «Алтын таулар» үш биіктен тұрады: биік, орта және аласа. Ондағы ою-өрнектер тік сызықты үш қабатқа бөлінген. Оның дулығасы ғарыш туралы сақтардың символдық түсімен безендірілген. Ежелгі дәуірдегі сақтар мен массагеттердің киімдерінің ерекшеліктері туралы ежелгі ғалымдар Геродот, Ктесий, Страбон да жазады. Олардың тақиясының немесе шапанының төбесі сүйір болып, былғарыдан тігілген етік, сырт киімдерге әшекейлердің орнына аңдар

мен құстардың бейнелері салынған. Мысалы: сақтар өз батырлары мен көсемдерінің денелеріне сурет салған. Адамның денесіндегі сурет батырлықтың белгісі болып саналған.

XIX-XX ғасырларда кебіс, етік, шәркей, шоқай көп тігілді. Мәсі байтөбе, киіз байпақтар қазірде қолданылады. Қазақы киімге қатысты зергерлік заттарға әр түрлі құстардың, бал арасының, көбелектің, ағаштың, жер-судың, тау-тастың кескінін беретін, ерте заманнан келе жатқан және оның ежелгі сақ, үйсін тайпаларының мәдени жетістіктерін бойымызға сіңірдік, яғни үйсіндерде жануарлардың терісін өңдеу және аяқ киім, ішік тері шалбарлар, бешпент тігу үшін тері илеу ісі дамыды. Ал ғұндар мал терісінен суықта киетін сыртқы киімдер, аяқ киімдер тігіп киген.

Әскери киімдердің көпшілігі металдан жасалған, ал металл тоқуды білмейтіндер жүн мен қауырсыннан жасалған кеудеше киетін. «Жаумен жағаласса жыртылмас, Ерлердің жеңсізден игі тоны» деп Шалкиіз (XV-XVIғ.) жырау айтатын жеңі жоқ тон да - жауынгерлік заман тоны. Заманың жаугершілік болса, киер киімнің де жауынгерлік болады. Жауға аттанбай ауылда малға қарап қалған кісінің киері – күпі. Тәтіқара ақынның «Күпінді сатып астыңа, Жең жастанып басыңа»деуі содан болса керек. Күпі дегеніміз – кәрі, жас, әйел, еркек демей кие беретін шаруа киімі.

Күпі – матамен тыстап, ішіне түйенің қойдың жабағы жүнін салып тігетін ұлттық сырт киім. Күпі әрі жеңіл, әрі жылы болғандықтан оны әйелдер де, ерлер де киетін болған. Әйелдің күпісінің жағасы кестеленіп, жеңіне құндыз салынып тігіледі. Күпінің тысына барқыт, мәуіті сияқты мықты, әрі қалың матаны пайдаланады. Шапан сияқты күпінің де екі өңірі, артқы бойы, екі жеңі және жағасы болады. Күпіге көбінесе матадан қайырма жаға не тік жаға салынады. Көшпелі өмір жартылай жауынгершілік өмір болды, сол себептен ерлер киімінде еш өзгеріс бола қойған жоқ. Әрине той, сән-салтанат киімі өз алдына бір басқа. Ежелгі қыпшақ қыздары атқа мініп, ерлермен бірге жауға шабатын болған. Жайшылық кезде сәнді киініп жүру – қазақ әйелдерінің салтына айналған. Қазақта қыз киімі, әйел киімі, кейуана киімі бір-бірінен ажыратылып тігілетін болған.

Қыздар белі қыналған, етек-жеңіне желбір салған қос етекте көйлек, оқалы камзол киіп, беліне металл (қапсырма тағып) шытыралармен безендірілген немесе ширатпалы күміс белдік буынатын болған. Басына үкілі тақия киген. Үкілі тақия – қыз дәуірінің белгісі болған. Әйелдер басына кимешек киетін болған. Тек жағалы тоқыма көйлектің сыртынан камзол, аяғына кебіс-мәсі киген. Жасы ұлғайған сайын қазақ әйелдері қарапайым киінуге тырысқан. Ал кейуана киімдері басы артық әшекейден болмаған.

Ер кісілердің киімі әйелдердің киіміне қарағанда қарапайым болып келеді. Ерлердің киімдері де жас ыңғайына қарай бөлінетін болған.

Бозбала киімі әсем болып келеді. Олар ойық немесе тік жағалы жібек жейде, бархыт бешпент, шалбар, көксауыр етік киетін болған. Басына зерлі тақия, бөрік киіп, үстіне түйе жүн шекпен немесе шапан жамылған.

Өзге халықтардағыдай қазақ халқында да дүниеге келген сәттен жер-ана қойнына кеткенге дейін киетін киім-кешектің түрлі атауы бар.

Қазақта бас киімнен бастап аяқ киімге дейін әрқайсысының өзіндік атаулары бар деп айтып өткенбіз. Мысалы: бас киімі бөрік, қарқара, сәукеле, қалпақ, тымақ, қасаба деп аталады.

Келін түсірейін деп жатқан ауыл адамдары жас балаларды келіннің келе жатқанын көруге арнайы жұмсайды екен. Содан ұл-қызы аралас жас бүлдіршіндер биік төбеге шығып, жолға қарап тұрған. Күнге шағылысқан сәукелені көрген балалар: Сау келеді! Сау келеді! - деп сүйінші сұрап, ауылға шапқылаған. Міне, осыдан «сау келеді» (сүйінші) мағынасынан сәукеле сөзі шыққан. Сәукеле киелі болып есептелген.

Аңыздарға қарасақ, қызы бойжеткенде анасы оған кимешек тігіп, оны сандығының түбіне салған. Нәрестелі болғанда ғана кимешекті алып киген. Осының салдарынан жас ананың кеудесі де, нәрестесі де назарланбаған.

Қазақта әсіресе бас киім ерекше қастерленген. Оны осы кезге дейін аса құрметті қонаққа ат мінгізіп, шапан жауып, бөрік кигізетін дәстүрден де аңғаруға болады.

Кебенек – сырт киім. Ертеректе жауынгерлер, малшылар жауын-шашыннан, бораннан қорғану үшін киген. Жұқа киізден тігіледі, шапан тәрізді болып келеді. Кебенекке арналған киізді бір бет етіп жұқалап басады. Оны аса ұқыптылықпен шаршылап, қалшығын сыртына шығара басқан жұқа киізден ақ, қара немесе қоңыр түсті етіп, атқа отыруға ыңғайлы болу үшін артына жарма қалдырып, шалбарымен қоса пішіледі.

Көне заманнан адамдар алғаш аң терісін жамылуды, одан түрлі нәзік талшықты өсімдіктерден жамылғы токуды үйренген кезден бастап тек суықтан қорғану, бойды жылыту үшін ғана керек болған киімдердің жалпы адамзат өмірінде алатын орны маңызды болып, ол қоғамдық мәнге ие бола бастады.

Қазіргі уақытта киімдер матадан тігіліп, ою-өрнектермен кестеленіп ашық түсті түйме, моншақтар, маржан сияқты жылтыр әшекейлермен өрнектеледі. Олардың кейбіреуін сәндікқолданбалы өнер деуге болады. Яғни келіншектер бір құрсақ көтергенше қыз киімін кие беретін болған екен. Олар тақия, бөрік кимейді, үкі тақпайды, жалаңбас жүрмейді. Қыздар киімімен салыстырғанда, келіншектердің бас киімінде әшекей аз болған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998, 829-б.

2.Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. –356б.

ӘӨЖ 811.512.

### **ПОЭЗИЯДАҒЫ ПАРАДИГМА ҚҰБЫЛЫСТАРЫ**

**БИСЕНҒАЛИЕВА М.С.**

№ 16 орта мектебінің директоры, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В этой статье рассматриваются вопросы о том, что определить развитие в языке образование парадигматические особенности в изучении лексики произведениях поэта.

**Summary.** This article discusses the issues of what to determine the development in the language of education paradigmatic features in the study of the vocabulary of the poet's works.

Көркем шығарманың тілін зерттеудің өзі көп жылдардан қалыптасып келе жатқан, филология ғылымының арналарының бірі. Оның негізі Қ.Жұмалиев, М.Балақаев сынды ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қаланды. Қазіргі күнде академик Р.Сыздық пен профессор Б.Шалабай еңбектерінде жалғасын тауып, көркем шығарма тілін зерттеу мәселесі ғылымда өз орнын табуда [1,3]. Дегенмен, поэзия тілін зерттеу мәселесі кенже қалып келе жатқандықтан, ақиық ақын Төлеген шығармалары негізінде, материалдар жинап, ақын шығармаларының лексикасын бір жүйеге келтіріп зерттеуді жөн көрдік. Төлеген поэзиясының лексикасын жан – жақты зерттеу арқылы, біз ақынның шығармаларында кездесетін жаңа қолданыстардың бірі парадигма мәселесіне тоқталамыз. Өйткені, парадигма тіл білімінде соңғы жылдарда, әсіресе тәуелсіздік кезеңінен бері қолданылып келген лингвистикадағы жаңа терминнің бірі. Оны лингвистикалық талдау ретінде Төлеген поэзиясындағы парадигмалық



құбылыстарды айқындап, ақын шығармаларындағы лексикалық ерекшеліктердің басын ашу, оларды қолданысқа енгізу болды.

Парадигма – гректің үлгі, мысал деген ұғымынан қалыптасқан термин. Ол бір-біріне қарама-қарсы қойылған, әрі ортақ белгісі бар немесе ұқсас ассоциация тудырушы кез келген лингвистикалық бірліктер тобын құрайды. Мәселен, парадигматикалық қатынастар арқылы байланыста болатын тіл бірліктерінің жиынтығы. Парадигма терминінің синонимі бір сөздің тұлғалану жүйесі болады. [2,162].

Ақынның «Жұлдыздар» атты өлеңінде, осындай парадигмалардың жиынтығын кездестіруге болады. Мысалы,

Жұлдыз боп ұшқан жұлдыздар,  
Жұлдызға қолды жалғатты.

Бұл мысалдағы «жұлдыз», «жұлдыздар», «жұлдызға» деген сөздердің өлең қатарларында кездесуі, ол морфологиялық парадигмаларды құрастыруы. Өйткені, «жұлдыз» сөзі аспан денелерінің бірі екендігін көрсетсе, «жұлдыздар» деген сөздегі көптік мағынаны білдіріп тұр. Ал «жұлдызға» дегенде септік жалғауы арқылы жасалып тұрғанын байқаймыз.

Осындай бірліктер тобы қай жүйеге жататындығына қарай: морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және сөзжасамдық парадигмалар болып бөлінеді. Мысалы,

Келісті жырлар, келді күн,  
Күдіреті күшті Отаным.

-деген өлең қатарларында «келісті», «келді» деген сөздердің түбірлері бір болғанымен, көсемшенің -іс, жұрнағының және -ті, -ді жалғауларының жалғануымен жасалған морфологиялық парадигмалар болып табылады.

Сондай-ақ, «Жақсылық жыры» атты өлеңінде ақын:

Адамның адамдығын нұрландырған,  
Той менен мерекенің жақсы күні.

деген өлең жолдарында «адамның», «адамдығын» деп сөзді түрлендіріп «адалдық», «адамгершілік» деген ұғымда қолданып, лексикалық парадигмаларды қалыптастырған. Сондай – ақ бір объектіге немесе бір болмысқа, мағынаға, жағдайға, сөзге, сөз тобына және т.б. сай келетін тілдегі бірліктер бір парадигманы құрауы мүмкін. Мысалы:

Ол айтқан жырдан қандай жыр аса алған,

Ол тартқан күйден қандай күй аса алған-дегенде «жырдан» «жыр», «күйден» «күй» деген сөздер бір мағынадағы парадигмалар болып есептеледі. Сондай-ақ «ән басынан», «әнге», «ән» деген сөздер де лексикалық парадигмалардың бірі. Мысалы, Басталса әсем әуен «Ән басынан»,

Бір әнге бір ғажайып жалғасып ән.

Тіл жүйесі лингвистикалық топтардың парадигмалар жиынтығы. Мәселен, Ферденанд де Соссюр теориясына сәйкес, тілдік жүйе екі негізгі қатынас түрлеріне негізделген [3,3]. Мысалы:

Термені өмір бойы теріп келіп,

Дейтұғын «Шын ойымды білші менің».

Түндіктен түн жұлдызы жымыңдайтын,

Естіп тұрмын үніңді айқын, - деген мысалдардағы «терме», «теріп» сөздерінің арасындағы байланыс «тер» түбіріне жалғанған қосымшалар арқылы «терме» мен «теру» етістігіне байланысты парадигма құралып тұр. Мәселен,

Жауынды кескілермін де,

Қас етпен ешкімді ешкіммен,

- деген өлең жолдарындағы «ешкімді», «ешкіммен» деген сөздің өзі грамматикалық тұлғаны қалыптастырып тұр. Мысалы:

Бағың боп естілермін де,

Сорың боп естілмеспін мен.

Ұнатпасын тұрсамдағы сезіне,  
Ұнамасын тура айтамын көзіне.  
Бәрі соның алғанымды өзінен,  
Қайта апарып беру үшін өзіне[ 4,3 ].

Бұл шумақтардағы «естілермін», «естілмеспін», «ұнатпасын», «ұнамасын», «өзінен», «өзіне» деген сөздер антонимдік қатарды құрастырып, лексикалық парадигмаларды қалыптастырған. Ақынның өзінің жарына арнау өлеңінде:

Егер де мен күлмек болсам, бұрын күл,  
Ал мұңайсам, оны да сен бұрын біл.  
Бұрын сағын, сағынышың болса егер,  
Кім қуанса қайғысын да сол шегер.  
Мұхит кешпек болсам да мен бұрын кеш,  
Кеш қалған соң, кешкенің де білінбес.

-деген өлең қатарларында, «күлмек», «күл», «сағын», «сағынышың», «кешпек», «кеш», «кешкенің» деген сөздер лексика-грамматикалық ұғымда қалыптасқан парадигмалар. Осы парадигмаларды тіл білімінің парадигматика ғылымы зерттейді. Тілді жүйелі түрде зерттеуде, тіл бірлігінің екі түрлі парадигматикалық не синтагматикалық байланыста болатын аспектісіне сүйенеді. Мәселен,

Бірі үстінде туыстасты ту ұстаған жарыстың,  
Біреуімен бау ішінде бауыр болып табыстым.  
Күз келді де қоңыр тартып қыр көгі,  
Қырау басып, қырды тұман бүркеді.

-деген өлең қатарларында, «туыстасты», «ту ұстаған», «бау», «бауыр», «қыр көгі», «қырау», «қырды» сөздердің синтагматикалық та, парадигматикалық та қасиеті бар. Бұл екі қатынас көзге көрініп тұрады, не тікелей көрінісі болмайды. Мұндай парадигматикалық қатынастарды ассоциативті қатынастар деуге болады. Мысалы:

Кейде тіпті өзіңе-өзің дұшпансың,  
Шошып кетем дір етсең.  
Мұнартып жатқан мұнара,  
Сыр тартсақ сансыз ғасырдан.  
Сен тартқан салмақ көп білсем,  
Жүк бар ма сенің жүгіндей.  
Әйтеуір келіп жеттің сен,  
Бүгін де белің бүгілмей.

-дегенде «өзіңе», «өзің», «мұнара», «мұнартып», «тартсақ», «тартқан», «жүк», «жүгіндей», «бүгін», «бүгілмей т.б. бір сөйлемде бір түбірден тараған парадигмаларды кездестіруге болады. Бір сөздің бір жолда кездесуі және олардың лексикалық не морфологиялық парадигма болып табылуы ақын поэзиясында кең қолданылған. Мәселен:

О, сәлем, қия-шыңдар, қиял шыңдар,  
Жоныңнан жортқан бабам жорға атымен.  
Сімірейінші қанып бір,  
Жан едім суға сусамыр.  
...Абзал жар, ару ақ залдар,  
Ақ залдар, аппақ вокзалдар,  
Тілеулес жерге аттандым,  
Тілеңдер маған ақ жолдар[ 5,3 ].

Бұл өлең жолдарында кездесетін «қия-шыңдар», «қиял шыңдар», «жортқан», «жорға», «суға», «сусамыр», «ақ», «аппақ», «залдар», «вокзалдар», «тілеулес», «тілеңдер» деген сөздер түбірлес сөздер болғанымен, әр түрлі жұрнақ, жалғаулардың жалғануымен сөз тудырып, не сөзді түрлендіріп барып, парадигманы жасап тұр. Мұндай парадигмалар ақынның шығармаларында көп кездеседі. Мысалы:

Бауырлас мынау өлкеге,  
Бауырымды төсеп барам мен.  
Жұлдызы жанған аймаққа,  
Жұлдыздай ағып келем мен.

Бұл шумақта кездесетін «бауырлас», «бауырымды», «жұлдызы», «жұлдыздай» деген сөздердің парадигмалық қатар түзіп тұрғанын көреміз. Сондай-ақ мынадай бір шумақта:

Саған жақ барлық жақсы адам,  
Жақсы адам барлық жақ саған.  
Жастықтың сырбаз сарбазы,  
Жиырма бес, өшпес даңқ саған!  
Күрсінбес жерде күрсінсем,  
Беріп тұр қуат – от маған.

Бұл мысалдарда «жақ», «жақсы», «сырбаз», «сарбазы», «күрсінбес», «күрсінсем», деген сөздер түбірі бірдей, бірақ жалғанған қосымшалардың әсерінен сөз түрленіп не туындап парадигманы құрап тұр.

Қапталыңда қаптап қалып гүл қалың,  
Шарбы бұлттан шаршы орамал бұлғадың.

Қарап отырсақ, екі қатар өлең жолдарында тұнып тұрған парадигмаға кез боласың. Мәселен, «қапталыңда», «қаптап», «қалып», «қалың», «шарбы», «шаршы», «бұлттан», «бұлғадың» деген бірнеше морфологиялық парадигмаларды кездестіреміз.

Мен болмасам теңіз де емес теңізің,  
Даңқың сенің кете де алмас мұнша артып,  
Мен болмасам аспан да емес аспаның,  
Жұлдызына қарайды кім қызығып.

Бұл өлең шумақтарында кездесетін парадигмалық сөздер: «теңіз», «теңізің», «аспан», «аспаның» септік жалғаулары арқылы жасалған парадигмалар болып табылады.

Ана керек, о адамдар, ана керек адамға,  
Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.  
Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,  
Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

Сондай-ақ мына бір шумақ жолдарында кездесетін «ана», «анасыздар», «ананы», «адамдар», «адамға», «дананы», «даналықтың», - деген сөздер кім? кімдер? кімді? кімге? кімнің? деген жіктік жалғауының сұрақтарын жалғау арқылы жасалған морфологиялық парадигмалар болып есептеледі.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі дереккөздері Төлеген Айбергеновтың «Алтын қалам» жобасымен 2010 ж. жарық көрген өлеңдер жинағымен қатар, «Бір тойым бар...», «Арман сапары», «Өмірге саяхат» атты өлеңдер жинағы. Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты Төлеген Айбергенов шығармаларының лексикасын зерттеумен қатар, оның сөздік құрамын талдау, ондағы тілдің парадигмасы арқылы сөздерді анализ жасап, жан-жақты баяндауға пікіріміз бен ұсыныстарымызды ортаға салуды мақсат етсек, оның жырлары әлі де болса көп ізденісті, терең зерттеулерді талап етеді. Ал шығармаларының тілін талдап түсіндіру, ол туралы үлкен ғылыми еңбектер жазу, тілші ғалымдардың міндеті.

Ойымызды түйіндей келе, ақын поэзиясының тіл ерекшеліктерін шолу мақсатында зерделей отырып, тілімізде «парадигма» терминінің қай кезеңде қалыптасқанын байқадық. Қазақ тілінде «парадигма» термині тәуелсіздік жылдарында қалыптасты. Ол бұрын орыс тілінің ғылыми зерттеулерінде де аз кездесетін. Дегенмен, бұл тіліміздегі «парадигма» құбылысын ақын поэзиясында кездестіргеніміз, оның қазақ тілінің жанашыры ретінде сөздердің қолданыс аясының өте кеңдігін көрсету мақсатында, тіл білімінің теориялық негізін қалыптастыруда, поэтикада ашқын лингвистикалық ғылымының биік шыңы деп

түсінеміз. Өз поэзиясы арқылы ақын кейінгі ұрпаққа қазақтың мол қазынасын, қазақ әдеби және ғылыми тілінің молдығын мирас етіп қалдырған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кәрібаева А.Ө. Көркем шығарманың тілі. –Тараз, -2009. 160б.
2. Кәрібаева А.Ө. Төлеген Айбергенов шығармаларының лексикасы.-Алматы, -2019, -2006.
3. Лингвистикалық түсіндірме сөздік.-Алматы: «Сөздік-Словарь» -2000ж.
4. Төлеген Айбергенов шығармалар жинағы.-Алматы: «Алтын қалам». - 2010 ж.
5. Төлеген Айбергенов. Арман сапары – Алматы,- 1965.

ӘОЖ: 37.018.1

### **САНДАРДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ӘДІСІ**

#### **САДЫҚОВА И.Б.**

Ақкөз Қосанұлы атындағы №18 орта білім беретін (ресурстық орталық) тірек мектебінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

#### **КӘРІБАЕВА А.Ө.**

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются вопросы о происхождения цифры «сорок». А также в статье занимает огромное место словосочетание и пословицы и поговорки связанные с цифрой «сорок».

**Summaru.** This article discusses the origin of the number forty. And also in the article the phrase and proverbs and sayings associated with the number “forty” take a huge place.

Қазақ халқында киелі сандар жеті, тоғыз, қырық т.с.с.көп кездеседі. Сондай сандардың бірі 40 саны. Оның жасалуында, пайда болуында түрлі өзгешеліктер мен қайшылықтар, ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер мен болжамдар бар. Сан есімдердің ондық категорияларының жасалуында ла әртүрлі ала- құлалықтар кездеседі. Мәселен, орыс ғалымы Остроумовтың пікірінше, 40 саны орыстың «сорок» дегені сияқты ешбір талдауға келмейтін сөз дейді. Шоттың пікірінше «қырық» сөзі төртпен ешбір байланысы жоқ дегенді ғана айтқан. И.Галевидің айтуынша, «қырық» сөзі «екі йігірмі» (і) кір +(й) ік(ірмі) дегеннен пайда болған. Бұл балқар тіліндегі «екі зиірма» (қырық) дегенге сәйкес келеді. Бірақ одан «қырық» сөзі қалай қысқарып пайда болғанын дәлелдеу жеткіліксіз. Ал, Б.Шобанзаде Галевидің пікірін тереңдетпек болып, «қырық» санының тегі түркілердің «екі»-сі мен монғолдың «арбан» дегеннің қосылуынан пайда болған дейді. Сонымен қатар, ол монғолдың қояр (екі) + қорын (жиырма) қорқорын –қорқ-қырық болуынан пайда болды дейді[1.16].

Сондай-ақ, орыс ғалымы М.Шанский «сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуын оның ұғымды білдіру сипаты мен белгілі бір лексика-грамматикалық топтарға қатыстылығымен байланыстырып қарайды»[2.36].

Мәселен, «қырық» сөзінің өзі қазақ тілінің «қыр» (дала) деген ұғымдағы сөзіне -ық қосымшасының жалғануы арқылы жасалған сөз екені лексика-грамматикалық мағынасынан байқалады. Сөздің лексикалық мағынасының типтерін анықтауда сөз мағыналарының шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатыстылығы дегеннің басқа да белгілері бар екені зерттеу тәжірибесінде көрінеді. Мысалы, Қырық жылдық мерейтой орыстарда аталмайтын көрінеді. Ер адам үйінен қырық қадам алысқа шықса, мүсәпір. Бұл мысалдардағы «қырық» сөзі екі түрлі мағынада қолданылып тұр. Бірінші

сөйлемдегі «Қырық жылдық» деген бір адамның қырық жылдық ғұмыры деген ұғымда қолданылса, екінші сөйлемдегі «қырық қадам» сөзінің үйден алысқа шығу, алысқа кету, алыс сапарға шығу деген ұғымын береді.

Сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ол негізінде метафоралық, метонимиялық немесе синекдохалық тәсілдер арқылы іске асады. Мысалы: Қырық жыл басқан қоқысты, Қырық күнде тазартты. (С.Қалиев). Мұнда метафоралық жолмен жасалған «қырық» сөзіне байланысты болғанымен, «қоқыс емес, ол адамдар арасында істелген істер, әділетсіздіктер т.б. өзгертті деген мағынада айтылған.

Сондай-ақ «қыздың қырық жаны, ал еркектің бір жаны бар» деген тіркестегі «қырық» сөзі синекдохалық құбылыспен жасалған. Мәселен, Қазақ Кеңес энциклопедиясында [3.116] кездесетін «қырық» саны мен сөзіне байланысты сөз тіркестері мол. Олар қырықбуын, қырықжеті, қырықкүрзі, қырық қыз, қырық қол т.б. Бұлардың ішінде қолданыстан шығып қалғаны: қырықжеті, қырықкүрзі, ал қалған сөз тіркестері қазіргі таңда да қолданылып жүр.

Сан есімдер заттың, құбылыстың кейде істің, қимылдың санын, мөлшерін білдіретін сөз табы. Бұл қазақ тілінде өзінің мағынасына қарай алтыға бөлінеді. Мәселен: 1. Қырық – жай есептік сан; 2. Қырқыншы дүкен- реттік сан; 3. Қырық шақты – жинақтау сан; 4. Қырық-елу; қырық-отыз – болжалды сан; 5. Қырықтаған қой-ешкі- топтау саны; 6. Қырық жарым – бөлшекті сан т.б.

Ертедегі түркі тайпалары мен қазіргі түркі тілдерінің материалдарына көз жүгіртсек, көптеген ерекшеліктерді байқауға болады. Мысалы, Орхон-Енисей жазбаларында оннан аса санау жүйесі, қазіргі көптеген тілдердің санау жүйесінен әлдеқайда бөлек екенін көреміз. Мысалы, 36-алты қырық, 16- алты иігірмі, 21-бір отыз т.б. Мұнан басқа да ондық сан жүйесі балқарларда: екі зиырма – 40, екі зиырма он – 50, үч зиырма – 60, үч зиырма он – 70, төрт зиырма – 80, төрт зиырма он – 90 т.б. болып қолданылған.

Сондай-ақ қазақтың әйелдері ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, күйеуінің туыстарының атын өз атымен атамай, жанамалап ату немесе атына өзгеріс ендіру, не дене мүшелеріне байланысты, өзгертіп айту сияқты тапқырлықтың белгісі болған табу құбылысын пайдаланған. Мәселен, қайынағасының аты Қырықбай болса, «екі жиырма қайынаға» деп тұспалдап айтып, аяқ астынан өзгерте салады. Сондай-ақ қайынатасының аты Тоқсанбай болса, «оны кем Жүзбай» - деп айта салады. Қазіргі кезеңде де қолданыста «екі отыз қайынаға», «екі жиырма бес қайынаға» деген де, адамның санын емес, оның есімін яғни айтуға тиым салынған ырымдар арқылы немесе тіліміздің «табу» құбылысына сәйкес келтірілген ұғымдар деп есептейміз.

Сөз мағынасының екі түрі бар, олар лексикалық және грамматикалық мағыналар болып сараланады. Сөздің лексикалық мағынасы лексикологияда қарастырылады. Оны орыс ғалымы В.В.Виноградовтың анықтамасы бойынша, сөздің лексикалық мағынасы, тілдің грамматикалық заңдылығына сай тұлғаланған, оның сөздігіне тән жалпы семантикалық жүйесінің элементі болып табылатын сөздің заттық – материалдық мазмұны, - дейді [1.16]. .

Сөздің лексикалық мағынасын жете түсіну үшін, ең алдымен сөздің заттық-логикалық мәнін, екіншіден, сөздің лексикалық мағынасының басқа мағыналармен қандай қарым-қатынаста екенін, үшіншіден, сөздің лексикалық мағынасын, соған ұқсас басқа лексикалық мағыналардан ерекшелеп көрсететін белгілерін анықтау қажет.

Сөз мағыналардан саралағанда, ең алдымен оның лексикалық мағынасына көңіл аударылады және сөз мағынасынан әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі, өзіндік бояуы айқын көрінеді. Мысалы, Қырық шақырым жерге қамал салдырып, биіктігі қырық құлаш, екі алты құлаш қорған жасатты [4.163].

Мұндағы «қырық шақырым» қашықтықты, аралақты білдіретін сан болса, ал «қырық құлаш» ұзындықты білдіретін қазақтың ескі өлшем құралдарының атауы. «Қырық» сөзінің қазақ тілінде кездеспейтін жері жоқ сияқты. Өйткені, «қырық» сөзі

тіркес мағынасында көркем әдебиетте де көп қолданылады. Мысалы, карақалпақ халқында «Қырыққыз» дәстаны өте ерте дәуірді ХУІІ- ХУІІІ ғасырдағы тарихи оқиғаларды өз ішіне қамтиды. «Қырыққыз» - карақалпақ халқының батырлық эпосы. Мұндағы «қырыққыз» бұл қырық әскер, қол деген мағынада қолданылып тұр. Мысалы,

Қырыққыз бенен отауда,

Тартып ылақ ойнады,

-деген қатарларда кездеседі. Бұрынғы түркі халықтарының салтында ұзатылған қызға жасаудан өзге малшы, жалшы, құл - құтан қоса беретін болған. Мәселен, Қобыланды батыр жырында:

Қырық құл менен қырық күң,

Қосып берді қызына,

-деген қатарларда кездесетін «қырық» сөзі алғашында сандық ұғымды білдірсе, кейін қырық құл, қырық күң – адамды білдірген.

Мәселен: Халқымыздың жыраулары мен жыршыларының кеңестік дәуірге жеткен көрнекті өкілі Мұрын жырау 1944 жылы Ташкентте өткен Орта Азия фольклоры туралы Бүкілодақтық ғылыми конференция қаулысында Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпосының дүниежүзілік маңызы бар деп айрықша аталды [4.5]. Ал ертеректе «қырық» сөзінің беретін мағынасы өзгеше болған. Оны қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов былай деп жазған: «Қазақтар құлдарды екіге бөлген: 1) соғыста қолға түскен құлды олжаласқан құл немесе жесір деп атаған. 2) Сатып алған немесе өзге жолмен келген құлды жетім деп атаған»- дейді. Шоқанның бұл сөзін қазақтың батырлық жырлары мен көне әдебиет нұсқалары дәлелдейді. Мысалы:

Өлеңді айтып едім білгенімше,

Қырықтан жасым кәміл келгенімше.

Қыздармен қырық жасым бітім тапса,

Қоймас ем бұл өлеңді өлгенімше, деген Төлеу ақынның жырлауына қарағанда, өзінің қырық жасындағы жастармен қарым-қатынасын, қыздар арқылы суреттей отырып көрсете білген. Сондай-ақ мына бір шумағында:

Қыздарға үлкен кісі көрінсек те,

Қырық бес әлі тәуір келіншекке.

Қорқамын қәуіп қылып елу бестен,

Түрі бар ұстап берер еріншекке, - деп қырықтан өтіп, қырық беске жеткен адамның көңіл күйінің бұзылуы, кәрілікті мойындауы сияқты көріністі байқайсың. Мәселен, қырықтың қырқасында, қырыққа жеткенше, қырыққа жетпеген, қырық құбылу, қырық пышақ болу, қырық жамау, қырық қалта, қызға қырық үйден тыю, бір үйден жию, тіпті есіктегі құлдан да тыю т.б. сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер құрамында да «қырық» сөзі кездеседі. «Қызға қырық үйден тыю, бір үйден жию» деген мақал қазақта ерте кезеңнен бері қызбаланың тәрбиесіне байланысты айтылған сөз. Қазіргі күнде бұл кең қолданысқа еніп кеткен. Бұл мақалдың құрамындағы «қырық» сөзі сан есім мағынасында емес, жақын туыстары мен бауырлары, үйдің жасы үлкендері де есепке кіретін, мағынасы мен мазмұны «көпшіліктен» деген ұғымды береді.

Сөз мағынасы әрқашан бір мағынада тұрмайды. Тіл жүйесінің ішкі заңдылықтары және одан тыс ақиқат өмірдегі мәдени-тарихи, санадағы психологиялық өзгерістер сөздің лексикалық мағынасының мазмұнына әсер етіп отырады.

Лексиканың дамуындағы тарихи кезеңдерде сөз мағынасы кеңейіп, тарайып не жаңарып, болмаса қолданудан шығып қалып отырады. Мысалы, «қыз-қырқын» сөзінің құрамындағы қазір жеке қолданылмайтын «қырқын» сөзі көне түркі тайпалары тілінде «күң қыз», «күңнен туған қыз» мағынасында қолданылған. Кейін ол өзінің дербестігінен айырылған соң, бұл мағынада қолданылмайтын болды да, қазіргі кезеңде «қыз» сөзімен қосарланып, «қыз бала» мағынасында қолданылады.

Қырықтық – қой қырқатын құрал. Бұл «қырық» сөзінің лексика-грамматикалық тәсіл арқылы жасалуы. Сондай-ақ «қырық құбылу» - адамның мінез –құлқына байланысты

айтылған тіркес, тез өзгергіш, мінезін қырық рет өзгертетін, тиянақсыз адамға байланысты айтылған. Мысалы, Адам деген қырық құбылмай, бір сөзді болмай ма? Орта жасқа жеткен адамды көбінесе «қырықтың қырқасында» деген тіркеспен айтады. Өйткені, қырықтың ортасында, қырық жасында деген мағынада айтылған тіркес. Мысалы, Ағамыз қырықтың қырқасында. Бұл тіркес «қырықтың үстінде» немесе қырық жастан асыпты деген мағынада қолданылған.

Қазақ халқы үйіне келген қонақты құдайдай сыйлап, құдасындай күтеді. Себебі, «қырық» кісінің бірі Қыдыр деп түсінген халық, үйге бақыт әкеледі деп сенген. «Қырықтың бірі Қыдыр» деген мақал қазақ халқында, арғы бабаларынан келе жатқан мұраның бірі. Ол түркі халықтарының тілінде де кездеседі. Мысалы, Жасаған-ай, оң толғағын бере гөр, қырықтың бірі Қыдыр деуші еді, Ақжолтайым болса екен! – деп кемпір Жәнібектің қасына отыра кетті [5.126].

Сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінде «Қырықтың бірі қырық шілтен», «Ғайып Ерен Қырық шілтен» батырлардың қолдаушысы, қорғаушысы, аруағы. Бұл мысалдағы «қырық шілтен» деп отырғаны батырдың сүйенетін пірлері мағынасында қолданылған. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде «қырқын» деген сөз кездеседі. Ол біріншіден «қырқын» - қой қырқу, екіншіден Қырқын мінсе, қыр артылмас деген тіркес құрамында қолданылады.

Қорыта айтқанда, күрделі есептік сандардың, құрамындағы жеке сандардың орналасу тәртібі үнемі жоғары дәрежелі сандардан бұрын, төмен дәрежелі сандардан кейін қойылып айтылу принципі бойынша түзіледі. Мысалы, Үркітіп, дүрілдетіп күй жылқыны, Әндетіп жатты қырдың қыз-қырқыны. Академик І. Кеңесбаев бұл қос сөздің екінші компоненті «қырқын» - түрікмен тілінде «күң» мағынасында қолданылғанын айтады [6.126]. Ал, А. Ысқақов бұл сөздің шығу төркіні жөнінде былай дейді: «X-XI ғасырлардағы түркі тайпаларының тілдерінде қырқын деген де сөз болған. Бұл қырқын деген сөз «қыз» деген мағынада жұмсалған. Бірақ бұл сөз төренің қызының (қатұнның) да, қараның қызының (қыздың) да атауы емес, күлдың не күң қызының, бас байлы күң қызының атауы болған. Солай етіп, ол кезеңдерде қатұн, қыз, қырқын деген үш сөздің үшеуі де қатар жарыстырыла қолданып жүрген» [7.116]. Бұл айтылғандар қыз, қырқын сөздерінің бір-біріне синоним екендігін көрсетеді.

Сөзімізді түйіндей келе, «қырық» санының шығу тарихы өте ерте замандардан бері қалыптасқанын, оның сөз өзгерім мәселесіне сәйкес өзгеріп, бізге жеткенін байқадық. «Қырық» сан есіміне байланысты сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер көркем әдебиетте кездеседі. Оларды зерттеу келешекте тілші мамандар мен зерттеушілердің міндеті деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // ВЯ, 1953, №1
2. Шанский Н.М. Очерки по русскому словообразованию и лексикологии. Москва, -1959. -254
3. Қазақ Кеңес Энциклопедиясы. – Алматы, -1977. 2т.
4. Батырлар жыры – Алматы: Жазушы, 1989, 4-том, 179б..
5. Жұмаділов Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1970, - 70б.
6. І. Кеңесбаев. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. - Алматы, 1987, 348 б.
7. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1991.

ӘОЖ 793 (075.8)

### **ШЕШЕН ТҰЛҒАСЫНА ТӘН ҚАСИЕТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ**

## ШОРМАҚОВА СӘУЛЕТ МЕДЕУБЕКҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

## ЕРАЛИЕВА НАЗЫМ ЕСАЛИЕВНА

Педагог-шебер, Байзақ ауданы, Амангелді атындағы орта мектебінің директоры

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассказывается то, что острота речи казахских ораторов-это ее праведность и мудрость, то есть. творческое становление оратора, индивидуализированное на основе качеств и праведности, присущих личности говорящего. С точки зрения тематического содержания творческой личности носителей казахского языка упоминается мощный, артистичный и содержательный язык.

**Summary.** The article said that the sharpness of the speech of Kazakh speakers is its righteousness and wisdom, that is. the creative formation of the speaker, individualized on the basis of the qualities and righteousness inherent in the speaker's personality. From the point of view of the thematic content of the creative personality of native Kazakh speakers, a powerful, artistic and meaningful language is mentioned.

Қазақ халқының тілі, жандүниелік менталитеті шешендік өнердің нағыз күретамыры. Шешеннің тіл қолданудағы шеберлігі образдар жүйесімен сөз бейнелеу тәсілдерімен, көркем сөз қорымен ерекшеленеді. Осы фактор қазақ шешенінің бейнелеу, көркемдеу жүйесін қалыптастырып көркем ойлауының ұлттық ерекшелігін анықтауға негіз болады. Сөз бен тілдің көркемдік қуаты стильдің құрамдас бөліктері арқылы ашылады. Сөз, шешендік өнер - сөйлеушінің жеке тұлғасымен байланысты, бұлар арқылы адамның ақылы, жан-жақты танымдылығы, оның білімі, тәжірибесі, сондай-ақ сөзі арқылы тыңдарманға әсер беретін ерік-жігері көрініс табады. Шешендік өнер – адамның өнегелі күшінің ең мықты көрінісі. Нәтижесінде, адам қаншалықты өнегелі болса, ол – соншалықты шешен болып келеді. Бұл жағдайда шешендік өнер - шешеннің адамдарға қолданатын игілігі. Шешендік сөйлеудің құдіреті міндетті түрде шыншылдықпен және аса жоғары даналықпен бірігеді. Тек осы жағдайда ғана сөз адамды қанағаттандырады. Егер сөз құдіретін әділ емес адам қолданса, ессіздердің қолына түскен «күшті қару» жаман істерге бастайды. Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасы даналықпен байланысты болуы заңдылық. Себебі, қазақ халқы сөз қадірін білген және дұрыс сөйлеуді сөйлейтін жерін білген адамды дана деп таныған. Шешен болып қалыптасу үшін орынды сөйлеуді де, игі істерді де бірге үйренген жөн. Сөйлеу шеберлігі ең алдымен шешеннің ұтымды бейнелеп сөйлеуінен оның білімділігінен, тартымды әсем сөйлеп тыңдарманның сезімталдығына әсер етіп, құштарлығын оятуынан тұрады

Шешендер сөзі, С.Сейфуллинше айтқанда, «билер сөзі» [1] - шығармашылықтың биік түрі. Олай болса, көркемдікті шешендік сөздердің бар болмысынан, барша күйінен, тұтас тұлғасынан іздеу керек. Өйткені көркемдік болмаған жерде шығармашылық жоқ. Мұның бәрі – шешеннің бөлек бір бөлігі емес, оның құрамдас бір бөлігі. Ал сөйлеуді күшейтетін шешеннің сөзі ойының бірлігі. Жалпы, шешен тек сөзімен емес, бүкіл болмысымен, ақыл парасатымен тыңдарманның назарын өзіне аударуы қажет. Өзінің айтқанына еліктіріп, сендіріп, тыңдарманына өз идеясын мақұлдатуы қажет. Сонда ғана шешендік тұлға қалыптасады. Мәңке бидің мына бір көрегендік толғауына көңіл бөлейік. Бұған сол замандағы адамдар бар назарын аударып сенді ме екен кім білсін... дегенмен, осы заманның тыңдармандарының сенбеуге амалы бар ма...

Құрамалы қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.



Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады,  
Домалақ, домалақ түймедей дәрің болады.  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады.  
Дүдәмалдау дінің болады.  
Халықтың қанын сорған адамдар болады.  
Қабағын түйіп хайыр тілейтін,  
Адамдар болады.  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады.  
Сарылып көлік тосасың,  
Құны жоқ қағазды судай шашасың.  
Соның бәрін көресің,  
Көріп барып өлесің.» [2,125б.]

Шығармашылық көрегендік, бұл да, шешен бойында кездесетін қасиеттердің бірі. Бойдағы сезімталдық қасиетті көркем ойлаумен ұштастырған шешен кейінгі ұрпағын осындай ойларымен сендіріп, өзінің дара қалыптасқан тұлғасын тыңдарманына мойындатуда. Шығармашылық бар да көркемдік ойлау бар. Шығармашылық жоқ жерде көркемдік қайдан болсын. Ал шығармашылық жоқ жерде шешендік өнер де болмайды.

Көркем сөздің шешендік өнер өресіне көтеріліп, өнер туындысына айналуы үшін оған қан мен жан қажет. Сөз теңіздей терең, оттай жалынды, күндей жарық, жарқын ойдан туу керек. Бұл шешендік өнердің түрі мен мазмұнын анықтайтын талаптардың қатарына жатады. Мұның үстіне шешендік сөз де, ондағы ой да ұйқас, ырғаққа, екпін, интонацияға, үлкен әуенге, шиыршық атқан қуатқа оранып, құлпырып шығады. Осындайда Үмбетей жыраудың «Шешендік жолын тұтындың, үш ауыз сөзбен құтылдың» [3,77б.] деген жолдары ойға оралады. Шешендер шығармашылығының сипаттары туралы бүгінгі ғылыми ойларда да осындай ұстанымдар сілемі бар. Шешендік жолды тұтынып осы өнерді меңгеруге бет бұрған әр адамның санасында көркем, бейнелі сөз тұруы шарт. Себебі сөзбен бейнеленбейтін ұғым жоқ. Ал шешендікке тән қасиет – көркем жеткізу қабілетінің жоғарлығы. Қазақ шешендік өнеріндегі ірі шығармашылық тұлғаларда сөздің тура мағынасында да бейнелі, астарлы мағынасында да сөз көркемдігінің шебер пайдалану кездеседі. Демек, шешендік сөздердің осыншалық құдіретті күші, сиқыр сынды әсерлігі әрине оның көркемдігінде.

Көркемдік – шешендік өнер туындысының сапасын қай қырынан қарағанда да, мінсіздігін бейнелейтін негізгі қасиет. Шешендік өнердегі ірі шығармашылық тұлғалардың сөз көркемдігі өмір шындығы және оның қоғамдық тәрбиелік құны арқылы белгіленеді де, шешеннің шеберлігі арқылы жасалады. Шешендік сөздердің көркемдігінің тағы бір ерекшелігі – тап басып, дәл тауып, әділ айтылуы табиғилығы көріктеу құралы қаншалық дәл берілсе ол соншалық мойындатқыш, әсерлі келеді. Өйткені, ол көркемдеу құралын ғана атқармайды, сонымен бірге ол ой үшін, оның айқын, ашық түсініктілігі үшін де қажет.

Шешендік сөздерде дара мағыналы, сонымен бірге көп мағыналы, бейнелі, образды сөздер мол. Қазақ шешендері сөздің сырын да, сынын да кетірмей өз шығармашылығында көркем пайдалана білген қазақ шешендерінің ірі шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына керек қасиеттер сөздің қиюын келтіріп айту ғана емес, ол – ойды бабына келтіріп, тұжырым жасау, сонымен қатар, тартымды айтылған сөз сенімді айтылған дауыс ырғағы арқылы тыңдаушы көңілінен шығу әдісін қолдану шеберлігі. Яғни, дауыс, мимика, ым-ишарат, шешеннің дене қимылы- ең маңызды «орындаушылық» қасиеттер болып саналады. Мысалы, дауысы төмен, ұяң бола тұрып, шешен өз сөзінде ішіндегі сезімін, эмоциясын бере алмайды. Оған қоса дикциясы да нашар болса, тыңдармандар жеке сөздерді, тіпті сөйлемдерді түсіне алмайды. «Орындаушылық» қасиеттерінің кемшіліктерін тіл механизмінің, мимиканың және пантомимиканың арнайы әдісті тренингісі барысында шешен шеберлігін шыңдауына болады. Шеберлік, яғни сөз қолданудағы тапқырлық, бейнелегіш, суреттегіш құралдарды дәлдікпен қолдану. Шешендер халқымыздың сөз байлығын тапқырлықпен тілдесу өнері деңгейіне жеткізіп, қанша халықты, соның ішінде өзімізді де, тамсандырды. Шындығында шешендер өзінің қара басы үшін сөйлеген жоқ, сөзбен әлеуметтік жағдайдың кемшін тұстарынан тепершік көргендердің ісін ондауға, қазақ қонысын кеңейтуге атсалысты. Осы істің басы- қасында жүріп әділдікті жақтады. Әділдік әлсіз болмау үшін шешен шеберлігі қажет еді. Әдептілік негізінде сөйлеу мәдениетін қалыптастырған шешендік өнерге тән әдістердің бірі шеберлікті қалыптастыруда қазақ шешендері шындықпен тыңдарман көңілінің шыңына шығу үшін шеберліктерін шыңдап отырған. Шыңдалған шеберлік, шеберлік ықпалында жасалған тапқырлық дау шешуде дауласушыларды уәжге тоқтатты, қарсыласын қақырата сөкті. Бұл да қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасына қажет қасиеттер.

Қазақ шешендерінің сөз өткірлігі оның әділдігі мен даналығына байланысты. Егер сөз күдіретін әділ емес шешен қолданса, онда ол заманға төңкеріс жасар еді. Шешеннің тек қана сендіре алу қабілетімен, оның шыншылдығымен, даналығымен оған ықпал ету қиынға соғады. Ал, қазақ шешендері өзі өмір сүрген дәуірде, тыңдармандарын сендіріп, әділдігімен даудың түйінін шешіп, даналығын да мойындата алды. Ал, мұндағы шешеннің сөзін өтімді етіп тұрған – әділдік. Шешен билікке де, байлыққа да мойын бұрмай, шешенге тән басты қасиеттердің бірі – әділдікке жүгінді.

Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасының өзегі осы әділдікте. Әділдіктен туған бұрынғы шешендік сөздер тақырыптық-мазмұндылығы жағынан, тілінің қуатты, көркемдігі, мәнділігі жағынан қазіргі шешендік сөздерден бір де бір кем түспейді, бұлар қашан да құнын жоймас асыл сөз қазынасы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы - Алматы: Қазығұрт, 2005. – 367б.
2. Негимов С. Шешендік өнер : монография / - Алматы : Ана тілі, 1997. - 20б,
- 3 Бес ғасыр жырлайды. I том. - Алматы: жазушы, 1989. – 382б.

ӘОЖ 793 (075.8)

### **ҚАЗАҚ БИ - ШЕШЕНДЕРІНІҢ БИЛІКТЕГІ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ**

#### **ШОРМАҚОВА СӘУЛЕТ МЕДЕУБЕКҚЫЗЫ**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

#### **УМРАЛИЕВА ЖАНСӘУЛЕ РАСИЛХАНОВНА**

Байзақ ауданы, Амангелді атындағы орта мектебі, педагог-модератор, директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье обсуждалась историческая личность казахов Төле, Қазыбек, Айтеке. В нашей истории они дифференцированы примерами, сохранившимися через легенды.

**Summaru.** The article discussed the historical personality of the Kazakhs Tole, Kazybek, Aiteke. In our history, they are differentiated by examples preserved through legends.

Тәуке ханның атақты «Жет жарғысын» жасасқан қазақтың бас билері – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер. Төле Әлібекұлы. Ол Х ҮІІ-ХҮІІІ ғ. өмір сүрген үйсін елінен шыққан би. Төле би Әлібекұлы кезінде қазақ хандығын, қазақ елінің бірлігін нығайтуға қызмет еткен қайраткер болған. Төле бидің қоғамдық қызметі, әсіресе 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығынан кейін айқынырақ көзге түседі. Қыз анадан, бота енеден ажырап, аңырағанда, азынаған «ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама» атанған шыпқыншылық заманда халыққа қарадан шыққан билер ұйытқы ұйымдастырушы болады. «Елге бай – құт емес, би – құт»[1,76.], дейтін нақыл сөзді Төле би сол кезде айтыпты.

Төле би биліктегі тұлғасын ашуда Едіге бимен шешкен бір құн дауын мысал ретінде алайық. «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Ошақты деген ел орта жүздегі Малай, Жәдігер деген таптан бір Құлназар дегенді өлтірген екен... Есенбай, Еспембет деген Малай, Жәдігерден шыққан екі батыр екен. Ошақты Есекесін керек те қылмапты, құлағына да қыстырмапты, кете беріпті. Замандардан заман өткенде осы құнды жоқтап он төрт жасар күнінде Едіге би атқа мініпті. Арығыннан Едігенің соңына ерген жүз кісі болып жүріпті. Шу деген өзеннің бойына барып түсіпті...

«Намаздыгер болып қалыпты, намаз оқиық», – деп көп ру түрегелгенде, ұлы жүздің кісілерінің ішінен ұзын бойлы, нар жонды, шекпенді, ер қара кісі түрегеліп тұрып, орта жүз кісілеріне қарап сөйлейді:

–Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен. Алмасың болса – мойным бар, асылың болса – қойным бар. Бұл сөзімді ойлай бер, – деп аяғын баса бергенде, Едіге:

–Ақсақал, кішкене мойныңызды бұрыңыз, киіз кімдікі болса, білек соныкі, ауыз кімдікі болса, сөз соныкі... Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден... – деп қала беріпті» [2,75б. ].

Даудың қалай бітіп, істің қалай тынғанын сұрап аңтарылған серіктеріне Едіге мынаны айтқан екен:

«– Ертең таң атысымен алты атаның ұлы Арғынға алты ат бастатқан тоғыз жібереді, төрт атаның ұлы Төртуылға төрт түйе бастатқан тоғыз жіберіледі. Оны қылса, қолынан ұстап жалаңаш қыз береді. «Жарқын» деген құн осы болады, – депті [3,65 б.].

Төле би айтқан шешендік билік астарлы да бейнелі. «Алты атасын арқалау» – арада алты ата – алты ұрпақ өткендей уақыт өткен соң қуған дау, ескірген дауды қуу, ескірген құнды даулау болып шығады. Құн даулау үшін тым кеш келгенін меңзеп тұрған Төле бидің сөзінде даудың ескіргені туралы ескерту бар.

Екіншіден, Төле би құн даулап келген жақтың неше ата болып өскен ру екенін мезгел сөйлеген болуы мүмкін. Алты атаның баласын алып, алты атаның атынан құн даулап келген бидің ісі атасын арқалаған кісінің ісіне ұқсайтыны да рас. Осыны негізге алып, Төле би ердің құнын даулаған алты атаның алты тобына лайық жөн-жобаны ұсынады. «Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден» деген қанатты сөз арқылы Едіге Төле бидің билік шешімін мақұлдайды. Орындалуын да бидің еркіне қалдырады. Мұндай сынға төтеп берген Едіге биге Төле бидің ықылас танытуы шешендік биліктің халықтық сипат алғанын көрсетеді. Бұл шешендік биліктің мән-жайын зерттеуші Ж.Дәдебаев былайша түсіндіреді:

«Қазақтың әдет заңында кісінің құны 100 жылқы, түйеге шаққан 50 түйе. Құнның жартысы «алты жақсы» деп аталады «Алты жақсы» таңдаулы малдан іріктелгенде, құнның қалған жартысын толтыруға қандай мал да жарай береді Төле би құн даулаушыларға «алты жақсы» ұсынумен шектеліп қалмайды, «Жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен» деген сөзімен жеті түйе бастатқан тоғыз беруге даярлығын астарлап айтады. Құн даулаушылар бұған көнбейтін жағдайда, билікті солардың айтуына ықтияр екенін де аңғартады. «Алмасың болса – мойным бар» деу осыны көрсетеді. Құн даулаушылар басқа ілік іздемей, мәмілеге келер болса, қалыңсыз беруге даярлығын және аңғартады. «Асылың болса – койным бар» деген сөз – осының айғағы [4,132 б].

Ғалымның айтуынша, әңгіме арқауы болып отырған билік сөз ұрпақтан-ұрпаққа әуелде ауызша таралып, хатқа кейінірек түскен. Сондықтан ондағы «алты ат бастатқан тоғыз», «төрт түйе бастатқан тоғыз» атаулары мен ұғымдары қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүр өлшемдерімен толық үйлесіп кете қоймайтын. Әдет заңында «тоғыз» айып мөлшері ретінде бағаланып, оның мынадай түрлері көрсетілген: 1) түйе бастатқан тоғыз; 2) ат бастатқан тоғыз; 3) өгіз бастатқан тоғыз. Аталған үш тоғыздың әрқайсысының бекітілген құрамы мен мөлшері бар. Мысалы, түйе бастатқан тоғыздың құрамы мынадай: 1) боталы түйе тайлағымен (3 түйе); 2) құлынды бие тайымен (3 жылқы); 3) бұзаулы сиыр тайыншасымен (3 сиыр). Түйе бастатқан тоғыздың ең толық және басты түрі – осы Екі бидің шешендігі мен көсемдігі, ақылдылығы мен алғырлығы даралығы мен даналығы ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіреген ірі қасиетке иеленеді.

Қазақтың аса айтулы, айбынды, аруақты биінің бірі – Қаз дауысты Қазыбек. Оның өмірі негізінен қазақ-қалмақ шапқыншылықтары өршіп тұрған жаугершілік заманда өтті. Қазыбек есімі ел аузындағы әңгімелерде, тарихи деректерде, көбінесе Абылай ханмен, Бұқар жыраумен қатар аталады. Халық оны «Қазып айтқан Қазыбек» деп қастерлеген. Қазыбек бидің: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз; елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз» ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз»[5, 93б.], – деп келетін жай оғындай отты сөздерін жатқа білмейтін қазақ аз. Шоқан Уалиханов «ХҮІІІ ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» дейтін мақаласында былай дейді: «Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз» деп Абылайдан сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті: «Бізге дейінгі екі кісіге таң қалуға болады. Олар тоқсан туысын тұтқыннан құтқарып қалған Қаракесек Қазыбек және тағы да сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған Уақ Дербісәлі. Біріншісі Қалданның өз алдына барып босатып алған, ал соңғысы өз аулында жатып дұшпанын қорқытып алдырған» [6].

Қазыбек есімі халыққа қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылық кезінде екі елдің арасына бітімші-бүтінші болған батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде мәлім. Халық аңызына қарағанда, Қазыбек (14 жасында) Тайкелтір би бастаған қазақ елшілерінің құрамында қалмақ ханы Қоңтәжіге барып, батылдығымен әрі сөзге шешендігімен ерекше көзге түскен. Қазыбектің табандылығы мен тапқырлығының арқасында ғана осы сапарда қазақ елшілері теңдікке жетіп, қалмақ шапқыншылары байлап әкеткен адамдарын, айдап әкеткен малдарын қайырып алып қайтады, Сонда, қалмақ ханы Хонтәжі Қазыбектің даусындағы рухты байқап, балаға «қаз дауысты» деген атты берген екен. Қазыбек «Қаз дауысты Қазыбек» деген құрметті атаққа жас кезінен ие болады.

Тәуке ханның тұсында өмір сүрген билердің бірі – Әйтеке Байбекұлы. Кіші жүзден шыққан қазақтың атақты шешен-биі. Қазақ шежіресінде Жанарыстың бір аталарынан Алшын одан Сарыбас, Пұсырман, Шіңгір, Төртқара шығады. Төртқарадан Қарашы одан Сейітқұл. Сейітқұлдан сегіз бала болған. Соның бірі кезінде Самарқанды билеген Жалаңтөс батыр еді. Әйтеке сол Жалаңтөстің немересі. Ақшаның үшінші баласы Бәйбектен туған. Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып Жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы бір ыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке

болған. Қазақ жұртының бір орталыққа бағынған іргелі ел болуына ісімен де, сөзімен де зор үлес қосқан.

Әйтеке би елу төрт жасында дертке ұшырап, дүниеден өтер шағында енші бөлмек мақсатымен: «Осы тұлпарлардың екіден бірін өзімнің балаларыма, төрттен бірін – нағашы жұртыма, ал бестен бірін – қайын жұртыма еншілікке беремін. Мен дүниеден өткен соң, ұрыспай-таласпай бөліп алыңдар» [7,69б.], – деп аманат қалдырған екен. Биді арулап шығарып салған соң оның қалдырған еншісін бөлісуге ел жиналып, 20 сәйгүлікті бөліске салады. Өзі айтып кеткендей екіден бірін, яғни 10 сәйгүлікті балалары алады. Төрттен бірін, яғни 5 сәйгүлікті нағашы жұрты алады. Бестен бірін, яғни 4 сәйгүлікті қайын жұрты алады. Бір сәйгүлік артық қалып кетеді. Сол замандағы кемеңгер ақсақалдардың бірін шақырып бұл жұмбақтың жауабын ашуды өтінеді. Мына қалған сәйгүлікті Әйтеке биге ас бергенде ат шаптырып бәйге жасап, сол бәйгеден кім озып кесе осы жүйрікті соған берейік деген ой қосады. Дүйім жұрт осыған келіседі. Ас берген кезде бәйгеден түрікпен жігіті сәйгүлікті ұтып әкетеді.

Елдің бірлігін ойлаған шешен ұрпағының бірлікте болуын ойлап, «Ер жігіттің үш жұрты – өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты болады» деген даналыққа сүйеніп, келешекте осындай бірлікте болыңдар деп, әдейі айтып кеткен. Өз жұртым күншіл болма, мен балаларыма бәйгелерімнің тең жартысын қалдырдым, ұрпағым да өзім сияқты елдің алды болсын, ел бірлігін сақтасын дегенім. Ағайыныма қалған жылқылар да жетер. Бөліп бергенім сол болсын. Нағашы жұртым сынама саған да сәйгүліктен енші беремін, менің шыққан биігіме тілеулес болған сендерсіңдер, сендердің де ұрпақтарыңның шығар биігі жоғары болсын. Қайын жұртым мінеме, сендерге де сәйгүліктен енші бердім. Менің ұрпағымның әрқашан тілеушісі өздерің мен де сендердің ұрпақтарыңа жақсылық тілеймін. Ал бөліске түспей қалған бәйгенің бас жүлдесі болатын сәйгүлікке халқымның арасынан лайық жан табылып жатса, оның да шығар биігі жоғары болсын. Үш жұртым халықпен бірге бірлікте, татулықта бол деген болу керек. Көзінің тірісінде халқының бірлігін сақтаған шешеннің өзінен кейін де осы бірліктің ажырамағанын қалағанын байқаймыз. Әйтеке бидің өмірдегі, ел басқарудағы басты ұстанымы – бірлік пен татулық екенін оның тарихи ғұмырнамасынан байқауға болады.

Қорыта келгенде, қазақ шешендерінің биліктегі тарихи тұлғасының қалыптасуын әр қырынан байқауға болады. Олардың елдің ары мен намысын, бірлігін ойлап жасаған әр әрекеті өздерінің тарихи тұлғасын қалыптастырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Дәуіт С. Төле би // Төле би / Құрастырып, алғы сөзін жазған Сәрсенбі Дәуітұлы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 7-20 бб.

2 Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. //Құрастырғандар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы: Жазушы, 1998. – 368б.

3 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.

4 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер (толықтырылған үшінші басылымы). – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 182 б.

5 Жармұхамедов М. Қазыбек би // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. - III том. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 449-462 бб.

6 Егемен Қазақстан. Шоқан мұрасы – дәуір шежіресі. 12 сәуір, 2014.

7 Байбеков С.Н., Тілеухан Б.Қ. Ұлы даланың байырғы 100 көне есебі – Астана: «Мастер ПО» ЖШС, 2019.–223б.

8 Қосан С. Әйтеке би // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. - III том. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 462- 475 бб.

**III СЕКЦИЯ**  
**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША**  
**БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

---

ӘОЖ 84.584

**ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АСҚАҚ БЕЛГІСІ**

**ОРДАБАЕВА Р.Б.**

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ЖАҚСЫБЕК С.Т.**

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, ХБ-22-1 тобының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается формирование национального патриотизма учитываются великие мысли и педагогическое воспитание наших предков.

**Summary.** The formation of national patriotism takes into account the great thoughts and pedagogical education of our ancestors

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында: "өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады", - деген сөзінің өзі "Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын" деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен дәлме-дәл келгендей. Мемлекетіміздің болашаққа қойған бұл болжамы айна-қатесіз ақталарына кәміл сеніммен қарауға болады.

Отансүйгіштік қай елдің болмасын алтын босағасы. Адам тәнін жан билесе, Отан тәнін халқының оған деген сүйіспеншілігі билейді. Бұған ешкімнің күмәні жоқ. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақ" бағдарламасы бойынша шетелде білім алған түлектермен кездесу барысында "...патриот - ол Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам" деген болатын. Патриотизмнің тарихи элементтері туған жерге, ана тіліне, салт-дәстүріне сүйіспеншілік түрінде ықылым заманнан қалыптаса бастаған. Таптық қоғамда патриотизмнің мазмұны да таптық тұрғыда көрініс табады, өйткені әрбір тап Отанға деген көзқарасын өз мүддесі тұрғысынан білдіреді. «Патриот – Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам. Олар – өз Отанының жалынды патриоты, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының озаттары. Өз Отанын, халқын шексіз сүюшілік – барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім.

Қазақ совет энциклопедиясында “патриотизм” – дегеніміз (грек patriotes – отандас, patrio – Отан, туған жер) отанға деген сүйіспеншілік. Бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды» – деп көрсеткен.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлы “нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр адамдар” деп дәріптейді. Жазушы “Қазақстандықтардың барлығын бірдей патриоттар деп айта алмаймыз, өйткені материалдық тоқшылық, технологиялық игіліктерге бола жеке басын күйттеп, шетелге қашқандар, келешек ұрпаққа мұра болып қалатын жерді табиғи ресурстарды сатып жеке басының байлығын асырғандарды, “қазақ”

деген ұлы халықтың даналығынан туған салт-дәстүрін тәрк етушілерді, тарихын, тілін білмейтін, білуге ұмтылмайтындарды патриоттар қатарына қоспайды. Ол Қазақстанның бүгінгі территориясының сақталып қалуына, халқының ел болып ұйып отыруына, ежелгі дәуірден бері қарай үлес қосып келе жатқандарды нағыз патриоттар дей келе, “патриоттары көбеймеген халық елдігінен айырылады және елдігін сақтап қала алмайды”, – деп түйіндейді. Бақытжан Момышұлы патриоттық сезім “адамдарға генетика арқылы беріліп, ойына мықтап орнығады. Алайда оған күтім мен қамқорлық, ұдайы шындап отыратын тәлімгерлік те қажет”, – дейді. Ол ерлік, рух, ұлттық намыс арасындағы тығыз байланысты: “меніңше, ұлттық намыс болмаса, ұлт батырлары да болмайды. Сонымен қатар ол, ең алдымен, елінің патриоты атанбаса, батыры да емес. Демек, ұлтына деген құрмет патриотизмнің ажырамас бөлігі. Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік жоқ жерде патриотизм тумайды. Егер тура мағынасында айтсам, патриотизм – адамды өзінің арғы тегімен жалғастырып жататын арқауы мықты қасиетті жіп”, – деп белгілейді.

Осыған орай, “Қазақстандық патриотизм” деген ұғымды педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов: “Қазақ елін шексіз сүйе деп түсінемін”, – дей келе, “Отан сүйе” сезімі – халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен етене қабысып жатқан сезім, Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шама-шарқы келгенше аянбай еңбек етуді мен Қазақстандық патриотизмнің бүгінгі шынайы көрінісі дер едім”, – дейді.

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты [1]. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше.

Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады [2].

Қазақтың белгілі ақыны Мұхтар Шахановтың “Төрт ана” деген өлеңінде былай деген:

«Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,  
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.  
Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырына етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
Туған жері-түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,  
Жан байлығы, салт-санасы тірегі,  
Қадымына шуақ шашар үнемі.  
Және туған тарихы,  
Еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да.  
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,  
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.  
Өзге ананың ұлылығын танымас,  
Төрт анасын менсінбеген пенделер.  
Төрт анадан сенім таба алмаған,  
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!  
Төрт анасын сыйламаған халықтың  
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.  
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы.  
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы! [4].

Төрт ана тек қазақ ұлтында емес, ол барлық қазақстандықтарда болуы тиіс. Себебі Қазақстанда тұрып жатқан халықтар ежелден осы өлкені мекендеген. Олардың тарихы, салт-дәстүрі, мекен-жайы, ана тілі бар. Сонымен қорыта айтарымыз, қазақстандық патриотизм – бүкіл қазақстандықтарға тән. Отанын, елін, жерін, тілін сүйер жүрегі патриоттық сезімге толы саналы ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қалың елім – Қазағым» жинағы
2. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауы “Қазақстан-2050” Стратегиялық бағдарламасы
3. Педагогика тағылымы. – Алматы, 2003.
4. Шаханов М. "Төрт ана" "Егемен Қазақстан" 23.08.1995.

ӘОЖ 138.592

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**УРАЛБАЕВА Г.Е.**

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются одной из задач, поставленных перед работниками сферы образования, является постоянное совершенствование методов обучения и освоение современных педагогических технологий. В настоящее время преподавателями предусмотрено содействие качественному и интересному проведению занятий с использованием инновационной, интерактивной методики.

**Summary.** This article discusses one of the tasks assigned to employees in the field of education, is the continuous improvement of teaching methods and the development of modern pedagogical technologies. Currently, teachers provide for the promotion of high-quality and interesting classes using innovative, interactive methods.

Инновациялық технологиялар туралы түсінік, оның қалыптасуы және дамуы Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені



мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді [1].

Еліміздің Білім туралы заңында және 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен халықтың білімділік деңгейімен анықталады делінген. Сондықтан да дамудың ең биігінен көріну үшін алдымен білім беру сапасын көтеру, оқушының тұлғалық құзыреттілігін дамыту барысында білім жүйесі түпкілікті өзгеріп, оның маңыздылығы артуда.

Бүгінгі білімнің мақсаты - жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де мүмкіндігін пайдаланатын жоғары білімді, шығармашыл, құзыретті тұлғаны қалыптастыру.

Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға соншалықты дәрежеде дамиды. Сондай дәрежеге жеткізу үшін оқушының бойында мықты білім болуы керек. Ол білімді беретін ұстаздың өзінің теориялық білімі терең, шығармашыл, жан-жақты дамыған жаңашыл болғанда ғана жүзеге асады. Олай болса оқушыны өз ұстазына іспеттес, ойлау қабілеті жоғары, өз ойын еркін жеткізе алатын, адамдармен қарым-қатынас жасай алатын, қоғамда өз орнын анықтайтын тұлға дәрежесіне дейін жеткізіп үйрету қажет. Оқушы қазіргі уақытта алған білімін іс-тәжірибеде қолдана алатындай, оны іске асыра алатындай болуы үшін оқыту үрдісін жаңаша ұйымдастыру керек. Ол үшін оқытудың арнайы принциптерін сақтап, оны жүйелілікпен орындау қажет. Оның біріншісі - пәнаралық байланысты сақтау. Сонымен бірге, тағы ерекше принциптердің бірі - сабақтың әр кезеңінде оқытудың түрлі әдістері мен формаларын қолдану. Принциптің тағы бірі – адамгершілік пен сабақтастық және бірлестік.

Сабақта мен өзім білім баспалдағының бағыттаушысы, жетекшісі ретінде болуға тырысамын. Осы принциптер сабақта озық жаңа технологияны қолданғанда, соның ішінде модульдік, даралап-саралап оқыту, проблемалық және интерактивті оқыту технологияларын пайдаланғанда іске асады. Қай технологияны қолдансам да сабақта негізгі құзыреттіліктер коммуникативті, ақпараттық және проблеманы шешу құзыреттіліктері айқын көрінеді. «СТО» технологиясын қолданғанда менің қызметімде оқушылардың өз беттерімен оқуы, талдауы, бір-біріне түсіндіруі және басқаны тыңдай білуі, ең негізгі сабақта өздерін бағалауы мен шығармашылық қабілеттері шыңдала түседі. Олай болса оқушы алған білімін өз тәжірибесінде қолдана алады және білімнің керек екенін түсінеді. Бұл технологияның оқушыға тигізер тағы бір пайдасы – танымдық белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығы артады. Міне, сондықтан сабақтағы жағымды эмоциялар тұлғаның өзін-өзі дамытуына одан сайын қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, сабақта интерактивті құралдар, интерактивті тақта, электрондық оқулықтар қолдану, виртуалды зертханалық жұмыстар жүргізу оқытудың тиімділігін дамытады. Компьютерді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылықтарын дамытуда жағымды жағдай туғызады, танымдық белсенділігін дамытады. Оқушы қосымша тапсырмаларды интернет көзін пайдалана тауып, оны өңдеуге жаттығады. Қазіргі кезде білім саласындағы тағы бір мәселе – оқушының өзінің құзыреттілік деңгейін дұрыс бағалауы. Соған сәйкес әр оқушы өзінің оқу жетістігін дұрыс бағалауы үшін матрицаны ұсындым, онда оқушының білім сапасы тек ББД негізінде ғана емес, қоршаған ортада тұлғалық, дүниетанымдық және азаматтық көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі. Осыдан келіп толық дұрыс білім алған адамның бойында табиғатқа, қоғамға және өзін-өзі тануға деген жалпыадамзаттық, патриоттық сезімдер туады.

Бүгінгі күнде баламен жұмыс істеу өзімді одан әрі дамытуға жетелейді. Мен ешқашан бір орында тоқтап қалмай, өзім ғылымда, қоғамда болып жатқан өзгерістерді тануға ұмтыламын. Менің педагогикалық қызметімнің ең негізгісі - өзімнің теориялық білімімнің терең болуы мен жаңа озық технологияларды пайдалану, қоғамдағы адамдарға, оның ішінде балаларға деген құрмет пен сүйіспеншілік және өз ісімдегі іскерлік. Әр ұстаз бойындағы ерекшеліктер елімізде әлемдік білім моделін жасағанда ғана көрінетін болады.

Қазіргі кезде білім саласында оқытудың заманауи технологиясы жан-жақты қолданылуда. Электронды оқыту әдіс-тәсілдерін мектепке енгізу - жаңа білім берудің басты талабы. Әрі бүгінгі таңда мектепке, мұғалімдерге зор талаптар жүктеліп отыр. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соңын бірі - ақпараттық технология.

Ғалымдар келесі инновациялық технологияларының түрлерін ұсынады: құрылымдық-логикалық технология, интеграциялық технология, ойындар технологиясы, тренингтік технология, сұхбаттық технология, ақпараттық технология. Қазіргі инновациялық технологиялардың жиі қолданылатыны - ақпараттық технологиялар. Оларды пайдалану барысында біз көбінесе компьютерді қолданып, сабақты түрлендіріп, пәнге деген қызығушылықты дамытамыз

Оқытудың техникалық құралдары өте көп. Тек тиістісін таңдап, дұрыс қолдана білген жөн. Мектебімізде осындай техникалық құралдарды пайдалану үшін жақсы жағдай жасалған. Ол үшін компьютер кабинеттері жабдықталды, 8 интерактивтік тақта орнатылды, ғаламторға шығу жолы бар. Қазақ тілі сабақтары мүмкіндігінше мультимедиа кабинетінде өткізіледі. Сабақта компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті әлсіз оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Интерактивті технологияларды әр сабағымызда пайдалана алсақ, зияткерлік қабілеті дамыған, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін тәжірибеде пайдалана білетін бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыра аламыз.

Білім беруде оқушыны білім ақпаратымен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді де қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретуіміз керек. Тиімді әдістердің бірі – электрондық оқулықтармен жұмыс істеу. Компьютермен өткізілген әр сабақтан соң оқушы бақылау жұмысы арқылы өз білімдерін бекітеді. Бала өз білімін өзі тексере алады, өз бетінше оқуға қызығады, өз білімін көтеруге ұмтылады. Компьютерге тест жұмыстарын, тәжірбиелік тапсырмалар әзірлеу дәстүрге айналды.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлеміне енуге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіндіктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіндігі туындайды.

Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемнің ұлғая түсуі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына қойылатын талаптардың арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Инновациялық іс-әрекет – дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид қызметінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады.

Білім берудегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде кездейсоқ ашылған жаңалықтар болып табылады. Қазіргі заман талабына сай білім беру саласы да қоғам мүддесіне лайықты болуы керек. Еліміздің ертеңі өскелең ұрпақтың еншісінде, ендеше оларға білім беру ісін әлемдік стандартқа сәйкес етсек қателеспеспіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.. Мухамадиева Н.Қ, Үстемір Н.Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, 2009-2010 ж.ж.
- 3.Бұзаубақова К.Ж.. Жаңа педагогикалық технология (оқулық). – Тараз. ТарМУ, 2003 ж.
4. Өстеміров Қ., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы, 2006 ж.
5. Педагогика жаршысы, №4, 2010 ж.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті, №5, 6, 2009 ж.
7. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. – Алматы, № 5, 2006 ж.

ӘОЖ 378.147.811.

### **ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫ**

#### **МАТЖАНОВА ЖҮЛДЫЗАЙ КНЯЗЬЕВНА**

А.Пушкин атындағы №41 көпсалалы гимназия,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается вопрос развития профессионального потенциала современных педагогов.

**Summary.** The article deals with the issue of developing the professional potential of modern teachers.

Қазіргі жаңаша ойлау бағытына негізделген қайта құрудың өзегі – мектепті ісін ізгілендіру мен мектеп ұжымындағы /педагог қауымы мен оқушылар т.б. қызметкерлер/ ынтымақтастық қарым-қатынас болуы еліміздегі барлық жаңару жолындағы мақсат-міндеттерімен ұштасып жатыр. Яғни, бүгінгі күнде пісіп, жеткен түрлі педагогикалық әлеуметтік көкейкесті мәселелерде педагогтің ой-санасы мен таным түсінігінің жаңаруы барысында, жаңа міндеттерді айқын орындаумен, педагогтердің белсенділігі мен ізденушілік және шығармашылық қатынастарымен жүзеге асырылады.

Педагогтің кәсіби қызметі өте күрделі және көпсалалығымен ерекшеленеді. Педагог оқушының жеке тұлғалық болмысының тұрақты қалыптасуын, дамуын және ұйымдастырылатын білім беру мен тәрбие және оқытуды жүзеге асыратын үдерісті жүргізеді әрі басқарады. Сондықтан қазіргі күннің педагог қызметкерінен жаңа мазмұндағы терең және жан-жақты ғылыми білім, педагогикалық шеберлігі шыңдалған, идеялық тұрақты көзқарас ұстанатын, саяси-әлеуметтік жеке бас құлықтық қасиет, берік ерік-жігер, ақыл-ой парасаттылығына сенім артатын мінез-құлық талап етіледі.

Педагог қызметі қиындығы көп жұмыстың түріне жатады. Өзінің мұғалімдік еңбегінің мазмұны, мақсаты және қоғамдағы алатын орны жағынан мәртебесі жоғары болып саналды. Себебі, педагог қызметіндегі оқушыны /баланы/ оқыту мен тәрбиелеуде әртүрлі қабілеті мен бейімділігі, қызығушылығы, мінез-құлқы мен таным түсінігі және көзқарасы әр деңгейдегі жас өспірімдер мен жұмыс жасайды. Бұл өзіндік қиындығы мен қарама-қайшылығы көп орын алатын жұмыс болып табылады. Оқушылардың өзіндік жеке ерекшелігін дамытуда, ынтымақтастық қарым-қатынасы орнаған, достығы жарасымды

ұжымдыққа топтастырады. Бұнда педагог әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасап, шынайы қамқорлық көрсетеді. Кәсіби педагогтің жанында, қоғамда, табиғи ортаны да ізгілікке бөлейтін рухани құндылықтағы ерекше құрал – мәдениеттілігі. Ал педагог мәдениеттің бұлақ бастауы, әдебиет пен өнер шығармалары мен білім беруді ұйымдастырушы басты тұлға. Сондықтан қандай педагог болашақтың құрушысы деген құрметті атқа ие бола алады деген сұрақ қойылуы заңды. Қазіргі заман педагогі қызметіндегі ең басты ерекшеліктің бірі – жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды күшейту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматын, еңбеккерлерін және отанды қорғаушысын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін педагог табиғат, қоғам, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы шарт. Педагог еңбегінің негізгі объектісі әрі субъектісі де – бала, ал оның дамуын, тәрбиесінің заңдылықтарын жете білу – бірінші кезектегі міндет.

Жаңартылған білім беру мазмұнында жаңашыл әдістер ұғымы іс-тәжірибемізде жиірек қолданылып, практикаға енуде. Ал технология түсіндірмесін сөздікте – қандай-да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деп, ал педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдарымен әдістемелік құралдардың жиынтығы деп түсінеміз. Яғни педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал педагогикалық жүйе – дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы. Олай болса, дәл қазір бізге осы инновациялық технологияны дамыту, практикада пайдалану қажет. Ендеше қазіргі заман талабы қажет етіп отырғандай, жаңаша білім беруде бірінші орынға баланы жеке тұлға ретінде алып, оның білім алу арқылы дамуын қамтамасыз ету шарт болып отыр.

Бүгінгі талап сұранысына орай мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке оқушы тұлғасын қалыптастырып дамытуы ғана емес, өзгермелі өмір құбылысына бейім болатын, белсенді және ізденушіліктері арқылы шығармашыл ойлайтын, зияткерлігі басым және жан-жақты дамыған жеке тұлғалық болмысы қазіргі заманға лайықты етіп дайындау керек. Білім мазмұнын жаңарту тікелей ізденушілігі басым және шығармашылық жұмыстармен жүйелі айналысып өзінің мұғалімдік кәсіби шеберлігін шыңдайтын педагогтің әрекетіне тікелей байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс», -деп өз заманында айтқан ғалым-әдіскер А.Байтұрсыновтың пікірлері қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керектігімен үйлесіп тұр деуге негіз бар. Өзі меңгерген кәсібінің шебері ғана жоғары табыстарға жетеді [1].

Қазіргі таңда жеке пәндердің оқу материалын жетік және терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтуы іске асатын, қажетті білім негіздерін оқушыға жеткізуде, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-тәсілдерін және оның жаңашылық жолдары мен құралдарын еркін меңгерген, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін бере алатын мұғалім ғана кәсібилілігі жағынан әлеуеті дамыған деп түсінуге болады.

Білім берудегі жаңалықтарды жіктеу барысында жаңашылдықтың педагог қызметінің ең маңызды түрлерінің бірі екендігін ескерген жөн. Бұл қызметті қатаң шектеуге және бөлшектеуге болмайды. Білім берудің барлық құрамдас бөліктері мен аспектілеріне жаңалық енгізу қиын, тіпті мүмкін емес болғанымен, оларды бір құрамдас бөлікке біріктіру одан сайын қиынға соғады. Сондықтан, білім беру мазмұнындағы жаңалықтар міндетті түрде ұйыммен және жұмыс істеу әдістемесімен өзара ықпалдасып отырады.

Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде жаңашылдық үдерісті мынадай кезеңдерге бөледі:

✓ Идеяның немесе жаңашылдық тұжырымдамасының пайда болу кезеңі, мұны шартты түрде, іргелі де қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып табылатын жаңалықтың ашылу кезеңі деп те атайды.

✓ Ойлап табу кезеңі, яғни қандай да бір нысанға, материалдық немесе рухани өнім-үлгіге айналған жаңалықты құру немесе ашу кезеңі.

✓ Жаңалықты енгізу кезеңі, мұнда ойлап табылған жаңалық іс-жүзінде қолданысқа еніп, қайта өңделеді және жаңалықтан тұрақты нәтиже алынады.

Бұдан кейін жаңалық өз бетінше өмір сүре бастайды да, жаңашылдық үдеріс жаңалыққа деген алғырлық қалыптасқан жағдайда келесі кезеңге аяқ басады.

Жаңалықты пайдалану кезінде мынадай кезеңдер орын алады:

1. Жаңалықты тарату кезеңі, мұнда жаңалық кеңінен қолданысқа енгізіліп, жаңа салаларға кіреді.

2. Нақты бір салада жаңалықтың үстемдік ету кезеңі, мұнда жаңалық бұрынғы жаңашылдық қасиеттерін жоғалта бастайды да оны едәуір тиімді жаңалықпен ұтымды алмастыру үдерісі қарастырылады.

3. Жаңалықтың қолданылу аясын қысқарту кезеңі, мұнда жаңалық жаңа өніммен алмастырылады [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімнің күнделікті ізденісі мен шығармашылығы, еңбегі қажет-ақ. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің жаңашылдық педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды рөл атқарады және кәсіби маман ретінде өзінің әлеуетін дамытудың бір бөлігі ретінде жақсы түсінуі керек.

Яғни, педагогті адам тану мамандығының иесі деуге де болады. Себебі, бала пассивті материал емес. Педагог еңбегі өте ептілікті, сезгіштікті, төзімділікті, шыдамдылықты, ізденушілік пен шығармашылықты әрі тұнық ойлылықты талап етеді. Педагог – оқушы жанын сезе білуге, түсінуге бейім, онымен үнемі бірге болудан, араласуға дайын және одан өзіне зор қуаныш алатын тұлға. Педагогтің оқушыға шынайы сезіммен, құрметпен қарауы оқушыда мұғалімге және оның кәсіби қызметіне көзқарасы сыйлау сезімін арттырады. Екінші жағынан, оқушыға шын ықыласы бар педагогтің өзінің мамандық қызметіне де қызығушылығы арта түсетінін көруге болады. Педагог еңбегінің ерекшелігі оның оқушымен үнемі қарым-қатынаста болуымен және рухани араласуымен көрініс табады. Сондықтан педагогтің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы оның зияткерлік мүмкіндігі, ой-өрісінің терең, рухани байлығы педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыруға үлкен ықпал жасайды және оған негіз болып, тиімділігін арттырады.

Қазіргі жағдайда қайта құру үдерісінің басты міндеттерінің бірі – білім сапасын арттыру алдындағы орынға қойылып отыр. Сондықтан педагогтің білімділігі, зияткерлік мүмкіндігі жоғары болған сайын оның шәкірттерінің білімге, ғылымға деген қызығушылығының артуына ықпал жасайды.

Педагог немесе жеке пән мұғалімі – өз пәнін оқытудың әдістерін жетік меңгерген, шығармашылық еңбек жасайтын, педагогикалық шеберлігін үнемі дамытатын маман. Педагогикалық шеберлік – идеялық-саяси бағыттың, жалпы мәдениеттің мамандық білім, іскерлік дағдының, ұстаздық тәжірибенің жиынтығы және оның негізі жаңашылдыққа жақын болып табылады. Педагог еңбегінің нәтижелі болуы оның табиғи дарындылығында деген пікір орында және кәсіби қажеттілікке бағытталған қабілеттілік қай мамандықта болсын кездеседі. Педагогикалық шеберлік – табиғаттың бере салған сыйы емес, ол үздіксіз іздену мен шығармашылдықтан және өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдіруден

әрі өзінің меңгерген мамандығына деген шынайы адалдықтан туындайтын түсінік пен іс-әрекеттерінің бірлігі болып табылады.

Педагог оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысында кәсіптік деңгейі және оның педагогикалық шеберлігі жоғары болуы үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды меңгеруі – олардың жаңашылдыққа деген ұмтылысынан туындайтын әрекет ретінде арнайы ғылыми зерттеулерде түсіндіреді. Өйткені, педагог әлеуетінің қалыптасуы мен дамуындағы кәсіби іс-әрекет өте құбылмалы өсу заңдылық жүйесінде орын алады және оның өзіндік арнайы құрылымдық компоненттері бар. Олар бірнеше бөліктерден тұрады: танымдылық, құра білушілік, қарым-қатынас, ұйымдастырушылық, хабарлама және зерттеушілік іс-әрекеттер мен дағдыларды бойына сіңірген жалпы кәсіби құзыреттіліктерге ие бола тұрса да, педагогика ғылымының теориясы мен тәжірибесіндегі жаңа бетбұрыстарға бейімдеудің негіздемесі және оның өзегі болып табылатын үнемі педагогикалық үдерістегі жаңашылдық тұрғыдан ұйымдастырып, өткізуді жүзеге асырып отыруы керек.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастыруға бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Осы орайда білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты көкейкесті мәселе – әлеуметтік және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану. Педагогика ғылымында оқытудың жаңашылдық әдіс-тәсілдері белгілі болғанымен, ол әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жағы жеткіліксіз, сондықтан да мектеп педагогикалық үдерісте педагог әлеуетінің талаптық деңгейде көрініс таба алмай отырғандығына себеп болады. Жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалану педагог әлеуетінің мазмұндық құрылымының ажырамас бөлігі ретінде түсіну қажет.

«Жаңашылдық» /инновация/ ұғымы педагогиканың сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектеріне «жаңа» «жаңалық енгізу» деп көрсетіледі екен. Кейбіреулері оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Бұл түсініктер кең мағынадағы ұғымдармен білім беру жүйесіндегі кез келген өзгерісті сипаттайды. Жаңашылдық ұғымы қазірде білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылуда.

Педагогикалық энциклопедияларда төмендегідей анықтамалар берілген: «инновация» сөзі латын тілінен енген – «новый», яғни аударғанда «обновление – жаңарту», «новинка – жаңалық», «изменение – өзгеріс» деген мағына береді [3].

Жаңашылдық дегеніміз білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа көзқарастық түсініктегі тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану деп берілген.

Жаңашылдық ұғымын ғалымдар әртүрлі түсінеді екен. Олар:

1. Жаңалық, жаңаны енгізу, жаңарту үрдісі;
2. Өзгеріс;
3. Құрал, әдіс.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты білгір, білікті маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына оң ықпалын тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін педагогтің тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагогикалық технология оқу-тәрбие үдерісімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен өзара белсенді әрекеттік байланыста болады.

Болашақ жеке тұлғаны қалаптастыру мен дамыту жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асырылатыны анық. Мектептердегі білім берудің сатылық кезеңдерінде /сыныптық ерекшеліктерінде/ оқушының тұлғалық болымыс сананың дамуы қуатты жүретін кезеңі. Сондықтан да мектеп және оның білім беру кезеңдері оқушыны жеке тұлғалық болмысын

қылыптастырып, азамат бойындағы оның әлеуетінің дамуында негізгі мәнге ие болады деп айтуға болады.

Бүгінгі жастарға терең және жан-жақты білім беріп, тәрбиелеу, дамыту – әрбір педагогтің міндеті. Қазір кейбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса да, мақсат – оқулықтағы материалдық мазмұнын оқушы бойына сіңіру деп біледі. Бірақ бұл дұрыс түсінік емес. Оқушыны тәрбиелеу мен оқытуды оның ынта-жігерін оятып, өмірге бейімдеу, оның әлеуетін қалыптастыру мен дамытуда педагогтің оқу-тәрбие үдерістерінде педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануды қажет етеді. Бұл өз кезегінде педагог әлеуеті деңгейінің де көрсеткіші ретінде орын алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп. 1928. №4. -3-11 б.б.
2. К.Ж. Бұзаубақова. Инновациялық педагогика негіздері. Оқу құралы. - Тараз: ТарМПИ, 2014. -424 Б.
3. Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70000 слов. / Под ред. Шведовой Н.Ю., 23-е изд. испр. -М.: Русский язык, 1990. -794 с.

ӘОЖ.811.430

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**АЛТЫНБАЕВА НАЗГҮЛ ТҰРАРОВНА**

А.Пушкин атындағы №41 көпсалалы гимназия,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье раскрываются сущность и содержание использования инновационных технологий на уроках казахского языка.

**Summary.** The article reveals the essence and content of the use of innovative technologies in the lessons of the Kazakh language.

Қоғамның дамуына байланысты ғылым, білім де жаңарып, өзгеріп отырады. Дамыған ел болу үшін дамыған елдің қатарына кіру негізінде білімнің жаңа үлгісін алу бәсекеге қабілетті елге айналуымызға әсер ететін құрал деп айтсақ та болады. Жаңа білім беру жүйесінің енгізілуіне байланысты жаңа экономикаға педагогиканың парадигмасы, яғни ғылымның жаңа өлшем бірлігі немесе жаңа үлгілері керек екендігі бәрімізге белгілі.

Инновация ұғымының пайда болуының, өмірге келуінің өзіндік себептері бар. Қоғамның тоқтаусыз дамуына байланысты, білім, ғылымның сұранысына байланысты оқытудың, тәрбиенің мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдері, формалары өзгеріп отырады. Қоғам үздіксіз дамып отырғандықтан бізге, елімізге жаңаша ойлайтын, жаңа идеялар тудыратын жаңа адамдар керек. Олай болмаса білім беру үрдісінде сапа төмендеу орын алуы мүмкін, қоғамның дамуына ілесуісіз керек, әйтпесе өмірде артта қалу белең алуы мүмкін.

Ғалым Г.Б. Корнетованың пікірінше үшінші мыңжылдықтың дамуы барысында даму сатымыздың өркениет құру кезінде әлемдік тенденцияға біздің еліміз еркін түрде жете алуы, экономикалық қоғамға айналуымыз өз септігін тигізеді. Білім беру саласында педагогикалық үлгінің өзгерісін қоғамның дамуына байланысты қарастырады. Білім беру саласында сондай ақ жаңа ғасыр ұстазының үлгісі жаңа бағытта жүргізуді қажет етеді. [1 б.].

Ресей ғалымдары А.Н.Тихонов пен В.А.Садоничий жоғары оқу орнындағы білім беруді дамыту кезіне талдай жасай отыра білімнің үлгісін педагогикалық тәжірибенің, жүйелердің біріккендігі түрінде қарастырады. Сондай ақ ғылыми зерттеуді анықтайтын, ғылыми тәжірибе кезінде жүзеге асатын әдінамалық алғышарттардың жиынтығы деп өз анықтамаларын ұсынған.

Ғалым Г.Б.Корнетов «Педагогикалық парадигма-теориялық және практикалық іс-әрекеттің олардың рефлексия дәрежесіне байланыссыз мазмұнды бірлігін анықтайтын тұрақты сипаттамалар жиынтығы» деген мағыналы анықтаманы бере отырып, педагогикалық парадигманың төмендегі түрлерін анықтайды: авторитарлық, манипулятивтік, қолдау педагогикасы.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ол жақта қолданып жүрге парадигма білім беруде әр түрлі тұжырымдар береді: дәстүрлі, технократтық, прагматикалық, ізгілікті, теологиялық, биопсихологиялық сынды түрлері бар.

Дүниежүзінің біршама елдері сияқты еліміздің қазіргі білім беру жүйесі реформалану ретінде жүзеге асады. Білім ол мемлекеттік бағдарламаларда кездесетін оқытудағы жаңа технологияларды дайындау, іс-тәжірибеге ендіріді көздейді.

Білім беруде ақпараттық алмасу жүйесі елімізде ақпараттық банк қорын қалыптастыруды және білім жүйесіне қосуды негізге алады. Елімізді мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты орта білім беру жүйесінде білім алушыларға мемлекеттік білім берудің негізгі қағидаттарын айқындайтын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленеді. Сондай ақ бастауыш сынып оқушылары үшін, жалпы білім беретін ұйымдардағы білім алушылар үшін меңгеруі тиіс білімнің ең төменгі деңгейін белгілейді. Мемлекеттік стандарттар егеменді еліміздегі жалпы орта білім беру жүйесіндегі білім берудің жалпы стандарттарына сәйкес білім алушының білім түрін таңдау құқығын қамтамасыз етеді. Сондай ақ Республикамызда жалпы білім беру орындарының ең кем дегенде аз оқу жүктемесіне сонымен қатар оқушылардың оқуға деген дайындығына, білім деңгейін бағалауға, әр түрлі бағыттағы оқу бағдарламасын дайындауға және білім берудегі құжаттарға қойылатын талаптарды мемлекеттік стандарттар белгілейді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында білім беруді одан ірің жетілдірудің жолдары: яғни ашықтық, жаһандану, білім беру ұйымдарының өзіндік жұмысыз, білім беруді басқаруды демократияландыру және оқшаулау, білім беруді ізгілендіру, саралау, ізгілендіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, жаһандық халықаралық байланыс желілеріне қол жеткізу болып отырғаны белгілі. Ал білім берудің жаңа бағытта өрлеуі 1999 жылғы «Білім туралы» Заңның қабылдануынан басталды.

Жоғарыдағы айтылған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жаңа ғасырды жаңа экономикасына сәйкес, сонымен қатар Қазақстанның жаңа бағыттарына, оның дамуына жаңа серпіліс жасау барысында білім берудің жаңаша әдістемесі мен қағидаларын жасау қажеттілігі туындап отыр. ХХІ ғасыр көшбасшылықтың ғасыры. Жан-жақты мәдени, тұлғалық білімді дамытуды қамтамасыз ететін білім беру жүйесі керек. Ал бұл ерекшелік білім беруде білім берудің ескі және жаңа үлгілерінің ерекшеліктерін қарастырап, атап көруге мүмкіндік тударады.

Осы негізде ғалым И.Фамичева ғылым, білімге «білім берудің полипарадигмасын» енгізуді ұсынған болатын. Бұл бағыт жаңа әдістемелік жүйені құрайды, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының біртұтастықта болуын, іс-әрекет пен қарым-қатынастың өзара әрекеттесе алуын, сондай ақ мақмұны мен формалардың өзгерістерінің әртүрлілігін қалыптастырады. Білім берудегі барлық жаңалықтар, педагогикалық инновациялық технологиялар білім мазмұнын жетілдіруге өз септігін тигізеді.


Елімізде жаңа қарқынмен дамуда ең дамыған елу елдің қатарына кіру стратегиясына байланысты бастауыш мектеп оқушыларының бәсекеге қабілетті инновациялық бағыттарын келесі 1-кестеден көруге болады.



№	Білім берудегі инновациялық бағыттар
1	Инновациялық технологиялар
2	Инновациялық әдістемелер
3	Инновациялық мазмұн
4	Инновациялық оқу-әдістемелік кешен
5	Инновациялық оқу формалары
6	Инновациялық әдіс-тәсілдер
7	Инновациялық құралдар

Кесте-1. Білім берудегі инновациялық бағыттар

Әрбір тарихи кезеңнің ұрпақ дамуына, жас буынның білім алуындағы қоғам талабын сай тәрбие мен оқытудың мәніне орай жаңа білім алуға жаңа сипат беретін жаңа қағидалар негізінде ұйымдастырылады. Осыған орай келесі 1-суреттен XX және XXI ғасырдағы білім беруді ұйымдастыру моделін көре аламыз.



Сурет-1. Білім беруді ұйымдастыру моделі

XXI ғасыр ақпарат ғасыры, білім ғасыры. Адамның қалыптасуы мен дамуына байланысты білім адами капитал және ақпараттық капиталды қалыптастыруда негізгі фактор болып саналады. Олай болса жаңа ғасырдағы білім берудің жаңа мәні бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық, әлеуметтік, рухани және жалпы адамзаттық дамуымен сипатталады.

Ғалым Ш.Таубаева зерттеуіне сүйенсек дәстүрлі білім беру мен жаңаша инновациялық білім беруге салыстырмалы сипаттама берген. Сондай ақ бәсекеге қабілетті білімнің берілу мүмкіндігін анықтаған. Жаңашыл бағытта, жаңа бағытта білім беру - бастауыш сынып оқушыларына, жалпы жеке тұлғаға және қоғамдағы жаңа қызметті туғызатын, жетілдіретін білім беру қызметінің нәтижесі мен үдерісі.

«Білім беру» ұғымы білім берудің үлгілерімен тікелей байланысты. Білім беру жүйесі білім берудің бағдарламалары мен бағыттар, әр түрлі деңгейлері, сонымен қатар мемлекеттік білім беру стандартының жүйесімен, әртүрлі жаңа формадағы ийымдастырылған типтері мен тармақтары және білім берудің басқару органдарының жүйесін құрайды.

Білім беру қоғамда әлеуметтік-экономикалық дамудың жетекші рөлін атқарады және оны әрі қарай дамытып айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасуы, дамуының алғышарттары философияда рухани материяға, санаға, болмысқа қатынасының тұрғысынан зерттелетін білім таным теориясы деп аталады. Ал бұл жердегі таным теориясы басқа да ғылыми теориялардың түбірлі айырмашылығы, яғни білімнің қалыптасуы, негізделуі, ұстанымдары, қарым-қатынастары қарастырылады.

Орыстың ғалымы К.Ушинский айтқандай «Қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін жете жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтан көрі жаңа сұранысқа сай инновациялық технологияларды, ойын технологиясын өз сабақтарында үнемі пайдаланса, сабақ қызықты әрі тартымды болары сөзсіз».

Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізіп, терезесін тең ететін - білім». Сондықтан да қазіргі даму уақыты білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін жаңаша технологияны енгізу мәселесі қарастырылып отыр. Оқытудың әр түрлі технологияларын даралап, зерделеп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесін жан-жақты зерделеп мектеп өміріне енгізу қажет.

Жаңа бағытта білім беруде қазіргі дамыған қоғамның даму ерекшеліктерін, мәдени әл-ауқатына сәйкес білім беруді ұйымдастыру әлеуметтік тарихы жаңа түр. Дәстүрлі білім беруге қатысты инновациялық білімге білім беру құрылымында ескі сарынды және жаңа бағытта білім беру арасында туындайтын білім берудің шығармашылық, репродуктивті компоненттер арасындағы қайшылықтарды көруге болады. Ал жаңаша инновациялық оқытудың негізінде аға ұрпақтың жаса ұрпаққа, жас мұғалімдерге, болашақ мұғалімдерге әлеуметтік қарым-қатынастың жаңа түрі демократиялық қарым-қатынас, өзара түсіністік, және өзара ынтымақтастық қарым-қатынас жатады.

Білім беру ұғымының үлгілері мен тәрбие берудің үлгілері өзара байланыста жүзеге асады. Ал тәрбие үлгілерінің негізгі айырмашылықтарын келесі 2-кестеден көре аламыз.

№	Тәрбие үлгілерінің негізгі айырмашылықтары
1	Негізгі мақсатты дұрыс қою
2	Іс-әрекеттің ғылыми негіздері
3	Нәтижелерді бағалау критерийлері
4	Рухани факторлар

#### Кесте-2. Тәрбие үлгілерінің негізгі айырмашылықтары

Жаңаша бағытта оқыту процесінде жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі қалыптастыруына, өзін-өзі бағалай алуына, оның жеке көзқарасына, тұлғалық дамуына еркіндік бере отырып, жеке шығармашылық қабілетінің қалыптасуына толық жағдай жасалады. Сондықтан да инновациялық оқытуды «Дамыта оқыту» немесе «Білім беру» деп те атауға болады. Бұл білім берудің жеке тұлғаға бағытталған түрі болып табылады. Оқытудың инновациялық түрін, жаңа технологияны ұтымды пайдалана алуды жүзеге асыру үшін ең алдымен мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетіне дайын болуы қажет. Соңғы кезде технологияны оқытуда «Педагогикалық технология» ұғымы оқыту процесінде кеңінен қолданылуда. Осыған байланысты педагогикалық басылымдарда «Технология» және оған баламасы «білім беру технологиясы», «білім беру технологиясы» терминдері жиі қолданыла бастады және осыған байланысты біліктілікті арттырған мұғалімдер қауымына сертификаттар берілді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 2-қосымша [http://kodeksy-kz.com/ob\\_obrazovanii/56.htm](http://kodeksy-kz.com/ob_obrazovanii/56.htm)
3. Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі [Мәтін]: оқулық / С.Т.Иманбаева, Ш.М.Майғанова. – Алматы: «ОНОН», 2017. – 343б. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/Мobject/24914>
4. Жанатбекова, Н.Ж. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар [Мәтін] : оқу құралы/ Н.Ж.Жанатбекова, Ф. Борибекова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 248 б. - ISBN 978-601-342-110-0

## МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**ИГИЛИКОВА РОЗА ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ**

№25 орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Правовое воспитание выполняет благородную задачу формирования личности ребенка, привития им высокого идейного и отношения к общественной собственности. Формирование глубокого уважения к законам, их безусловное соблюдение и исполнение - плод длительной воспитательной работы. Зачастую низкое правосознание, непонимание того, что такое материальные и духовные блага, порождают асоциальные пороки. Поэтому задача правового воспитания - не только донести до сознания каждого учащегося правовые нормы, но и бороться за превращение его в норму повседневного поведения. Школьная жизнь подростков является решающим этапом становления личности.

**Summary.** Legal education fulfills the noble task of forming a child's personality, instilling in them a high ideological and attitude to public property. The formation of deep respect for the laws, their unconditional observance and execution is the fruit of long-term educational work. Often a low sense of justice, a lack of understanding of what material and spiritual goods are, give rise to antisocial vices. Therefore, the task of legal education is not only to convey legal norms to the consciousness of each student, but also to fight for its transformation into the norm of everyday behavior. The school life of teenagers is a crucial stage in the formation of personality.

Ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен әдет ғұрпы ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатігездікке қойылған фильмдердің еркіндігіне кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз. Ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек, адамгершілігі мол жеке тұлғаны тәрбиелеу-тәрбие жұмысының негізгі мақсаты. Жас ұрпаққа тек білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік - рухани жағынан нағыз адам қалыптастыру керек. Бүгінгі таңда қоғам да, қоғамдық көзқараста күннен күнге өзгерту үстінде. Бұқаралық ақпарат және қарым-қатынас құралдарының жұмысындағы барлық шектеулерден алынып, ақпарат тарату еркіндігі кең таралған. Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі - құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдары аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Әсіресе, оның елімізде жүріп жатқан жариялық, құқықтық және байырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол балалардың сана сезімі мен рухына кері әсер етуде. Осының салдарынан қазір мектеп жасындағы балалардың шылым шегуі, ішімдік ішуі, есірткі қолданылуы немесе әр түрлі қылмыстық іс-әрекетке баруы жиіледі. Бүгінде оқушылармен жүргізетін құқықтық тәрбиенің мазмұнын айқындауда. В.А.Сухомлинский сөзімен айқында «қандай бір құқықтық тәрбие болмасын, егер ол белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылып адамның мұқтаждығына негізделсе, екіншіден, ұжымдық жұмыстарға оқушылар шаруашылықпен қатысса, соғұрлым алдыңғы буын ағалардың қызметтік-құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап, өз мінез-құлықтарына қалыптастырады» деп осы мәселеге қатысты айтқан пікірлерін басшылыққа алудың маңызы ерекше.

Адамның мінез-құлқының нормадан, шамадан ауытқуына түрлі жағдайлар себеп. Олардың ішінде ең бастысы отбасы жағдайы боп есептеледі. Өйткені, жеке басының жаман - жақсы қасиеттерінің негізгі отбасынан қалыптасады.

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі-құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Әсіресе, оның елімізде жүріп жатқан құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзаттың сан ғасыр уақытта жасап шығарған жалпы адамзаттық негіздегі моральдық нормаларын қоғамның әрбір өскелең жастарының сана-сезімімен, күнделікті мінез-құлықтарын қалыптастыру қажет. Бұл талапты іс жүзінде асыру, әсіресе елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту кезеңінде, ең бірінші кезекте құқықтық сананы тәрбиелеу мен мемлекеттік заңдарды жетілдіру процесінде айрықша міндеті іс.

Бүгінде оқушылармен жүргізетін құқықтық тәрбиенің мазмұнын В.А.Сухомлинскийдің «қандай да бір құқықтық тәрбие болмасын, егер ол белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылып жеке адамның, екіншіден, ұжымдық жұмыстарға оқушылар шаруашылықпен қатысса, соғырлым алдыңғы буын ағалардың әлеуметтік-құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап, өз мінез-құлықтарына қалыптастырады»- деп осы мәселеге қатысты айтқан кеңестерін кең түрде басшылыққа алудың маңызы ерекше.

Балалардың мінез-құлқының нормадан-шамадан ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады. Олардың ішінде ең бастысы отбасы жағдайы болып есептеледі. Өйткені тұлғаның жеке басының жаман-жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да балалардың өнеге алып үлгі тұтары-ең алдымен өздерінің ата-аналары.

А.С.Макаренко сөзімен айтқанда: «Тәлім-тәрбие, кең түрде алғанда әлеуметтік процесс. Адамдар да, заттар да тәрбиеленеді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы басым. Солардың ішінде ата-аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады»-деген екен. Олай болса, құқықтық тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан-жақты танып білу қажет. Бүгінгі таңда бұл жұмыс табысты жүргізіледі деу қиын. Соның нәтижесінде балалардың мінезіндегі кейбір ауытқулары мұғалімдер тарапынан да кезінде байқалмауы, түбінде орны толмас үлкен өкініштерге әкеліп тірейтін даусыз мәселе.

Балалардың ата-аналары қонақта болады немесе өздері қонақ шақырады. Осының бәрі ішімдіксіз өтпейді, дастарханға ішімдікті самсатып қояды. Ал, жастардың қайсысы болмасын ересектерге еліктейді. Өздерін ересектерше ұстайды, ересектерше әрекет жасауды қалайды. Ең қауіптісі сол-бала көргенін істеп, ішімдікке бой бұрады. Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде сыныптан, мектептен тыс жұмыстардың да алатын орны ерекше. Осы бағытағы жұмыстарға жататын тәрбие берудің жолдары мыналар:

- Мораль мен құқық мәселелеріне арналған лекциялар, әңгімелер өткізу;
- Сот, әділет, прокуратура, полиция, денсаулық сақтау қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру;
- Құқық мәселелеріне арналған кештер, конкурстар, олимпиадалар ұйымдастыру;
- Құқықтық үйірмелер ұйымдастыру;
- Оқушылар конференциялары, адамгершілік және құқық тақырыптарына байланысты арнаулы және көркем әдебиеттерді талқылау;
- Құқықтық тақырыптарға арналған деректі және көркем фильмдерді талқылау;
- 16 жасқа толып, куәлік алған оқушыларды құрметтеп, құттықтау;
- Мектептегі құқық сақтау жұмысының хал-жағдайы туралы қабырға газет, бюллетень шығару

- «Жас заңгер» клубын ұйымдастыру;

Ай сайын «құқықты насихаттау мен құқық бұзушылықтың алдын алудың бірыңғай күндерін» жүргізу.

Құқықты насихаттау күндерін дайындап, жүргізгенде балалардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн және оны жеке немесе бірнеше сыныпта ұштастырып жүргізген ұтымдырақ.

Құқықтық тәрбие беру жүйесінде баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдарының тигізіп отырған ықпалы орасан зор. Мұндай ақпарат көздерінде негізінен елімізде қандай заң бар қабылдауында және олардың ерекшеліктері қандай, соны алып көрсету немесе

оларға түсіндірме насихат байланыстарын жүргізу тиімді болмақ. Сол заңдар өмірде қалай орындалуда олармен қатар заң бұзушылық көріністерін, себептерін түсіндіру, алдын алу жұмыстарын халыққа жеткізу де орасан көмек көрсетіп, құқықтық сана көздерін қалыптастыруда ерекше қызмет атқарады.

Оқушы жастарға құқықтық білім беруде саяси оқу да өз нәтижесін көрсетеді. Онда парламентте қабылданған заңдарды оқып үйрену, жастардың бойында қоғамға жат әрекеттердің болу себертеріне талдау жасау секілді жұмыстарды атқарудың маңызын атаған жөн.

Құқықтық тәрбие жүйесіне қатысты жұмыстар мен оның тәсілдерін оқушы жастардың жас ерекшеліктерін ескере отыра бағаланған жағдайда ғана оның жұмысы нәтижелі болмақ.

Оқушы жастарға адамгершілік тұрғысында тәрбие беруде ата-анамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегенің мәні зор. Қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, өзіне тәлім-тәрбие алған бабаларымыздың қасиетіне бүгінде не жетеді?

Ата-аналар және тағы басқа да ішімдікке салынған адамдардың отбасында күнде ұрыс, төбелес болғандықтан балаларды дұрыс тәрбиелеу мен оқытуға ешқандай жағдай болмайды, керісінше мұндай отбасыда балалардың өздері ішімдікке әуес бола бастайды. Екіншіден отбасының ынтымағының бұзылуы да сол отбасындағы жасөспірімнің мектептен қол үзіп, нашар оқуына тура жолдан ауытқуына әсерін тигізеді.

Осындай балалар қоғамдық жұмыстарға да қатыспайды. Ештеңеге қызықпайды. Бос уақыттарын қызықты өткізуді білмейді. Шындығына келгенде, олар қоғамдық өмірден тысқара қалған адамдар болып саналады. Демек, мұндай ата-аналар өз балаларын өнер білімге, еңбекке баулауда мектепке көмек бере алмайды.

Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана-сезімін бірінші кезекте қалыптасудың маңызы зор деп білдік. Себебі, құқықтық сана-қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан құқықтық тәрбие беруде оқушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілікке сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту-мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты.

Мектеп құқықтық тәрбие жұмысы 1-сыныптан бастап белгілі бір жүйелікпен ұйымдастырылған түрде оқушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында жүргізуі қажет. Ол үшін Қазақстан Республикасының Ата Заңының «Адам және азамат» деп аталатын II бөліміне енгізілген тәуелсіз еліміздің азаматтарының құқықтары мен міндеттері жайында баяндалған I –бапта «Менің Отаным Қазақстан Республикасы. Оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқығы мен бостандығы» деген жолдардан бастап, 1995 жылы 30 тамызда бүкіл халық референдумда қабылданып, 1995 жылы 5 қыркүйек айында күшіне енген Ата Заңы- Конституциясының мазмұны мен әрі ондағы құқықтық ұғымдарды таныстырудан, түсіндіруден бастаған жөн. Себебі, құқық әрбір адамның туғанынан, өлгенге дейін қоғамдағы жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, адамдармен, жалпы тіршілік ету ортасымен қарым-қатынасын реттейді.

Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке көзқарасты дамытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз анықтау және орындау тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлықтарын бақылау.

Бала мен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытында дейінгі кезеңде мұғалім баламен қарым-қатынаста дұрыс. Баланың әрбір ісіне ескертулер жасап, кемшілігін тексере бергенше, бір уақыт мақтау мен жазалау әдістерін қолданған дұрыспа деп ойлаймын. Тек өзімің ғана айтқаның болсын дейтін өркөкірек, өзімшіл қыңыр,

қырсық мінезді балаларды сабақта, сабақтан тыс уақыттарда жақсы істері болса мақтап, кемшілігі болса жолдастар арасында айтып, ұялтып, қателігін өзіне мойындатқан жөн. Мұндайда кейбір балалар кінәсі болсада мойындағысы келмейді. Осы кезде ұрсып, ұрып дауыс көтерудің қажетті шамалы. Педагогикадағы мадақтау мен жазалау әдістерінің осындайда атқарар ролі зор. Қазіргі кезде сабақтан жиі қалатын, темекі шегіп аузына келген былапыт сөздерді жиі айтатын оқушылар да кездесіп қалады. Әрине, оқушылардың бәрі сондай дей алмаймыз. Осындай оқушыларға кейде “Ой қойшы соны, өзі қиын бала болып жатыр” деп қолды бір сілтейміз. Ал, сол қиын болып бара жатқан баланы үнемі қадағалап, ата-анасы мен сөйлесіп, бос уақытында немен шұғылданады, кімдер мен жүреді, мінез-құлқы неге өзгеріп барады деп назар аудармаймыз. Кейбір мұғалімдер осыдан он бес, жыл бұрынғы әрекеттер мен қазіргі оқушылардың арасы жер мен көктей, қазіргі балаларды тәрбиелеу дегенді жиі айтады. Бұл бір жағынан дұрыста шығар заман талабына, жан-ұядағы келеңсіз жағдайлар баланың психологиясына кері әсер етіп, оның дұрыс тәрбие алауына қиындық тугызуы мүмкін. Қазақтың ағартушысы Ы. Алтынсариннің “Бақша ағаштары”-деген әңгімесінде өзбетімен жүрсең мына ағаш сияқты өз бетіңмен өсесің, дұрыс тәрбие алсаң, мына ағаш сияқты түзу болып өсесің -деп әкесі баласына тұрған екі ағашты салыстыра отырып тәрбие туралы осылай айтады. Ендеше, мектеп табалдырығын атаған әрбір бала иілген жас шыбық.

Жас шыбық шәкірттерді алғашқы күннен бастап қиын баланың қатарына кіргізбей педагогикалық тәрбиенің әр түрлі әдістер мен формаларды бағалана отырып, адамгершілік ізгі қасиеттерін олардың ойына дарыта білу, балалардың жеке қасиеттерінің психикасының дұрыс дамып жетілуі педагогтік ұжымдардың кәсіптік белгілері, ата-аналардың саналы қарым қатынасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы одақ, нәтижелі жұмыс қажет. Бүгінгі мектеп партасында отырған әрбір оқушы зайырлы-егемен еліміздің ертеңгі болашағы. Жас ұрпақтың тәрбиесі- қоғам алдындағы ортақ іс.

Әлеуметтік -педагогикалық тәрбиелеудің негізгі арнадан тұратынын көреміз. Бірінші -бала көзін жеткізу, екінші -жақсы ғұрыпқа дағдыландыру. Осы екі жолда қатар бір-бірінен ажыратпай таныстыра жүргізсе, бала мінезі саналылық жолға бағытталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Камалова Л. Борисова Н. Гарифуллина Г. Қоғамдық - белсенді тұлғаны тәрбиелеудегі мектептің ролі немесе тағы да КТД туралы // Мектептегі тәрбие жұмысы ( директордың тәрбие жөніндегі орынбасарының тәрбие жұмысы туралы іскерлік журналы). 2013 №3. 115- 132 беттер.

2. Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. «Қазақстан мектептерінің тәрбие жүйесі» А., 2006

3. Колесова Ш.В., Шаталина Н.М. Жалпы білім беру мекемелерінде сапаны бағалау мониторинг бағдарламасы //Қазіргі мектепті басқару. ОТЖ орынбасары (Мектеп әкімшілігіне арналған ғылыми-тәжірибелік журнал). 2013, №1. 39-62 беттер.

4. Коляева М.В., Канищева Г.Н., Куликова Л.Г. Әдістемелік құрал «Отбасын нығайту бағдарламасы» Шымкент., 2007

5. Мыңбаева А.К., Садуақасова З.М. Жаңаша оқыту әдістері немесе қалай қызықты сабақ жүргізу керек. А., 2009

ӘОЖ:373

### **МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**АБАШОВА А.**

№ 25 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены пути формирования школьной культуры.

**Summary.** The article considers the ways of ways of formation of school culture.

Мектеп мәдениетті жеткізу мен қайта жаңғыртуға жауапты аса маңызды әлеуметтік институт ретінде ең алдымен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға байланысты өзгерістерге деген мұқтаждықты сезінеді. Қазіргі кезде мектептің ұйымдық мәдениетін зерттеу, білім беру ұйымының ( бұдан әрі БҰ) мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерделеу, оның әлеуетін қолдану мәселесінің өзектілігі артуда.

Ұйымдық мәдениет: Дәстүрлі басқаруды бағалау тұрғысынан қабылдау-мектеп дамуының жоғары деңгейі, ұжымның кемелденуінің және басқарудың жоғары сапасының дәлелдері; Ұйым мен менеджменттің заманауи теориясының аса маңызды ұғымдарының бірі, ұйымдық мәдениет деп осы ұйымда нақты қолданылатын құндылықтар, дәстүрлер, жоралғылар, іс- қимыл әдеттері, қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік қағидалары түсініледі. Мектеп мәдениетінің ерекшеліктерін оның даралығы мен бірегейлілігі, педагогикалық ұжымның ішкі және сыртқы оқиғаларды қабылдау ерекшеліктері айқындайды. Мектеп мәдениеті басшылар үшін негізгі мағынаға ие, әсіресе дамудың көптеген жаңа бағыттары туындап, стратегиялық жоспарлау міндетті әрі қажетті іске айналғанда.

Мектептің ұйымдық мәдениеті бір жағынан ұлттық салт-дәстүр, экономикалық жағдай, қоршаған орта мәдениетінің ерекшеліктері секілді сыртқы факторларға негізделеді. Басқа жағынан, мектептің ұйымдық мәдениетін қалыптастыруға ішкі факторлар да маңызды ықпал етеді: басшы тұлғасының ерекшеліктері, мектептің айқындалған мақсаты, оның мақсаттары мен міндеттері, педагогтардың жалпы білім деңгейі мен біліктіліктері.

Мектептің ұйымдық мәдениетінің ерекшелігін түсіну оның адамзаттық әлеуеті туралы түсінік қалыптастырады, оның мақсаттылығын немесе белгілі басқарушылық іс-әрекеттің мақсаттылығын бағалауға, мектептің білім беру құрылымдық жүйесінің стратегиялық даму бағыты мен қарқынын барынша нақты жоспалауға мүмкіндік береді. Мектептің ұйымдық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуші ішкі факторлар мен нышандар.

Нышандар жеңіл оқылады, ал метепке тексеруші немесе жай қонақ ретінде келген адамның көзіне бірден түседі. Бұл «қабырғаға салынған сурет», хабарландыру тақталарының мазмұны, түрі, марапаттар (стендке ілінген немесе директордың немесе мектеп мұражайында сақталатын) және тағы басқалары.

Айырмашылық белгілері де нышандарға жатады. Бүгінде өз оқу орнын мақтан тұту өзін таныту мен көрсетудің бірегей нысандарын іздеуде әрі табуда, соның ішінде геральдиканың көмегімен. Мектеп үшін бұл мектептің елтаңбасы, шеферон, туы, әнұраны болуы мүмкін. Егер мектептің ешқандай нышандары болмаса, онда мектеп нышандарын авторлық бейнелеу конкурсын өткізуге болады, осыдан кейін жалпы жиналыста немесе референдумда осы нышандарды қабылдап, оларға құрмет таныту керек.

Мектеп стендтерінің мәнін бағалау қиынға соғады, себебі олар хабарлама, сабақ кестесін, сыныптан тыс іс-шараларды, жаңалықтарды, мерекелерді, тарихын және т.б. жариялауға арналған. Мектеп стендтері оқушыларды, ата-аналарды және оқытушыларды ақпараттандыруға көмектеседі, сондай-ақ эстетикалық тұрғыдан әдемі. Мысалы, «Біздің шығармашылығымыз» стендінің көмегімен жұмыстардың әртүрлі мектептік көрмелерін ұйымдастыруға болады. Мектеп бұрыштары, оқу кабинеттеріндегі стендтер тәрбие және білім беру үдерісіне көмегін тигізеді. Тақырыптық стендтер тереңдетіп оқуды ынталандыруға бағытталған. Ұйымның «Қаһарманы». Әр мектепте «Құрмет тақтасы», үздік оқушылар мен олардың оқудағы, спорттағы және олимпиададағы жетістіктерін көрсетуге арналған стендтер бар. «Мектебіміз оларды мақтан тұтады» стенді

де тәрбиелік рөл атқарады, мұнда осы жылдар арасында жетістікке жеткен мектеп түлектерінің суреттері мен жетістіктерінің қысқаша сипаттамасы беріледі. Олар мектептің қаһарманы болып, үлгі тұтар тұлғаға айналуы тиіс. Қазіргі кезде оқытудың техникалық құралдары мен ақпараттық технологиялардың рөлі артты, ақпаратты жеткізудің жаңа тәсілдері қалыптасты. Мектеп сайты немесе веб-парақша – бұл мектепті көрсетудің, оның беделін қолдау мен дамытудың, өз көшбасшылары мен жетістіктері туралы айтудың жақсы мүмкіндігі.

Жоралғылар мен «ұйымның тілі». Мектептің білім беру ортасы қағидаларының, дәстүрлердің, жоралғылардың жаңа жағдаяттың, оқиғалардың жиынтығынан қалыптасады. Мектептің дәстүрі мен жоралғыларын сақтауға, іздеуге, қалыптастыру мен өңдеуге баса назар аудару керек; Білім күні, Алғашқы қоңырау, түлектермен кездесу, ұстаздар күні, пән он күндіктері, байқау конкурстар, оқушылардың өзіндік басқармасы және т.б. Мектептің дәстүрлері мен жоралғылары, оларды ұйымдастыру, мазмұны шынайы, қарапайым болып, балаларға телінбеуі тиіс, керісінше олар түсінуі әрі қабылдауы тиіс, мағынасы мен тәрбиелік әсері бойынша маңызды болуы керек. Мектептің дәстүрлері мен жоралғылары корпоративтік құндылықтар қорына кіреді және ұйымның бірегейлігі мен ұйымшылдығын айқындайды, яғни дәстүрлер мен жоралғылар білім беру қоғамдастығының корпоративтік мәдениетін қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Кез келген мектептің сәтті қызметі мен дамуының аса маңызды шарттарының бірі оның жағымды беделі болып табылады. Ал ұжым мүшелерінің арасындағы ішкі келісімсіз, қызметкерлердің бәрінің қызметтік әдепті сақтауы мен бірінғай корпоративтік стильді ұстануынсыз жағымды сыртқы бейнені қалыптастыру мүмкін емес. Қызметтік әдеп деп еңбек қоғамдастықтарындағы іскер қарым-қатынас қағидаларының жиынтығы түсініледі (адамдардың жұмыс орнында туындаған әртүрлі жағдайлардағы іс-әрекеті).

Қызметтік әдеп амандасу ережелері, келіссөздер жүргізу ерекшеліктері (ата-аналармен, мемлекеттік орган өкілдерімен) секілді жалпыға ортақ әдеп ережелеріне сүйенеді. Соңғы жылдары ұстаздар мен білім алушыларға арналған бірегей форма туралы мәселе жиі көтерілуде (дресс-код). Дресс-код (ағылшынша dresscode-киім кодексі)- белгілі іс-шараларға, ұйымдарға, мекемелерге барғанда талап етілетін киім формасы. Қағида бойынша, көптеген мектептерде дресс-код мүлдем жоқ, не оған аса талап қойылмайды және оқушылардың мектеп формасына қойылатын талаптармен шектеледі. Бұл ретте мұғалімдер мен оқушылардың сыртқы келбеті ұйымдағы істердің жалпы жай күйінің индикаторларының бірі болып табылады және оның беделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әрине, бірінғай форма қаржыға байланысты көптеген мектептер үшін мәселелі жағдайға айналуы мүмкін. Алайда бүкіл персоналға іскер костюм тігудің орнына бірдей шағын аксессуарларды (мысалы, ұйымның ортақ стилі мен нышанына сәйкес келетін түстік мойын орамалдары) сатып алу арқылы шығындарды барынша қысқартуға болады. «Үстіне ақ астына қара» классикалық үйлесімділігімен құрамдаста бұл нұсқа аса тиімді болмақ. Ұстаздардың барлық балалармен және жекелеген оқушымен қарым-қатынасына көптеген факторлар ықпал етеді: қоғамдағы жағдай, экономикалық жағдайлар, қоғамдық мәдениет деңгейі, педагогтардың кәсіби дайындығы, олардың адамгершілігі, араласу стилі және тағы басқалары. Ұстаздың оқушымен қарым-қатынасының 2 түрі бар:

-Жалпы сыныппен қарым-қатынасы;

-Жекелеген оқушымен қарым-қатынасы;

Осы қарым-қатынас түрлері қажет әрі маңызды, бірақ жеке қарым-қатынас маңыздырақ.

Педагогтың балалармен қарым-қатынасының түрлері: Негізгі жағымды түрі. Балаларға деген сабырлы, рухани көзқараспен, оларға деген қамқорлықпен сипатталады. Баланы оң бағалау, шынайылық, әдеп тән. Мұндай ұстаз мәжбүрлеуге қарағанда, сенім бойынша көп әрекет етеді. Қарым-қатынастың енжар жағымды түрі



балалармен қарым-қатынаста айқын эмоционалды жағымды бағытында көрініс табады. Мұндай педагог тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста құрғақ, ресми мәнерді ұстанады. Қарым-қатынастың тұрақсыз түрі жалпы эмоционалды жағымды бағытта педагогтың жағдаяттық іс-әрекетімен сипатталады. Мұндай педагогтар көбіне өз көңіл-күйі мен алаңдаушылығының билігінде болады, оның баланы бағалауы мен өзін-өзі ұстау әдебі. Көбіне қалыптасқан жағдайға байланысты. Педагогтың балалармен қарым-қатынасының ашық жағымсыз түрі балаларға, педагогикалық жұмысқа деген кері көзқараспен сипатталады. Ол өзінің іс-әрекетімен балалардан қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Мұндай педагог топта тұрақты шиеленіс жағдайын қалыптастырады, өзінің назарын жағымсыз іс-әрекеттерге, жаман іс-әрекет деректеріне аударады. Осындай түрінде балалармен ұстаздар арасында психологиялық кедергі қалыптасады, балалар педагогтың талаптарын қабылдамайды және одан педогогикалық қызметке деген жасырын кері бағытымен сипатталады. Педагог жұмысты жақсы ұйымдастырудың жақсы сыртқы белгілерін қалыптастырады, алайда, іс жүзінде жұмысы мен балаларға бейғам қарамайды.

Осыған сәйкес, ұстаздың балалармен қарым-қатынасы өз кезегінде мектептің жалпы мәдениетіне ықпал етеді. Мектеп мәдениеті белгілі мәртебесін қалыптастырады, ол оны басқасынан ерекшелендіреді. Олар әлеуметтік тұрақтылық жүйесін қалыптастырады, ал бұл оларға тән жүріс-тұрыс мәдениетін қамтамасыз ете отырып, білім беру үдерісін мүшелерін біріктіреді. Алайда оын тұрақты шама ретінде қарастыруға болмайды, себебі ол адамдармен мектептегі оқиғалаға қарай өзгеріп тұрады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қалиев. С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2014.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Астана: Л. Гумилев атындағы ЕАУ, 1998. – 378б.

ӘОЖ: 37.0

### **ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**КАСЕНОВА А.Н.**

№25 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данном докладе представлено ознакомление с методическими, педагогическими изданиями, отражающими новые технологии обучения в образовательном процессе. Использование новых технологий обучения на уроках способствуют повышению качества знаний, обучению эффективным способам творческого поиска в процессе формирования познавательной активности учащихся. Повышение уровня знаний учащихся путем применения новых технологий на уроке-творческая работа воспитания современноделового, все сторонне интеллектуально развитого ученика.

**Summary.** The importance of the use of new information technologies in the classroom. Abstract This report introduces the methodological, pedagogical publications that define new learning technologies in the educational process. The ability to effectively use new learning technologies in the classroom contributes to the teaching of effective ways of creative search in the formation of cognitive activity of students, improving the quality of education. Improving the level

of knowledge of students through the use of new technologies in the classroom-is the education of modern, business-like, versatile, well-educated, highly intellectual students, working creatively.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында».

*Н.Ә.Назарбаев*

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру - бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім ментехниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылыммен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері: Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар. Ақпараттық мәдениет орталығы, Ақпараттық – коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп: Мұғалім оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді. Оқушы жеке жұмыс жасайды... Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайып, өз бетінше ізденуге ұстылдырады, Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз.

Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады. Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру - қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесінде дамытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың маңызы зор.

Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми - технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болыптабылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жанатехнологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 - бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбекнарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Білім - болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі - жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту, Қүзірет - оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Құзыреттілік - оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білімнәтижесі. Ақпараттық құзіреттілікті- бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпараттықабылдау, табусақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық - коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерінжан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері - білім берудіңжаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы депқабылдауға келмейді. Ол - оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Ақпараттық құзіреттіліктіқалыптастырудың басты мақсаты - оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолданубілімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімдіпайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып кележатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру,логикалық ойлау-кұрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдаланудағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасырағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.Ақпараттық технология - қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау,өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалықтәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация - ақпаратты тасымалдапжеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларынқамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқытуүрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтікжәне интерактивтік технологиялары бағыттары: а) электронды оқулықтар; ә)телекоммуникациялық технологиялар; б) мультимедиялық және гипермәтіндіктехнологиялар; в)қашықтықтаноқыту(басқару).Интернет.Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңабағыттағы мақсаттар қойылады: Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу; Жалпы компьютерлік желілердіпайдалану; Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалықсайттар, құралдар жасау, (мультимедиялық және гинермәтіндік технологиялар), қашықтықтаноқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту - бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелейжүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алыпкелетінұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытудыұсынады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабакка компьютер, электрондық оқулық, интерактивтітақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпараталмасу,интериет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іскеасырылуда.Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдануарқылы оқушынын ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығынтудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: оқушының өз бетімен жұмысы; аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; білім-білік дағдыларын тесттапсырмалары арқылы тексеру; шығармашылық тапсырмалар орындау; қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; іс-әрекет, қимылдықажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену; қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестеріменәр түрлі

тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі; оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы: Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Менің ойымша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады. Осылайша оқыту құралдарының бірі - электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал.

Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың - шығармашылық жетістіктің негізгі көзі. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты - оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз.

Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады, Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007ж.
2. "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз" Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
5. Интернет көзі

## ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ТІЛ ДАМУДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

**АХАЕВА МАРАЛ САРСЕНБЕКОВНА**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы, магистр.

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**МЕЙМАШОВА АЙНҰР АДІЛБЕКОВНА**

Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі, педагог-зерттеуші,

бастауыш сынып мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье были рассмотрены методы и приемы развития языка учащихся через внеклассную работу и его эффективность.

**Summary.** The article discusses the methods and techniques of developing the language of students through extracurricular activities and its effectiveness.

Төменгі сыныптардағы оқушылардың тілін дамыту әдебиет пәнінің алғашқы сабағынан басталып, оқуды, әдеби талдауды, түсініксіз сөздермен жұмыс жасауды үйретуге арналған әдістер сабақтарда үнемі жүргізіліп отырады.

Төменгі сыныпқа арналған қазақ әдебиетінің бағдарламасы мынандай мәселелерді қарастырады:

1. Сыныпта оқу арқылы тіл дамыту;
2. Сыныптан тыс оқу арқылы тіл дамыту;
3. Сөздікпен жұмыс жасау арқылы тіл дамыту;
4. Әдеби талдау арқылы тіл дамыту;
5. Көрнекілік арқылы тіл дамыту.

Көріп отырғанымыздай, тіл дамыту осы мәселелердің басын біріктіретін негізгі тірек ретінде қарастырылады. Мұның өзі төменгі сынып оқушыларын еркін сөйлеуге, түсініп оқуға және сауатты сөйлеуге үйретуді көздейді. Алайда: «қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған бағдарламалық материалды оқытуға айрықшы көңіл бөлінгенімен, осы берілген грамматикалық тақырыптарды оқыта отырып, әр тіл материалын игерілті ерекшеліктеріне қарай, тілі дамыту жұмысын қалай жүргізу керек деген мәселе өз шешімін таппай келеді». [1,236.]

Тіл дамыту дегеніміз не немесе дамыған тіл деп қандай тілді атаймыз? Яғни, оның алғы шарты қандай, соған тоқталсақ.

«Тіл» немесе «тіл дамыту» бұл – пән аралық түсінік: ол психологиялық, лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерде кездеседі. Мұнда, лингвистика тіл және тілдің даму заңдарын зерттесе, ал психология адамның бір-бірімен сөйлесудегі ойын, ерік-жігері мен сезімін және өз пікірін жеткізу мақсатында тіл материалдарын дұрыс қолдану процесін – сөйлеуді зерттейді.

«Тіл» дегеніміз, әр ұлттың ішкі заңдылықтарынан қалыптасқан, белгілі бір жүйеге түскен арнайы қатынас құралы екені белгілі. Ал енді даму деген ұғымды әдебиеттерде көпшілік қарапайым түрден күрделі түрге қарай көшу деп түсіндіреді. Психика даму үшін жаңамен қатар бұрыннан қалыптасқан (сөйлеу) негіздер болуы шарт. Қазақ психологі М.Мұқанов психиканың дамуында сонау көнеден қалған негізді инвариант (лат – өзгергішсіз) соған тіректелетін жаңаны «өзгергіш» деп атады.

Бұл жайлы М.Мұқанов былай дейді: «Психика үнемі өзгеріске ұшырайды, бірақ оның құрамы бәрі бірдей өзгермейді, оның көп және аз мөлшерде дамуға ұшырайтын қасиеті бар. Сонымен қатар, аз өзгерілетін қасиеттері (инвариант) психикалық дамудың тірегі және негізгі шарты болып есептеледі» [2,916.].

Төменгі сыныптарда тіл дамыту мәселесінде де осы пікірді мақұлдауға болады. Басқаша айтқанда, оқушының сөздік қоры өзі түсініп игерген тіл единицаларының негізінде яғни, бір түбірден тараған бірнеше сөздің мағынасын аша түсінуден молаяды.

Әдебиет пәніндегі тіл дамыту жұмыстарын тіл білімінің заңдылықтарына сүйеніп жүргізу қажеттігі туындайды. Шын мәнінде солай ма екен тағы да ғалымдардың пікіріне назар аударайық: «Тіл дамыту, дейді Х.К.Арғынов, – баланың ойлау процесімен байланысты әрі психологиялық фактор, әрі тіл білімін зерттеу объектілерінің бірінен саналады. Баланың тілін дамыту жеке сөздердің басын біріктіріп сауатты сөйлеуге (жазуға) баулу – психология, тіл ғылымының заңдылықтарымен тығыз байланысты құбылыс» [3,756.].

Ал енді тілді меңгеру сөз мағынасын түсініп, білумен шектелмейді, қоғамдағы заттар мен құбылыстарды жақсы тану үшін оқушы санасында белгілі бір қажетті ұғымдардың пайда болып, танымды қалыптастыруды талап етеді. Осы қалыптасқан ұғымдарды ұғынып, тануға бүтін логикалық ойлау операцияларының жүйесі түзілген, оқушы соның жәрдемімен белгілі ұғымға қатысты зат немесе құбылысты сонымен қатар, солардың арасындағы айырмашылығы мен ұқсас қасиеттерін дұрыс ажыратуға қалыптасады. Мұнсыз қай тілде де ойлану мүмкін емес.

Төменгі сынып оқушысының бойына ауызша әдеби сөйлеу дағдыларына қалыптастырып, соған бейімдеу үшін орфоэпиялық ережелерге немесе фонетикалық заңдылықтарды жаттаттырып, мәнерлеп оқуға арналған арнайы әдістер арқылы алдын-ала ұйымдастырылған жаттығу жұмыстарын жүргізудің пайдасы мол. Мұндай жұмыс түрлері алуан түрлі әдіспен әдебиеттегі әр шығарманы оқытуға байланысты тақырыбына қарай тіл дамыту жұмыстары арқылы іске асуға тиіс. Сонымен қатар, оқушыға әдемі сөйлеудің, мәнерлеп оқытудың үлгілерін мұғалім өзі көрсетіп, оқушыны соған қалыптастырып отыруы қажет.

Оқушыны ауызша әдемі де әдеби сөйлеуге дағдыландырып, үйретуде фонетика мен орфоэпияны тіл дамыту жұмыстарында дұрыс оқытудың орны ерекше. Өйткені оқушы фонетика ережелері мен сөйлеу заңдылықтарын дұрыс меңгере отырып, әдеби тілдің нормасына жаттығады, қазақи дыбыстардың айтылуы мен естілуіне мән беріп, дұрыс айта білуге дағдыланады. Оқушы дыбысты дұрыс айта алмаса, немесе бір дыбыстың орнына ұқсас дыбысты ауыстырып айтатын болса онда оқушы әдеби тілдің сөйлеу дағдысын қалыптастыра алмайды, ол сөзді қате айтумен бірге, сауатты жазуда да қателесетін болады.

Ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу баланың жеке басына жақсы да жаман да әсер етуі мүмкін, бірақ оны тәрбие процесімен тығыз ұштастыра білу қажет. Баланың өз бетімен білім алуына негіз жасау керек. Ол кітапты оқу арқылы адамның өмірімен, табиғат құбылыстарының сырымен, халықтың тілі, өнері, еңбегі, ісімен танысады. Мұның бәрі оқушының ауызекі тіл дамытуында сабақты шығармашылықпен ұйымдастырудың өте орынды екендігін атап айтқан.

Сыныптан тыс оқыту. Мұндай оқуды белсенді ұйымдастырушы сонымен қатар, оны басқарушы да пән мұғалімі болуға тиіс. Сол себепті де мұғалім әдебиет сабағында өз оқушыларының шығарма оқуға деген ынтасын үздіксіз арттырумен бірге, оқушылардың жасына қарай қосымша қандай кітап оқуға болатындағына бағыт-бағдар беріп отырады. Төменгі сыныпты бітіргенде, оқушылар ақын-жазушыларының шығармаларының барлығын дерлік оқи бермей, жасына лайық тақырыптармен танысу қажет екенін арнайы ескертіп отырады. Сыныптан тыс оқуды оқушылар бастауыш мектепке келген кезде бастаған жөн. Дегенмен, сауат ашу кезінде оқушылардың жасына лайық ақыл-ойы мен сөйлеу тілін дамыту жұмыстары түрлі түсті суретті кітапшаларды балаларға көрсету арқылы дауыстап және мәнерлеп оқи отырып жүргізіледі. Бастауыш сыныптан бастап мұғалім оқушыларға мектеп кітапханасынан алған, өз жастарына лайық кітаптарды бере бастайды.

Сыныптан тыс жұмыс жасау оқушылардың әдеби кітапты немесе мақал-мәтелдер мен ертегілерді, аңыз әңгімелерді өз бетінше оқи алу дағдыларын арттырумен бірге, әдебиеттегі шығармалардың мазмұнын, көркемдік ерекшелігін жете түсінуге көмектеседі. Төменгі сынып оқушылары оқыған шығармаларындағы негізгі идеяны аңғара білуге және сол оқиғаға қатысты өзінің қалай қарайтынын айтып, басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беруге талаптануы қажет. Ал сыныптағы оқу сабақтарында төменгі сынып оқушылары көркем тілмен жазылып, кітапта берілген, шығармалардан басқа этнографиядан, қазақи мәдениеттен, тарих пәндерінен мағлұмат беретін жаңалықты материалдармен танысады. Осы сияқты сыныпта алған білімнен ұғым сыныптан тыс әдебиеттерді оқу кезінде нығаяды, жетіледі, қалыптасады.

Сыныптан тыс оқуда мұғалім оқушылардың қандай шығармаларды оқығандарын біліп оытрумен қатар, оқушылардың алдағы уақытта қандай тақырыптағы шығармалар оқығылары келетінін байқап, бақылап, есепке алуы қажет. Мысалы, бастауыш мектептерінде сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастыру жолы жайлы жаңа программаның жобасында мынадай делінген: «Сыныптан тыс оқудың мақсаты:

- баланың сыныптан тыс оқуы арқылы барлық пәннен алған білімін тереңдете түсу,
- кітаптан өзіне қажетті материалды, кітапханадан керекті кітапты іздеп тауып алуға көмектесу;

- өз бетімен жұмыс істеу дағдысын нығайта түсу;
- оқуға, білуге ынтасын, күштарын арттыра түсу;
- баланың эстетикалық және дүниетану құмарлығын арттыру.» [4].

Сыныптан тыс жүргізілетін оқуды ұйымдастыру жайлы ең негізгі принциптер – оның оқып жатқан сыныбында жүргізілетін әдебиеттің тақырыптарымен тығыз байланысты және жасына лайық болуы. Оқушының сыныптан тыс оқитын шығармалары кейде, сыныпта өтілетін сабақтардың жалғасы болып та ұсынылады. Оны мұғалім күнделікті әдебиетті оқытуда немесе әдебиет сабағындағы тақырыптар бойынша жүргізілетін қорытынды сабақтарда байқап, сыныптың тақырыпты қаншалықты меңгергенін сұрап, сыныпта оқыған шығармаларына байланыстырып отырады.

Айталық, сыныпта оқушылар бір жазушының шығармасынан үзінді оқыса, шығарманың көлеміне қарай, сыныпта оқуға үлгермеген жағдайда, толықтырып сыныптан тыс оқу іске асырылады. Болмаса, сабақта шығармашылығы оқытылған ақын-жазушылармен балаларды толығырақ таныстыру мақсатында автордың сыныпта оқылған шығармаларынан басқа да шығармаларын сыныптан тыс жұмыстар арқылы таныстыруға болады. Мысалы, Ы.Алтынсариннің «Әдептілік» атты әңгімесін сыныпта оқығаннан кейін, автордың: «Баланың айласы», «Өтіріктің залалы», «Аурудан аяған күштірек» т.б. әңгімелерін сыныптан тыс оқуға беруге болады.

Орта мектептерде әдебиет сабақтарын өтілу жайы мен сыныптан тыс жұмыстарды жүзеге асыруда оқудың мазмұнына сай, төменгі сынып оқушыларымен мынадай жұмыстар жасауға болады.

Ертегілерді, көркем шығармаларды, мақалаларды талдау.

Күнделікті баспасөздегі мақал мәтелдерді, мақалаларды оқу.

Кітаппен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Сондай-ақ, сыныптан тыс жұмыстар оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге, бос уақытын мәдени жұмыстармен өткізуге үлкен мүмкіншілік туғызады.

Қорыта айтқанда, әдебиет сабағынан сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда оның мынадай ерекшеліктері есте болуға тиіс.

Әдебиет пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарға мектеп оқушылары өз еркімен қатысады, оның бағыттарын өз еркімен таңдайды. Сыныптан тыс жұмыста күнделікті сабақтағыдай міндеттілік жоқ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. №2.2016
2. Мұқанов М. Оқушылардың дара ерекшеліктерімен санасып қарым-қатынас жасай алу. –Алматы: Эверо, 2018. –215б.
3. Х. К. Аргынов, Т. М. Абдыкаримова, Г. Сулейменов. Книга для чтения : Учеб. для 3-го кл. четырехлет. нач. шк. / – Алма-Ата : Мектеп, 1988. – 223б.
4. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2015.



**IV СЕКЦИЯ**  
**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

---

УДК 345. 278.09

**ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ О ТУРКЕСТАНЕ**

**ТУЛЕГЕНОВА ЗУЛЬФИЯ ДЖИНАЛИЕВНА**

старший преподаватель каф. КРЯ.ТарПу.им.М.Х.Дулати, Республика Казахстан, г.Тараз

**БЕРКИНОВА АРУНА УЛАНОВНА**

ТарПу.им.М.Х.Дулати, Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме.** Мақалада киелі Түркістан шаһарының тарихы қарастырылған.

**Summary.** The article deals with the history of the sacred city of Turkestan.

**Туркестан** – город в Туркестанской области, известен с XII века под названием Ясы. Исторический город Туркестан превратился в духовный и культурный центр тюркского мира. В прошлом столица Казахского ханства. Туркестан – город знаменитого мыслителя Ходжа Ахмета Яссауи. После его смерти здесь образовался религиозно-культурный центр, ставший местом притяжения многих ученых мусульманского мира. Не так давно мавзолеем Х.А. Яссауи был занесен в список Всемирного наследия ЮНЕСКО.

Нужно сказать, что Туркестан многие годы служил развитию и распространению Ислама и его культуры на территории Центральной Азии и Казахстана. Этот древний город находится на маршруте Великого Шелкового Пути, который соединяет Европу и Азию. Это место окружено бесценной архитектурой прошлого и является популярным направлением среди любителей исторических и религиозных мест, а также туризма.

**Мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи (Ясави)**

Философ, исламский проповедник, суфийский поэт XII века Ходжа Ахмед Ясави был крупнейшей личностью в культуре разных наций Центральной Азии, пишет исследователь СананМехти. Известно, что первый мавзолей его не сохранился, но более чем через 200 лет Тамерлан воздвиг на этом месте грандиозный комплекс. Во времена Казахского ханства здание было резиденцией правителей. Над огромным зданием высится один из самых больших в Центральной Азии купол диаметром 22 м и высотой 44 м. Этот заповедный объект был первым из казахстанских памятников внесен в список ЮНЕСКО. Мемориальный комплекс этот по числу посетителей – одно из самых известных и почитаемых мест Туркестан в частности и в Казахстане в целом. Ходжа Ахмед Ясави ещё при жизни был уважаем не только как суфийский поэт, но и как выдающийся исламский деятель. После смерти (1166 (67) год) он был похоронен в небольшом мавзолее, возведённом в его честь. Через 233 года на месте порядком обветшавшего здания по распоряжению великого Тамерлана приступили к строительству мемориального комплекса, состоящего из нового мавзолея, мечети и минарета, монастыря суфиев. Купол мавзолея относится к числу наибольших в Центрально-Азиатском регионе. Он покоится на стенах двухметровой толщины. Особый интерес путешественников вызывают две двери строения, прекрасно сохранившиеся с XIV века. Одна из них – парадная двухстворчатая – украшает вход в центральный зал. Вторая ведёт в усыпальницу святого. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави – сакральное сооружение, одно из самых почитаемых священных мест для

мусульман всей Центральной Азии. Является центром мемориального музея-заповедника «Хазрет-султан».

### **Мавзолей Арыстан-Баб.**

Святыня расположена в 55 км от Туркестана, в Отырарском районе Южно-Казахстанской области. Арыстан Баб – легендарный святой, известный мистик XII века, почитаемый в Центральной Азии. По преданиям, у него был возраст библейского старца (в разных источниках от 300 до 900 лет. По легендам, за сотни лет жизни он изучил основы тридцати трех религий, и только Ислам был признан им верным. Старец стал одним из верных сподвижников пророка Мухаммеда. Он смело сражался в битвах за веру, за что и получил прозвище – Арыстан (Лев). Арыстан был наставником Ахмеда Яссауи. Для Казахстана это место сосредоточения святынь, истоков духовности и культуры народа. Достопримечательности Туркестана остаются местом поклонения и паломничества мусульман, маршрутом международного туризма. Туркестан прямо сейчас – это культурный и архитектурный феномен, коллаборация исторического наследия и современных архитектурных решений. Туркестан всегда интересен туристам. Именно здесь происходили значимые исторические события – торжественные церемонии возведения на престол казахских ханов, ведь в XVI - XVIII веках Туркестан был столицей Казахского ханства. Сегодня с появлением новых объектов привлекательность Туркестана возрастает. Туркестан преобразуется с каждым днем. Приумножая великое наследие, здесь первостепенное внимание уделяется возведению объектов культуры.

### **Список использованной литературы:**

1. <https://tur-ray.ru/turkestan-attractions.html>
2. <https://proreligiu.club/obshestvo/istoriya/turkestan.html>
3. <https://www.nur.kz/leisure/tourist-routes/1775641-gorod-turkestan-dostop>

ӘОЖ: 821.512

## **ЗАМАНЫМЫЗҒА ЖЕТКЕН ҰЛЫ САРЫН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЛАРЫ**

### **МАУРТБЕКОВА АЙМАН МЕДЕТҚЫЗЫ**

№9 Абай атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,  
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются выводы различных ученых о значении независимости и правовом продолжении многовековой борьбы наших предков за свободу, дар которой подтвержден международными документами и дарован навеки.

**Summary.** The article discusses the conclusions of various scientists on the importance of independence and the legal continuation of the centuries-old struggle of our ancestors for freedom, the gift of which is confirmed by international documents and granted forever.

Жер жаһанда азаттықты аңсамайтын ел, тәуелсіздікті тұғыр тұтпайтын мемлекет жоқ. Отаршылдық езгіге түсіп, шарасыз халде үнсіз бұлқынған қазақ елінің пешенесіне тап болған сор мен азапқа қабырғасы қайысқан Шоқан Уалихановтың : «Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек»- дейтін әйгілі сөзінде азаттықты идеал тұтудың , көкіректі жара күрсінгенде шыққан шерлі толғаныстың табы бар.

Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай: «Ұлттық тәуелсіздік- бізді дүниеден оқшаулап тастайтын қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да.

Ұлттық тәуелсіздік- отаршыл озбырлардың езгісінен, талан- таражысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады»- деген еді осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын. Поэзияның дамуы қоғамдық ой-сананың дамуынан тысқары қала алмайды. Тіпті, поэзиялық шығармаларды тану, түсіну , қабылдаудың да қоғамдық жағдайға, идеологиялық ықпалға қатысты болатынын ұмытпауымыз керек. Академик Серік Қирабаев:«Тәуелсіздік біздің ұлттық идеологиямыздың негізі болуы керек»-деген ойды ортаға тастағанда, ең алдымен, біздің рухани, мәдени, тарихи, саяси, экономикалық т.б құндылықтарымыздың бәрі тәуелсіздіктің арқасында бағалы, ендеше соның бәрі ұлттық тәуелсіздігімізге қызмет етуге тиіс деген тұжырым жасаған.

Тәуелсіздік Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Тарихтың ұлы көші қайда бағыт ұстап, шерлі шежіре парақтары қанша аударылса да , мыңдаған жылдар бойы Еуразия атты қарт материк талай-талай- аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де,» осы апайтөс құрлықтың дәл кіндік ортасындағы ұшықиыры жоқ ұлы даланы «үстінде көк аспан, астында қара жер жаралғаннан бері мекен етіп келе жатқан халық әр кезде де Бостандық, Еркіндік, Азаттық ұғымдармен өмір сүріп келеді. Оған уақыттың өзі куә» - деді азаттық күрескері, жорық дауылпазы ұлы Махамбет ақынның 200 жылдық тойына арналған Атырау қаласындағы салтанатты жиында сөйлеген сөзінде.

Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым Мырзатай Жолдасбеков: «Орхон жырларының негізіне түркі руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған»- дейді. Түркі руларының басын біріктіру, іргесін бүтіндеу, сыртқы жаулардан қорғау идеясы-азаттық идеясының байрағын көтеру деген сөз. Түркі тайпаларының бейбіт күнді , азат күнді аңсаудан, ел қорғаған қаһармандардың ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етуден, өнеге тұтудан туған жырлары тасқа таңбаланып қалды.

Қазақ және түрік ақындары поэзиясындағы азаматтық-философиялық сарындар әдеби дамудағы ортақ гуманистік мұраттарды аңғартады. Ақындар қоршаған гуманистік ортадағы тектес құбылыстарды, қасиеттерді көркемдік таныммен қабылдайды, өздерінің тұжырымдары арқылы адамдардың бәрінің ойларынан туындайтын бағалаулар жасайды. Бұл әдебиеттің әрі ұлттық, әрі әлемдік деңгейдегі эстетикалық ықпалын қалыптастыратын дәстүрлі үрдіс. Қазақтың батырлық жырларынан кейін ел, жер қорғау, азаттық идеясы қазақ-ақын жыраулар поэзиясында (XV-XVIIIғ.ғ) және зар заман ақындар аталатын- XVIII ғасырдың соңынан бастап, XIX ғасырда тұтас қамтитын Ресей отаршылдығына қарсылықтан туған поэзияда кең көрініс тапқан. Қазақ жыраулары жөнінде ой сабақтағанда академик Сейіт Қасқабасов: «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Ал, мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды»- деген.

Сайып келгенде , қазақ әдебиеті тарихында зар заман дейтін дәуірдің айтулы жыршылары болған. Бұлар сахараның жүдеу тарта бастағанын , жердің тозғанын , жергілікті халықтың нулы, сулы өңірлерден айырылғанын, елдің отарлаушылардың езгісінде жаншылып, берекесі қашқанын, ана тілінің өрісі тарылғанын өткір сезініп жырлайды. Олар: Бұхар, Шортанбай, Нармамбет сынды ақын-жыраулар.

Ғасырларды көктей өткен ұлы сарын- азаттықты, тәуелсіздікті аңсау сарыны болатын. Тарихқа үңіліп, тасқа қамалған, қағазға хатталған жырларды оқыған сайын бұған көзіміз жете түседі. Азаттықты аңсау сарыны бүкіл адамзаттық мұрат-мүддемен ұштасып жататындықтан да өміршең әрі мәңгілік. Себебі, жер бетінде қаншама халық қаншама ғасыр кешсе де бейбітшілікті, бірлікті, тәуелсіздікті бәрінен жоғары қояды. Сол үшін күреседі. Соны келер ұрпаққа аманаттайды. Мұның айқын дәлеліне көне дәуірден, сонау сақ, ғұн замандарынан бермен қарай үзінділері сақталған, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жеткен аса бағалы рухани құндылықтарымыз жыр- дастандардағы арман- аңсауларға

назар аударту арқылы көз жеткіземіз. Ендеше, қазақ жырындағы азаттық, тәуелсіздік тақырыбының тамыры терең жатыр. Дәстүрлі жалғастық, сабақтастық бар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М.К. Тарих зердесі, – Алматы, 2001ж.
2. Қойгелдиев М.Қ. Қазақ элитасы. – Алматы, 2005ж.
3. Омарбеков Т. 20 ғ. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2001ж.
4. Қойгелдиев М. Әлихан Бөкейханов. – Алматы, Қазақстан 1994 ж.
5. Нұрпейісов К. АлашһәмАлашорда. –Алматы, 1995ж.
6. Алашқозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алғысөз. 1 том. А., 2004;
7. Дулатов М. «Тарихижыл» мақаласы. 8 қаңтар, 1917ж.
8. Тынышбаев М. Ұлы мәртебелі мырзаға. Дәуірдің жарық жұлдызы. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-биографиялық серия. –А., 2002ж.

ӘОЖ 372.801.620

### ТАРИХИ ӨРКЕНИЕТТЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

#### БАИМБЕТОВА АЙГЕРИМ АБДИМАЛИКОВНА

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

#### ЖИДЕБАЕВА БАҚЫТКҮЛ АУТАНОВНА

Байзақ ауданы, Амангелді атындағы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривались национальные ценности в исторической цивилизации, включая когнитивный процесс и логическое мышление, национальные особенности, общие для всего человечества.

**Summary.** The article dealt with national values in historical civilization, including the cognitive process and logical thinking, national characteristics common to all mankind.

Бүгінгі таңда Орта Азияны мекендеуші халықтардың тілін, ділін, дүниетанымын, рухани әлемін, тіршілік - тірлігінің көзін, экономикалық - әлеуметтік жағдай - жапсарын т.б. зерттеу ісінің айрықша жанданып отырғаны белгілі. Оның басты себебін ғаламның батыстық моделі негізінде ХХІ ғасырдың қауырт қарқыны жаһандану процесіне қарама - қарсы құбылыстың, атап айтқанда, өзді - өздерінің тілін, ділін, төлтума болмысын сақтауға деген Орталық Азиялық халықтардағы ұмтылыстың кең өріс алып отырғандығымен түсіндіруге болады. Түркі халықтары да ұлттық тарихын зерде «сүзгішінен» қайыра өткізіп, ұлттық құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық мәдениетінің қайнар – көздерін іздестіруде.

Адамдар арасындағы қарым – қатынастың ғана емес, таным мен ойлаудың да құралы болатын тілдің көмегімен ой – санадағы ақиқат шындық болмыс әлем, дүние, ғалам туралы білімдер жиынтығы бекиді, материалдық тұрпат алады. Сондықтан да тілдік көркем бейнелердің әрқайсысын тіл иесінің образды ойлауының, күллі ғаламды, ақиқат шындық болмысты тұтастай және мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктері, сондай – ақ қоршаған ортасын игеру барысында жинақтаған өмірлік тәжірибелерінің нәтиже – қорытындылары, әлем жайлы, сол әлемдегі өзі және өзгелер жайлы білімі бекіген ғалам бейнесінің тілдік фрагменттері, тілдік модельдері деуге болады. Таным процесі мен логикалық ойлау - жалпы адамзатқа ортақ қасиет, ал бүкіл адам баласы үшін ақиқат шындық болмыс біреу болғандықтан ғаламның біртұтас бейнесі де әр басқа тілде

сөйлейтін халықтар үшін біреу – ақ. Сөйтсе де тіл иесінің ой - өресіне, концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние – ғаламның фрагменттерін өзінше өреді, бөлшектеп атайды, бейнелеп суреттейді, ал тіл өкілі ойының желісін өз тілінде бекіген ғалам бейнесіне сай құрады. Осыған байланысты әр басқа халықтың (ұлттың, этностың) тілдеріндегі ғалам бейнесінің фрагменттерінде жалпы адамзатқа ортақ дүниеліктер де, тек тіл иесіне ғана тән ұлттық нақыш та кездесіп жатады. Ұлттық өмірдің айнасы іспетті болып табылатын халықтың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің көп құпия қырлары мен сырлары тіл арқылы ашылатыны тіл табиғатын зерттеудің жаңа бағыттарына сәйкес анықталып отыр. Осымен байланысты ұттық болмыс пен танымды бойына сіңірген тылсым дүние сырын бейнелейтін қазақ тіліндегі сөз маржандарының табиғатын тануда тіл байлығымыздың, ең өзекті саласының бірі ретінде этнографиялық лексика ерекше назар аударады. Осы орайда этнографиялық лексиканы тану жолындағы тиімді әдістердің бірі - соңғы жылдарда үрдіс алып келе жатқан антропологистикалық бағытпен тығыз байланысты этностың өзіндік болмысы мен бейнесін "тіл әлемі" арқылы ғана танытатын этнолингвистикалық зерттеу саласы.

Тіл білімінде тілдік бірліктердің этнолингвистикалық табиғатын зерттеу - бірнеше ғылым түрлерінің басын біріктіретін күрделі, ерекшелігі мол зерттеу салаларының бірі. Әр халықтың дәстүрлі ұлттық музыкалық аспаптары осы күнге дейін пайда болып, қалыптасуы жағынан, музыкалық ерекшеліктері мен дыбыстық мүмкіншілігі, сондай-ақ жасалу тәсілдері мен технологиясы, құрам-құрылымы тұрғысынан біршама зерттеліп, ғылыми бағасын алып келген болса да, бұл ұлттық феномен тілдік тұрғыдан, атап айтқанда, этнолингвистикалық, семасиологиялық, ономасиологиялық, этимологиялық, функциональдық қырынан арнайы қарастыруды қажет етеді. Негізгі бағыт - бағдарымыз заман талабынан туындап отырған, әлемдік ғылыми сұраныстың күн тәртібіндегі осындай мәселелермен өзектес болып келеді. Атаулар этнолингвистикалық аспектіден қазіргі таңда терең зерттеліп болды деуге әлі ерте. Түркілердің біртұтас географиялық кеңістікте сан ғасырлар бойы жасаған, көшпелі өмір салтына негізделген бір ғана мәдениеттің өкілі болып саналатын халықтардың дүниетанымындағы, дәстүрлі тұрмыс мәдениетіндегі, рухани әлеміндегі өзгешеліктердің табиғатын бейнелі сөз қазынасының этномәдени фондасын зерттеу арқылы тану басты мүдде. Бұл мүдде гуманитарлық ғылым жүйесіндегі алдыңғы қатарлы методологиялық позицияны иеленетін тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі - «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағиданы басшылыққа алатын, этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған.

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі болатыны белгілі. Киім атауларына қатысты халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, түрлі сөздіктерден, этнографиялық және ғылыми зерттеулерден және осы тақырыпқа қатысты мәлімет беретін көркем әдебиеттегі тілдік деректерді жинақтап, жүйелеу, киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын этномәдени және этнопсихологиялық факторлар арқылы айқындай отырып, оның ұлттық сипатының қалыптасуы мен ұлттық мәдени-рухани өмірдегі орнын лингвомәдениеттану тұрғысынан көрсету маңызды. Лингвистика тарихында тіл мәселелерін сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен байланыстыра зерттеушілік те болды. Бұл жөніндегі алғашқы пікір XVIII ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетші Иоганн Бердердің (1744–1803) поэзияға байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде Вильгельм Гумбольдт еңбектерінде кездеседі. Бірақ тіл мәселелерін мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санамен байланыстыра зерттеуге ерекше көңіл бөлу, оны тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарау XX ғасырдың 20 – 30 жылдарында белең алды.

Л.Вайсгербер тілдің дүниетанудағы әлеуметтік сипатына, творчестволық күшіне ерекше мән беріп, оны дүниені қайта жасаудың құралы десе, Э. Сепир тіл - әлеуметтік шындықты түсіндірудің құралы, адамдар, белгілі мөлшерде, өз тілінің ықпалында болады,

тіл мінез-құлқы нормасына әсер етеді, халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес, тіл - әлеуметтік шындықты түсіндірудің жетекші құралы дейді. Дамудың жоғары сатысындағы халықтар мен түрлі тарихи себептерден кенжелеп дамыған халықтардың қоршаған әлемге көзқарасы, оның өзіндік заңы туралы түсінігі біркелкі болмайтыны табиғи нәрсе. Бірақ ол белгілі бір халықтардың жаратылысының ерекшелігінен, құдіреттілігінен, ал екінші бір халықтың кертартпалығынан, жаратылысының төмендігінен, жамандығынан болатын жайт емес, олардың бәрі де әр халықтың экономикалық тұрмыс жағдайларына, әр түрлі объективтік себептерге байланысты. Осылайша әрбір зат пен құбылысты жетер жеріне жеткізе, жіктеп-жіліктеп қарастыратын болсақ, біздің жалпы дүниетанымымыз артып, этнос ретінде өзіміз туралы білгеніміз көп болар еді.

“Алтайлық ортақтықтағы” элементтердің түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур, корей тілдерінің барлық тілдік қабаттарында кездесуін және олардың бәрі де белгілі бір заңдылықтар (фонетикалық, грамматикалық) бойынша қайталанып отыруын осы тілдердің генеологиялық туыстығымен түсіндіретін алтай теориясының көрнекті өкілдері Г. И. Рамстедт, Н. Н. Поппе, Н. А. Баскаков, Е. Д. Поливанов, Л. Лигети, О. П. Суник, Г. Д. Санжеев, В. И. т. б. ғалымдар өздерінің аса құнды еңбектерімен тарихи-салыстырмалы алтай тіл білімінің теориялық-метаологиялық негізін қалыптастырғаны белгілі. Қазіргі кездегі зерттеулерде ұйғыр, дүнген, кәріс тілдерінің түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур сияқты алтайлық тілдермен генетикалық туыстық байланысы мәселесіне айрықша ден қойылуда. Қытайда жасайтын түркі тілдес халықтардың бірі ұйғыр, дүнген, сары ұйғырлар болып табылады. Түркілердің ұзақ уақытқа созылған тарихи-мәдени қарым-қатынасы түркі және қарлұқ тілдерінде екі жақты кірмелікті тудырды. Егер түркі тілдерінен басқа тілдерге немесе керісінше, қарлұқ тілдерінен түркіге XIII ғасырдан кейін енген терминологиялық сипаттағы кірме анықтауға болатын болса, осы тілдердің негізгі сөздік қорына әбден сіңісіп кеткен, бірінен-біріне өте ерте заманаларда ауысқан кірме элементтерді айқындау тіл фактілерін тіл иелерінің салт-санасымен, рухани-мәдени өресімен, дүниетанымымен байланыстырған кешенді талданымдарды қажет етеді. Өйткені Азия құрлығында өте ертеден үзіліссіз жалғасып келген түркі-монғолдардың қоян-қастық аралас-құраластығы олардың тек тілдерінде ғана емес, материалдық және рухани мәдениетінде, этнографиялық әлемі мен этногезінде, тіптен антропологиялық типтестігінде өз із-таңбасын қалдырғаны даусыз.

Адамзаттың айналасын тануы, оны белгілі бір жүйеленген таңбамен белгілеуі бастапқы номинацияға атау берумен тікелей қатысты. Гносеология тұрғысынан қарағанда, қоршаған ортадағы құбылыстарды тікелей лексикалық номинациялау, оларды тілдік жүйеге енгізу, сол тілде сөйлеушілердің қоғамдық тәжірибесінен туындайды деп есептеледі. Адамның санасымен айқындалатын шындықтың барлық заттанушы элементтері тілдік таңбалау арқылы көрініс табады. Яғни, этностың ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы аялық білімі танымдық қызметпен, яғни адамның ойлау жүйесімен байланысты болады. Осымен байланысты затқа атау бергенде, яғни таңбалану процесіне байланысты зерттеуші "зат біздің танымымыздан, ұғымымыздан орын алғанда, атауға ие болғанда сол заттың барлық негізгі белгілері бірдей танылып, таңбаланбайды, тек негізгі - негізгі бөліктері мен ерекшелігі ғана бейнеленеді. Халықтың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын тіл арқылы ашылады. Осымен байланысты, адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің бір түрі - киім-кешек атауларын танымдық тұрғыдан талдау оның этнолингвистикалық табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Тілді танымдық тұрғыда зерттеу қазіргі таңда тіл білімінде дамып келе жатқан соңғы бағыттардың бірі. Адамзат баласы өзін қоршаған дүниедегі әлем бейнесін қалай таниды, ұлттың дүниеге деген көзқарасы негізінде ментальдік танымдар қалай пайда болады деген сауалдар шешімі бүгінгі таңда когнитивті лингвистика ғылымы негізінде өз нәтижесін көрсетіп отыр. Нақтылап талдасақ, тымақ (қазақша), тұмақ (ұйғыр, дүнген) - әртүрлі аңдар мен мал терілерінен жасалатын ерлердің

қысқы бас киімі. Осыған орай тымақтың жасалу үлгісі әр жердің ерекшелігіне қарай әртүрлі болады. Бұрын қай ұлтың адамы екенін осы тымағына қарап тани берген.

Мұнда зерттеу нысанасы тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, тіл мен этнос болып табылатын тіл білімінің этнолингвистика, лингвоелтаным, лингвомәдениеттану салаларына, сондай-ақ психология, өнертану, мәдениеттану, этнология, тарих, этнография ғылымдарына қатысты мәселелер тоғысып, бір-бірімен байланысып, қиысып жатады. Әлем бейнесінің небір құпия сырларын ұғынып түсінуге әрқашан қадам жасаған әрбір этностың ғасырлар бойындағы жеткен жетістіктері бүгінгі күнге жеткен мол қазынасы - тілдік бірліктердің этнолингвистикалық сипатын айқындаудың кейбір келелі мәселелері зерттеу аумағынан сырт қалып қойды, яғни қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық зерттеулердің қазіргі жағдайы, кейбір лексика-семантикалық топтар этномәдени семантикасының жүйелі ғылыми-теориялық тұжырымдамасын жасау қажеттігін дәлелдейді. Сондықтан да сөз қорының бұл құрамын саралап көрсетудің, мағынасы мен этимологиясын ашуға талпынудың өзі лексикология тарихынан да бірқатар мағлұматтар беруді талап етеді.

Тілдік бірліктердің этнолингвистикалық табиғатын зерттеудің тіл ғылымы үшін маңызды болуының ең басты себебі - ол этнос табиғатын танытатын дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діни психологиясы сияқты ұжымның болмыс-бітімінің ерекшелігін жан-жақты ашып көрсетуге бағыт-бағдар беріп отыратын негізгі салалардың бірі. Осыған орай тіл әлемі қоғамдағы мәдени, тарихи, әлеуметтік, рухани және материалдық құндылықтардың айнасы іспетті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сепир Э. Положение лингвистики как науки // Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX в.в. Москва. 1960.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - Москва, 1984.
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Москва. 1966.
4. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы. 1995.
5. Беляев А.И. Культурологические гипотезы // Этнолингвистические проблемы семантики. Москва. 1978.

ӘОЖ 330.101 (075.8)

### **ӘР ТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕГІ ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

#### **ТЛЕГЕНОВА ПЕРИЗАТ КАМШИБЕКОВНА**

Педагог- сарапшы, Байзақ ауданы, М.Әуезов атындағы орта мектебінің директоры,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье будут рассмотрены пути совершенствования системы подготовки научных кадров в Казахстане и зарубежных странах.

**Summary.** The article will consider ways to improve the system of training scientific personnel in Kazakhstan and foreign countries.

Атам қазақ «Инемен құдық қазғандай» деп әспеттеген білім мен ғылымның қашанда жөні де, жолы да бөлек. Әсіресе бүгінгідей аласапыран заманда ғылым мен білімге сүйенген елдердің еңсесі биік. Ал тереңге бойламай жүргендер қанша жерден ұмтылғанмен, ұтылыс табуда. Ғылымның құдіретін дәл қазіргідей техника мен технологияның аты болғанмен, заты жоқ кезде зейін-зердесі ерен жандар ол ғылым арқылы орындалатынын елден бұрын көзбен де, көңілмен де, оймен де болжап қойған. Бұған Алаш арыстарының айтулы өкілі Ахмет Байтұрсынұлының: «Неше түрлі ғылым,

өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін шығарылған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеде бейнет кемімекші. Осыған ақылы жеткен, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады»[1,2156.], дейді. Ал сол Алаш арыстарының алып ойын жаңғыртып жүрген ақын Олжас Сүлейменов: «Ғылым біткен «әуесқойлардың»... шапқыншылығынан қорлық көретін шақтары болады. Мұндайда салмақ дәстүрлі теорияға ғұмырын сарп еткен адамдардың бөліне түседі» [2], дейді. Бұл енді осы күнгі шындықтың шырылындай естілері анық. Иә, дүниені жаңғыртудың, жасартудың кілті саналатын ғылымды атқа жеңіл, тайға шақ күйге түсіргендер сол әуесқойлар. Білім, ғылымның беделін көтеретін тазалық қана. Төрт құбыласын түгендей алған талапкер қай кезде де, қай салада да қарым-қабілетін танытпай қоймайды. Сондықтан әсіресе білім мен ғылым саласындағы кадрларды даярлауға баса мән берген жөн. Осы орайда шетелдегі ғылыми кадрларды даярлау жүйесін де зерделеп, озық тәжірибелерін өзімізге оңтайландырып алудың еш артықтығы жоқ деп есептеймін.

Мәселен, Германияны алып қарайық. Неміс жоғары мектептер қауымдастығының (Deutscher Hochschulverband) қызметкері Майкл Хартмер DW басылымына берген сұхбатында онда кіші профессордан (Юниорпрофессор) қатардағы профессорға дейін өсу өте қиын екендігін айтады. Германияда қаржыландырылған көптеген жобалар бар көрінеді. Ал бюджеттің басым бөлігі жас ғалымдарға жұмыс орындарын ашуға ғана жұмсалады екен. «Кіші профессор бағдарламасы (Juniorprofessor) бар. Ол 2002 жылы Германияда енгізілген, ол бүкіл әлемнен, соның ішінде Шығыс Еуропадан келген Ph.D дәрежесі бар жас ғалымдарға арналған. «Кіші профессор» – докторлық диссертация қорғауды айналып өтіп, қарапайым профессор лауазымын тез алу мүмкіндігі. Бірақ бұл мұхиттың тамшысы. Әрине, бәрі жаман емес, бірақ дәлел: біз университеттерден профессор болуға мүмкіндігі жоқ тым көп жас академиктерді шығарып жатырмыз. Бұл университеттің кінәсі емес, құрылымдық мәселе. Қаржыландыру уақыты шектелгенше, қызметкерлердің мөлшерлемелері оларға байланысты болады. Бұл жігіттерді алда не күтіп тұр? Көбі басқа елдерге кетеді, көбі білім саласында әкімшілік қызметке барады» [3], дейді Майкл Хартмер.

Германияда кадрларды іздеу «ең жақсының жақсысы» қағидасы бойынша жүргізіледі. Адамның қайдан шыққаны, жынысы, шыққан тегі маңызды емес. Ол жағына мән берілмейді. Олар ең жақсысын, білімді де біліктісін таңдайды. Сондықтан Германияға баратын кез келген адам өзінің қандай бірегей білімі бар екенін, қандай мамандық иесі екенін, оның неміс нарығындағы бәсекелестері кім екенін түсінуі керек.

«Мысалы, бізге славян тілінің мұғалімі керек. Оның қайдан шыққаны бізді қызықтырмайды. Тегі де, жынысы да маңызды рөл атқармайды. Бізде ғылымдағы әйелдерді қолдайтын да көптеген бағдарламалар бар. Өсуге кепілдік беріліп, адамның жетістіктеріне тәуелді болса, бәсекелестік негізде өз қабілетін дәлелдеп, комиссияны сендіре алса, ғалымның мансабы тартымды болар еді. Әзірге жас ғалымның алты жылға келісімшарты бар, ол тағы алты жылға ұзартылуы мүмкін. Әрі қарай не болады? Біздің көзқарасымыз бойынша, анықтық болуы керек. Доцент лауазымындағы ғалымның еркіндігі көп болуы керек. Сондай-ақ, ол белгілі бір мақсаттарға қол жеткізсе, профессордың ставкасы оған кепілдік берілетінін түсінуі керек. Әзірге аз ғана бөлігі профессор атанады. Көпшілігі беймәлім. Оның үстіне Германияда профессорлық дәрежелер жақсы төленбейді, біз нарық секторымен бәсекеге түсе алмаймыз. Әрине, көп адамдар телефон соғып ғылымға бару керек, ақша тапқысы келетіндер басқа салаларға бару керек дейді. Бірақ 21 ғасырда мұндай тезис ұзаққа созылады деп ойламаймын.

Жас профессордың ғылымға деген құштарлығы болуы керек. Ол өз идеясы, өз тақырыбы үшін жануы керек. Бұл мамандықты одан әрі ілгерілететін – қызығушылық. Өйткені, ол басқаларға ұқсамайды. Мұнда 40 сағаттық жұмыс аптасы жеткіліксіз. Біліктілік, әрине, болуы керек. Бұл басты шарт, бірақ жалғыз емес. Бұл басқалармен бірдей жұмыс десеңіз, қателесесіз.



Енді өз еліміздегі жағдайға тоқталып көрелік. Қазақ ғылымы дамуының негізгі күші – ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары. Қазіргі таңда Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын 396 ұйым бар. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жетекшілігімен еліміздегі оқу орындары жанынан ғылыми-зерттеу орталықтарының құрылуы да отандық ғылымның ілгерілеуіне өзіндік үлесін қосуда. ҚР Ғылым қоры желісі бойынша 2016 жылдан бастап ғылыми қызмет нәтижелері коммерцияландырылатын 151 жоба қаржыландырылады. Бүгінде 120-ден астам жоба сату кезеңіне шықты. Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, ғылым саласында қазіргі таңда 22665 ғалым мен зерттеуші жұмыс істейді, олардың 35 пайызының ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар. Сондай-ақ ғылымға қызығушы азаматтарымыздың магистратура мен докторантурада өз білімдерін шыңдауы үшін және шет мемлекеттерде тағылымдамадан өтуі үшін арнайы гранттар да бөлінуде. Соңғы жылдары гранттардың саны өсумен қатар, оларға берілетін стипендияның көлемі де айтарлықтай ұлғайып отыр. Мысалы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің дерегінше, 2021-2022 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша магистратураға – 13 263, докторантураға – 1 890 грант бөлінген.

Магистратура мен докторантураға гранттар бөлудің нәтижесінде елімізде жас ғалымдардың саны артып келеді. Бұл ғылымдағы буындар арасындағы байланыстың нығайуын қамтамасыз етіп, ғылым саласының болашағына салынған инвестицияға айналды деуге болады.

Осы орайда ғылымды қаржыландыру мәселесі де аса маңызды. Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) ішкі шығындар 2017 жылдан бері айтарлықтай өскен. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-талдамалық жүйесінің деректеріне сүйенсек, 2017 жылы осы мақсатта жұмсалған қаражат көлемі 540 373, 6 мың теңге болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 713 553,9 мың теңгені құраған. Қаражат көлемі 2019 жылы азайғанымен, көрсеткіш 2021 жылы бірнеше есе ұлғайтылып, 172 6360,8 мың теңгеге жеткен. Осыдан-ақ соңғы жылдары ғылым саласын қолдау мәселесі жолға қойылғанын аңғаруға болады.

Соңғы жылдары ғалымдардың орташа жалақысы да өсті. Білім және ғылым министрлігінің мәлімдеуінше, бұған дейін ғалымдардың жалақысы 152 мың теңге болса, енді ол 257 мың теңгеге өсіп, 1,5 миллион теңгеге дейін өзгеріп отырады. Қабылданған заңнамалық түзетулердің арқасында жетекші ғалымдардың еңбекақысы (1200 адам) базалық қаржыландыруға қосылды. Бұл ретте ғалымдарға төленетін қосымша авторлық сыйақының жалпы сомасы 338 миллион теңге болды. Ал инновациялық жобаларды сатудан түскен кіріс 16,3 миллиард теңгені құраған. Ал мұның бәрі өз кезегінде еліміздегі ғылыми кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруге оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Сонымен қатар, елімізде ғалымдарды даярлауға бірден бір септігін тигізетін іс-шаралардың бірқатарын атап өтер болсақ, 2021 жылдан бері министрлік «Үздік зерттеуші» байқауын өткізіп, оның қорытындысы бойынша 50 жеңімпаздың әрқайсысы 6 миллион теңгеден алған. Ал докторанттардың шәкіртақысы 2019 жылғы 82 000 теңгеден биыл 195 000 теңгеге дейін өскен.

Соңғы 2 жылда министрлік 130 жобаны жүзеге асырып, оның 120-сы сату кезеңіне жеткен. Ғалымдарымыздың ғылыми жобаларының экспорты 346 миллион теңгеден асқан. Отандық ғалымдардың жобалары Қазақстанда ғана сұранысқа ие болып отырған жоқ, сонымен бірге Қытай, Ресей, Түркия, Чехия және басқа да елдердің нарығына шығады. Қазіргі таңда білім және ғылым министрлігі кадрлық әлеуетті нығайтуға, зерттеуші ғалымдарға қажет жағдай жасауға баса назар аударып отыр. Айта кету керек, кейінгі екі жылда жас ғалымдардың саны мың адамға өскен. 2018 жылы олардың саны 8 мыңға жуық болған еді, 2022 жылы ғылым саласында 9200 жас ғалым еңбек етіп жүр.

Осылайша, елімізде соңғы кезде ғылым саласын дамытуға қатысты нақты іс-шаралар қолға алынды. Оларды тиімді жүзеге асыратын болсақ, отандық ғылымның жаңа

сатыға көтерілуіне ықпал етіп, күрделі мәселелер біртіндеп өз шешімін табарына сенім мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
- 2 «Елімізде ғылымды қаржыландыру көлемі айтарлықтай ұлғайды», Еркежан Айтқазина, [azattyq-ruhy.kz](http://azattyq-ruhy.kz) сайты
- 3 «Вся правда о немецкой науке», Марина Борисова, <https://www.dw.com/>
- 4 «Іргелі ғылымды дамытудың келешегі зор», Эльвира Серікқызы, [egemen.kz](http://egemen.kz) сайты

## МАЗМҰНЫ

### I СЕКЦИЯ

#### АЗИЗА КӘРІБАЕВА ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

РАЕВА Г.М. ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ҚАТАҢ ДАУЫССЫЗДАР ТАРИХЫ.....	3
РСЫМБЕТОВА Н.М. ҚАЗАҚ ТЕРМИНЖАСАМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	6

### II СЕКЦИЯ

#### ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

EMBERGENOVA M.A. QARAQALPAQ ÁDEBIYATINDA ANEKDOTTÍN TÁRBIYALIQ ÁHMIYETI.....	12
МАШАРИПОВА Т.Ж., МАШАРИПОВА Г.Ж. ТЕКСТ ХӘМ МЕДИАТЕКСТ.....	14
КӘРІБЕКОВА А.Ж., ДҮЙСЕНБАЕВ Б.Р. Ш. АЙТМАТОВТЫҢ "ТАУ ҚҰЛАҒАН" РОМАНЫНДА ТАҒДЫР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ШЕШІМІ.....	17
ДҮЙСЕНБАЕВ Б.Р., КӘРІБЕКОВА А.Ж. Ш. АЙТМАТОВТЫҢ «ТАУ ҚҰЛАҒАН» РОМАНЫНДАҒЫ СӨЗ ТАҒДЫРЫ МЕН ӘУЕН.....	20
ТОРТКҮЛБАЕВА Т.А., ИМАНАЛИЕВА А. ҚАЗАҚИ ТҮРМЫС-САЛТ ДӘСТҮРЛЕРГЕ ОРАЙ ҚАЙРОЛЛА ИМАҒАЛИЕВ ЖЫРЛАРЫ.....	22
ТОРТКҮЛБАЕВА Т.А., ПАРАХАТОВА Л. ТІЛЕУМАҒАМБЕТ АМАНЖОЛОВТЫҢ ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ЖЫРЛАРЫ.....	24
ӨТЕБАЕВА Ш.Ш. АҒЫЛШЫНЕ ТІЛІ –ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНДЕГІ БІНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ КІЛТІ.....	27
ЕРЕЖЕПОВА Г.Б. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ЖАНАШЫРЫ.....	30
ЕРЕЖЕПОВА Г.Б. ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДА.....	33
МНОГООБРАЗИИ ДИАЛЕКТЫ.....	36
ТҰРСЫНБЕК А.Б., ТҮЛЕГЕНОВА З.Д. ЗАИМСТВОВАНИЯ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ.....	38
ТҮЛЕГЕНОВА З.Д., НУРАЛЫ А. АБАЙ КУНАНБАЕВ – ГЕНИЙ МИРОВОЙ КУЛЬТУРЫ.....	40
ШЕГЕБАЕВА Ғ.А., ОСПАНБАЕВА А.М. ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	42
ТҮЙМЕБЕКОВА Г.А. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ.....	46
ЖУМАГУЛОВА Г.А., АППАЗ А. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	50
ШАХАНОВА Э.А. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ.....	53
АМИРХАНОВА А.Б. «ҚАН МЕН ТЕРДІҢ» ӘДЕБИ-СЫНДА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САНАДА БАҒАЛАНУЫ.....	56
ИСАБАЕВА Ж.А. А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ.....	61
ШОРМАҚОВА С.М., ӨМІРБЕКОВ Д.Е. ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ.....	65
ТҮЛЕНБЕКОВА Ж.М. ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ.....	68
КЫЗТАЕВА Г.Н. МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ – АДАЛДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ.....	70
УМИРАЛИЕВА Ш.Б. ЗАМАНЫҢ ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫСЫ.....	72
ТҮЙМЕБЕКОВА М.К. АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ.....	74

<b>АМАНҚҰЛОВА А.М. М.БАЙҒҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ЖАСАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР</b> .....	79
<b>БЕРКЕНОВА Р.А., САДЕН Н.А. Қ.КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ</b> .....	83
<b>ДИХАНБАЕВА А.М., КУБЕЕВА С.О. MODERN METHODS OF TEACHING ORAL SPEECH IN HIGH SCHOOL</b> .....	89
<b>БОСТАН Н.Б. ДУМАН РАМАЗАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ</b> .....	94
<b>ЖАРЫЛҚАСЫН А.Б. КӨРКЕМ МӘТІНДЕ ОККАЗИОНАЛ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ</b> .....	98
<b>ДОСБЕРГЕНОВА М.К., КУБЕЕВА С.О. A MODERN APPROACH TO TEACHING ORAL COMMUNICATION IN ENGLISH AT THE PRESCHOOL STAGE</b> .....	101
<b>МАХСАТОВА А.М. ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ МЕН АНТИКА ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨЗАРА ҮНДЕСТІГІ</b> .....	109
<b>УТЕГЕНОВА Ә.Т. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МҰСЫЛМАН ОБРАЗЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ</b> .....	112
<b>ЧАМЧИ Ж.Қ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СӘЙГҮЛІКТЕР БЕЙНЕСІ</b> .....	116
<b>УСЕНҚУЛОВА А.А. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ</b> .....	119
<b>АБДЫХАНОВА Ғ.Т. МЫРЗАБАЕВА Б.Д. ҰЛТТЫҚ КИИМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ</b> .....	122
<b>БИСЕНҒАЛИЕВА М.С. ПОЭЗИЯДАҒЫ ПАРАДИГМА ҚҰБЫЛЫСТАРЫ</b> .....	125
<b>САДЫҚОВА И.Б., КӘРІБАЕВА А.Ө. САНДАРДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ӘДІСІ</b> .....	129
<b>ШОРМАҚОВА С.М., ЕРАЛИЕВА Н.Е. ШЕШЕН ТҰЛҒАСЫНА ТӘН ҚАСИЕТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ</b> .....	132
<b>ШОРМАҚОВА С.М., УМРАЛИЕВА Ж.Р. ҚАЗАҚ БИ - ШЕШЕНДЕРІНІҢ БИЛІКТЕГІ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ</b> .....	135

### III СЕКЦИЯ

#### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

<b>ОРДАБАЕВА Р.Б. ЖАҚСЫБЕК С.Т. ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АСҚАҚ БЕЛГІСІ</b> .....	139
<b>УРАЛБАЕВА Г.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ</b> .....	141
<b>МАТЖАНОВА Ж.К. ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ӨЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫ</b> .....	144
<b>АЛТЫНБАЕВА Н.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	148
<b>ИГИЛИКОВА Р.Ә. МЕКТЕПТИҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ</b> .....	152
<b>АБАШОВА А. МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ</b> .....	155
<b>КАСЕНОВА А.Н. ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ</b> .....	158
<b>АХАЕВА М.С., МЕЙМАШОВА А.А. ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ТІЛ ДАМУДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ</b> .....	162

### IV СЕКЦИЯ

#### ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

<b>ТУЛЕГЕНОВА З.Д., БЕРКИНОВА А.У. ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ</b>
--

О ТУРКЕСТАНЕ.....	166
<b>МАУРТБЕКОВА А.М. ЗАМАНЫМЫЗҒА ЖЕТКЕН ҰЛЫ САРЫН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЛАРЫ.....</b>	<b>167</b>
<b>БАИМБЕТОВА А.А., ЖИДЕБАЕВА Б.А. ТАРИХИ ӨРКЕНИЕТТЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....</b>	<b>169</b>
<b>ТЛЕГЕНОВА П.К. ӘР ТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕГІ ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....</b>	<b>172</b>

**«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ҚОҒАМ, ӘДЕБИЕТ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
материалдары  
27-28 қазан, 2022 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ТЮРКСКИЙ МИР В ГЛОБАЛЬНОМ КОНТЕКСТЕ: ЯЗЫК, ОБЩЕСТВО,  
ЛИТЕРАТУРА»  
27-28 октября 2022 г.**

**MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
«TURKIC WORLD IN THE GLOBAL CONTEXT: LANGUAGE, SOCIETY,  
LITERATURE»  
Taraz, Kazakhstan, October 27-28, 2022 y.**

II-ТОМ

Шартты б.т. 14.6  
Қағазы офсеттік  
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана  
Тапсырыс №

---

ХТИИ баспаханасы,  
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73 А